

Ми006
166385

Қазак
прозасы
Казынасынан

Бейімбет
МАЙЛИН

Шұғанай
белгісі




RARITY
PUBLISHING
COMPANY Ltd

Бейімбет Майлин

Хикаят, әңгімелер

Алматы
«Раритет»
2006





Казак
Прозасы
Қазынасынан

Бейімбет
МАЙЛИН

*Шұғалыстү
белгісі*

Хикаят, әңгімелер

ББК 84Каз7-44

М14

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және әкпарат министрлігі
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан **бастап шығарылып** келеді

**Серияның негізін салған 3. Серікқалиұлы
Көркем безендірмесі негізін салған А. Тіленшиев**

Майлин Б.

М14 Шұғаның белгісі: Хикаят, әңгімелер. — Алматы:
Раритет, 2006. — 256 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-770-14-X

Қазақ өдебиетінің классигі Бейімбет Майлиннің бұл кітабына таңда-
малы әңгімелері мен хикаяттары енді. Орыс өдебиетінде әңгіме жанрында
ұлы Чеховтың алатын орны қандай болса, қазақ прозасында Бейімбет
Майлиннің де орны тап сондай. 1915 жылдың жазылған атакты «Шұғаның
белгісі» хикаятынан бастап, қаламгер өдебиеттің барлық саласында, өсіресе
әңгіме жанрында өндірте енбек еткен. «Күлпаш», «Айт күндері», «Та-
лақ», «Даудын басы — Дайрабайдың көк сиры», «Сарыала тон», «Күл-
тай болыс», «Құрымбайдың жігітшілігі», «Айранбай», «Раушан — комму-
нист», т.б. тольят жаткан туындылары жүртшылыққа кеңінен танымал.

ББК 84Каз7-44

**M 4702250201-08
413(05)-06**

\

ISBN 9965-770-14-X

© «Раритет» БК, 2006
© Безендірген Б Серікбай, 2006

ҚАЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ *(Алғы сөз орнына)*

* * *

Дүниежүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған жазушылар — роман жазушылар мен әңгімелер жазушылар. Мысалы, қазақ әңгімелерінің аса көркем улгілері Бейімбет Майлиниң өзгеше мұрасынан танылатын.

Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шынылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды бол шыгады және бұл шығармалардың тур, үлгісінде дөңгелек келген тұстастық, айқын аңгарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыныши жылдардың ортасына дейін Совет дәуірінде қазақ ауылында болған өмірдің ұзак көркем шежіресі деуге болады.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

* * *

Жаратылышында ерекше қарапайым, аса сирек ұшырасатын кішіпейіл және еңбекқор Бейімбет әдебиетіміздің тарихынан қашанда өзіне гана тән өзгеше орынга ие. Ол әдебиетке келгенде, жазушының халық алдындагы ролі мен жауапкершілігін әбден елең, екшеп барып келді, әдебиеттегі реализмнің зергері болып келді және демі таусылғанша осыдан айныған жок.

Біздің прозамыздагы реализм мен шыңына шыққан шеберлік өзгелердің бәрінен де бұрын Майлин есімімен берік байланысты. Ол — әрі теңдесі жок, әңгімеші ретінде де, әрі прозадагы сүйекті шыгармаларды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз. Біздің қай-қайсысымыз болсақ та Бейімбет Майлиниң осыдан тұптұра алпыс жыл бұрын жазылған «Шұганың белгісі» хикаятының құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз.

Ғабит МҰСІРЕПОВ

Мұғ. 22

...Оның реалистік прозада ұлы Толстой эстетикасы мен ұлы Чехов поэтикасынан кейін біржола қалыптасқан заманды адам арқылы, адамды міnez арқылы, мінезді іс-әрекет арқылы танытып, жан-жақты ашып көрсете білуді мұрат санайтын қагиданы бірден терең түсініп, бірден берік тутынганына қайран қалмасқа болмайды... Оның шыгармаларының арқауы — кешегі екі бірдей қанауга уширап, езілген жалишының өзін тануы. «Есіктегі малаймын» деп емес, «ел қатарлы адаммын» деп сезінуі.

*Біздің әдебиетімізде осынша адал, осынша қырагы шынышыл таланттың суреткерлік куәгерлігі арқасында рулық-патриархалдық қогамнан социализмге бірден аттап өтіп, тарих өткелегінен төтелеп жол тартқан халықтың қын күйзелістер мен дагдарыстарды да бастан кешкен курделі есею жолының небір шыңырау сырларына тереңдеп бойлай алған кең қулашты эпопея туды. Біз бұл арада аузымыздан жаңылып отырган жоқпыз. **Б.Майлиннің** көп томдардан тұратын қомақты дуниелер жазбаганы кім-кімге де белгілі... Бірақ оның екі қогамдық формация тогысындағы қазақ өмірінің қырық құрақ көріністерін емес, тутас бір салауатты сом суреттерін, кең қарымды панорамасын жасап шыққаны және рас.*

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

ХИКАЯТ

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ

I

Біз елден шықканда күн де сәскелікке жақындал еді. Үшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды тіркесіп, онтүстікке қарай жылжып-ұшып, күннің көзі біртіндеп ашиққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Эйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді.

Біз екеу едік.

Менің астымда жортакылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымы ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп, мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар; қара бұжыр, құлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді, пішініне қарағанда біртүрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қара кербесті, үсті-үстіне үрш отырмаса, кейін қалып қала береді.

Же л артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап, жердің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып, құбылаға бет алып келе жатырмыз. Жанды қарға жоқ. Бірен-саран шалшық сулардың басында үйліғып отырған топ-топ қаздарды көресің. Елдің жүртynда жер ошақтың араларындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған бірен-саран өлімтікке он-он бесі жинальш, қаракүс, қарға, өгіз шағалалар той-тойлап жатыр...

Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қыры жок алдында екінші белес. Мен шықтым. Манағыдай емес, атқа

жортқан соң денем жылынып, еттеп мәңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байладап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне үрғызған соң, о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып, беліне байлады. Мильғына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп шаужайлап жіберіп, маған қатарласып:

— Тым бері бұрыла берменіз, күнбатысқа таман жүре-йік, — деді.

— Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды орағыта беремін.

— Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, — деп қамшымен салып-салып жібереді.

Менімен қатарласыш алған соң, қаракердегі ашуы біткен тәрізденіп, азырақ жадыранқырап маған қарады.

— Мынау алдымыздағы үлкен көл Қамысақты ғой; осының сол жағын ала жүріп, жыбырлай көрінген Обаның белесінен тұра ассак, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып, Шұғаның белгісінен тұра жолды қып аламыз, — деді.

Әңгіме азырақ ой бөлейін деді. Аттың жортисына шай-қалып ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым болмаған соң, әңгімеге қандай жайының барын анық біле алмай, сөз ашпап едім. Жөне менің бір өдетім, жол жүріп келе жатқанда, өзім сөйлегеннен де, біреуді сөйлетіп, тындауды артық көруші едім.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе, «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді біртүрлі сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткенде «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пөлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлад:

— «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нерсе, тау ма? — дедім.

— Жок, әшейін, бір обашық, — деді. Кейін қалып бара жатқан соң, тағы тебініп қатарласып:

— Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, — деді.

— Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, — дедім.

— Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, — деді. Маған қараганда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

— Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз гой. **Уақытында Шұғаның** өнгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзіде **Шұға** десе, **Шұға** еді-ау, — деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен **Шұғаға** ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

— **Шұғаның** өнгімесін айтсаныз қайтеді, жол **қысқарсын**, — дедім.

— Айтайын, — деді.

Қаракерді тағы тебініп қатарласты. **Жалпылдалап** жайылып келе жатқан етегін жинап тақымына басып, еріндегі насыбайын тастап, **бір-екі түкірініп** алыш, **ыңғайлана**п:

— Бұл қызық өнгіме, **тыңдаңыз**, — деді.

Сөзді бастап та жіберді.

II

«...Бұтінгі шыққан ауыльщызы «Ерекен ауылы» дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы **жалпағынан** ел. Бір атаниң баласы жұз елу — **екі** жұз үйлер бар. Қыс қыстаулары басқа **болғанмен**, жаз **көбіне бірігіп** отырады. Мынау алдымызда көрінген Қамысақты дейтін көліміз. **Осының** маңайы **жыбырлаған** шұқырынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Эр томарға төрт-бес үйден қонып, **бөлек-бөлек** отырғандары. Ой, **дариға-ай**, талай қызықтар өтті ғой.

Бала **күнімізде** анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап **едік...** ол да бір **дәурен...** иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, **жазғытұрғы** барып авгусқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де **Шұғаның** белгісі атанды, бұрын **«Тарғыл өгіз сойған»** деуші **едік.** Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама... оның үстіне, ту Сырдан келіп **жапастар** да қонады... **кейінгі кездे ғана** жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын **ағаларымыз** болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ **малын** құртып алды. Осы күні **кедей.** Сол Беркімбайдың әкесінің **нағашысы** — **жаппас Есімбек** дейтін болды. Өзі бай еді, жапастың алды деуге боларлық. **Беркімбайға** арқа сүйеп, Есімбек сол **«өгіз сойған»** ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге **жағымды** болып тұрды. Мал мен басы бірдей, тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы **болды** — шетінен

қаскыр. Сол төрт үлдың ортасында бұландалап өскен Шұға дейтін қызы бодды. Шұға десе, Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ак... аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі пан еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге құсап шошандап бір соқтығып жүргені. Заман бұзылған ғой... иө...

Осы күнгілердің бір тапқаны — қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда, Күдай сана берсін десейші...

Ол кезде менің жиырмаға жаңа келген кезім. Есімбектің үйіне көп араласып жүрдім. Менің бір Базарбай дейтін інім сол Есімбектің қойын бақты. Өзі бала күнінде епті-ак еді, былтыр қайтты. Сол баланың арқасында ерте барам, кеш қайтам. Жаз көбіне сонда болушы едім. Шұғаның сонда он алтыдағы кезі шыгар деймін. Елдің бозбалалары ертенді-кеш қылжақтап, сол ауылдан шықпайды. Ептең сөз салдыратыны да болады. Бозбалалардың хатын таситын менің інім, Шұға біреуіне жауап қайырмайды.

Бозбалалар кейіп: «Байдың қызы болған соң, іріленгені ғой, төкеббар» десуші еді.

Менімен құрдас біздің ауылда Кәрім деген бар. Сол уақытта да өзі есерсоктау еді. Біз мазақ қыла беретінбіз. Шұғаға қылжақтайтынның біреуі сол. Бір күні бір жазған хаты менің қолыма тұсті. Өлең жазған болыпты... немене еді, төйірі, соның өлеңі...

«...Қаладан алып келген боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы, өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім», —

деп жазыпты.

Бозбалалаға ермек керек. Мазақ қылу үшін Шұғаның хаты қылып өлеңмен жазып, Кәрімге тапсырдық. Кәрім ашып оқығанда төбесі көкке жеткендей болды.

Біздің сонда Шұға болып жазған өлеңіміз:

« ..Алаштан асып тұған сымбатым-ай,
Базардың пұлы жетпес қымбатым-ай.
Арманым бұл жалғанда болмас еді,
Күн болса қосатұғын саған Құдай...»

Ой, алдай, қызық заман екен-ау, е!..

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар қызы шырылдаپ жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бөріне де нәсіп болмады. Ал жетер жердегі бай балалары мұлде тұңғылғы болды. «Есімбек қызының бағын байлады. Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді» деп жүрт өсек қылыш та жүрді. Ол әшейін бір сөз ғой, Құдайдың жазуынан артық не болмақ...

Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі: өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек: «Бірімізде үл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық» деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Иә...

Қамысактының басына тұсіп, азырақ кідіріп, ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Каракерді бір-екі бауырлап альш, жолдасым тағы сөзге кірісті.

III

...Ол кезде заман қандай, жер өдемі, мал көп...

Жазғытұрғы майдың айы бір бітер-бітпесте, шала-шарпы егін салып, жайлауға жеткенше асығамыз... Бір жылы майдың 20-ы күні жайлауға барып қондық. Жанбыр көп. Шөгтің шығысы да жақсы-ақ еді. Бозбаланың басы құралған соң, ертенді-кеш асыр салып ойнау, есі-дертіміз жаппас. Есімбектікі қашан келеді?.. Етке қашан тоямыз дейміз...

Бір күні бір қызойнаққа барып, таң ата келе жатсам, үйіктап қалған екенмін, әжем оятады:

— Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп, қарағымды сүйіп келдім, — дейді.

Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сөске тұс болып, күн ыси бастаған екен. Көлдің он жақ беті жыбырлаған мал: қой, түйе... шоқып-шоқып жапастың кішкене үйлері тұр. Көзімді ашып-жұма жөнелдім. Мен келсем, менен әддекашан бұрын жүрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп, әйдей, кызды-қызды болжа жатыр екен. Мен тегіс арада-дым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандақаннан көзімді ала алмадым. Апрым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аққудың көгілдіріндей осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған, қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мұлде одан жаман жандырып, құбылдырып тұрды.

Маған қарап Шұға құлді.

— Мезгілімен келіп көрістіңіз-ау, — деді. Мен не айтартымды білмедім. Бұрын өзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

— Мынау аттан түсіп жатқан кім? — деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген.

Тани кеттім.

— Эбдірахман ғой, — дедім.

— Эбдірахманың кім?

— Қазақбайдың баласы.

— Иә, өлгі учитель баласы ма?

- Иә.

— Жап-жас жігіт екен ғой, — деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Эбдірахманға амандастып, үйге ертіп журдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.

IV

...Сіз білмейсіз гой... — деп жолдасым қаракерді шаұжайлап қатарласты.

Сіз білмейсіз гой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей күрдас Эбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң шкодды бітіріп шығыпты. Эбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде, учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да, маған сенің оқыганың керек қой» деп, түннің бірталайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында школ-

ды бітірдім... Менің учительге өтеп бітіре алмастық борышым бар, — деді.

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан соң да Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. **Ақырында**, он екі-он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ногайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бір-екі жылға шейін жаз жалданумен бодды. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында, әйтеуір, школды бітіріп шықты.

Әбдірахман школды бітіргенде дабысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мактаса керек. Дуанды нөшөндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай, елге кедді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп, песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып, бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы үйеннің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. **Маған**: «**Маған** көріспейсің бе» деп қалжындалады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай өңгімені көсілтіп отыр екен, бізді көрген соң **жым болды**.

Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді.

Бұрынғы сөздерін тастай беріп, «**оқығандар** анау, **оқығандар** мынау» болады деп **шатпа** тілге айналды. Мен ғажапқа қалдым. Артынан Әбдірахманнан себебін сұрасам, өткен жылы **бұрынғы** қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірахман тілін алар адамдардың біріне де алдырмапты: «**Әзір асығып**, екі бағасына алганша, астықтарынды жиып алған соң, шалқайып отырып жарты бағасына аласындар» деп. Әбдірахманның тілін **алғандар** бірталай пайда **қылыпты**. «Мені олжамнан қақты» деп байдың тырсиып отырғаны осы екен, бір сөзінің ретінде **Әбдірахманға**:

- Елінді қыстан шығардың ба, бала? — деді бай.
- Шүкір, шығардым, — деді Әбдірахман.
- Жарайды, жарайды, ел қамқоры **болған** соң, солай болу керек, — деп сөзін **доғарды**.

Тұс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жүрт бет-бетіне тарай бастады.

V

Мен ауылға қайтқанда Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп, Есімбайдың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам ұйықтап қалған екен, екінді әлетінде тұрып далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте, ішінде Қажыбай аксақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман тұрасында екен, жақындаپ келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сампылдаған даусы құлағыма сап ете қалды. Өзі сөзшең адам, бірінен соң бірін тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. «Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны ылғи Құдайға қарсылық сөз. Молдамен, хазіреттермен, ел бастаған басшылармен қас. Құдайдың барлығына шөк қылады. Байға мал жиып беріп отырған Құдай емес, өзіміз дейді. Құдай сақтасын, шыш болса, осы елгі қазакты шоқындыратындардан көп ақша алған дейді ғой. Нөшөндікке тілмөш болмай, болысқа песір болмай, бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек...

Шалдың сөзін онша ықыласпен тындей қойған адам көрінбейді. Жастар бір бөлек өзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. Бәріміздің ермегіміз Кәрім болды.

— Биыл Есімбектікі Қарақұмды жайлап қалады деп еді, Кәрім үшін-ақ келген шығар, — деді бір жігіт.

— Сендер байқадындар ма, Кәрімді көрген соң, Шұға біртүрлі құбылып кетті-ау, — деді бір ку жігіт.

Бұл екі арада қысты күні Шұғаны сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп біреуі өлең айтты:

«...Мінгенім астымдағы күрен дөнен,
Қашады таудан тұлкі **сүмендеген**.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің
Айырылып, қалқам, сенен жүрем деген...»

Жүрт ду күлді. Кәрім ашуланып, кетіп, қалды. Мен тұрып, Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтақтап, домбыра тартып жатыр екен.

— **Жоғары шық**, — деді.

Әзілдесіп отыфдығқ. **Көп үзамай** әңгіме Шұғаға кошті. Әбдірахманның ойын білу үшін, мен:

— Шұға қалай екен, көрдің бе? — дедім. Әбдірахман күлімсіреді.

— Көрейін деп барып едім, көре алмадым, — деді.

— Иә, сен атыңды байлап жатканда, отаудың есігінің алдында түр еді ғой.

— Сыртынан көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

— Ендеше, бұгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлемесем десен, сонда бар.

— Шың айтасың ба? — деп Эбдірахман басын көтеріп алды.

— Есімбектің келіндерімен қалжындастып сұрағанымда, кешке алтыбақан құрамыз десіп еді, — деп анығын айттым.

— Бәтір-еке, барайық, — деді.

Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ бодым.

VI

...Сізден несін жасырайын, — деді жолдасым, — сізден несін жасырайын, өздеріңің бастарында да бар нөрсе ғой... жастық не қылғызбайды. Уақытында бөрі қызық.

Есімбектің үш баласы үйленген. Біреуі бойдақ еді. Ең кіші келіні Зәйкүл мына тама Қаржаудың қызы еді. Заманында дүниені кешкен адам. Өзі де ажарлы, бозбала сүйетін қызыл шырайлы еді. Азырақ мінезінің жеңілдігі болмаса, ақылға да жақсы еді. Күйеуі Үбырай Есімбектің балаларының ішіндегі момыны, үн жоқ, тұн жоқ ертеңдікеш мал соңында жүреді де қояды. Күйеуінің қалпын он жақта жүргенде-ақ сезіп, Зәйкүл бұзыла бастаған. Өздерімен бір жамағайын Сейіт дегенмен көніл қосып, шығамын деп жүргенінде елі сезіп қалып, жібермеген. Ол кездегі болыс Құрман Есімбектің туған құдасы. Есімбектің жесірі кетсе, «қыпшакпын» деп қанға тарту жоқ — Құрман жапастың арын арлап тұрған. Болыстың ызғарының күштілігінен Қаржау қабыл-құбыл Есімбекке хабар тигізіп, аман-есенінде қолына берген.

Зәйкүл ұзатыльш келген соң, көпке шейін кетемін деп жүрді. Бірақ кете алмады. Айтқан сөзінен табылып, көніліндегі мұддесін орнына келтіретін жігіт сирек қой. Шынында, Зәйкүлге тең жігіт табылмады.

Сізден несін жасырайын... ертеңді-кеш үйінен шықпаған соң, мен Есімбектің үйінің бір адамы құсап кеттім. Жүріс-тұрысымда ешбір ерсілік болмайды. Ақырында Зәйкүлмен жақындастып, көніл қостым. Бойдақ кезім ғой, ол «тиемін» деді, мен «аламын» дедім. Бул сөз алғашқы

кезінде бір-бірімізді жақындастыруға дөнекер есебінде болды. **Шынына қалғанда**, екеуімізде де ойнап-күлгеннен басқа ескі сөзді, уәдені қозғайтын ой жоқ еді. Ойдың болуы да мүмкін емес — Есімбек бай, мен кедей, келінін тартып алсам, ертеңгі **күні** жанымды **аспанға шығарады**. Кедейлік не қылмады!.. Зейкүл сөзшең қатын еді. Кей кездерде мені **қалжындал өлең** айтады:

«...Касымжан, серт байласқан сен емес пе ең,
Үстаған етегінен мен емес пе ем.
Болса да не қыындық, басты тартпас,
Жүретін қол ұстасып тең емес пе ең...»

Мен өлең **шығара** алмаймын. Ауылда Төкей дейтін барды, **өзімнің** өлеңім **қылып соған** өлең **шығартып алдым**:

...Деген соң сұлу Зәйкүл, сұлу Зәйкүл,
Айтуға **сымбатыңды жетпейді** тіл.
Басымды тау мен тасқа үрсам дағы,
Ешбір іс ретіне **келмей-ак** жүр...

Уай, **дариға**, талай қызықтар бастан өткен екен-ау!

VII

...Ас-су ішіп Эбдірахман екеуіміз үйден **шыққанда**, елдің алды жата бастап еді. Тұн тастай **қараңғы**. **Аяндал** келе жатырмыз. Есімбектің **ауылының** сырты ызы-шу, қымқуыт. Эбдірахман жылдамдай **басып**, менің алдымды орай береді. **Біртіндеп** жақындаған сайын асыр салып **ойнаған балалардың**, өзілдесіп ойнап-күлген қыз-қатындардың дауыстары айқындала береді. Элдекімнің арт **жағымыздан сыңқылдал** күлген даусы **естілгендей болды**. Эбдірахманды иығынан тартып **тоқтатып**, күтүге **айналдық**. **Қараңдаған** екі-үш адамның бойы көрінді.

— Койшы, **қарағым**, өурелемеші!

Біреу дауыстанқырап:

- Әу!

— Қалқажан! — деді.

— Менің манағы айтқаным бола ма?

Қыз **күлді**:

— Жарап, **болады**...

Жақындал қадды. Даудыс таныс — Айнабайдың қызы. Ауылы Есімбек пен біздің ауылымыздың **орталығында**,

он шақты үйлі керей. Біз ауылының тұсынан өткенде қатындарының дабырлап жүргендері білініп еді.

— Күлзипа келеді, — деп мен күлдім.

Әбдірахманның Күлзипа десен шамы.

Ағайын арасында аз үйлі керей болғанмен, Айнабай деген бірді бірге соғып, екі еддің арасына от алып тұтандырып жүретін бір қызыл көзді бәле. Ел ішінде Айнабайдың істемеген бұзықтығы жоқ. Анау-мынау адамдар өзінен сескенетін де еді. Қызы Күлзипа сонда 17 шамасында шығар деймін. Орта бойлы, қарасұрлау, тік қабак, сұстаныңқырап тұратын адам еді. Айнабай өзі кедей, уақытында күйеуге беріп, соңғы кезде шел бітіп төуірленген соң, айырғысы келетін. Ел ішінде көзге түсетін жігіт ол кезде Әбдірахман. Айнабай өзі ат арқасына мініп жүрген соң, қызын төуір жігітке бергісі келіп, Әбдірахманнан үміттенген: «...Әбдірахманның жайына қараймын ғой. Азын-аулақ мал берсе де үйлесер едік...» деп айтадымыс деген сөз қашш жүрді. Женіл ауыз қатындар Әбдірахман ауылына келсе, «күйеу» деп мазасын алады. Жалпы жүрт Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де алады деп, өздерінше сөзді біткенге есептейді. Сол жылы қыс Әбдірахманның әкесі шөп ізден жүріп, Айнабайдың үйіне келсе, Айнабайдың қатыны қос қазыны бұзбастан салып, етпен сыйлап, ақысыз-пұлсыз бір шана шөп беріп жібереді. Айнабайдың қызының ер жеткендігіне жөне дөuletіне қызығып, Әбдірахманның әкесі құда болуға өте құмарланады. Бірак Әбдірахман үнатпайды: «Тіпті сүймеймін, сүймеген адамды не қыш аламын» дейді. Әбдірахманның бұл съфын замандастар күрбисынан басқа ешкім сезбейтін еді... Әлдеқалай бір жерде кездесе қалса, Күлзипа ұялып қызырып, Тәнірғе жазады да қалады.

Күлзипа екенін білген соң, Әбдірахман жүруге ыңғайланса да, мен жібермедім, қалжыңдастып барғанды жақсы көрдім.

Дабырласып сөйлескен күйлерімен бізге төніп келді де, бір келіншек:

— Ибәйі, көтек, мал десек, адам екен ғой, — деді.

Одағайлап, шеттей бастады.

— Маржанбикемісің, бері кел, — дедім.

— Мұнысы кім, мені таниды ғой...

— Бар, кім екен? — деді Күлзипа.

Әбдірахман жүре берді. Мен олардың жанына бардым.

— Анауың кім? — десті.

— Әбдірахман.

— Күйеу екен **ғой**, бізден неге қашты? — деп Маржанбике күле сөйледі. Құлзипа тәлімсіп, жеңгесінің құлағына сыйырлап, сыңқылдап құлісті. Аяндай басып Әбдірахманның артынан жеттік. Бізben жұмысы жоқ, есі-дерті алтыбақанда.

— Амансыздар ма, — дегеннен басқа еш нөрсе айтпады. Құлзипа сызылып, жеңгесінің артына таман жүріп отырды.

Алтыбақанға жақындастық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қарандаган адам — бәрі де анық көріне бастады. Нәк біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып, ыргалып ән салды.

— **Шұға** құдашаларың әнді бастады, — деді Маржанбике. Нәк сол минутта шыққан өн, шынында, Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлеңі өлі құлагымда:

«...Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық,
Атадан болып мұндық неге тудық?
Атадан мұндық болып тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын қудық.. »

VIII

«...Жас кездегінің бәрі қызық қой, әсіресе сол Әбдірахманмен бірге **оыйнда** болтан тұн менің әлі **күнгі** есімнен қалмайды; біртүрлі көз алдымда елестейді де тұрады.

Біз келгенде **оыйн** жаңа басталған екен. **Шұғалар** өлеңдерін тоқтатып, арқаннан тұсті. Жай әзілмен көп уақыт оздыфдық. Домбыра адъфыш, Әбдірахман өн садды. Бишара, жігіт еді **ғой**. Ондай оыйндарда біртүрлі үстайтын арқасы бар еді. Өлеңді түйдектетіп, үзбестен сокты. Жүрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады. Жатып қалған бірен-саран кемпірлер шапандарын жамылдып келіп, өлең тыңдасты. **Оыйн-күлкінің қызығымен** таң **атқанын** да білмей қалдық. Жүрт біртінде ыдырай бастады. Маржанбике маған жақындаңқырап сыйырлап:

— Қайтпайсындар ма? — деді.

— Жүр, қалқажан, — деп Құлзипаны ертіп, о да жөнелді. Уақ-түйек балалар, **Шұғаның** жеңгесінен басқаның бәрі кетіп бітуге айналды.

№ 741. 2002 , .

Шұға жөй сөйлескені бол маса, Әбдірахманмен онша ежіл-қожыл бола алмады. Мен Зәйкүлмен сөйлесіп, Әбдірахманның Шұғаға ынтықтығын айттым.

— Қайдан білейін, оқыған жігіт қой. Оқығандығына қызықпаса, бұрын мұның өкесіндей жігіттерге де барған жоқ еді... мен қолымнан келгенін аяマイын, — деп күлді.

— Жеңеше, қайтамыз ба? — деді Шұға.

— Неге асықтыңыз? — деп Әбдірахман жаңына жақындасты. Біз қашығырақ отыр едік. Құбірлесіп сөйлесті. Оқтасанда Әбдірахманның «жас жүрек...» деген даусы естіледі. Әлдене уақытта Әбдірахман:

— Кош болыңыз, — деді.

Жалт қарасам, Шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен.

— Тентекжан-ау, мені тастап бара жатқаның ба, — деп Зәйкүл де тұра жөнелді.

IX

...Әбдірахман ойыннан көнілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұңайды.

— Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл етер еді, — деді.

Әзілдесіп тұрып Әбдірахман көнілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұнықі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды адды да:

— Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойығм, Шұғамен көніл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маган қызын бермейді де және оған беретін менде мал да жоқ. Не жауап қайтаратының қайдан білейін, — деп күрсінді. Ажарында біртүрлі кейістік бар еді. Хатты ашып оқыды. Құдай берген өлеңді аясын ба, ұзыннан-ұзақ жазған. Соңдағы Шұғаға жазған хаты:

«...Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,
Буландырған, уландырған жас жанды.
Біз бір ғаріп панаған **саяңда**,
Жас **жүректе** мықты жара басталды,
Кірді **нұрың**, отты жақты ішіме,
Кетерем деп сене алмаймын күшіме,
Бірінші зар шықты **тілден мұнданып**,
Будан бұрын айтылмаған **кісіге**.
Жас **жүректің** жалқынды **көп тілегі**,
Жарамдысын сізден қалап **тіледі**,»

dk

Әзіріне үміт Қаптың тауындаи,
Жазмыс түрін жауап қайтса біледі.
Минут, сағат, күндік, айлық қол емес,
Тілейтінім, жудейтінім ол емес.
Көрсекзызар, антын бұзар қылжақбас,'
Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес.
Жас өмірге жара шықты түр қандай?
Қызылышты келешекте күн қандай?
Бір көргенде сиқырланып ақыл-ой,
Бал сөзіңде қалды ынтам бір қанбай.
Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай,
Жылы жүзбен көнілді жай қылардай.
«Болад» деген жалғыз ауыз сөз тапсам,
Кеңліме сақтар едім Құрандай...»

Түсте қойдан келгенде, Базарбайды шақыртып алып, хатты бердік. Шұға жауап жазса, тоқтаусыз өкеліп жеткіз дедік.

Әлі есімде. Біздің үйдің сыртында бір кішкене көгал бар-ды. Ауылға келген қонақтың бәрі ат арқандап, шалғынын жапырып тастаған. Көгалдың түстік жағында ыстықпен шыбындал жатқан қойлар. Бірен-саран кісілер шыжыған ыстыққа қарамай қойын құрттаپ, жабағысын қырқып жатьф...

Әбдірахман қайда кеткен деп іздел жүрсем, қойдың қотанының жел жағында шалғынға бауырын төсеп, көгалдың ортасында жатыр. Қасына келіп:

— Батыр-ау, мұның не? — дедім.
— Қайтейін, үйде отырғым келмеген соң жатқаныға ғой, — деді.

Біртурлі қалың ойға шомып, екі көзі елдің сыртында, бірдемені күткен адам секіді. Не күткені белгілі — Базарбайдың келуі. Шұғаның хатты қалай қарсы алары белгісіз. Ұрынғы қалпын істесе, оқымастан жыртып тастайды. Оны Әбдірахманың өзі де сезетін. Хат жіберуге екі оқты болтан соң, мен демеп жібергем, өйткені ойында оңаша сөйлескенімде: «Атакқа шыққан жігіт қой, хат жазып көрсін, онша теріске кетпес» деп Зәйкүлдің айтқаны бар-ды. Жаңа бір сөзінің ретінде: «Тентекжан осы жігітті аузынан тастамайды» деп сездіріп еді. Эйел жайын өйел біледі ғой. Эрі сырлас женгесі бір амалын табар деп мен Зәйкүлге сеніп едім.

Әбдірахман көпке шейін үн демей жатты. Күн ыстық. Жүрттың бәрі көлеңкеде... мен сөз бастадым:

— Шұға қайтер екен?

383

— Кайдан білейін, — деді. **Күрсінді**. Үміт аралас уа-йым көз жанарында ойнап тұрды.

Біз орнымыздан тұра бергенде, Есімбектің ауыл жағынан жүгіре басып келе жатқан Базарбай да көрінді. Әбдірахман дәйек тұтып тұра алмады. **Жақындаған** сайын Базарбайдың бет-ажарыша қараймыз... Арсаландап құліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып, Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп, Әбдірахман ашып оқыды:

«**Құрматлу мырза** Әбдірахманга сәлем сонында айтартымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырманыз. **Жазушы Шұға**».

Әбдірахман тұнжырап отыра кетті, баладан ауызекі сүрай бастадық.

— Улken үйінде отыр екен, жеңешем шақырады деп далаға шығарып алып, хатты ұстата беріп едім:

— Қағыңғыр, мұның не? — деді.

— Оқысаң білесің, — деп едім, бетіме қарап **жымын** құлді де, ашып оқыды. Сосын қалтасына **салып**, отауға барды. Мен қалмадым.

— Қағыңғыр, кетсейші, жұрттың хатын тасып, осы сен-ак мазамды алдың **ғой**, — деп тағы құлімсіреді.

Бұрын хат бергенімде ашуланып жыртып, бір-екі күнге дейін **маған** қымыз бергізбей жүретін. Бұл жолы **ондай** ашу шақырмagan соң дәмеленіп, «апа-еке, жауап жазып берсейші, **ешкімге** сездірместен апарып берейін», — деп **жалындым**... Кішкене отырды да, осы қағазды жазып берді, — деді Базарбай.

Хатышда ашық жауап бермесе де, баланың айтудымен **Шұғаның ыңғайын** байкадым.

— Енді **Шұға**, құтылмайды, — дедім.

Әбдірахманның ажары кіріңкірейін деді...

X

...Хат жазысқан соң көп үзамай-ак Әбдірахман Шугамен жақындастып кетті. Бірін бірі сүйгендігі сондай, аз уақыт көрмесе, ынтық **болып** өле жаздаушы еді. Екеуі де менен сырын жасырмайды. Есімбектікіне қымыз ішे қыдырып барсам, **Шұға** жайрандап қоя береді. Оңаша жер болса, **сұрайтыны** Әбдірахман.

— Жолдасың қайда? — дейді.

Өне бойы бір елде жата беру оңай ма? Еліне кетіп, Әбдірахман он шақты күн кешіксе, **Шұға** мазамды алады.

— Не ғыл келмей жатыр, хабар білдің бе, аман ба екен? — деп.

Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспенендік бірден бірге жайылып, бұқіл ел хабарланды.

Жалпы жүрт пәлен демегенмен, Айнабай тыныш калмады, Шұға мен Әбдірахманның көніл қосқан қалтың есіткенде Күлзипа жылапты деп қатындар өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын менсінбей тастап кеткен соң Айнабай не қыларын білмей, Есімбекке хабар тигізілті: «Қызы бұзылды, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр» деп.

Есімбектің үй іші естіп, бұлан-талан болыпты. Шұға не қыла койсын; таздың ашуғн тырнадан алып, Базарбайды айдал шығарып жібереді. Мені үйдің маңайына жуытпады. «Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірмө...», — деп шалдар үгіттеп, Әбдірахманды жолынан тайдырмақ болды. Әбдірахман бөріне де:

— Шұға айныса, амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде турағын болса, не қындық болса да конем. Алмай тынбаймын, — деумен болды.

— Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқасты қылды, — деп шалдар Есімбектің жагында болды. Әбдірахманды қорғайтын кілең жастар, жататыны біздің үй. Жүртта да дін жоқ қой, аксақалдарға қарсы болған адамды үйіне сактады деп, менің басымды іске байлады. Есімбектің жоғалған атын мен үрлады қылып, бір бұзаулы сиырымды төлеуге әперді. Көпке топырақ шашасың ба, Құдайдың салғанына көндік те отырдық.

Көптің талқысы қын ғой. Соңғы кездерде қорқытайдын деді. Есімбектің балалары бірнеше бозбалалармен тұн болса бізді андитын болды. Қолдарына түссек, жоқ қылып жіберуі шәксіз еді.

Бұрынғыдан гөрі қатынау сирей бастады. Шұғаны сағынғанда, Әбдірахман өлең айтатын болды:

«...Жаным сүйіп, жарым деп сеніп едім,
Күрбандыққа басымды беріп едім.
Айтылған сөз, уәде сертім үшін
Ат сабылтып, Шұғажан, келіп едім.
Бұрын жақын ауылың алыстады,
Аңдып жүрген бір дүшпан қалыспады.
Екеуімізді ынтық қып екі жақта,
Тағдырдың неге мұнша қарысқаны!..»

XI

...Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай, Әбдірахманды басқа жөнмен мұдіртүге де кіріскен, «түріктерге жасырын ақша жып жүр...» деп Әбдірахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды естіп, шошынып жүрдік. Әбдірахман ойына еш нөрсе де алмады, біздің үйде жатты да қойды. Ертенді-кеш азабы Шұға қалай жолығу, қалай сөйлесу... Бұрынғыдай хатын таситын Базарбай да жок, Зәйкүлді екі бастан көре алмаймыз, әй, қын-ак болды-ау...

Бір күні кешке жақын ауылдың сыртында белеске шығып отырдық. Бетіміз Есімбектің ауыл жағында, көз үшінда бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, ерек екенін айыра алмаймыз. Есімбектің үйі ауылдың орталығында. Сол маңайда жүрген адам Әбдірахманға Шұға болып көрінеді... Екеуімізде үн жок, ол Шұғаны, мен Зәйкүлді сағынам... Үзамай өрістегі сиырлар жыбырлап, елге қайта бастады. Жаппастардың маңайы лек-лек болып түйемен толды.

Ауыл іші ың-жың дауыс — маңыраған қой, мөніреген сиыр, шұрқыраған жылқы. Ағытқан құлындар ойнақтап, шаң аспанға шықты... Бөрін де көрдік. Біріне де көніл бөлгеніміз жок. Ой басқа.

Әбдірахман сөз бастап:

— Шұғадан бүтін хат алдым-ау, — деді.
— Не жазыпты?
— Сағындым депті. Үйдің ішінің бәрі де қас көрінеді. «Басым қатты ғой, құтылудың амалы не» депті.

Жаздым. Кетейік дедім. Хатты жіберетін адам табылмайды ғой, егер анық уәдесін алсам, үзамай кетер едік...

Біздің әңгімеміз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шаңдатып бір пар атты шыға келді. Жүрісі қатты, асығыс адам секілді. Арт жағында жалбандалап шоқытып келе жатқан бір салт аттысы бар. Біз сөзді қойып, арбалыға қарадық. Жақындаған сайын адамы айқындалды.

Біреуі орыс секілді, менің жүрегім тас төбеме шықты. Қалтырап кеттім. Далада отырғанша, үйге барайық деп едім, жоқтан қорқасың-ау деп, Әбдірахман күлді.

Арбалы ауылға төніп келіп, біздің үйге бұрылды. Көшірі бір жас жігіт. Қатар отырған екеудің біреуі орыс.

— Құдай үрған шығар, — дедім.

Әбдірахман да сұрланыңқырап кетті. Андал үйге қарай жүрдік. Орысы қарғып түсіп, «осы ма» деген адамға үқсап, бізге қарсы тұра қалды.

— Әбдірахман кім?

— Мен.

— Эйда, киін, болысқа барамыз, — деді орыс. Стражник екен. Мойныңда қылышы, мандаіыңда жарқырауығы бар.

— Мені қайтесің? — деді Әбдірахман.

— Мен білмеймін, пристоп шақырады.

Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық. Жалма-жан атты жектіріп, мен альп журмек болдым. Ауылдың сексендегі шалы, сегіздегі баласына шейін жиылды, бәрі де тамаша көрді... әй, жұртта да дін жоқ-ау!.. Менің әжем Әбдірахман үшін ботадай боздал жылап жургенде, айзы қанған адамша табалап, насаттанып тұргандары бодды... Есімді білген соң, Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой, Құдай біледі, қазақ баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір билетін жұрт қайда?

XII

...Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз парат. Делбегені өзім үстадым. Жол Есімбектің ауылының үстінен баса жүреді. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманың екі көзі алдында. Алдымызда жұз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Шіркін-ай, сүйіспендік те қын той.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Енді кішкене журсек, өтіп те кетеміз. Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі, бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас, яки көрсе де біраз уақыт сағынуға тұра келер деген ой елестейді. Бірімізге біріміз сөйлеспесек те, біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз... Бұрын тұнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шыкты. Есіктің алдында бірталай адам жағалай отырып, көздері бізде, әңгімені соғып отыр. Кім біледі, өлде бізді мазақ қылып отыр ма?!

Басына кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі қара-ша үйдің белдеуіне ботаны байлап, түйе сауып жатыр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр, бері де маған қуанышты секілді көрінді. Біздің кетіп бара жатқанымызға таңырқаған ешкім жоқ секілді, үсталып

айдалатынын өлдекашан бәрі де біліп қойған төрізді. Бәрі де құліп жүр, бәрі де босып жүр...

Бірақ Шұға жоқ...

Әбдірахман кенет:

— Айда! — деді.

Ат тоқтауға айналған екен. Делбені жиыңқырап үстап, айдай бергенімде, ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі Шұға! Апырым-ау, жаман қуандым. Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенимізде бізді танып, екеуі де сұстиып тұра қалды. Зәйкүлдің иығында шелек, Шұға жанында бос еріп келе жатыр екен. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп жүгірді. Құшақтар, сүйер деп едім, өйтпеді, жүргітың бөрі самсап қарап тұрған соң, ибалық қылды білем... бекер үялды, құшақтау керек еді, сую керек еді!

— Апырым-ау! Кайда барасындар? — деді Шұға.

— Болысқа айдал барады, — деді Әбдірахман.

Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя берді. Арбаның үстіндегі мен де еріксіз жыладым. Зәйкүл шіркін қорқақтау еді, жалтаң-жалтаң қарады да:

— Ойбай, Тентекжан-ау, ауылдың адамдары жүгіріп келеді, — деп шелегін жерден қөтеріп-ақ алды.

Айрылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды... Арт жағымызда айқай-үйқай, боктау, жүгірген адамның аяғының дыбысы. Адымызда біраз жер барып тоқтап, бізді құтіп стражник ойбай салып жатыр.

— Әбдірахман!

— Кош! — деді.

Теңселіп келіп, арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып, бетін жылып кетті.

Біз атты айдай бергенде, қарлыққан дауыспен:

— Кош, қалқам, қалқам!.. — деді Шұға.

7

Кемсендеп жылап, отыра кетті.

XIII

...Әбдірахманды пристоп дуанта алып кетті. Мен жылап-жылап қайттым. Жанымда Шұға тапсыр деген хаты бар, Елге келгеніме 5—6 күн болса да, ретін тауып бере алмадым.

Біз елден кететін күні, кешке жақын далада сөйлескенді шам көріп, Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да өте қатандық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамакпен

жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып жатып алышты» дегенді есіттім. Ауыл арасы жақын болғанмен, бұрынғыдай барып сөйлесетін күн жоқ. Жасырынып жүріп, Әбдірахманның хатын Шұғаға зорға тапсырдым.

Шұға шығын ауруға айналған соң, Есімбек жұмсайын деді, бақсы-бөлгер алдырып, ем қылдырып еді, жазылмады, науқасы күннен күнгө үдеп, есінен танып, сандырактауға айналған: сандырактағандағы айтатышы Әбдірахман болтан.

Былғандап өскен жалғыз қызыңбылай болған соң, бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Ол емі — Әбдірахманды ел болып актап алып, той қылыштың екі жасты қосу. Балаға деген мейірімшілік Есімбекке мұны да еріксіз істептек болды. Ағайын-туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп, Әбдірахманды қайтартпақ бодды. Мұның теріс деп ешкім Есімбекке айта алмады.

Маган да еркіншілік болуға айналды.

Шұға шақырады деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тиердей болып куандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін тұргізіп, Шұға жатыр екен. Маган козі түсіп кетіп қамықты.

— Қарағым, — деп шешесі бетінен сұйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сұртіп алды.

— Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін өкенін есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты. Үйде басқа адам жоқ еді.

Шұға шешесіне:

— Әже, — деді.

— Әу, қарағым.

— Мені онаша қалдыршы.

— Қалдырайын, қарағым, — деп бәйбіше шығып кетті.

Мен Шұғаға жақындағым.

— Жайың қалай? Тәуірмісің, — дедім.

— Тәуір емеспін, — деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамық-қандай бодды... — Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сөлем айт... — деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы орамалмен көзін сұртті.

— Тірі келсе, көресің ғой, бірақ мен...

Тығылған жасқа булығып, сөзін айта алмады.

— Құдай жазған болса, бөріміз де көреміз. Ажарының тәуір ғой, жазыларсыз, — дедім.

— Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Экем аяса, менің дертім жаныма баткан соң аяп отыф. Ертең сауықсам, қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. — Тұнеугі көргенде Әbdірахман бірауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... Әй, ол жоқ қой! — деді.

Ауыр курсінді.

Кешке шейін отырып, мен елге қайттым.

Мен үйге келсем, Әbdірахманың қаладан келгенін естіп, үйдің іші қуанышп отыр екен. Шұғаның халың көріп қайтырып қайтсам, Әbdірахманың келгенін есіткен соң тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әbdірахманды әкеліп бір керсету еді. Атқа міне салып барсам, ол ел де қуанышты екен, сөйлескеннен-ақ Әbdірахман Шұғаны сұрады. Ауруын бұрын де есіткен екен. Мен «төуір» деп көңілін жұбаттым. Тұнімен үйқы көрmedі. Ертеңіне жылқы келе атты ерттеп мініп, біздің елге асықты. Желе шоқытып келе жатырмыз. Күн аптап ыстық-ақ. Ол қуанышты, қайдағы жоқты айттып мені күлдірумен болды.

Айдалып бара жатқанда, Шұғаға шығарған өлеңім еді деп өн салды:

«...Жүзі құбыла, сезі құран Шұғамның,
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.
Кетерімде арманда боп сүйе алмай,
Еңіреп жылап, «қалқам» деді-ау шырағым!..»

Біз ауылға жеткенде, Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап, Әbdірахманды үйге кіргіздім де, неге жинальп тұрғандарын білейін деп, аяндақ кісілерге қарай журдім. Жақындағы бергенімде, бір салт атты шоқытып келді де, айқайладап бірдеме айттып кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде, «Күдай раҳмет етсін!..» деп беттерін сипап бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

— Есіттің бе, Шұға қайтышты-ау, — деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жиылган жүрттың бері де бастарын шайқасты.

— Әй, Шұға десе, Шұға еді-ау... — десті.

Ауылдың адамдары жиылған қалпымен келіп, Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сұп-сүр болып қатты да қалды. Бәріміз де **көніл айтқан болдык...**

Шұғаның өлген орнын көру Әбдірахманға мақсұт болды. Жүрттың «**Өлді**» дегеніне наңбағандай болды.

Бәріміз кеддік.

Есімбектің үйі ызы-шу, қым-қуыт екен. Келе жатқан **көп** адамды **көрген** соң, келіндері далаға шықты. **Көздері** қып-қызыл. Зәйкүл ымдаш шақырды. Қалтасынан алғып, бір **қағазды** ұсынды. Хат екенін біддім. Жүрегім елжіреп, жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп **тур** екен, оңашарақ **шығып** оқыдық. Әбдірахманның **көзінің** жасы **сорғалап** хатқа тамумен болды.

Сондағы Шұғаның өлерде жазған хаты:

«... Әуре боп неге біткен ажар-көрік,
Ішіңе от түсірдің, қалқам, **көріп**.
Гүлдену жас өмірде **мақсұт** боп ед,
Серттесіп, қол **алысып** уөде беріп.

Жолыңа құрбан **қып** ем жан мен тәнді,
Дариға, айтылған серт болмай қалды.
Көре алмай **ақтық** минут дидарыңды,
Арманда жан **тапсырған** мен бір зарлы!..

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардьвд,
Есінде ал, дүғана мен ынтазармын.
Қош, **саяу** бол, **ойнап-күліп** жолығармыз
Астында ақ туындың пайғамбардың!..»

* * *

Шұғаның сүйегін **бұрынғы** ескі қорымдарына қоймақ болып, Есімбек көшін түйеге тенденеп **жөнелді**. Келер **жыл** «**Өгіз сойғанның**» басына келіп қонған соң, ел жиып асын берді. Сонда **тұрғызған** белгі еді...» — деп сөзін бітірді.

Әңгіменің қызығына тұскен соң, қаракер бесті **қамшыдан** құтылып, жолы болып келе жатыр еді. **Бір-екі** тебініп шаужайлап қатарласты. **Алдымыздығы** белеске шыққанда үлкен көлдің ангары **көрініп**, құбыла жағында бір обашық мұнарланды.

— Эне, — деді **жолдасым**, — әне, **Шұғаның** белгісі **көрінді...** өй, өзі де **Шұға** десе, **Шұға** еді-ау!.. — деп қойды.

* • .l» rffrK- v -

1915

ӘҢГІМЕЛЕР

КҮЛПАШ

I

Күлпаштың көнілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Устінде өрім-өрім болтан соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулакқа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың ескі жұрнағы. Бет-аузы көнектей ісік: тоңып бүріспі, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұнайып, терен өйға шомган адамша Күлпаш отыр. Қасында жыртық күпіге оранып, бұк түсіп баласы Қали жатыр.

Үй сұық, жамаулы терезенің жыртығынан кірген ызырық шекеден шыққандай... үйдің ішін жылтытуға — пешке жағатын отын жоқ. Отын табылар жер де жоқ... қара судан басқа нәр-ем татпағанына бүгін үшінші күн. Алты айғы қыс тартқаны — аштықтың зардабы. Бар сенетіні байы Мақтый ел қыдырып, тілек тілеп, ерте кетіп, кеш келеді. Бірақ оның да табары жоқ...

Әйтсе де, Мақтый кеткенде, со л бірдеме өкелетіндей көріп, өзін өзі алдастырумен ұзак күнді кеш қылады. Бұл Күлпаштың бүгінгі әдеті емес, көптен бергі әдеті. Жағын суалдырып, жүзін саргайтып, адам қарағысыз қылыш барып, ақырында ісікке айналдырган осы әдет, осы шыдамдылық...

Күлпаш осы кезге шейін өзінен бетер баласын аяумен келді. Ауыл-аймақ, көрші-қолаңдарынан сұрастырып алған сорпа-суын баласына беретін болады.

Соңғы кезде оның өзі де болмай кетті. Бұл ауылда отырғандардың бірсыппырасы-ак өлмелі кедей, бері де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті.

Шағын тамактың үстіне біреу келсе, кірпікшешендей жирылтыны шығарды. Мұны әсіресе Күлпаш сезеді. Бұрынды-соң аш болсын, тоқ болсын тамақ үшін біреуге телміруді ар көретін Күлпашқа бұл онай болсын ба, көрші үйлерге қатынауды сиретіп еді...

Міне, бүгін актық азық таба алмағандарына үшінші күн, іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұддырап, өлім сағатын күткендей ыптыны кетіп отыр... Элі есі-дерті баласында. Ойлап отырып-отырып, қабағын шытып, кейістік тартқан кісі тәрізді баласына қарап:

— **Құдай-ай!**.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен? — деді.

Жылап жіберді. **Бұртік-бұртік** ыстық жас үстіндегі жар-гак тонның омырауынан сырғанай бастады...

II

Аштықтан басқа Күлпаштың мазасын алатын **тағы** бір ой бар еді. Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн. Қыстың бас **жағында**, жүртпен қатар соятын малы болмай, жалғыз атты үры алып, Мақтым жаяу тілек тілеуге айналған соң, Күлпаштың бірге туған сіңлісі Раушан келіп, Күлпашты **азғырған**:

— Осы жаманмен біраз күн **өмір өткіздің ғой**. Ендігі қалған **өмірінді** қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамынды ойла... — деген.

Күлпаштың **көңілін** аудару үшін Раушанның ұсынтын адамы — **Жұмағазы**.

— 40—50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. **Бұрынғы** қатынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-та. **Оған** тисен, **өзің** би, **өзің** хан боласың!.. — дейді Раушан.

Қыстың бас кезінде ептеп күнделік тамақ тауып, ашыға қоймағандықтан, «байынды тастап, байға ти...» дегенде Күлпаштың жүрегі тас төбесіне шығып еді.

— **Қарағым** Раушанжан-ау, аузың барып **негып** айтып отырсың! — деп еді...

Арадан екі-үш ай **өткен** соң, аштық шеңгелін қаттырақ салды. Тұрмыс түрі қындыққа айналған соң, әсіресе баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, кейбір кейістік тартқан уақыттарда Күлпаштың ойына Раушанның сөзі түсетін болды. Бірақ ол **сөздің** өзіне пайдалы я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген

емес. Әйткенмен, соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді...

Әрі-сәрі болып жүргенде, сіңлісі Раушан тағы келді. Күлпашты көріп аяды, жылады...

— Енді өлесің ғой, жазған, мен биыл не айтып едім?! — деді.

Күлпаш үндемей, ойға шомды. **Жүрегінде** таласып тұрған екі ой бар: «**Жұмағазыға** тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді... **Қалижанды** да ашықтырмауға болар еді...» деп ойлайды; «**Жастан қосылған қосағым** еді. Оны жылатып тастағанда не оцам!..» деп те ойлады. Екі **оидың** бірі жеңіп **шыға** алмай, өзі қатып отырған Күлпаштың басын одан жаман қатырады...

Күлпаштың **қажығанын**, нақ бұрынғыдай қарысып кетпейтіндігін **сезіп**, Раушан сөзді кесіп айта бастады:

— ...**Мына** күйінмен ұзакқа бармай өлесің... Сені өлімнен күтқаратын бізде де әл жоқ. Өзіміз де сол **Жұмағазыдан** күн көріп отырмыз... енді, сөзді қойып, соган ти!.. — деді.

Күлпаш күрсінді:

— Қалижанды қайтем? — деді.

— Ойбай, апа, баланың басы **құрысын**, өуелі өз қамынды же, артыгнан аддыра жатарсың, — деді.

Байын ауызға алмай, баласын ғана атағаны — Күлпаштың өбден өлсіреп, ескі қайрат, шыдамдылықтан айрылғандығын білдірді. **Жұмағазының** нұсқауымен келген Раушан, апасының жайын сезген соң, істі **біржола** бітірудің қамына кірісті. Күлпашты қызықтыра сөйледі.

— ...Не бар тамақ соның үйінде: **бұзылмаған** қазы, бүрулі ет, шұжықтың саны жоқ... Әлі күнге да старханнан наны үзілген емес. Сені алғып беремін деп біздің үйдегі сөз **қылғанда**: «Одан артық қатынды іздесем де таба алмаймын гой» деп күтың-кутың етеді...

Бұзылмаған қазы, бүрулі етті есіткенде, Күлпаштың аузынан сұы **ағып**, **ынтығуға** айналды. Бүрліктірғен аштық, тамақты есіткен соң, **Күлпаштың** еркін алғып, жеңгендей... жүрегі дірілдеп, көзі қарауытып, «тием!..» деген сөз еріксіз аузынан атылып **шыға** жаздал **отырып**:

— Эй, қарағым-ай! — деп өксіп жылап жіберді. — **Қарағым-ай**, өздерің білші... мен естен **танған** кісі ғой... — деді.

Жамаулы күпіге оранып, бүрісіп жатқан Қали жыбырлап:^ж - •

- Эже!.. — деді.
- **Ау, қарағым!** — деді Күлпаш.
- Экем келді ме?..
- Қарағым-ау, әкенін қарасы батсын!..

III

Таңмен кеткен Мактыйм өлі қайтқан жоқ. Күн батуға барып қалды. Боранды ызғырық азырақ серпіліп ашылып, бұлттың жиегінен шыққан күн Мактыймың жамаулы терезесінің көзінен көрініп, босаға жаққа нұрлы сөулесін шаша бастады.

Күлпаш пештің қасында. Жанында бүрісіп Қали жатыр. **Ойға шомып** біраз отырып, «уһ!» деп ауыр күрсінді. Бұл күрсіну күн батардың алдында қатындардың от жағып, тамақ асатынын еске түсіргендіктен **шығып отырған** емес, бұл жүректі қаптап топтанып, іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын удай **жайлаған** қалың қасіреттің, ауыр дерттің үшқыны еді. Бұл дертті Күлпаштың кірсіз таза **жүрегіне** салып отырған сіңлісі Раушан. **Раушанға** қосымша болтан, ызғарын төгіп бүрліктірген аштық!.. **Откен өмірінде** ойына келмеген істі Күлпаш істегелі отыр. Байынан айрылып, екінші адамға, **откен өмірінде ойына** кірмеген адамға тиуге **уәде** берді... ертең мәңгі кетпек. Бірақ қалай кетпек? Қалай айрылмақ?.. Оны Күлпаштың өзі де білмейді.

Раушан кеткелі **ойлағаны жалғыз** Мактыйм. Мактыймың өзін айттырып, күйеу болған шағы көзіне елестейді:
...**Жазғы** кез... Мактыйм үрын келген. Тұксиген қабак, күшік мұрын, еңкек денелі, қарасүр жігіт. Жүртқа қалай көрінетінін өзі білсін, өйтеуір, Күлпашқа ұнауы анық.

Күлпаш бір **көргеннен-ақ** тәуір көріп кеткен. Содан бері екеуінің арасы өлі тәуір: біріне бірі наз қылыш сөйлескенде: «Екеуімізді қара жер айырар» деп серттесетін... Мактыйм үйде азғана жоқ болса, «қайда кетті» деп, келгенше ынтық **болатын** Күлпаш осы... Сүйткен Мактыймын бүтін тастамақ. Эй, рақымсыз аштық-ай! Кімдерді жылатпады, кімдер жыламады!

Күлпаш өксіп, жылап жіберді.

Бүрісіп жатқан Қали қозғалып:

- Эже, — деді.
- **Немене, қарағым?**
- Экем келді ме?..

IV

Далада тықыр білініп, сықырлап есік ашылды Қыржып тырысқан қысқа тон, қаудырап қатқан жаман тымак, **аяғында** қонышынан **басылған жыртық етік**: мойнында дорбасы бар, **жағы** суалып, көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кірді.

Бұл Мактый еді, Күлпаш жалт етіп қарады да, **мұнайып кетті...**

Кали басын көтеріп алып:

— Эке, келдің бе?

— Келдім, қарағым!.. - деп **кемсендел**, қалтылдал, жыртық етігін сықырлатып, үйдің ортасындағы **бағаның** түбше **келип** Мактый салбырап отыра кетті

Кали **сүйретіліп** тұрып, екі көзі **Мактыйның** мойнындағы дорбада, ептең басыш жақындады.

Мактый жылап қоя берді:

— **Қалқам-ау**, дым жок!..

Күлпаш та жылады.

Кали ауыф **күрсініп**, төлтіректеп **басып** барыш күпісіне оранып, Күлпаштың **Колтығына** басын **тыға бүрісп** жата **кетті**.

Көп **уақыт** өтті. Қас қарайып, үйдің ішін қою қараңғылық қаптады. Мактый бағанға сүйеніп өлі отыр Оксанданды **үнілейді**.

Күлпаш **ойға шомған** адам тәрізденіп біраз отырып бір кезде **шошынған** адамдай кенет басын көтерді:

— Эй, — деді.

Даусы біртүрлі қалтыфап, үйдің ішін **жанғырықтырды**

— Эй, ояумысың?

— Жай ма?

Күлпаштың үні бітті... не айтарын білмеді... көзінен **мөлдіреп** жас төгіле бастады...

— Катын, бірдеме айтайын дедің бе?

— Эшейін... бүгін Раушан **келіп** еді...

— Жай келіп пе?..

Күлпаш **тағы сөйлей алмай**, **көз** жасына булықты Әлдене **уақытта тағы** да:

— Эй, — деді.

— Немене, жазған, айтсайшы!

— **Қійдан байланыз?**

- Біз өлмейміз бе?
 — Өлетін шығармыз!..
 — Біз... — деп тағы тоқталды.
 — Біз... біз... айрылсақ қайтеді?..
 Мактый өлденеге қозғалғандай болды. Үй іші тым-тырыс. Жаңа туған айдың сәулесі үйге түсе бастады...
 — Катын, сен не деп отырсын?
 — Айрылыссак?!..
 — Раушан айтты ма?
 - И ә.
 — Калиды қайтесің? — деп Мактый кемсендеп, өксіп жылап жіберді.
 — Әттең, кедейлік, әттең, аштық, қылдың-ау!..
 Пеш пен Құлпаشتың арасындағы қуысқа тығыльшып бүрсендеп жатқан Қали тағы қозғалды:
 — Эже, — деді!
 — Қалқам-ау, не қыл дейсің?
 — Тондым!..

V

Марттың іші. Жетіге созылған боран бүгін ғана ашылып, жылы шуақ күннің көзі ықтасындағы қардың бетін жылтыратып, терлетіп жатыр. Жерде де бұрынғыдай ызығар жоқ: арық малдар тысқа шығып, күншуақтықтағы боктықты, шөпті тіміскіп жүр.

Ұзыннан созылған ауылдан оқшау, жеке, маңайында бұдьф жоқ, қалың күртіктен моржасы зорға көрініп түрған шеткергі үйге ауыл сыртындағы жінішке жолмен бір жастау өйел аяңдай басып келе жатыр.

Бұл Құлпаш еді. Жұмағазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Құлпаشتы бұған да көндірген. Бірақ аштықтан құтылған екем деп қабағы ашылған Құлпаш жоқ. Жұмағазының үйіндегі жиырма күн жиырма жылдан ауыр болды. Әсіресе Калиды сағынады. Жұмағазының үйіне барған күннің ертеңіне тұнде Қали түсіне кірді. Құлпаш үйден шығарда «қалқам» деп барып Қалидың бетінен сүйгенде, өкпелеген адамдай аузын бұртитып, түрған орнында қалшиып қалып еді. Түсінде де сол күйін көрді. Аузы бұртитып, көзі өлдекайда бірдемеге тіреліп қатып қалған... Құлпаш «қалқам» деп бауырына тартса да, тас секідденіп орнынан қозғалмайды...

Бір күні тұсінде Мақтымды көреді. О да ренжулі, о да ашулы. «Әй, әй!» деп Күлпаш бір-екі рет сөйлесе де, Мақтым жауап бермейді...

Дүниедегі ең жақсы көретіні байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылыш кеткенін Күлпаш енді ар көре бастады. «Өлсем, солармен бірге өлсем болмайтын ба еді?!» деген ой кірді. Бір жағынан, Мақтымның жайын ойлайды. Ала дорбаны мойнына іліп алып, таңмен тамақ ізделеп кетсе, тапсын-таппасын, кешке бір оралыш соқпай қоймайды. Сондағы азаптаныш жүргені қатын-баланың қамы, соларды аштан өлтірмеудің жабдығы, сөйтіп жүрген адамның қадірін білмей, тастап кететін не жөні бар еді?!

Күлпаш барғалы қайғы үстіне қайғы жамап, ақырында бүтін Жұмағазының үйде жоғын пайдаланып, келе жатқаны еді. Күлпаш бұл жолы түрлі ойға мініп келеді. Мақтым ренжімесе, басқа байға тидің деп ашуланбаса, ескі тұрмысқа қайта қайту да ойында жоқ емес.

Аяғын екі-үш басып, қайта-қайта сол жақ қойнын сипап қарайды. Қойнында екі кесек ет бар: біреуін Қалиға, біреуін Мақтымға деп жасырып пісіріп алған.

— Қарағым-ай, етті көргенде не дер екен? — дейді оқта-санда.

Ауылға төніп келгенде, екі-үш ит үріп алдынан шықты. Күлпаш елеген жоқ, кіре беріс шеттегі Ыбырайдікі еді. Биік қылыш соғылған аққаланың басында Ыбырай түр екен, Күлпаш оны да абайлаған жоқ. Жүрегі альп үшшіп, үйіне жеткенше асықты.

Ыбырай танып:

— Ау, келінбісің? — деді.

Күлпаш сәлем қылды да, жөнеле берді, Ыбырай бірдеме айтқысы келген кісі секілденіп, аққаладан аяғын бір-екі басып, тұсіңкіреп барып тоқтады.

Күлпаш үйіне жетті. Лапастың есігіне көзі тұсіп, жүрегі қалтырап, тіксініңкіреді. Есіктің алды күртік қар, із де-геннен дым жоқ!.. Малтығып басып барып, үйдің есігіндегі қарды аяғымен ысырып, есікті ашуга айналды... жүрегі лұпілдеп соғып, көзі қарауытып, біртүрлі қорқыныш пайда болғандай тәрізденді. Бірақ неден сезіктеніп, қорыққанын өзі де біле алмады. Білетін жайы да жоқ еді...

Жан дәрмен қайраттанып, зорға дегенде Саддама есікті қозғап, сықъфлатып ашты. Суық леп бетке соқты. Терезеде жарық жоқ, үй тастай қараңғы.

Күлпаш қалтыранып кетті, үйге кірерін де, кіrmесін де білмеді. Бір **аяғын** табалдырықтан ішке салып, есіктен қолымен ұстап қалтырап:

— **Қарағым!** — деді.

Үн жоқ...

— **Қарағым,** қайдасың?.. Эй, бармысың?..

Жауап жоқ...

Күлпаш не қыларын білмеді. **Жалтаңдап** артына қаралы. Жүгіріп терезеге барып, күртік қарды қолымен қопа-рып ашты. Нұрлы **құннің** сәулесі жамаулы терезе арқылы үйге түсіп, **жарық** қылды. Түс кезі екен, құн тұп-тура пешке түскен...

Қарды тастай беріп, Күлпаш жалма-жан **сығалап** еді, пештің жаңында үйлығып, бүк түсіп құшақтасып жатқан өкелі-балалы екеуіне көзі түсті... Іші елжіреп, көзіне жас келді. Үйықтап жатыр екен деп қуанып, малтыға, сүріне үйге кірді:

— **Қарағым, Қалижан,** тұр!..

Төніп келіп Калиды сүйейін деп үмтүлғанда, көзі Мактымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайыш, аузы ашылып, тісі ақсиш жатьф екен!..

Күлпаш шошыш:

— **Әй!..** — деді.

Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей, өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады.

2 август, 1922 жыл.

АЙТ КҮНДЕРІ

— Айт **құтты** болсын!

— Айтсын, **жақсылығы** бірге болсын!

— Жыл он екі айда бір келген жарықтық айт қой, бұл күнді **көрген** де бар **шығар,** **көрмеген** де бар **шығар...**

I

Сөске түс. Желсіз, тынық, ыстық. Аз гана мал ауылдың қорасында **көлеңке** сайын топтанып, көбі салған тұтінге ықтасындалп тұр... ызындаған маса, сона, шіркей есінді **тандырғандай...**

Ауылнай адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де киінген. **Жүздерінде** өлденендей бір

куаныштың белгісі бар. Жерошак біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бүркүлдап семіз ет қайнап жатыр... көрі-құртаң шалдар, кемпірлер екеу-екеу көлеңкеде отыр.

— Жарықтық-ай, бұл құнді де жұрттың көретін құні бар екен-ау!..

Ауылдың орта жеріндегі бір үйдің алдында үйме-жүйме болған кісі. Ішінде кәрілеу кемпірлер, бірен-саран шалдау адамдар да бар...

Біреу пышак қайрап, бір жігіт семіздеу қызыл өгізді ұстап тұр.

Шеттен келген адам:

— Құрбандық қабыл болсын, — дейді.

— Әмиін, айтқаның келсін! — дейді шалдар.

— Неғып кеш қалып жатырсындар?

— Малдың табылғаны-ақ осы болды... шетінен ұстап соятын бұрынғы дәуір қайда...

Жұмағазы Зәйкүлмен шетте сөйлесіп тұр...

— Сен шалсайшы, мен кәйтейін.

— Кой, ойбай, өзің кір, мен ренжімеймін.

— Kip, кемпір, Жұмекен рұқсат берген соң, несіне тоқталасың.

— Иә, шығн айтам. Піала гой, мен бұрын да шалып журмін ғой... Құдай қабыл қылса, махрум қылmas...

— Кой, мені әуре қылма...

— Неге?

— Соны қалай шалатының да, намазың қалай оқитынғын да білмеймін.

Алдыңғы қатардағы ақ отаудан бұралып бір келіншек шығқты. Басында шетін кестелеген шашақты көгілдір жаулық. Неше түрлі асыл тұмаршалармен безеген мөнерлі жалпақ сары, үш-үштің төменгі жағында мандайына келтіріп төгілген сары сұлғі шашақ көк пұліш қамзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек алқым баулармен bezelgen.

Тысқа шығып, біраз тұрды да:

— Еркежан, — деді.

Үйден 16-17 шамасындағы бұралған әдемі қыз шықты. Үсті-басы малыншып тұр.

Келіншек күлімсіреп:

— Суға барайық. Айдарлым да келе жатыр екен, — деді.

Кыдырып жүрген бір-екі жігіт арт **жағынан** келіп, келіншекті қытықтап қалды.

- Қойшы, ибай, ұят-ты...
- Мұнша безеніп қайда барасын?..
- Айттаймын...
- Байы үйде жок болған соң, құтырып жүргенін **көрмеймісін**, — деп екінші жігіт күлген **болды**...

Терлеп-тепшіп, үйінің көлеңкесінде ақ текесін **сойып** жатқан **Молдағалидың** қасына **Үәли** келді.

- Айт құтты болсын!
- Айтсын...
- Немене, сен тоқтыңды саттың ба?
- Жоқ.
- Маған сатшы, әжеме құрбан шаддырайын.
- Ақша дабай.
- Күз аларсың.
- Болмайды.

Үәли кеткен соң, **Молдағали** текенің терісін жұдырықтап жатып:

— Аштан өлейін деп жүріп, айтта несі бар екен, алдағап апарып **сойып**, бір тоймақ қой, — деп күдді...

II

Ауылдан одаша, томардың же л **жағында** үш қара үй түр. **Маңайында** қыбыр еткен мал да жок. **Ызындаған** маса да жоқ, асылған қазан да жоқ, кезіп жүрген адам да жоқ... Күнбатыс жақ шеттегі үйдің көлеңкесінде үсті-басы өрім-өрім болып бүкшип он үш жасар бір қыз бала мен бір орта жасты әйел отыр. **Жұздері** сарғылт, көздері ісіңкі... «Уф!» деп күрсінеді. **Әлденені** ойлайды... Айдай әлем куанып жатқан айт **оған** азап секілді. Бар айтатыны:

- Сорлады-ау, сорладық-ау...

Ауыл жақтан ақсандай басыш орта **жастағы** бір еркек келді. Киімі алым-жұлым, мойнында дорба.

- Катын, **Бәкен** қалай?
- Не қалайын сұрайсың, сорлады ғой.
- Немене, қайты ма?
- Қайтты.

Көлеңкеге сылқ етіп құлай кетті, жылады.

- Ақыр байдың түбі аштан өлер деген осы екен-ау...
Зейнеп ше?
 - Кірпігі қимылдаپ жатыр еді, не **болғанын білмеймін**.
 - О да **Өлген шыгар**...

Мойындағы дорбаны алып, жерге тастай берді, ішінде бірдеме бар секілді.

- Бірдеме таптың ба әлде?
— Мардымды нөрсе жок.

Тырдай **жалаңаш** алты, жеті жасар бір үл, бір қыз бала тысқа **шыға** келді. Қапшықтан алып жатқан домалак малдың терісін **көріп**, екеуі бірдей тарпа **бассалды**. Таласты.

- **Қойындар, құрғырлар.** Мә, біреуіңе жүректің құлағы бар.
 - Күнімен **жүргендегі әкелгенің** осы ма? — деді қатыны.
 - Е, қайтейін, бермеген соң... мынау текенің **ені**... Мынау жүректің **құлағы**... мұны да итке **лактырған** жерінен алдым... **Жүрттан қайыр кеткен ғой**... **құрбандарының** қанын бер деп едім, Үлбала бәйбіше айқай **салды**: «Былтырдан бері асырағаным жетер» деп... не **бергенін** қайдан **білейін**...

— Ай, сорлысың-ау, мана өзім барғанда, ішек-қарнын аршып, бірталай нәрсе әкелетін едім, аурудан шыға алмадым **ФОЙ...**

III

Топ-топ болған атты, арбалы адамдар түс-түстан ауылға ағыла бастады.

Ауылдың орта шеніндегі ақбоз үйдің маңайында толған лъгқадам, топтанған арба, ат... кілең бозбала. Бір топ, ауыл қыдырып «айттық» алып жүр. Ауыл гу-гу.

- Айт құтты болсын!
 - Айт құтты болсын!
 - **Жаксылдығы** бірге болсын!

Жерошақтың басында үш-төрт адамның басы қуралып қалды. Бірдеме **естіп**, бастарын шайқасып отыр.

- Есіл ер-ай, қор **болған** екен...

Бірден бірге **жайылып**, хабар ақбоз үйдің **манайындағы** көп адамга да жетті.

- Қатыны мен Бәкен қайтыпты...
 - Қашан?
 - Бүгін.
 - Алда, бишара-ай!
 - Қайтқандары да дұрыс **болған** екен, тірідей қор болып **еїлі**... • - ' дави."» *«Жаңалықтар*

— Айт күні қайтқаны тілеулері дұрыс болған екен би-шаралардың.

— Дүние деген осы, жігіттер, — деді ортада отырган бір ақ сақалды кісі.

— Едәуір жыл болды-ау. Өгізөлгеннің басында айт болып, ат шаптырганымызда, жылған адам қанша болса да, бөгелмей-ақ қымызға қандырып шығарып еді. Ақырында бүтін сол Бәкен қатынымен аштан өліп отыр... тұздемін татқан жігіттер, ескеріндер, еттерінді жеген соң, жа-назасын жерге тигізіндер, сауап қой...

Ет желінді, қымыз ішілді, жүрт жиналып, елдің сыртындағы белеске шығып, жалау байлап, ойын қылуға айналды. Ақсақал сөзін тындаған жан жоқ...

Ат шабыс, құрес, тоқ бәйге... аштан өлген Бәкен мен Зейнепке көптің көрсеткен құрметі «тілеулері дұрыс екен, айт күні қайтты!..» болды.

1922 жыл, айтта.

ҚЫРМЫЗЫ

Къфмызы ұзакты тұнге тұс көрумен болды. Бармаған жері, баспаған тауы, әлеметі жоқ. Әлсін-әлсін шошып оянғанда, қара терге батып, тұла-бойы дел-сал больш қалады... Ұзакты тұнде шатасып, үйіктай алмады. Таң құла жиектеніп сыз беріп келе жатқанда көзі ілікті. Әдемі тұске кірді: қыз-бозбала тегіс жылған бір үй. Жүрттың бері куанышты... Қырмызы бір жерге тұрақтамай, қалың топка көз жүгіртіп, өлдекімді іздеумен болды.

— Оны енді іздеме, іздегенмен саған жоқ дейді, — біреу.

Қырмызының ашуы келіп, қалтырап кетті. Токтаусыз жүгіріп іздеді.

Бір қара күнгірт жерде өлдене көзге елестегендей болды. Адам секіді. Тұрган тұрысы, қиімі таныс. Жакындал келіп еді, — Қамбар.

— Қарағым-ау, мен сені ізdep жүрмін ғой, — дей бергенде:

— Келме, — деп қол сілікті.

Қырмызы шошынып, өкпелеген тәрізді боп тұра қалды.

Қамбар жымиды. Жүзіне нұр құйылып, біртүрлі Сеуле шашқандай болды. «Мен саған өкпеледім, мені ұмытып кеттің» дейді. Қырмызы бірдеңе айтайын деп еді, тілі тұтығып, айта алмады. Екі көзі Қамбарда, қатты да қалды. Қырмызының ынтығып сағынып тұрғанын білгендей, Қамбар орнынан қозғалып жақындағандай болды. Киген киімі қыш-қызыл, көзге шағылсып құбылып тұр... Құшағын жайды. «Кел, қалқам!..» дейді... Жас жүрегі алқынып, сүйген досының, көптен көрмеген Қамбарының жылы құшағына атылып кірем деп ұмтыла бергенде:

— Ай, тұрсайшы, күн тұс болды **ғой**, — деген **шешесінің** сөзіне Қырмызы оянып кетті. Жүрегі дұрсілдеп, алқынып, тұла бойы бусанып, терлеп қалған екен. **Жан-жағын** сипанды. Бірдеме іздеген адамша көрпесінің, **жастығының** астын қарады.

Жок!..

Кенет ойына тұсті, **жылағысы** келіп кетті. Манадан бері **көргенінің** бәрі тұс екенін білді. Көптен бері **сағынып**, бір ауыз сөзіне ынтық болып жүрген Қамбарының жылы құшағына кіргізбей, тәтті жерінде тұсін бөлген шешесіне ішінен нәлет **оқыды**.

Тұла бойы мең-зең... Тұрып, киініп, күйенте мен шелегін алым **суға** жөнелді...

Қырмызы **суға** жеткенше тұсін ойлаумен болды. Қамбардың кеткенине дәл бір жыл. **Сағынған уақыттарында** тұсінде көретін. Бірақ бүтінгі тұсі **бұрынғыға** Караганда өзгешерек. Жүрегі **соғып**, дұрсілдеп барады.

— Құдай-ай, жақсылық **болғай** да, — дейді. **Шелегін** жерге **қойып**, су ала берейін дегенде, өлденеден сескенгендей бұрылып артына қарады. Еш нәрсе де жок, қальщтал... Сең жырып тастаған қалың тал, шұңқыр құм... есіне бірдеме тұскен адам тәрізденіп, қалың тоғайдың, екі өзеннің екі арасындағы шұңқырға келді... Олай-былай қарады... өткен күн есіне тұсті... еріксіз **жылап** жіберді...

Былтьф... нақосы кез... онда да **сөске** кезінде **суға** келген. **Шелегін** жерге қойып, су ала бергенде, арт **жағынан** біреу келіп: «Қырмызымысың!» деген. Жалт қараса, Қамбар. Мұздай киініп, қамшысы сүретулі, төніп тұр. Қырмызы өзін өзі үстай алмай, еріксіз **құшақтаған**... еркін сүйісіп, айрыларда «қош!» деген Қамбар: «Мен жол жүріп барамын, **елді** казачий қаптап кетті. Мен отыра алатын емеспін.

Дос бар, дүшпан бар, күні ертең «большевик» деп өлтіреді ғой; елде жүріп текке өлгенше, ілгергі жақтағы жолдастарға қосылып, тендігімді ала өлгім келеді... ренжіме, Қырмызы-жан, күнім туса, келер жылы нақ осы жерде, осы құм меже болсын, бүгінгідей ойнап қосылармыз... мен сені сүйем, дүниенің қай бұрышында жүрсем де, сен ойымнан шықпайсың... мен ұмытпайын, сен де ұмытпа...» деп сүйіп-сүйіп алған... Сол құмы осы. Қамбардан айрылғанына өзір бір жыл. Кім біледі, елде сол уәде байлаған күні бүгінгі құн бе! Қамбар бүгін үйіне келіп, сұға келген Қырмызыны ұшыратуға іздел жүр ме? Жас жүрек толқынданып, лоблып, дәйек тұтып отыра алмастық дәрежеге келді...

— Құдай-ай, — деді Қырмызы. — Құдай-ай, жас жүректің тілегі қабыл дейтін еді. Бір тәуліктен бері зарлағаным жетерлік болып еді ғой... сүйгенімен кездесіп, ойнап-кулғен адамның арманы бар ма екен?..

Калың тоғайдың арасы сыбырлап ашылып, өлдекімге жол бергендей болды. Қырмызы шошыған да, қуанған да тәрізденді. «Сол ма екен» деген ойды ойлап бітірместен-ак, «сол шығар» деп көнілін сендірген секілденді. Болмады.

Қамбар дегені көршілес женгесі Рақыш болып шықты. Колында ұзын шыбық, бұзау айдал жүр.

— Не қылыш тұрсың, Еркежан? — деді жақындаған келіп. — Апырым-ай, Құдайдың күнінің ызғырығы-ай, тондырып барады ғой, — деді.

Қырмызы мұны тәтті түсін бөлген шешесінен бетер жек көрді. Үндемей қалуды лайық көрмей:

— Қыс болған соң, сүйқ болмай қайтуші еді, — деді.

— Қайдағы қыс. Бокырау өлі біткен жоқ. Былтыр бұл уақытта кәдімгідей шуақ еді ғой, есінде бар ма, ауылға көп солдат келіп, өлгі Қамбар қашатында...

— Иә, — дей салды Қырмызы.

— Сен есіттің бе, Еркежан, айтпақшы, сол Қамбар былтыр соғысқа барып өліпті ғой.

— Қойши, — деді Қырмызы.

Сүп-сүр болып кетті.

Жас жүректен қайнап шыққан ыстық жас мөлт-мөлт етіп көзінің жанарына толып қалды.

— Өлген шығар, — деді.

Мөлдіреген жас бетін жуып кетті.

1922 жыл, ноябрь.

ТАЛАҚ

I

Күн ұзакқа Айдарбектің үйі ұрыспен болды. Ерлі-байлы екеуі бірін бірі іліп қағып, бірінің тілін бірі алмай, өлі жеткені өш алу жолын қарастырып отырған секілді. Бұрын мұндай ұрыс болғанда, аяқ жағы таяққа тіреліп, Зейнептің етіне көбіне таңба да түсіп қалатын. Зейнеп оны сезсе де, сүйекке біткен қарыспалық еркін алып, бір табанға шейін бас имейтін. Ұрыстарының көбі болмашы нәрседен шығатындықтан, Зейнептің сөзі Айдарбекке кей кездерде үстіп келіп, төбелессіз де жарасып кетісе беруші еді.

Бұгінгі ұрыстары зілдірек. Айдарбек ертеден бері та-мақ та ішкен жоқ. Кикілжінің кіргеніне бір жеті болып қалған. Содан бері бір-біріне дұрыс жауап бермей, жатқанда Айдарбек іргеге, Зейнеп от жаққа қарап жатады.

Есіктің алдына тоқымды төсеп жіберіп, Айдарбек талдан керіп тор тоқуға кірісті. Зейнеп үлкен бөлмесіндегі пешке арқасын сүйеп отырып үршық иірді. Әке-шешесі ұрысқа кіргелі бойын жазып ойнай алмай, **Күләмза** да жүдеуге айналып еді, бұгін үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң, біраздан бері терезенің түбінде жинаулы түрған қуыршагын алып, жаулығын жамылдығып, киіндіруге айналды. Қуыршаққа жамылдыған жаулық **Күләмзаға** ұнап кетті. Өзінің шеберлігіне, ептілігіне қуанып, қуыршаққа кішкене қарап отырды да: «Әже, әже!..» деп, Зейнептің үршақ жүгіртіп отырған қолына жабысты. Зейнеп қарамады. Неге қарамағанын **Күләмза** сезеді. Бұрын құффашақ істегендеге, ел ішінде атаққа шыққан «көкауыз келіннің жаулығының модасы» деп **Күләмзаның қуыршағын** Зейнептің өзі талай жамылдырып берген. Енді бұгін, Зейнепсіз-ақ, қуыршағын өзі жөнделеп алған соң, қуанышын өжесіне айтпай **Күләмза** төзе алатын болмады. Бірак әке-шешесінің арасындағы салқындықты сезе жүргендіктен, бір рет айтқанына назар **салмаған** соң, қуыршағын қайта көрсетудің тиіс, тиіс **еместігін** біле алмай, **Күләмзадаң** болды. Әйтсе де тағы бір айтып **көрейін** дегендей, «Әже-әже!..» деп жабыса бергенде, Зейнептің үршық ірген қолына қақтығып қалды.

— Таста әрі, ку қатын, қатын болмай қалармын деп қорқасың ба! — деп Зейнеп қуыршақты лактырып жіберді.

Көкауыз келіннің модасымен оралған жаулық жерге үшіп тұсті. Күні бойы істеген еңбегі зая болғанда, Құләмза ызаланып жылап, Зейнептің он жақ тізесіне жармаса жатып еді.

— Әрі, ку қатын, тіпті иіртпедің гой, — деп Зейнеп тағы итеріп таstadtы.

Құләмза дауысын шығарып жылауға кіріstі.

Зейнепті ұрып ашуын тарқатуға, шынында, Айдарбек сылтау таба алмай отыр еді. Енді мына баланың жылағаны өзінше толық сылтау. Сондықтан түпкі ойын жарыққа шығару максатымен Зейнепке байланыспакшы бодды. Жұмысын токтатып, орнынан қозғальш-қозғальш қойды. Делек танау дедиді. Екі көзі құтырған сиырдың көзіндей боп адырайды, қозғалған сайын ашуға тығыльш, бұлығып барып:

— Неге жылатасың?!. Жылатпа баланы, — деді...

Тоқып отырған қорабын токтатты. Қабағын бұрынғыдан гөрі қыржитыңқырап, екі көзін Зейнеп отырған пешке қадап, тістеніп тұра ұмтылуға онтайланған адам құсап отырды. Бұл сияқты жекіргенге Зейнеп сөзсіз жауап қайырады деп ойлады, егер жауабы зідділеу шықса, екі-үш ауыз сөзбен істі бітіріп, тұра жүндемек болды.

Зейнепке Айдарбектің даусының қай түрі болса да мелім болғандықтан, ұруға ыңғайланғанын сезіп, ол үндеңеске тырысты. Зейнептің құлығына Айдарбек те таныс. Үрмаса, ашу тарқамайды. Сондықтан қайтсе де үрмай қоймаймын деген оймен сөзді қайта бастады:

— Ит!.. Қолыңа ұстаған жалғыз қарғаң, қасқыр құсап қабасың да отырасың, — деді.

Зейнеп шыдай алмады. Көптенгі ашу, кек — бәрі келіп қабаттасып, еріксіз сөйлейтін болды. Тым зілді қылып шығарса, сөзсіз таяқ жейді. Таяқ жеймін деп үндеңей қалса, жеңілгендік білінеді. Бұрынды-сонды таяқтан қорқып, тілін тартпау үйреншікті өдет секілденіп кеткен. Сондықтан Зейнепке ендігі лайықтысы сөзге сөз қайыру еді.

Зырқыраған ұршық жүнді созып үлгіртпей, үзіліп жерге тұсті. Қағылez ерні қалтыранып, пішіні сұрланып, үзілген жіпті жалғап жатып:

— Жаның ашымай-ақ қойсын!.. — деді.

— Енді кімнің жаны ашиды?!.. Иттен жарабан шошқаның сөзін қараши!.. Бірдеме айтса, арсыладап беттен қауып алу!!!

«М.Н.Джеком»

— Бетіңнен алып не дедім?.. Үрсам, өз балам, менде ешкімнің жұмысы жок. Әдемі катыныңның балаларын үргизбай өсірерсің...

Айдарбектің күткені де осы сөз еді. Енді кідірудің жөні жок. Есік жақта тұрған қайың таяқты ала бөлменің есігіне келіп те қалды.

— Не дейсің, әй?..

Есік жақта отырган Айдарбектің даусы кенет жанынан шыққанда, Зейнеп селк етіп кеткендей болды. Бір тыңқырдың таянғанын біліп, бетіне жалт қарады да, жұнін созып, үршығын иіре берді.

Ашумен ызғарланып қалшылдал келсе де, Зейнептің қорыққан пішінін, айып менде-ақ болсын, ғафу ет деген төрізді тәмен қарап мұнаюы Айдарбектің үруын жөнсіздікке шығаратын секілденді. Әйтсе де бір үрмай көніл көншімейтін болғандықтан, құшырланып түйілген жұдырықпен желкеге қойып кеп қалды.

Текшелеп ораған ак жаулық Күләмзаның қуыршағы секілденіп үшты.

— Ойбай-ай, не жаздым?! — деп Зейнеп ышқынып жылап жіберді.

— Атаңа нәлет!.. — деді Айдарбек.

Бойды кернеген ашу айтуға сөз таптырмады. Қарсыласпаған қатынды үра берудің тағы жөні жок.

— Атаңа нәлет. Сен не қылмадың... Қаранды батыр, кет!.. Мен сенен талак!.. — деді.

— Құдай!.. Құдай!.. Не жаздым Құдай!.. — деп Зейнеп өкіріп жылауға кірісті. Күләмза «әжелеп» келіп алдына тығылды.

II

Күләмзаны бауырына басып, жылаған күйі бүкшиш Зейнеп жатып адды. Бұрынғыдан гөрі ашуы тарқап, күн кеш болуға айналған соң, шашылған талың жиып, мал қарауға Айдарбек тысқа шықпакшы болды.

Ұзакты күнге тамақ ішпеген адам — қарны да ашайын деді. Төрғі бөлмеге бір-екі рет келсе де, Зейнепке тұр деп айтуға бата алмады. Бұрын Зейнеп айытты секіді қөрінсе де, таяқ жеген соң айыттан тазарып, «турмаймын» деп айтуға да еркі бар секіді қөрінді.

Үндемей тысқа шығып, малын суарып, коралауға кірісті. Екі көзі земленкенің моржасында. Бұрын қанша таяқ жесе

де, мезгілімен тамағын істеу Зейнептің әдеті еді. Айдарбек үрғанда да, сол көп үрудың бірі гой деп үрып еді.

Күн батып, қас қарайғанша Зейнептің қозғалғаны көрінбеген соң, далада тұра беруді қол көрмей, Айдарбек үйге кірді. Қыраулы терезе кештің қарандығына қосаметкей болып, үйдің ішінде еш нәрсе көрінбестей еді.

— Күләмза!.. — деді.

Күләмзаның атын атағанда, түпкі ойы Зейнеп жауап берер ме екен деген еді.

— Немене, өке? — деді Күләмза.

— Әжел қайда?.. Шам неге жақпайсындар?

— Әжем жылап жатыр, — деп Күләмза, Зейнептің бауырына тығыла түсті.

Айдарбек басқа айтар сөз таба алмады. Төсегінің үстіне барып қисайып жатты. Екі көзі пеште, пештің жанындағы Зейнепте, қозғалар ма екен, тұра ма екен деп ойлайды. Зейнеп тұрып шам жагып, төсек салып берсе, тамак ішпеуіне құл, бұрынғы ашу-араздықтың бәрін ұмыттып, құшақтап жатқысы келді... Бірінің артынан бірі түрлі ойлар тізбектеліп, Айдарбектің еркін билей бастады. Таяқ же-ген Зейнепті ішінен аяды. Жазықсыз үрғандығына өкінді... Қызыл шырайлы бетінен сүйгісі келді... Үнтыққаннан ынтығып, еріксіз басын көтеріп адды. Зейнепке барып жалынғысы келді. Орнынан қозғала берейін дегенде, ке-нет тағы бір ой түсті: «Баруым тиіс болар ма екен?..»

Баар-бармасын білмей, даң болды...

III

Зейнеп көп жылады.

Айдарбекпен қосылғанына был жеті жыл болған екен. Содан бері өтізген өмірінде қызғылықты күн шамалы. Ба-йышың мінезі теріс: болмашыны сылтау қылып, екі күннің бірінде үрады. Келген кездे таяққа шыдай алмай, «қайдан тап келді екен?» деп нальп жүргенінде, осы Күләмза туған. Тұңғыш баланың адамға ыстықтығы қандай. Күләмза туғалы Зейнеп таяққа да үйреніп, ашу-араздықты да жаба тоқып жүре беруші еді. Және Айдарбектің алмалы-салмалы мінезі Зейнептің тыныштануына себеп болады: тұнерген бұлттай бүркъфап бүрк-сарқ келсе де, сағатына жетпей ашуы тарқап, екеуі ойынға, өзілге кіріседі. Жетісіне бір үрсысу, үрыскан сайын үру, екеуінің ойынша да, тұр-

мыстың заңы, шарифаттың бүйрығы секілді көрінеді. Онсыз тұрмыстың ешбір ләззаты болмайтын секілденеді. Олай ойлауларына себеп жайшылықтан гөрі, араздасқанның артынан екеуі бірін бірі айлап-жылдаپ көрмеген адам секілденіп құшақтайды. Сондықтан екеуі ашуланысқанда бірін бірі жәбірлесе де, бірін бірі көрместік сөз айтисса да, ұзамай бір қызғылықты тұрмысқа қайтатындарын сезетін секілденеді... Айдарбек бүгін де солай болады гой деп ойладағы еді.

Бірақ Зейнепте ой екінші түрлі еді. **Бұрынғы** қалып-пен таяқты елемей, ісін істеп, алдағы **қызғылықты** тұрмысқа өзірлену бүгін Зейнепте жок еді. Өйткені желкеге тиғен **жұдырықтан** горі бір ауыр, салмақты **нәрсе** бар, Зейнептің соншама жылауына, бұкшиіп жатып ойлауына сол себеп болды. Қанша ойласа да ұшына **шығу** қын.

Ол талак еді.

Зейнеп елде жүргенде шешелерінің айтқанынан есітетін: «Неке — ерлі-байлы адамның тұрмысын бір-біріне байлайтын жіп. Бірін бірі **көрмеген**, бірін бірі сүймеген екі адамды неке сүйдіреді. Неке — махабbat жібі, ерлі-байлы адам қаншама бірін бірі көрместік болып араздасса да, неке **тұрған** жерде махабbat үзілмейді. Ал ерлі-байлы адамның жиіркенішті тұрмысына дәнекер болып **тұрған жіпті** үзетін бір **нәрсе** бар, ол — талак!..»

Айдарбек бүгін көп **ұрған** жок, бірақ таяқтан он есе артық «талакты» шығарды. «Мен сені **көрмеймін**, мен талак» деп айтып салды. Зейнеп енді неке жібі еріксіз үзілді деп жатыр. Байының бір жетіден бері ұрысқаны, желкеге бірер түйгені өлдекашан ұмыттылған. Есі-дерті **жалғыз** «талак». Айдарбектен айрыльшып кетуге сенбейді. Күніне қырық пышақтасып отырса да, дүниеде осыдан артық тұрмыс бар деп ойламайды.

Зейнеп көп ойлады. Бастаң өткен тұрмысы біртіндеп **көз алдына** елестей бастады: өке-шешесінің қай уақытта қуда болып, мал алғанын анық білмейді. Бірақ **күйеуге** берілгенін, келешекте **женгелері** секілденіп біреуге қатын **болып**, күнде таяқ жеп **өмір өткізетінін** Зейнеп **есі** кіре бастағаннан-ақ сезген. Тентек болып женгелерімен ойнаганда: «Кой, байына айтып **ұрғызармын**» деген сөз жас күнінен-ақ жүрегіне өліп-бидей кіріп жатталып, өзінің ұрылатындығына күн бұрын мойын ұсынып қойған. Сөйтіп жүргенде Айдарбек ұрын келіп, бірін бірінші рет **көріп** та-

нысады. Бірін бірі ата-аналары қосқан соң, сүймеске орын жоқ деп түсініседі.

Зейнеп соның бәрін ойлап келгенде, абайсызда айтылған «талак» кенет еске түседі. Жеті жылдан бергі қызық тұрмыс сағатында бұзылып кеткен секілденеді. Сол тұрмыс, елі де болса, бұрынғы ізімен аға берсе, Зейнептің дүниеде арманы жоқ секілденеді...

Зейнеп қалың ойға шомып жатып үйіктап та кетті...

IV

Көп шыдап жатуға Айдарбектің дәті шыдамады. Зейнептің жанына барғысы, қатеден үрғандығына ғафу өтінгісі келді. Еңбектеп сипалап, пештің қасына келді. Зейнептің басына қолы тиіп кеткенде, біртүрлі бойы еріп кеткен секілденді. Зейнеп үйіктап жатыр екен. Айдарбектің келгенін сезбеді. Айдарбек құшақтамақшы, бетінен сүймекші болып жақындағанда, Зейнеп өлденеге қалтыранып, оянып кетті:

- Эй, әй!.. Бұл кім?..
- Мен ғой, қарағым!

Зейнеп басын көтеріп, жан-жағына қаранды. Үй іші тастай қараңғы. Дыбыс жоқ, жалғыз-ақ Айдарбектің жүрегінің тынышсыз сокқаны, ала мысықтың пеш жанында мыраулағаны, Күләмзаның аяқ-қолын бауырына алыш, бұйырып үйіктап дем алғаны ғана естіледі...

Үйқылы көзімен Зейнеп:

- Мұнысы несі? — деді.
- Әлде шам жағайын ба?
- Жоқ, жақпа...
- Жүр, төсекке жатайық, — деп Айдарбек Зейнептің мойнына қол салды.

Зейнеп өлдене есіне түсіп, тітіркеніп кеткендей болды. «Талақты» есіткелі қанша жыласа да, ескі тұрмысын сағынып ынтықса да, Айдарбек қасына келген соң, ашу қайта қозды. Со л қызылықты тұрмысты бұзатын «талақты» шығарған Айдарбекке лағнат оқығысы, оны сөккісі көлді.

— Эрі, әрман кет! — деп Айдарбектің қолын мойнынан алыш тастады.

- Қой, қарағым, ашуынды бас.
- Ашуымды басқанда қайтпекпін?
- Жатайық...

«Жатайық» — Зейнепке таныс сөз. Зейнеп жатса, ескі түрмисқа қайтқан болады, бұрынғы қызықты өмірді қайта көретін болады. Бірақ оған жібермейтін арада кедергі бар гой. Зейнеп шіміркеніп кетті.

— Өй, бетсіз, не бетіңмен айтып отырсың?

— Е, не қылдым?

— Талак қылғаның қайда?

Айдарбек шошып кетті. Зейнепті ұрғанның соңынан қаншама ойласа да, ойна түспей жүрген бір нәрсе бар секідді еді, ол осы «талак» болып шықты!.. Талақтың түпкі мағынасын айыра білмесе де, ерлі-байлы адамға ұнамды нәрсе еместігін сезеді. Жалпы жүрттың түрмисында бұл сирек ұшырайтын нәрсе. Қатынымен қанша араздасса да, ұрсысып тәбелессе де, талак қылған ол жоқ. Олай болса, бұл талак — жәнсіз талак. Айдарбекке мұны айттырған еркін билеп кеткен ашу. Бірақ ашу уақытында айтылған сөздің шаригат қарауында қанша ауырлық-жеңілдігінің барын айырып білерлік Айдарбекте молдалық жоқ. Талак жөнінен мұның бар білетіні бір-екі-ақ оқиға: біреуі — көрші ауылдағы Қасым қатынын менсінбей, Қалтайдың қатынын алмақ болып көніл қосады. Өз қатыны айрылып, біреуге тимек болады. Сонда молдалар, талаксыз неке қиоға болмайды деп, ағайыншылықпен айыпты малын төлеген соң, Қалтайға да, Қасымға да қатындарын талак қылғызады. Талак қылған қатындар тиетін байына бара алмай, үйінде отырып үш ай «мұддетін» өткізеді...

Талак жөнінен екінші білетіні — ишан хазіреттің үш қатыны болтан екен. Кіші тоқалы «тентектеу» болып, біреумен көніл қосып киянат қылған соң, хазірет ашуланып, талак қылады. Сол қатын қартайғанша байсыз отырган.

Және біреулер шаригат сұрағанда, Шолак молданың да айтқаны бар: «Адам өз қатынын бір рет талак қылса, сол қатынды екінші бір адам алып, ол адам талак қылғаның артынан үш ай «мұддетін» өткізген соң, бастапқы байына неке қып алуына болады» деп.

Бұл өсіресе Айдарбекке тұра келеді. Шаригаттың бүйрығын істеймін десе, Айдарбек қатының екінші біреуге қосып, ол адам талак қылғаның артынан үш айдан кейін барып қайта неке құрып алу керек! Олай қылмаса, некесіз қатын ұстаған болады. «Некесіз қатынның асы арам» деп Шолак молда екі күннің бірінде қақсайды. — — —

Бірақ жастан қосылған әйелін Айдарбек неғып басқа біреуге қоспақшы? Көзі тірі тұрғанда, Зейнептің басқа біреудің қойнында жатқанын көру Айдарбекке өлім емес пе?.. Біреуге қосу түгіл, өзі жоқта үйіне қылжақпас бозбала келіп, солармен бірдеме деп ойнап-күлді ме, Айдарбек жарылып кете жаздайды... Тұнеу күні іңірде, шай ішіп отырғанда Сарбас келіп самаурынның түбіне отырып, Зейнеп шай құйып бергенде кесені үстай беремін деп, Сарбас абыламай Зейнептің қолын қабат үстап қалған. Мұны андып отырған Айдарбек көріп қалып, Сарбасты бокталап-балағаттап үйден айдалап шығып, Зейнепті сілейтіп тұрып ұрған болар... Ең арғысы, суатқа су ала барғанда да, Айдарбек шомның басына шығып, көзінің киғымен қарауылдап тұрады...

Айдарбек ойдың ұшығына шыға алмайтын болды. Ойлаған сайын басы қата берді. **Шариғаттың бүйрығын** істесе, Зейнептен айрылмақшы. Бірақ Зейнепсіз **шариғаттың** Айдарбекке керегі не?.. Ойлап-ойлап, қорытындысьша:

— **Шариғаттың құрысын, қатыннынан айрылмаймын!**.. — деді.

V

Зейнеп ұйықтаған жоқ. Айдарбектің басында отырып қалың ойға кіргендігін, оқта-санда қинальп уәлегенін ол сезіп жатыр. Тұрмысты ескі қалпына қайтаруға қарсы еместік ой билеп жатыр. Ашумен айтылған «талақтың» келешек тұрмыстарына қаншалық өзгеріс салатының болжап біле алмайды. «Талақ» жөніндегі Зейнептің мағлұматы да Айдарбектен аспайды. Сондықтан Айдарбек қандай қиналса, Зейнеп те сондай қинальп жатыр...

Айдарбектің ауыр ойға кетіп қиналғанын сезіп, Зейнеп аяушылыққа айналды. Ескі ашу, кек — бәрі серпіліп, әлдеқайда, ойға келмес бір түкпірге қашып тығылған секілді бодды. Зейнеп қазір байының бетінен алатын Зейнеп емес, бұдан жеті жыл бұрын бірінші рет қосылғанда Айдарбекті қысып-қысып сүйген Зейнеп секілденді. Жатқан күйінде сөйлейін деп бір-екі рет ыңғайланды да, оны ретсіз тауып, басын көтеріп түрегедді. Зейнеп қозғалғанда, Айдарбек сескеніп қорқып кеткендей де, куанып кеткендей де болды.

— Қатын!.. Зейнеп!.. — деді.

“...”

Даусында біртүрлі женілгендік, өтінгендік сезілді.

— Э, — деді Зейнеп.
— Жәй тұрдың ба?
— Жәй.

Зейнептің даусы Айдарбекке жұмсак, майда, не айтса^а да көнетін тәрізденді.

— Жатсақ қайтеді!..

Зейнеп үндемеді, қарсы сөйлемегеніне Айдарбек сүйсініп, икемдеуге айналды.

— Жеті жылдан бері ерлі-байлы болып күн өткіздік.- Содан бері үрыс та, талас та болған шығар. Қашанда жа-расып кете бермейтін бе едік. Бұ да соның бірі гой. Мені уайымға салма, қатын! Менде басқа ниет, бұзық көңіл жок. Ашумен кісі не айтпайды, ашумен айтқан сөзді періште жазбайды, — деген...

Зейнеп күрсінді:

— Қайдан білейін... Эжем марқұм айтушы еді: «Ерлі-байлы адамның арасындағы сүйіспендік некемен байлау-лы» деп. Сол сүйіспендігімізге зиян келіп жүрмесе...

Айдарбек өлденеге қуанып кеткен секілді болды.

— Сол ма, қатын, қорыққаның?.. Ол өшейін бос сөз ғой. Некемізді қимай тұрғанда бірімізді біріміз сүйген жок па едік?..

Зейнеп «дұрыс» деген секілді басын иді. Әңгімені соза беруге — Айдарбектің де сөзге шеберлігі жок. Екеуіне де ендігі тиістісі: Айдарбектің Зейнепті өзіне тартып құшактауы, Зейнептің қарсыласпай бұралып құшағына кіруі еді. Айдарбек мұны да істеді: Зейнепті өзіне тартып құшакта-ды. Екеуінің де бойлары еріп, еріктері кете бастады... Махаббаттың жібі некесіз-ақ байланды...

VI

...Айдарбек пен Зейнептің арасында болған талақты Күләмзадан басқа ешкім білмеді. Оңаша үйде жалғыз өзі қуыршақпен өуреленіп отырғанда, жамылдырған жаулығы, киіндірген киімі ретке келмесе, «мен сенен талақпын» деп құйфشاқты лақтыратын болды.

Ерлі-байлы адамның арасындағы жібін талақ үзе алмады. Ескі тұрмыс, ескі үрыс, ескі тәбелес некөлі қалыптағы сарынға түсіп аға берді...

30 январь, 1923 жыл, ауылда.

ҚУЛА АТ

Ұмырт жабылған шамада бір кішірек ауылға келдік. Ауылдың маңайы басын қоян мұжіп бақыртып тастаған, қалың күртіктен әр жерде бір тырбып көрінген сирек шырпы қатарлап соққан аққала. Екі үйдің жамаулы тере-зесінен жылтыраған шамның оты көрінеді. Желсіз, тынық кеш. Пештің моржасынан шыққан көкала түтін тіп-тіке болып аспанға созылып жатыр. Малдың бәрі коралантан. **Жыбырлаған жәндік жок.**

Келген бетімізben шеткі үйге тоқтап, атқосшымызды рұқсат сұрауға жібердік. Бұрын танымайтын жер болғандықтан, сұраусыз кіріп баруға үядық. Шыбыртқы сүйретіп кірген жолдасымызды лапаста жатқан көрі төбет барқылдалап үріп қарсы алды. Ширек сағат шамасында қайта шықты:

— Байы түссін, қатыны түспесін, — дейді.

Қазақ ғұрпышында байы тұрғанда қатын сөзі онша елең қылыштыйтындықтан, секіріп түсе қалдық. Төбесі майысып құлауға тұрған лапастан еңкейіп жүріп отырып, шала жабылып, саңылауынан жарық көрініп тұрған ескі есікті сықырлатыш аштық. Үйдің ішін қаптаған түтін аралас су бетке жылы дымқыл болып тиді. Жалпылдақ біlte шамды сол қолына ұстап, кетік қара шөмішпен құлаштап қазан сапырып жатқан үй қожасының қатыны есіктен кірген ыңғайымызда көзге тұсті. Бізге қабағын түйіп, тұнеріп бір қарады да, жүресінен отыра кетіп, шыпшамен пештің отын көсеп-көсеп қалды. Сұршалау келген, кабағы тікірейген, танауы делдектеу адам екен, қалпында, пішінінде ашу ызғары бар.

— Тентіреп... келетін болса, күндіз келсе қайтеді екен, — деп күңк ете қалды.

Ұзынша үйдің ортасын кірпішпен бөлген екен. Біз кірген есік — асхана жағы. Үйдің төр жағында жалпылдақ шамға төніп, жанында шашы жалбыраған кішкене қызалақ бала бар. Екі аяғын көсіліп, үй қожасы отыр екен. Шоқша сақалды, қара бұжыр кісі, мұртын таңқитып қырып тастаған.

— Жоғары шығындар, — деп, өзі төсегінің үстіне жылжып отырды.

Біз шешіндік. Кішкене қыз жатқан күйі бізге аз-кем қарады да, жүгіріп шешесіне барды. Ашулы бәйбіше шарт еткізіп баланы салып жіберді.

Үй қожасының жебесі тікірдейейін деді. Өлімсіреп отырған адамдай көзін қысынқырап алады екен:

— Кой-ей, қатын! Уа, ит, балада нең бар? Қонақты шақьфып келіп отырған бала емес қой, — деді. Бір жағынан, қатынына ұрысқан болып көрінсе де, бір жағы өзіл секілденді. Біз жымып күлген болып отырып амандастық. Сөзі дыбырлау, әйтсе де көп сөйлеуді сүйетін адам секілденді. Біздің ата-тегімізді, қайдан келе жатқанымызды қалдыфмастан суралы:

— Қаладан шықтық дейсіздер гой, онда жай барып па едініздер? Тері-терсектің бөсін білген жоқсыздарғой?..

Әңгімені бірден саудадан бастап жөнелді. **Биылғы** соғымда пәлен тері алғанын, қаладағы Кәкім деген ноғаймен таныс болып, сол арқылы бірталай пайда **қылғандығын**, тері жиып жүргендегі **қыншылықтарын** қаддырмастан айтты. Менің жанымдағы да әңгімeden құр алақан кісі емес, бірақ мынаған төтеп бере алмады. Бұл екінші әңгімеге бұрса, үй қожасы сауданы әкеліп тықпалай береді. Ақырында мен туралы сөз қыла бастады.

— Бұл бала мұғалім.

Мұғалім деген сөзді естісімен-ак, ауылындағы мұғалімдерді жамандап ала жөнедді.

— Тәйір, баяғыдай оқытатын молда қайда? Осы күнгілердікі бір әуре. «Арба», «шанамен» балалар не онбакшы. **Сылқымның** бал асы осы ауылдағы мұғалімнен бес жыл оқып еді, кеше әкесі өлгенде иман айтуға жарамады. Бес жыл оқып иман айта алмады деген не масқара?..

Әрі қарай соза берейін деп еді, өлдене есіне түскендей, мұдіріп тоқтады. Менің жөнімді бейнелеп сұрай бастады.

— **Бұл** кісі **елде** оқыта ма, өлде қалада ма?

— Қалада оқытады.

— Басқа қызметте де бар шығар...

— Бар...

Басыла қалды. Әлгі айтқан сөзін жұқалап жона бастады.

— **Мұғалімдерді** айыптай беруге де болмайды. Өзімізден де бар, мұғалім мектеп салып беріндер деп жылда зарлайды. Мен **көнетін-акпын**. Бірақ басқалары **кертартпалық** қылады... Қарқынды әңгіме басылып, азы-

рак демалып отырғанда, «кеш жарық!» деп екі жігіт кіріп келді. Жалпылдақ шамның түтіні үйдің ішін тұмандатып, көмексіге айналдырғандықтан, келгендердің қандай адам екенін сырт кісіге айыру қын еді. Үй иесі соларға бурылды.

— Қайрош, үйде ме едің?..

Сағымайдың келінін, Жамактың қатынын азғырып қашыргандығы, өкесінің бес қараға сатқандығы, бетін беру үшін содия мен песірінің бір ат алғандығы сөз болды.

— Біздің ауылнай мен Жәкен де бос қалмаған көрінеді. Бір сиыр алыпты ғой, — деді Қайрош.

Сөздің аяғы Сапар мен Сейіттің тамырлығына тірелді.

— Сейіттің қатыны Сапардың баласын құттықтай келді деп еді, не қалаған екен, білдіндер ме? — деп үй иесі сұрау қойды.

— Құла атты қалай келіпті.

— Беріп пе?

— Бермейтін шығар. Малымыздың басы деп Сапар безілдеп отыр ғой.

— Эй, бере алмас, бере алмас, — деді үй иесі, — ақылы бар адам құла атты қолдан шығармас болар. Құла мал қасиетті келмек дейді. Пайғамбар ғалай-салам кәпірлермен соғысқанда ылғи құла ат мініп шығады екен. Бұрынғының сөзі де онша теріске кетпейді-ау, өкем марқұм құла аттың қасиеті туралы көп сөз айтушы еді, бәрін де ұмытып қалыптын. Есте қалған біреуі бар секілді еді, айтайыншы, қонақтарға ермек болсын, — деді.

Аяғын жиынқырап отырып сөз бастады.

— Баяғыда бір бай болыпты дейді. Жылқысы өте көп болса керек. Бір үйір қасқыр, ішінде бір басшысы қашып бара жатқан күйі жанындағыларға: «Қандай ат келеді екен, қарандар!» депті. «Көк ат келеді» депті жанындағы қасқырлар. Сонда басшы қасқыр тұрып: «Көк ат келе жатса, тау мен тасқа қашындар, табаны тез тілініп, мамырлап қалар» депті. Тау мен тастың арасымен біраз қашып барған соң, тағы қаратса, шұбар ат келе жатқанын айтады. «Шұбар ат болса, күннің астына қарай қашындар, көзі талып, қаша алмас» депті. Бірсыныра шапқан соң тағы сұрапты. «Құла ат келе жатыр» десіпті. Сонда қасқырдың бастығы тұра қалып: «...болмады. Құла ат

келсе, құлатар, бәрімізді де сұлатар; енді топтарынды жазып, не көрсөндер де бет-бетіңмен көріндер...» деген екен, — дейді.

Үй иесін аяқтап, «дұрыс па» дегендей бізге қаралды. Менің жанымдағы жолдасым, молданың өкшесі қисық деген адам құнәлі болады-мыс дейтіннің бірі болғандықтан, үй иесінің ертегісін шын ықыласпен тындал:

— Жарықтық, құла мал қасиетті болады екен-ау, — деп қозғалып қойды.

Атқосшымыз да желөкпелеу, сөзге кіріспей қалмайтынның бірі еді, құла аттың әңгімесіне ол да бірдемені жалғастырғысы келді.

Бір-екі рет үй иесіне қарап айтайын десе, ол тері әңгімесіне кіріп үлгіргендіктен, қыңыржактап өзімізді айна лұырды.

— Апырым-ай, биылғы құла атты тектің қасына саттым-ау...

— Мен сатпа дегенде, тіл алдың ба? — деп жолдасым кейіген тәрізденді.

— Сатпасқа амал болмады ғой. Әжем қайтқанда тәре-кейіне **Жағыпардан** азырақ ақша алыш жұмсап едім, екі күннің бірінде сұрап жанымды жағадан алды. Содан қысылғаннан саттым...

* * *

Құла аттың, үй иесі мақтаған көк сиырдың терісінің әңгімесі біткен кезде, бәйбіше бөлме жақтан самаурын әкеleiп, бағанның қасына орнатты. Құманшаны самаурын тәбесіндегі кәмперкеге орната бергенде, құманша аунап кетіп, ішіндегі шәйі самауырының оттығына төгідді. Жайнап тұрған шоқ быж... етіп, буы, түтіні төбеге шашыды...

— Адыра қалғыр!.. Қараң қалғыр!.. — деп қатын құманшаны үстап алды.

— Ә, атаңа нәлет... — деді байы, — сен-ақ күйдіріп болдың-ау... кісі де кетер. Үйде онаша қалармыз...

Көзін алартып, қатынына байы қарады. «Сандалмашы» деген тәрізденіп қабағын түйіп, байына қатыны қарады. Екеуінің де көз қаастары ұзамай бір төбелес, жанжалдьың барлығын еріксіз сездірді.

КӨШПЕЛІ МАХАББАТ

Оразаның іші еді.

Менің қонып отырғаным Қалабайдікі. Бүкіл ауыл жетісегіз үй. Екі қатар қонған. Алдыңғы қатар Қалабай тобы бес үй. Артқы қатарда Секембайлар. Үш үйдің онтүстік жақ шеткісі Үбрайдікі, алты қанат қоңыр төбел үй, алдыңғы үзігінің жартысы қара күнгірт, жартысы бозғылдау.

Кешке жақын қонақтың далада отыратын әдеті. Арбаның түбінде отырып бой жаздық. Менің екі көзім Үбрайдің үйінде болды. Көрі кемпір шешесі үйдің сол жақ қабырғалығында бірдеме істеп отыр. Қызыл пұліш камзолы бар. Шашакты жаулық кестелеп салынған бір келіншек үй менен жерошақтың арасында ерсілі-қарсылы жүгіріп жур. Сыртқы пішіні, жүріс-тұрысы біртүрлі таныс секілді.

Мен қысты күні де келгем. Үбрай онда әл үстінде науқас еді. Көрі шешесі, былтыр алған жамағаты Зейнеп екеуі де бірдей мойындарына бүршақ салып, Үбрайдьщ тірлігін Құдайдан зар жылап құрап отыр еді. Үбрай өлсе, жасы жеткен кемпір де, жас балдырған Зейнеп те дүниеге қош айттысатын түрлері бар еді.

Мен солай деп ойладап едім.

Үбрайдің сауында да көргем. Зейнеп пен екеуінің арасындағы сүйіспенділік адам баласында болмаған дерлік еді. «Карақтарымның қызығын көрдім, осылардың алдында өлсем, дүниеде арманым жок!» деп кемпір де Құдайына мың-мың шүкір ететін секілді еді.

Үбрай өлген соң да көргем.

Қаранды жер үйдің қалаусыз пешіне арқасын сүйеп, иығында шоқпыт күпі, көзінің жасы көл болып кемпір отыр еді. Басына Үбрайдің қара бәкебайын бос салып, белі мықтап буулы екі бүйірін таянып:

«Душар болды дер қатты,
Науқастанды — дерт батты.
Алғанын тастап сарбазым,
Алыс жолға жөн тартты!..» —

деп, Үбрайдің жанынан артық көретін жары Зейнеп отыр еді. Қайғысы күшті еді. Жылағанда көзінен қан таматын секілді еді. Мен көнід айтқанымда:

«Кестелі көйлек етегім,
Келмеді жайым, кетемін.
Калқадан қалып, құрдас-ау,
Қайырын сұрап нетемін...»

деп еді Зейнеп.

Мен де жыл ап едім. Зейнептің қайырын **сұрамасына** көңілім бекіп еді.

Ыбрайдың үйіне барғым келді. Қайғылы сорлы шешесінің, қан жылаған жары Зейнептің, аз да болса **сөйлесіп**, көңілін көтергім келеді. Ауылдың ортасынан қақ **жарыш** жүретін жолдың **үстінде** төрт-бес кішкене балалар құм үйіп ойнап жатыр екен. Менен қорықты... біріне бірі жалтандаپ қарап: «Орыс келе жатыр...» деп тұра қашты... Біреуінің ат қып мінген талы қалды. Біреуінің шуда жіптен бау таққан **құрығы** қалды. Мен балаларға **кулдім**...

Үйдің қасына келгенімде, басын көтеріп алғып, кемпір тесе қарады.

— **Қарағымның** құрдасы екен **ғой**, — деді.

Бет ажарына **қайғының** ізі **жұғіріп**, **көзінің** жанарында мөлтілдеген жас та көрінді. Мен отырып, амандастым.

Үйдің ішінде **шырылдаған** дыбыс шықты. **Сыбырлатып** өлдекімнің жүргені білінді. Сықырлауық «шықыр» ете қалды. **Шылдырлаған** дыбыс үйден шыққандай, кемпір маған **жақындағандай** болды. Мен бұрылып қарадым. Көзіме сенгім келмеді.

Кестелі жаулықты аршын жарымдай **қылыш** салынған, қатарлап **ораған** алтын үш тұмаршадан көрінбейді, пуліш қамзоддың омырауы алқымбау, ілгекпен толған — Зейнеп келіп **төніп тұр**.

— Мына кісі екен **ғой**, — деді.

Қылмиып **кулді**. Екі беті **қып-қызыл** нарттай, Ыбрайдың тірісіндегіден де **Әдеміленген**.

Кемпір жаутаңдаپ келініне бір, маған бір қарады. «Мына **кісі** екен **ғой...**»

Бұрын Ыбырайдың тірісінде келгенімде Зейнеп:

— Құрдас екен **ғой...** — дейтін.

Көк шолақ атқа желқом ерді салып мінген имек тұмсықтау **қара** бала жігіт қыстау жақтан келеді. Үйдің жанына тұсті. Зейнеп былқ-сылқ етіп бұрала **басып** қарсы алып, тағы қылмиып **кулді**.

— **Әй**, — деді.

Сәт, жаңынан жаңа үйде

Кара бала күлімсіреп қарады.

— Бұзау жоқ, жамырап кеткен шығар, атынмен тауып өкелсөң қайтеді?!

* * *

Күн тұнерген бұлт, минут сайын қараңғы тартып барады... желсіз, тып-тынық. Бірен-саран сары масалар бетке, қолға қоныш, мазаны алады...

Қаламбайдың үйінің сыртына, қара желенді бос салыш, омырауында жылтыраған күміс сағаттың бауы, молда шықты. Олай-былай қарады. Төс қалтасынан сағатын шығарып, құлағына апарып тындалды. Бірер таранып сипайыланып алған соң, екі қолымен құлағын ұстап азан айтуға кірісті.

— Алла әкпәр...

Барылдаған даусы тынық өуемен жаңғырығып, бүкіл елді басына көтергендей болды.

Мен тұрып, кемпірмен қоштастым.

— Келіп тұр, қарағым, — деді.

Мөлтілдеген жас еріксіз көзінен шыға бастады...

Зейнеп жерошақтың басында тұр еді, тұсынан өте бергенімде, бұрынғыдан бетер қылмишп күлді...

Дүниедегі бакытты адам жалғыз өзі секілденді.

Дүниедегі сүйіспендік қара бала мен екеуінде гана төрізденді...

1923 жыл, апрель. Орынбор.

ШАРИФАТ БҮЙРЫҒЫ

I

Көрібай молда саһарын ішіп, таң намазын оқығаннан бері дәйек тұтып үйде отыра алмады. Күн шығар-шықпастан-ақ аз гана сиырын қорадан айдал шығарып, ауылдың сыртындағы шоқ шырпының арасындағы іркілген сулардың жиегімен қақпаланып айдал отырып, Құламбай томарының жел жағынан өріске бет алдырды. Ілесе ауылдың басқа адамдары да малдарын айдал өргізе бастады...

Уақыт апрельдің аяқ шені еді. Күн ашық, жылы, тынық. Жердің бетіндегі жаңа тап беріп келе жатқан қылтиған көк шықтың сұймен малшынып, сөулелі күннің

көзімен маржан секілденіп жылтылдаپ тұр. Аспан жүзі толған бозторғай — шырылдаған үні құлак тұндырғандай...

Кәрібай молда қолында қайың таяғы, табиғаттың әдемілігіне сұктанған адам секілденіп жан-жағына аз-кем қарап тұрды да, томардың күнбатыс жағындағы ескі апандардың басына келіп, үйілген топырағына шықты. Тынық суда емін-еркін жүзіп жүріп жүрген үйректер Кәрібай молдадан сескенгендей, сол тыныштықты **бұзғандыққа** лағнат оқыған секілді. Томардың тұс-тұсынан пырылдаپ үшіп, барқылдаپ ән қоса бастады.

Кәрібай молда оны ескерген жок. Оның есі-дерті **ауылда** келе жатқан Салқамбайда **болды**. Апанның басына келгенде де, биік топырағына шыққанда да оның түпкі ойы Салқамбайға жолығу еді. Биік жерге шығып тұrsa, Салқамбайды күткендік білінеді. Молдаекеңнің күтіп тұрғанын сезсе, Салқамбай сөзсіз қасына келеді...

Салқамбай малын өріске беттетіп, талтандаپ томарға бет алды. Кәрібай молда Салқамбаймен бұл үшірасудан көп нәрсе білем бе дейді. Ауыл бір болғанмен, екі атаның баласы екі тап. Бір таптың бастық ақсақалы Кәрібай молда болса, екінші жағынықі Салқамбай. Екі атаның балаларының татулығынан араздық көп-ті. Болмашы нәрсені сылтау қылып, біріне бірі жала жауып, акырында бастары кетуге **айналған** соң, сыртқы ақсақалдардың қона-түстене жатып айтқан **биліктерімен** екі жағы да сөзді тастайды... Сондай **оқиғаның** бірі қыс ішінде болып, алты **айғы** қыс шабуылдаپ, «бітімші» ақсақалдар етті бітіріп, олжа қарастыра бастаған соң, өзді-өзі ағайын болып табысып еді. Бірақ «табыстық» деп біріне бірі келгенде жылтырап **сөйлесе** де, іштегі кектері арылып кеткен жок. **Арылмағандық** көбінесе қатын-балалардан белгілі. Қатындардың болмашы нәрсені сылтау қылып ұрсысулары, балалардың екі жік болып төбелесуі — ескі араздық, ескі кектің өлде болса да тазарып бітпегендігіне айқын дәлел ісі. Кәрібай молданың Салқамбайды күтуі де сол жөнінен еді. Бүгін түнде Кәрібай бір іс істеп отыф. **О** л істі шариғат жолымен қарағанда дұрыс деп тапса да, законға қарағанда қылмыс екенін сезеді, өзінше **Құдайға** кінәлі болмаймын гой деп белін байлаған соң, адам жағын көріп алармын деп істеп **салған**. Ендігі қысылатыны — ауыл көршілерінің біліп қоюы. Салқамбай жағының құлағына тисе, дереу барып сүйінші сұрауы

мүмкін, Кәрекең Салқамбаймен кездескенде онын ажарынан, сөйлеген сөзінен ыңғайын танимын деп тұр. Егер Салқамбай сезген болса, «тысымыз бір еді, алауыздықты қойып, бүтінденейік» деп үгіттегісі келіп те тұр.

II

Ақ таяғын артына ұстап, тері тымағының бір құлағы жымқырулы, ерінінде **бұлтиған** насыбайы, сиректеу бурыл сақалының көбі насыбай **суының түкірігінің** шашырандысымен боялып **сарғылттанған**, кішкене көзі ойнақшып Салқамбай келді. Селем берді.

— **Жарықтық** жаздың нышанашы өдемі-ау, — деп Салқамбай **Кәрекеңмен** қатарласа, таяғын жерге тіреп таянды.

— Құдай берер, өне бойы қыса берер дейсің бе.

— Құдай берер-ау, бірақ жүрттың бейілі түзелмей жүргой. **Жүрттың** бейілі түзелсе, береке кірер еді, — деп Салқамбай **Кәрекеңде** қарады.

Кәрекең қызыраіын деді. «Білген екен гой» деп, жүрегі тітіркеніп кетті.

— Жүрт тәубе-таупықтан кетті **ғой**, **шариғаттың** бүйрұғын істейтін жан жок. Егер мұсылман баласы болып шариғаттың жолымен жүріп отырса, **баяғы** дәурен сөзсіз-ак қайтар еді, — деді **Кәрекең**. Өзінше істеген ісінің **шариғатқа** қиянат еместігін **Салқамбайға** сездірдім бе деп ойлады. Бірақ **Салқамбайдың** қалай түсінгенін өзі білсін, бұрынғы ізінен танбады.

— **Шариғат** жарықтықтың жолын жүрттыш көбі надандықпен білмейді. Бірен-саран біледі деген адамдар шариғатты аяғында басады, сонысы-ак **жәбір**, — деді.

Кәрекең бұл жолы **бұрынғысынан** да жаман қызыраіын деді. Кеуілге құдік кірді. **Молдалық** жөнін салыстығанда, Салқамбайдың окуы артық. **Кәрібай** ауыл молдасынан окумен **ғана** моддалық **құрып** кеткен.

Салқамбай **Таңатар** қажының медресесінен **екі** жыл оқыды. Экесі дәuletті **болған** соң, **молдалық** қалпын қумай, шаруашылығына айналып кеткен кісі. Жас кезінде шариғат салыстығанда, **Кәрібайды** женіп кете беретін. Оның үстіне, бұл жолғы істеп отырған ісінің **шариғат** көзімен Караганда дұрыс екендігіне **Кәрібайдың** өзі де **күмәнді**. **Дәлел** **ғып ұстағаны** — жас кезінде оқыған молдасы мен Ақсақ молданың риуаяттары. «**Кәпірдің** және ұрылардың

малын алып жеу дұрыс», — деп Аксак модда талай айттын. Кітаптан өз көзімен көрмеген соң, оның үстіне, Салқамбай баспалатып жіберген соң, Кәрібай терлейін деді. Сондықтан қолайсыз әңгімені екіншіге бұрды.

— Заманың, өйтеуір, бұзылған кезі ғой. Ағайынның татулығын сүйетіндер де, сүймейтіндер де бар. Элден келгенше бірлік-берекеге тырысайық. Осы ауылда екеуімізден үлкен кім бар. Біз әділдігімізді, бүтіндігімізді айтып отырсақ, сырт бізге не қылар дейсің.

Салқамбай екішты жауап берді:

— Ол дұрыс қой, бүтіндікті кім сүймейді. Сені мен маған қалғанда сөз жарасы жеңіл. Бірақ «ер жеткеннің еркі өзінде» деген, кейінгі жастардың міндетін алу қын ғой... — деді.

Салқамбайдың екішты сөзі Кәрібай модданың үрейін алды. «Бұлар сүйінші сұрауға адам жіберген екен» деп ойлады. Бір орында тыншып тұра алмай, қайың таяғымен топыракты шұқып қаза берді. Салқамбаймен өшкере сөйлесіп, сырын айтып жалынғысы да кедді. Бірақ Салқамбайдың ағайыншылыққа көніп, әңгімені бүркейтіндігіне көзі жетпеді. Бәрінен бұрын істеген ісінің шарифат қарауынша дұрыс, дұрыс емес екендігін білмегендік кинағы. Жол бойынша айыпты болса да, шарифат қарауында дұрыс болып көрінсе, ең болмаса баяғыдан бері молда атанып садака алып жүрген атағына кемдік келмес еді. Жұрт анығын білсе де: «Бишара, қайтсін, шарифаттан шыққан жоқ екен гой» дер еді...

Көкшолаққа жайдак мінген бір бала шауып келіп: -

— Ата! — деді.

Салқамбай жалт қарады.

— Сізді папам шақырады.

“

— Неге?

— Білмеймін...

ж.

— Таяғын артына ұстап, Салқамбай ауылға жөнедді.

Кәрібай молда апанның басында тұрып қалды. Ауыр күрсінді.

— Болмады... іс бұзылды. Құдай-ай, тым болмаса шарифат қарауында дұрыс болып, абыройым ашылмаса иғі еді... — деді.

Қайтты. Кітаптарын актарып, бірер риуаятын табуға оилады. . . .

етмиссы*

www.ziyouz.com

Көрібай молда үйіне келгенде, қатыны Қадиша ұзыншалап салған пештің қасында, екі аяғын көсіліп, алдында жаюлы ескі тулак, жұн тұтіп отыр еді. Баласы Ракым тұнде үйқысы бөлінген адам секілді, төсегінен жаңа тұрып, кішкене бөлме жакта қатынымен екеуі қара құманнан шай ішіп отыр еді.

Көрекең ешқайсысына да назар салмады. Оның бірінші жұмысы кітаптарын ақтарып, құмәнді жұмысын адалдайтын бір «риуаят» қарастыру болды. Төсегінің бас жагындағы сөреде шаң-шаң болып қатарланып тұрган ескі кітаптарды біртіндеп алып, жерге қоя бастады. Кейбіреулері түрлі-түсті сисамен тысталған, бірсынырасының сыртқы қатырғысы, бірер қағазы қатыны салақ үйдің жамаулы құманша мен кеселері секілденіп, қамырмен жамалған қырық құрау өлемденген кітаптар төсегінің үстін алып кетті. «Мынау не қылайын деп жатыр» деген адам құсан, ескен жұнін тоқтатып, қатыны қарады. Бұрын-сонды земленкеден киіз үйге шыққанда я земленкелерге кіргенде болмаса, Көрекең үйіктап жатқан кітаптарының мазасын алмаушы еді.

Қатыгны шыдап отыра алмады:

- Бірдеме іздедің бе? — деді.
- Нең бар.

Ашулы қалыппен ажырайып қарады. Төр алдындағы сабалақ жұнді тері көрпенің үстіне отырып, омырау қалтасынан көзілдірігін алып киді. Ыдырап жатқан кітаптардың өзіне таяуын қолына үстады. «Қырық қадыс» екен, бір-екі қағазын аударып жіберіп, оқуға кірісті. Арабшаның мағынасына түсінбесе де, қарап отырған қатынына сыр білдірмейін деген адам құсан, тамағын бір-екі қырып алып:

— «Қала» айтты пайғамбар ғалайсалам. «Мән» — бір мән, — дейді. Аяқ жағын аузын жыбырлатқан болып, күбірлетіп жіберді. Шынына қалғанда, «қала» деген сөзді өтиек тәпсірінен үйреніп еді. Арабша кітаптарды көрсе ашып, оқыған жерінде «қала» деген сөз болмаса да, қараушылар сезіктенбесін деп, «қала» айтты пайғамбар ғалайсалам...» деу — Көрекеңнің үйреншікті едеті еді. Көрекеңнің бұл өдеті қатынына да, бала, келініне де мелім еді...

Екінші кітапқа жармасты. Бұл Бақырған екен. Ашып жіберген ыңғайында өзінің молда болып жүрген күніндегі

окитын жері кездесе кетті. Тамағын бірер кенеп алғып, соғып жіберді:

«Көрін қадір-құдіретін,
Білсін даю сұңгатын.
Мұстапаның үмбетін,
Мұндағы тәжрип қылдия...»

«Қалай екен?» дегендей қатынына көзілдірігінің астынан қарап қойды.

Имандық секілді бір кішкене кітапты үстады. Бұл «Ісмі ағзам дұғасы» екен. Басынан тегіс актарды. Орта шеніндегі бір дұғалыққа тесе қарады. Ол мынау еді:

«Әгәр, кім ерсе — бұ дұғаны құніне сексен сегіз мәртебе оқыса, не бар мақсаты қабыл болып, жүзі жарқын болгай. Әгәр кім бұ дұғаны бойтұмар қылып тақса, душмандары аулақ болғай. Әгәр кім ерсе, бұл дұғаны езіп ішсе, дұшманларынан сөзі үстем келгей...».

Көрекен қуаныш кетті. Дұғалықты алдына қойып, басын жоғары көтерді. Көзілдірікті алғып, жанына қойды. «Сен не білдің» деген адам тәрізденіп, қатынына қарады. Тозығы жеткен жамаулы көйлектің тізесін бүккенде, жыртылып кетпесін деп, қатыны түріп отыр еді.

— Әй, мұндар, жапсайшы тізенді, нөмахрамды білмейтін бе едің? — деді.

— **Байғұс-ай**, мен келіншек пе едім.

— Келіншек болмай, **кемпірмісің?**! Мен жігітпін деп жүрмін **ғой**. Кемпірлікті мойның ала берме, тастап кетермін, — деп жымындалды.

Тұнгі оқиғадан бері түйткілденіп, не қыларға білмендіктен, Қатша да ермек үшін түтіп отыр еді. **Байының көнілденгеніне мұның да іші жылды**.

— Тастансан, таста, жесірің дайын **ғой**. **Баламды бағып-** ақ отырарамын. Тек Құдай ошактың үш бұтына есендей берсін, — деп **күрсінді**. Бірак молданың неге көнілденіп отырғанын сұрауға батыршылығы бармады.

IV

Көрекен дұшпанының тісін батырмау қамына кіріспек болды. Қаптаған қалың жау келсе де, «Ісмі ағзам дұғасы» крепост қызметін атқаратын секілді болды. Жайнамаздың үстіне отырып, секрен сегіз рет оқып шықпақшы болды.

Ұзыншалау қағазша жазып, оң жақ қолтығына тұмар қылып тақпақшы болды. Бірақ казіргі сағатында Көрекене бір қын жері — ораза. Езіп дұға ішсе, аузы ашылып кетеді. Кешті күтсе, оған дейін «дұшпандардың» келіп қалуы да мүмкін.

Апалақтап тағы кітапқа жармасты. Бұл жолғы іздегені «Ғыбадатслам» кітабы еді. Одан оразаны қандай уақыттарда ашуға мүмкіндігін қарамақшы еді. «Ораза пасылын» ашып жіберіп, қарай да бастады. Бірнеше заруаттарда ауыз ашуға болады деген, оның ішінде Көрекене дәп келетіні — «жау қамап, жан қысылғанда» деген жері. Көрекен нак көзір қысылып тұрмағанмен, ұзамай бір тықырдың болатындығын сезіп тұрған секідденеді. Сондықтан осы риуаятқа сыйғызып, ауызды ашу керек.

Кітапты тастай беріп, шегеде ілулі тұрған сия мен қауырсын қаламын алды.

— Кесе өкелші, қатын! — деді.

Кестелі алашадан істелген жайнамазын құбылаға караташып жайып, шарт жүгініп отырды. Қауырсын қаламды қою сияға малып, кесенің түбіне жаза бастады. Қатыны сыртында қараумен тұрды. Қызыл бояудан істелген кесенің ішін қып-қызыл қып бояп болыш, артына қарады:

— Су өкелші, қатын!

Қатыны аң-таң, себебін сұрауға бата алмайды, дереу су өкелді. Бояуды шайып ішуге ыңғайланған соң қатыны шыдап тұра алмады білем:

— Байғұс-ау, ішпекпісің, оразаң қайда? — деді.

— Мен шарифаттың бүйрекінан тыс қарсы іс іstemеймін ғой, жүнінді түте бер, қатын!.. — деді.

Езілген бояуды ішіп те жіберді. Тілше қағазға тұмар жазып, қатынына тыстатьш алыш, оң қолтығына тақты. Жаңылмау үшін, алдына ишаннан алған таспигын қойып, қасиетті дұғасын жетпіс екі рет оқып бола бергенде:

— Салаумалейкүм! — деп біреу кіріп келді. Бұл Тайлақбай еді. Бет-аузы қап-қара болыш түтіккен. Пішінінде біртүрлі ашу, ызаланғандық бар.

Тайлақбайды көргенде, Көрекенің тұла бойы дірілдеп кетті. «Ісмі ағзам» бояуының қасиеті сағатында тимей каллы. Әйтсе де өзін өзі үстап, жайнамазда отырған күйі бүрылды:

— Тайлақбаймысың, жоғары шықсайшы.

•

— Мен шығарлық болып жүргенім жоқ. Мандайдағы жалғыз биемді бүгін ұры алды. Соның ізі осы ауылға келіп тіреліп тұр. Я менің биемді беріндер, я ізімді шығарып бересіндер.

Көрекен сұрланып кетті. Жүгінген күйінде қалтырау күштейген соң, малдас құрып отырды. Жалтың-жұлтың байына қарап, қатыны да жұнін жия бастады.

— Кәне, Көреке, отырмаңыз.

— Барайын, шырағым, Салқамбайларға, ана Дәуіттерге айт.

Тайлақбай жөнелді. Көрекен аң-таң болып, есінен айрылған секідденді. Бағанаға сүйенген келіні ауыр құрсінді. Қатыны пештің артындағы қыстырулы ала қапты алып, жұнін сала бастады. Сабалақ жұнді жуантық тарғыл мысық бөлме жақтан пырылдап келіп, кемпірдің алдына тығылды. Өзінше о да қорыққан, тығылуға жер іздеген тәрізденді, есік сықыр етіп ашылды. Көрекен де, қатыны да, келіні де, тарғыл мысық та селк еткен-ді, жүрек те біліп ауызға тығылғандай, барлық дene қалтыраған секідді бол кетті. Қара бұжыр, делдек танау, көзі ұясынан шығып адырайған ұзын бойлы сөмпиген бір жігіт үйге кірді. Бұл Көрекенің жалғыз баласы, қазақша айтқанда, көзінің ағы мен қарасы. Бағанаға сүйенген келіншек соның қатыны. Пеш жанында қапқа жұн тығып жатқан сарғылт тұсті, қонқақ пішінді кемпір соның шешесі.

— Құдай-ау, пәле-жалаңды жалғызынан аулак қыла гөр, — деп кемпір жылап жіберді. Енесінен қалмай, келінің көзінен де жас шұбырды.

Көрекен батырланды.

— Койындар!.. Немене, жоқ сүмдикты бастағандарың?

Жайнамазды жиып тастай беріп, түрегелді. Бірдемеге ыңғайланған адам секілденіп, баласына қарады:

— Салқамбайлар қайда екенін білдің бе? — Қоянбайдың келгенін білдің бе?

— Білдім...

Әлденені ұмытқан секілденді. Кішкене кідіріп, жүре берейін дегенде, «Ісмі ағзам дұғасының» он алты рет оқитыны қалғаны есіне сап ете тұсті. Қайтадан намазын жайды, қайтадан жүгініп отырды. Көнілін жіңішкеертіп, тілекті тілемекші болды. Күбірлеуді қойып, ашық үнмен он алты рет саудырлатып оқып шығып, қолын жайып бата қылды.

— Күдай-ай, құлым дей гөр, пайғамбар, үмбетім дей көр. Шадияр, достым дей гөр!.. Дүшпанның бетін аулак қылып, мәртебемді үстін қыла гөр, алдаәкпар!.. — деп бетін сипады.

Пеш жанындағы кемпірі, бағанаға сүйенген келіні, қорыққан пішінді баласы — үшеуі де қолын көтеріп, «әмин!.. әмин!..» десті.

Күңгірт тартқан үйдің іші бұлттан шыққан күннің сәулесімен жарқырады. Әлденеге төнген пәле серпілгендей, алдағы күнге үмітпен қараудың керектігі сезілгендей бодды.

Төменгі жаулығының үшімен көзінің жасын сұртіп:

— Бибіпәтимә пірім-ай, қолдайтын болсан, бүтін қолдай гөр, — деді кемпір.

Келіні күрсінді, баласы түшкірді.

Бері бір дауыстан:

— Жәрекмалда!.. — деді.

V

Кәрекен үйден шыққанда, ауылдың адамдары топтандып, сирек шырпының онтүстік жағында із кесіп жүр еді. Аяндал басып Кәрекен де келді. Салқамбай таяғына сүйеніп тұрған күйінде қарсы алды. Кәрекен тесе қарады.

— Сақалындағы қан не? — деді.

«Ісмі ағзам дүғасының» қасиетті бояуының шашырандысы сирек сақалын бояп та үлгірген екен.

— Әшейін... әшейін шығар, — деп саусағымен сақалын сипап тарап еді, күйектей сақалга жабысқан нәрсе бола қойсын ба, кетпеді.

Топтанып жүрген кісілердің ішінен Коянбайдың азы даусы шықты:

— Мінеки із, міне, көріндер!

Жүрт жапырласып қарай бастады. Ағаштың жиегіндегі шалшық судың жағасында қатарынан жүрген екі жылқының ізі жатьф.

— Мынаның бірі — үрым, бірі — менің бием... — деп Коянбай өршеленді. Жылған жүрт бекер дей алмады.

— Жылқы осы ауылда да бар емес пе?! Көрінген ізді менікі деуіңнің жөні келе ме?.. — деп Кәрекен кеңк ете қалды.

Шеткөрі тұрған ашандау сары, қырма сақалды ауылнай мырс етіп күліп жіберді.

БАСЫЛДЫРУШЫ

— Көреке, олай десеніз, өзініз үрының бастығы боласыз. Біз бұл ізді Қоянбай ауылынан шығарып келе жатырмыз... Сіздің мұныңыз қарсы дау секілді, — деді.

Жастар өзара әлденеге күнкілдесті, сыбырласты, күлісті, бері де Көрекен «бұліктің басы...» деген көзқараспен караған секілденді.

— Осы сен үрлап жүрген шығарсың, — деп шеткі үзын бойлы жігітті біреу итеріп қалды. Арт жағында екінші біреу бұк түсіп жатыр екен, үзын бойлы жігіт **аяғы** көкке қарап шалқасынан құлады. Үсті балшық болып қалды, ашулаңып, боктауға айналды.

— Қойсандаршы, балалар, жөнсіз ойынның керегі не, — деп Салқамбай ақсақал кейіді.

Қоянбай тыппышып тұра алмады:

— Қане, ақсақалдар, қайтесіндер?..

— Жақын ағайынсың. Ізінің келуі де рас шығар. Енді бізге не қыл дейсің?.. Қайткенде көнілің бітеді!..

— Тінту беріңіздер?..

— **Болды.** Бастығы молдамыз қылып тінт, біз риза, — деп Салқамбай ақсақалдық қылды.

Иріліп тұрған жұрт ауылға қарай дүрлікті. **Көптен** калмай, сүйретіліп Көрекен де келді. Лапасына кіре бергенде ауылнай қарсы **шықты**.

— Молдеке, сізден бастап тінтеміз.

— Ойбай, шырағым, біздің үйде не бар дейсің, тінтрей-ак **қойсандаршы**.

— Жоқ, молдеке, малды біз сіздікінен табамыз ба деп тұрмыз.

— Біреу сілтеу берді ме?

— Сілтеусіз де таптық.

— Қалайша?

— Сақалыңызға жұққан қан бізге куәлік беріп тұр.

— Өй, ақымақ, бұл қан емес, нанбасаң, кемпірімнен сұра... Жаңа «Ісмі ағзамның дүғасын» шайқап ішіп едім, — деп сақалын сипады.

— О л өтірігінізді айтпаңыз, Көреке, өзініз молдасыз, оразада дұғалық шайып ішеді дегенге кім нанады, — деп ауылнай үйге кіріп кетті. Бара кемпірмен бажылдаған даусы **шықты**.

— Сарайдың кілті жоғалып қалған, — деп бажылдаған, жыламсыраған келіннің даусы да естілді. Көрекен келінін

де, кемпірін де аяды. Дәйек тұтып тұра алмады, есікті аша берейін дегенде ауылнай қарсы шықты.

— Сарайыңызды тінтеміз, бірге жүріңіз.

— Бара тұрындар, оқитын нәпілім бар еді, — деп Көрекең үйге кірді. Көзінде мөлдіреген жас, қалтыраған пішінмен келіні қарсы алды. «Ата еке-ау, тыныштықты неге бұздың! Неге бізді пәлеге қалдырдың!» дейтін адам секілді.

— Сорлы-ау!.. Сорлы-ау, — деп кемпірі өкіріп жылап жіберді.

Көрекең босап кетті. Көзінің жанарына тығылған жас біртіндеп ағып, сақалын жуа бастады. Жайнамазды жа-йып жіберіп, жүгініп отырып тілекке кірді.

— Эй, Құдай-ай, ата-бабамың істемеген кәсібі еді. Жамандыққа өзім де баса қоймайтын едім. Былтырғы жоғалған күрең ат пен құла биемді Коянбайдың өзі үрламағанмен, сол ауылдың сойғаны анық. Мен мал алдырғанда ақ ма-лымның төлеуі деп алдырғым ғой... Аққа Құдай жақ деп еді. Менің ақ ісім шынымен-ақ қараға шыға ма? Я, Құдай, сал он назарыңды! Жалпы әруақ, әулиелер, өнбиелер, ата-бабамың үрықтары, қолдайтын болсаң, бүтін қолда!..

Дала шаң-шүң, әлдекімді дүрілдетіп үрғандай, әлдекім «қойындар» деп арашалағандай болды. «Ойбай, ойбай» деген біреудің азы даусы айқындала берді.

— Ойбай, ене, өлгіні үрып жатыр білем!.. — деп келіні қалш-қалш етті.

— Жалғызым, құлыным, — деп кемпір де, келіні де тұра жүгірді...

Көрекең тілектен жаңылды, корқып отырғанын да, қуаныш отырғаныш да білмеді. Әлдекім есікке жармасты. Есік ашыла-тын, тыстағылар үйге кіретін болды. Соларды көрмейін, со-лармен сөйлеспейін деген адам құсал, Көрекең намаз оқымақ болды. Дәретін, күмәнді болған соң, төйемимді соғып жібергенде, есік сықыр етіп ашылды. Көрекең сасқалақтап тұрып, құлакты қағып қалды. Не деп ниет қылғанын өзі де білмеді. «Сұханеке» деп еді, аяқ жағы аузына тұспеді. «Алқам» мен «құлкуалданың» қайсысын бұрыш оқырып жаңылды.

Жұрт дүркіреп кіре бастады.

— Молда қайда, молда қайда? — деп Коянбайдың кіжінген даусы естілді. Көрекең турегеп тұrsa, Коянбай-лар кейіп, сөгетін сияқты, «үрысың» деп бетіне түкіретіндей болды. Солардың бетін көрмейін деген тәрізденіп, сөждे-

ге бүгіле бергенце, Коянбай келген бойымен теуіп қалды.
Кәрекең кәсті сүзе құлады.

— Алла! — деді.

— Өй, атаңа нәлет! Аллада нең бар! Жалғыз биемді үрлап сойып отырып, тағы Құдайға құлшылық қылмақшысың ба? Ойбайды салып кемпірі келді.

— Сорлы-ау, өлдің ғой, өлтірді ғой!..

— Жылама, қатын! — деді Кәрекең, мен шариғаттың бүйрығын істедім. Адам қарауында жазалы болсам да, Құдай қасында жазалы емеспін... мен — өлсем шаһидпін.

VI

«Кәрекең ұсталыпты...» деген хабар тарағанда, жүргекіге бөлінді: жастар, өсіресе мұғалімдер:

— Баяғыдан бері өтірік көз жұмып, жүрттың қанын со-рып болып еді, — деп табалады.

— Шариғатқа қарсы іс істемеген шығар, ұсташып жүрт-ген тік аяқтар ғой, — деп шалдар жағы аясты.

Ауыл-ауылдың ақсақалдары жиналып барып, соттан кепілге алды. Коянбайды үгітеп, малының төлеуін беріп бітірді. Басқа келген пелені жалпы ел болып қақты. Бірақ ұры деген атты жоюға жүрттың өлінен келмеді.

Кәрекең ұры атанды. Қатыны толғатқан корқақ еркектер, баласы ауырған кемпірлеу әйелдер, зияндасы бар қатындар бұрынғыдай аттан салып шауып үшкіртуді сиретті. Киімді көп бай шалдар өлерінде «сүйегіме Қәрібай модда кірсін» деп өсиет қылмайтын болды.

Сөредегі қалың кітаптардың, бойтұмар қылған, езіп ішкен «Ісмі ағзам» дүғасының шарапатын Кәрекең көре алмады.

Ескі атақ, ескі данқ,abyroy көзінен бір-бір үшты.

Апрель, 1923 жыл, ауылда.

ЗЕЙНЕШТІҢ СЕРТІ

Ұзын бойлы, ат жакты, қатпар бет, үрпек бас сары жігіт: аты Асылбек, мінезі ауыр, сөйлегеннен ойлауы көп. Бірақ кейде қызып кетсе, көпірініп те сөйлейтін өдеті бар. Кейде өзі мінезінен ұялыс тауып, құлағына шейін қызарады. Ұялыс тапқандығын есінде сақтайды білем, кейде орынды жерінде үн демей қалатыны да болады. <

Өлке бойындағы елде Асылбекті білмейтін адам сирек. Өйткені Асылбек алғашқы кезде ашық пікірлі мұғалім болып елдің көзіне іліксе, кеңес үкіметі жаңа кезде ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет атқарды. Бармаған ауылы жоқ. Кірмеген үйі жоқ. Қатындардың тірнектеп жинаған майын қадактан өлшеп, жиып қойған күндері болған. Асылбек май жинаса, жоғарғы орындардың бүйрұғымен жинайды, оны қатындар қайдан білсін. Білмендіктен, майы аз қатындар Асылбекті ит етінен жек көріп кеткен. Асылбектің өз атын қалдырып, «Собал» атандырып жіберген.

Ата дәuletінің арқасында сыланыш ерке өскен Зейнеш еді. Шешесі Бикасап Құрдебайдың бәйбішесі. Бес биенің сабасындағы тұлға бітісінде өзгеше адам. Зейнеш шешесіндегі етженді емес, талдырмаш нәзік, бірақ ажары шешесіне тартқан — аққубаның әдемісі. Мінезі бәйбішеге тартпаған, женіл деп Зейнешке кінә тағатындар да бар.

Құрдекеме кешегі алалы жылқы бітіп, алаптың бәрін малымен толтырып тасқан кезінде кімдер қызықпады дейсін. Байға қол артуды екінің бірі мақсат қылатын заман ғой. Талайдан талайды сынай келіп, Қүрекең Зейнешті Мақаңның баласына бермек болған. Онда Зейнеш тортбес жасар гана кезі. Одан бері не болмады. Мақаңның алғашқы баласы өліп, Зейнешті кіші баласына атастырыды. Кіші баласы Зейнештен бес жасы кіші. Оның артынан Құрдекенің өзі ол дүниеге жөнелді. Жетім бала, жесір қатын болып Бикасап бәйбіше, Зейнеш, жас балалар қалды. Өзгеріс болды. Аударыспақ-төңкеріспек болып, ел іші сапырылысты.

Шұбырған өскердің шалығы елге де тиіп жүрді, бой жеткен қыз, сұлу келіншектерді іздейді екен деген өсекпен Бикасап бәйбіше Зейнештің үстіне тәуір киімін ілдірмей қойды...

Асылбектің Зейнешті бірінші көруі 1920 жылдың жазы еді. Болыстан тығыз бүйрұқ келіп, ел аралап май жия шыққан. Үстінде тоқыған шекпеннен орысша тіккен, арты жырық пальтосы бар. Баяғы оқып жүрген кезінде алған ескі шляпасын жарбитып басып киіп алған. Талдықөл ауылынан ылау мініп, Құрдекең ауылының қотанына келген кезде, талдырмаш жас қыз алдынан кес-кестеп өте берді. Асылбек қарап тұра қалды. Арт жағында ылаушы

жас жігіт келе жатыр еді. Асылбектің ойын сезді білем, жанына қатарласа беріп:

- Көрдіңіз бе? — деп күлімсіреді.
- Бұл кім?
- Зейнеш сұлу. Биқасап бәйбішениң қызы осы. Еркекыз, кербез қыз...

Асылбек аттан түсіп жатқанда, Зейнеш **сықырлауықтың** арасынан көзін қадап қарап түр еді. Зейнештің **қарғанын** Асылбек сезді. Сұлу қыздың өткір **көзі** қанжардай. қадалып, жүрекке таңба салатын секілденді.

Ылаушы жастау жігіт, жылман, судыр. Кешке жақын Асылбекті тысқа шығарып алыш:

- Баrasың ба, алыш барайын, — деді.
- Қой, болар ма екен, **көргенімнің** өзі бүгін емес пе? — деп Асылбек қашырыс салды.
- Ойбай, сен бала екенсің гой. Ол бой жеткен қыз болса, сен жас **жігітсің**. Көніл біddіргеннің несі айып **болсын**, **сендей оқыған жігіттің қолын** бұл қыз **қаға алмайды**, — деп ылаушы жеңсік бермеді.

Әйел туралы, жеме-жемге келгенде, Асылбектің күйі өзгеріп кететін өдеті бар: тұла бойы қалтырайды, жүрегі алқынып, аузына тығылады. Көзі бұлдырап, **құлағы шыңыдап ың-жың** болыш кетеді.

Асылбек **едәуір толқыды**. Көрмеген, сөйлеспеген қызға сөз салудың қанша жөні бар? «Мырза» адам болса өз аддына, бірақ жап-жас басынан не көрініпті? — деп Асылбек ол **жағынан** айнып шыға береді.

Ылаушы жігіт **қоймаған** соң, Асылбек рұқсат берді. Өзі тенірейіп, бұзау **байлаған** арбаның жел **жағына** таман жатыр. Тұн тұнере түскендей. Ауыл үйдің арасы жылтындаған от. Алаулаған жерошақ отына ісініп бір әйел біреуді қарғап жатыр, май сұрайды деп Асылбекті қарғап жатыр ма, кім білсін.

— **Қазір шығамын** дейді, күте **тұрсын** дейді, — деп аптығып ылаушы жігіт келді.

Бір ауыз сөзге келмestен **көне қалды дегенге** Асылбек нанарын да, нанбасын да білмеді.

Үйден біреу шықса, Асылбек бүктетіліп, көріп қала ма деп қысылады. **Көйлегі** көлендеп, аяқ сыйбырын білдірмей басып біреу жүріп келді де, **Асылбекке** төне түрдү. Асылбектің көзі бұл кездे қалың қөденің арасында **еді...**

— Кош келдіңіз, отырыңыз! — деп, Асылбек үшін сөзді ылауши жігіт бастады.

Сөздің неден басталғанын өздері де білмейді, бірақ дегенше болмай екеуінің құшактасып, шөпілдесіп сүйісуі анық... Асылбектің айтуына Караганда, сол түннен бастап «ғашық» болған секілді. Зейнештің ғашық болғаны, болмағаны мәлімсіз. Бірақ алқынған жүрек, айқасқан білекпен екеуінің актық айтқан сөздері мынау еді:

- Сертке жету керек!
- Жету керек!
- Солай ғой!
- Иә!
- Экел қолынды!
- Мә!..

Бесіннен төмен түскен кез. **Аптап ыстық бөсендеген**, көлеңке басын ұзартып, самал есе **бастаған**. Биқасап **бәйбіше** көлеңкеге бөстекті төсеп **жіберіп**, камзолымен желегейлеп жұн тұтіп **отыр**. **Мыжырайған** қара кемпір жұн шүйкелеп, **аяғына орап шүйкені есіп жатыр**. Оқта-санда алақанға бір түкіріп, бәйбішеге көзінің қырымен **қарап қояды**.

— Зейнешжан, **неғып жатырсың, тұрсайшы, күн кешке айналды ғой**.

— Басым ауырып жатыр, — деген жіңішке, нәзік, сынсыған дауды **естілді**.

— **Ауырып қалып жүрмесе жарап** еді, — деп Биқасап курсінді.

Қара кемпір үйдің сырт **жағына көзін қадап қарай қалды**.

— Неге қарадың, жай ма?

— **Мына арбалы осында төтелеп келе жатыр**.

— **Құдайға жаздық-ау, қонақ та қонақ**, көз ашар күніміз болmas білем. Жетім бала, жесір қатын еді деп аяуды да білмейді. Қонақасы бермесен, көздерін алартып кетеді, — деп Биқасап кейіп, бірталай сөз **айты**.

— Біреуі орыс білем.

— Милиция болмасын...

— Ат жеккізе жүрген **шығар**.

— Аты жоқ болса, үйінде отырса қайтеді екен? Жүрген **КҮРЛЫ МІҢЦЕТСП болатындығы несі екен?** ~~Ол күнде көзінде~~

Кылышын сүйретіп милиция, бокшасын сүйретіп ауылнай — екеуі қатарласып **көлеңкеге** келіп отырды.

— Сабалақ қайнамбысын, орысын кім?

— Орыс милиция, жұмысы осында **көрінеді**.

— Ылау жегетін **шығар**.

- Жоқ.

Бәйбіше селк еткендей болып, **ауылнайға** қарады. Ауылнайдың үйисқан сақалын, тарғылданған бетін, аларған көзін **көргенде**, ашуы келіп кетті білем, кейіп сөйледі:

— Ылау мінбейтін болса, менің көркімді **көріп**, **қызымы** ды **айттыра** келді дейсің бе?!

— **Қызынды** **айттырмай** өкететін **шығар**.

— Кой, сандалмашы, жөнімен ойнасайшы! — деп бәйбіше сілкініп сала берді.

Ауылнай жөнін **айтты**.

Бәйбіше **ойбайын** салды. Бара Зейнешті құшақтады.

— Қалқам, Зейнешжан, байым өлгенде де күйігімді басқан сен едің. Інілерің болса жас. Мені **өлтіресің** гой. Мені **өлтіріп** кет! Тілімді алмасаң, емшегімді көкке сауам, қолымды теріс **жайып қарғыс** берем!..

Ауыл адамдары үй ішіне **сығылыса** толды. **Бастарын** шайқап, төр алдыгна ақсақаддар отырды. **Ауыздарын** сылп еткізіп, босаға жақта **әйелдер** отырды. **Бәйбішені** есіркеп, бері де көздерін жаспен шылады. Зейнеш көпке шейін үн **шығармай** бедірейіп отыrsa да, өзін өзі үстай алмады, көзі **жыпылықтап**, жас мөлдірей бастады.

— Көне, қалқам, не **айтасың**? — деді шешесі жылап.

— Алданған екем, — деп Зейнеш те **жылап** жіберді.

Домаланған қара жігіт жазу столына отырып, омырау қалтасынан тарағын алып, шашын тарады. **Мойнындағы** ақ жағасын қолымен дұрыстап сипап **отырып**, көзінің астымен қарсы **отырған** Зейнеш пен шешесіне қарады. Зейнеш **ойында дәнeme** де жоқ, шешесі үрейленген **төрізді** отыр.

— Кіруге мүмкін бе? — деп қаба **сақалды**, жуан қара кісі есіктен басын сұқты. Көзі **тұксиіп**, **өтіп** барады.

— **Болмайды**, рұқсат жоқ! — деп қара жігіт, милиция **бастығы**, жауапты қысқа берді.

Бір елдің айбынды ақсақалына қаршадай болып отырып жекіріп жауап бергендігін Биқасап бәйбіше ұнатпады. Ішінен «азған бала гой» деп ойлады.

— Бәйбіше, сіз де тысқа шыға тұрыңыз! — деді милиция бастығы.

— Көтек, онысы несі?.. Қызымды тастап, мен қайда бармақтын?

— Қызыңыз ешқайда кетпейді. Жауап алганда бөтен адамның болмауы керек...

Биқасап жесірлігін айтЫП, жыламсырай бастады. Сөзге түсінбеген бәйбішеге милиция бастығының ашуы да келді. Эйтсе де қатаандыкқа бармай, жайлап түсіндіріп, бәйбішені алдыңғы үйге шығарды. «Шығарды» деген аты болмаса, Биқасап есіктің алдынан кеткен жоқ, өлсін-әлі басын сұғып қызына қарайды. Көзінен таса болды дегенше, қызын кетіп қалғандай көреді.

Милиция бастығы қыздан жауап алып жатыр:

— Мынау арызды өзіңіз жаздыңыз ба?

— Жоқ, мен ешкімге арыз бергенім жоқ...

— Асылбекке уәде бергеніңіз рас па еді?

— Жоқ... — деп Зейнеш күрмеліп жауап берді.

Милиция бастығы аң-таң болып, Зейнештің қысылып қызарғанын бақылатп отырды.

— Асылбекке мына хатты жазған сіз емес пе?

Зейнеш басын көтеріп, тігулі істің арасындағы жалбыраған бір жапырақ қағазға қарады. Таныды. Бетінің қызылы бұрынғыдан да артты. Бұдан бір ай бұрын Асылбекке «сағындым», «бір көруге ынтықпын», «сен-сіз өмірдің қызығы жоқ» деп өлердегі сөзін айтЫП жазған хаты осы еді. Осы хатының ішінде «...қайтсөң де мені жаныңа ал! Баяғы сертті орында!.. Сені күте-күте екі көзім төрт болды... Эжем менің ажарыма қарайтын емес, ақсақалдармен бірігіп, бір жауызға беріп жібергелі отыр...» деген сөздері де бар еді. Осы хатын негіз қылып, Зейнештің атынан арыз жазып, Асылбек ізденіп еді. Милиция елге шыққанда «тұтқында отырған» Зейнешті құтқарғалы барған. Милиция бастығының ойы қызды сүйгеніне қосып, өйел бостандығына қарсы келгендер болса, сотқа тарту еді, Зейнештен оңаша жауап алғанда, осының бәрінің анығына қанармын деп еді... < , < үшін iitamat

— Иә, бұл хат туралы не айтасыз? — деп милиция бастығы Зейнешке күлімсіреп қарады. Зейнеш бір қызарды, бір бозарды. Ерні қалтырап, не айтарын білмей састы...

Милиция бастығы қоңырауын шылдырлатып еді, қылышын салактатып бір милиция кіріп келді. Зейнеш алақатап қалды. Биқасап сұрланып, есіктен басын сұқты.

— Бар, Асылбекті шақыр.

Милиция бастығының даусында ашу білінді.

Ербііп Асылбек кірді. Зейнешке қарап күлімсіреді. *

— Зейнешжан, аман ба?

Зейнеш тұқырайып томен қарап, қолымен ілгегін үстай берді. Есіктен Биқасап кіріп келіп, Асылбек пен Зейнештің арасына кесе тұрып, Асылбекке шаптыға сөйлемеді:

— Не қылған иттің баласысың. Ашылмаған уызым, жарылмаған қауыным еді... Өтіріктен өтірік беле салып, осы қалаға шұбыртқандай не жазып едік?

Милиция бастығы өрі-бері айтып кіріп еді, бәйбіше тоқтайтын болмаған соң, ашуланып жанына келді:

— Бәйбіше, манадан бері қазақшылық қылыш сыйласп едім, ол қадірімді білмедің. Бұл тұрған жерің ауылдың қотаны емес, кенсе, малайға жекіріп әдеттеніп қалған адам шығарсыз, назыңызды ауылыңыз көтергенмен, біз көтере алмаймыз. Тіл алсаныз, мына алдыңғы үйге шыға тұрыңыз, әйтпесе, жауап біткенше қаматып қоямын!..

— Ойбай-ау, қалқамды тастап қайда бармақшымын? — деп Биқасап бәйбіше жыламсыраса да, милиция итермелеп алдыңғы үйге шығарды...

Серттескен екі жасты бетпе-бет қойып, милиция бастығы арасында төреші сықылданып отырды...

Зейнеш үн демеген соң, Зейнеш басын көтермеген соң, Асылбек қызарандап қысыла берді. «Мен айыпсызбын, қайтейін» дегендег болып жалтақтап милиция бастығына қарай береді. Сөйле дегендег болып милиция бастығы Асылбекке ым қақты.

— Зейнешжан, саган не болды?.. У еде осылай ма еді?!

— Қане, сөйленіз, қарындас! — деді милиция бастығы.

Зейнеш тұқырайған күйі омырауындағы ілгегін, алқым бауын үстап, бар ынтасын соған аударған адам секілденіп отырды да қойды. Асылбектің, милиция бастығының сұрауын есітпей отырған жоқ, соған не жауап берерін білмей отыр. Асылбекті бір уақыттарда жақсы

көрген секілді еді, ауылы болып ортаға алып бері бірдей жамандаған соң, солай шығар-ау деп, Зейнеш те қосылып, Асылбекке тимеймін деп еліне серт беріп еді. Ауылынан шығарда Асылбекті жек көрген секілді еді... Қазір бетпе-бет келген соң, ол қалып өзгерді. Мынау солбырайып тұрған Асылбек. Адам қызығатын түрі де жок. Әйткенмен, о баста бір ұнатқан көнілі тез суи қоя ма, бетіне тұра қараса, Зейнештің еркі кететін секілді. Еркі кетсе, шешесін жылатып, Асылбектің сонынан еру керек!.. Елдің сөзіне Караганда, ата-ананың ризалығын алмай кеткен қызы **барған** жерінде де онбайтын көрінеді, «Пәленшенің қызы қашып кеткен екен, **барған** жерінде пері соғып, аузы-мұрны қисайып кетіпті...» деген секілді өсекті ел көп айтады...

Ілгегін шұқылап отырып, көзінің астымен Зейнеш Асылбек **турған** жаққа қарады. Асылбектің өкшесі қисайған орыс етігі, тізесі **қалталанған** жамаулы шалбары, арбіған тарамыс қолы **көрінді**. Он қолында Зейнештің «өзімдей **көріп жүр**» деп берген балдағы **салулы тұр**...

— Кане, қарындас, уақыт оздырмаңыз, бірдеме айтыңыз!

— **Маған** не айт дейсіз!

Милиция **бастығы** сұрауларын бейнелеп **тағы** бір айтып кетті:

— Бірінші, арызды берген мен емес деп отырсыз; екінші, мына хатты **кімнің жазғанын** айтпайсыз, үшінші, Асылбекке уәде беруініз рас па? Осыған ашып жауап берсеніз екен!..

Зейнеш тұқырайып **отырған** күйі:

— Еш нәрсе білмеймін, — деді. Даусы естілер-естілмес болып шықты.

Асылбек көзі жыптылықтап, жыларманға келді. Милиция **бастығы** күрсінді.

— Асылбек, қынжылма! Сенде жазық жок. Қыз сүйем деген соң, сен аламын дедің. Мені құтқар деп хат **жазған** соң, сенің ізденуің рас. Мұның үшін біз сені айыптамаймыз. Қазақ әйелінің қолын тендікке жеткізу **бөріміздің** де борышмызыз. Осы борышты біз өтейміз дегенде, әйелдер бізге серік болуы керек... Әйтпесе, бүгін жылап **мұның** айтып, ертеңіне ел **сөзінен шыға** алмай, тұк білмеймін деп отырса, **өмірге ісіміз** онбайды... Қарындас, қatalасып

отырсың. Ата-ана ешкімге жолдас болмайтын. Ағайын азғырса, мал үшін, сені сатып олжа тұсіру үшін қызығады... Асылбекті о баста сүюің рас болса, бұл жерге келгенде бұлтақтауыңың жөні жоқ еді. Бірақ қайтпек керек, амал жоқ, барыңыз, жолыңыз болсын! — деді. <

Маңдайынан тер бүршактап, сүйретіліп Зейнеш шығып кетті. Асылбек сөз қатпастан тұрған орнында болбырағып қатты да қалды...

Сот мекемесінің алдында он шақты арбалы тұр. Шүйделері шыққан, ыстықпен быршып терлеген. **Ылғи** жуан шоң желкелер үйдің көлеңкесінде, **көшениң** тақырында ауылдағы секілденіп алқа-қотан отыф.

- Қане, арызды жазып болдыңыз ба?
- Жазып болдым.
- Не жаздыңыз, оқыңызшы?

*Сотқа, Қаратaubолысы, З-ауыл,
Зейнеш Күрдебайқызынан*

Арыз

Жасым 15-те, күйеуге шыгу дегенді әзір ойлагандай болғам жоқ еді... Жұлдыздың 10-куні милиция келіп: «Сені қалаға алып барамын» деді. Ікігиярсыз келдім. Келген соң анықпгалды. Мені алдырушы Асылбек Қалақбасұлы екен. Мен Қалақбасұлына птиемін деп еш уақытта сөз берген емеспін. Губірнелік милицияга менің атынан беріліп отырган қагазды подлог деп тануладыңыз керек.

Кеңес үкіметінің әйел бостандығы туралы шыгарған заңға сүйеніп, байга тилю-тимеуде мен өзімді ерікті деп санаймын. Оның үшін соттан өтінемін: менің сыртымнан подлог арыз берген және мені машақатқа салып, абырайымның ашилуына себепші болған Асылбек Қалақбас баласын заң бойынша жазаласаңыздар екен.

Арыз иесі: Зейнеш Күрдебайқызы».

— Бәрекелде, қалдырмай-ақ жазған екенсін, — деп отырғандар мақтасты. Арыз жазушы **көтеріліп**, жымын-
СТАЖДА 17-ж. —, 1988 дап қойды.

— Ме, шырағым, арызды өз қолынан бер! — деп қағазды Зейнешке ұсынды.

— Құдай-ау, сәтін бере гор, қызымды алмақ түгіл, босағама отырып бір аяқ саумал ішуге жарамайтын Қалакбастың баласының-ақ ызасы өтті, — деп бәйбіше шіміркенді.

— Сәтін сұра, бәйбіше, осы күннің ыстығына шыжып, бәріміз де бір намыс үшін келіп отырған жоқпыз ба? Әруақ жар болса, енді ол бала құтылып кете алмас. Одан да үлкенмен шекісіп көргеміз! — деп шеткі жуан көтеріле сөйлеп, бес батпан кір орамалымен бетінің айғызданған кірін сұртті.

Зейнеш сұрғылданып, талдырмаш саусағымен бүктелген қағазды ұстап, соттың есігіне қарай майда басып жөнелді...

1923 жыл, июнь, ауылда.

КЕДЕЙ ТЕНДІГІ

1917 жыл, ноябрьдің іші, ел арасында жүріп Қауқымбайдың үйіне кездесісөқ болып қонғам. Менімен бірге дуаннан келе жатып Тәңірберген де қонған. Шам жаға шайды алып келді. Біз бай, бәйбіше, мырзамен бір дастарқандамыз. Самауырынның есік жағына кірлі майлыш орамалды жайып жіберіп, үсті-басы далба-дүлба бір жігіт отыра кетті. Шоқпақ бұжыр қара, қолы тілім-тілім жарық, байдың малайы екенін адам айтпай-ақ, пішінінен, отырыстырысынан білетін.

Бізге өзінің байлығын, малай ұстайтындығын білгізгісі келді білем, Қауқымбай бай көтеріліңкіреп қойып:

— Әлгі өгіздерді байладың ба? — деді.

Бәйбіше байдың сөзін көтермелейін дегендей:

— Қыс болса жақындалп келеді, тезек жанындағы жалаңның шомын дұрыстау керек еді, сүмендеп қыдырумен-ақ ұзақ құнді кеш қылады, — деп ілді.

— Сүмендеп қайда бардым, — деп есік жақтағы жігіт құнқ ете қалды.

Бай мен бәйбішенің екі аралығында отырған мырза құлімсіреп:

— Балалармен доп ойнағаны болмаса, ешқайда барған жок, - деп кекетті.

121 ҚАЗАҚСТАН

Ата-енесінің, байының ізінен шығайын деген секілденіп келіншек:

— Жұмысының көптігінен ағаш жарып беруді де қойды, бүгін шайға суды өзім әкелдім, — деп бір түйреп өтті.

Айыбын мойнына алған секілденіп жігіт үндемеген соң, сөзді соза беруді лайық көрмеді білем, бай кеңесті екіншіге аударды:

— Тәнірберген, сөйлей отыр, дуанда не хабар бар еken?

— Мен хабарын білем бе, апарған бір-екі қойымды сатып, қайтқанша асықтым... Дуанда **бұрынғы** күй жоқ. Қауіп-қатер күшті. Элгі екі торы ат жегіп меліш сата беретін Сани дейтін **ногайды** көріп едім, сол айтып отырды: «Большевик деген келе жатыр, байдың **малын** тартып алып кедейлерге береді еken; менікі, сенікі деу болмай, не бар мұлікті ортаға салады еken...» — деп. Өзі көп болса керек, ішкі қалалардан шыққан дейді гой...

— Естіп едім, тұнде Рахмет қонып **кетіп** еді, — деді бай, жүзінде біртүрлі мысқыл аралас құлкі пайда **болған** секілденді.

Хабарына байдың ренжімегенін білген соң, Тәнірберген соза берді:

— **Оқыған** мына **Көрімдер** білмесе, біз қайдан білейік, өзін тұрмеде жатқан кілең бір **бұзықтар** дейді **ғой**, патша тұскен соң **босанған** білем.

— «**Көрімдер** білмесе...» дегенде **мырзаның** көңіліне «білем» түсіп кетіп, білетіндігін **Тәнірбергенге** сездірейін дегендей бейнелеп **айтуға** кірісті:

— **Ылғи** акшаға жалданған құл-құтандар **ғой**. Мына **Бұқабайға** акша беріп, біреуді өлтір десен, өлтірмес пе? Жаңа биліктің **бәрін** кедейлерге алып берем деген **соң**, өңкей малайлардың құтырыш жүргенін көрмейсің бе?.. Бәрі бір әурешілік қой, күні ертең жойылады...

— Біздің **Бұқабай** ауылнай болады еken **ғой**, — деп келіншек мысқылда **құлді**.

— Болса, қайтер дейсің, — деді **Бұқабай**, көрінген жерге мөрін тастап кететін Сарыбайдың баласы құрлы бола алmas дейсің бе?!

Бәйбіше де, бай да **Бұқабайға** тесе қарады.

— Дәмесінің зорын! ... - , ҚАЗАҚ-СОЛДАНАУ

* * *

1922 жылы, май ішінде, жол үстінде Бұқабай кез бола кетті. Жаяу, үстінде шоқпыт-шоқпыт шапаны бар, иығында жамаулы қап.

— Бұқабай, жол болсын!

— Ауылнайдың ауыльша барам. Қазынадан үн келген екен, өзім барып алмасам, көрінген жеп қойып, бос қалатышмыш. Биыл тұқым келгенде аштықтың өлегінен жүре алмай, бара алмап ем, маған тиісті тарыны Кәрім бермей кетті, — деді.

Жұзі ашаң, сүзектен тұрган адам секілді. Кішкене түрегеліп тұрып сөйлескенді көтере алмай, жерге отырып демін алды. Мен бастан-аяқ жайын սұраған соң, байдың өзін құып шыққандығын, қатынымен екеуі алты айғы қыс тілек тілеп, ит, мысықты жеп күн көргендігін айтты.

— Жаз жетті, енді өлмеспіз. Байдың соқасын айдал бір жер тары садым, тірі болсақ, күн көреміз де, — деді.

* * *

Сол жылы қыфман үстінде Бұқабайға тағы кездестім. Азғана тарысын күрекпен ұшырып жатыр екен.

— Қырман тасысын!

— Айтсын, тасығаннан ұраға сыймай, бәрі нәләкке кетейін деп жатыр, — деп Бұқабай құлді.

Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды бөлгенде мұның мойнына екі пүт тары жазып, екі жер салды деп қойыпты.

— Маған деген тарыны Кәрім алып бермей кетті. Қатыннан келген жалғыз алашаны қысты күні ашыққанда сатпай сактап едім, соған жарты пүт тары алып сеуіп едім, — енді мынау, бері нәләкке кетейін деп отыр... бірақ Әйтеуір елде бар гой, қайыр сұрасақ та өлмеспіз, — деді.

Бар тарысы нәләкке кетіп ашығатын болса да, нәлекті шығарған үкіметке ренжу сөз айтпады.

— Кедейді теңгереді дегенге мәзбіз, қашан теңелгенше де байлар жанды шығарып болатын шығар, — деп күрегін алып, жұмысына кірісті.

* * *

1923 жылы, октябрь ішінде 4-ауылдық сайлауына кездестім. Жиналған жүрттың байынан кедейі ден. Үйдің ортасында бір салқам столға қағазын салып, мұрны үлкендеу бір қарасұр жігіт отырды.

ЖИНСЕМЕД —

— Жолдастар! Мені сайлау басқару үшін үкімет жіберді. Сіздерді сайлауға жылп отырмыз. **Сондықтан** бұл мәжілісті басқаруға президиум сайлауларыңызды өтінем, — деді столдағы қарасүр жігіт.

Жағалай отырған жұрт түсіне алмай, біріне бірі қарады.

— **Шырағым**, «презден» дегенің не нәрсе?

— Президиум деп мәжілісті басқаратын адамдарды айтады **және**, естеріңізде болсың, мәжілісте кілең кедейлер ғана болуы керек; байлардың бұл уақытқа дейін тонын айналдырып иіп арамызға кіріп, алдауы жеткен. **Сондықтан** ондай адамдар болса, араларыңыдан шығаруларыңыз тиіс!

— Мырза, маған сөз бересіз бе? — деді **Бұқабай**.

— Айта қойыңыз.

— Айтсам, біздің ішімізде пелен жыл мені құдданып, отын-суын тасытқан **Қауқымбайдың** мырзасы **Кәрім** отыр. Николай заманында бірнеше жыл ауылнай болтан. Мүмкін болса, сол мырзаның арамыздан шыққанын тілер едім.

— Әбден дұрыс, Қауқымбаев кім? Өкшенізді **көтеріңіз**, — деді нұсқаушы.

Орта бойлы келген, семіздеу кара жігіт жүзі **құбыльш**, үйден **шығып** кетті, отырған жұрт біріне бірі қарап, жымындастып мәз болып қалды.

— Қане, мәжіліс басқаратын адамдарың кім?

— Бұқабай болсын!

— Бұқабай!

— Бұқабай!

Жұрт шу ете түсті.

Нұсқаушымен қатарласа столға Бұқабай отырды.

Нұсқаушы көп сөйледі. Басқа мәселелер бітіп, сайлау басталды. Бұқабай өзін өзі үстай алмады, сөзге кірісті.

— Мына жігіттің сөзін естіп отырсыздар, істің кілті өзіміздің қолда көрінеді той. Үкіметтің бұл берген теңдігінен пайдалануымыз керек. **Бұйтіп санға** кіріп жиылыс басқарамын деу өнімде көремін деген ісім емес еді. Өздерің де білесіндер, жаңағы **Кәрім** мырза **маған** не қылмап еді? Бес жасында өке-шешемнен кетіп қалып, соның есігіне кіргеннен отызға дейін құлдығында болдым. Со л өмірімнің ішінде не жарытып ақы алғаным жоқ, не алда разы болсын жоқ, ылғи боктау, сөгумен келді. Басқасын қайтейін, былтырғы ашаршылық жылы қаңғытып жіберді-ау... оның үстіне, тұқымды жеп қойып, салығын **маған**

тартқызды. Айта берсем, ісі көп, оны өздерің де білесіндер; ендігі менің айтатыным: ауылнайлыққа кедейдің пайдасын қарастырған, кедейге жаны ашитын адамды сайлай көріндер, — деп Бұқабай тоқтады.

- Сені сайлаймыз.
- Бұқабай ауылнай!
- Ауылнай!
- Ауылнай!
- **Токтаңдар**, дауысқа салайық, — деді нұсқаушы.
- Дауысқа салсаң да, салмасаң да ауылнай.
- Ауылнай, ауылнай!
- Жасасын кедей тендігі! — деді біреу.
- Жасасын кедей тендігі!

1923 ж., ноябрь.

ЗАМАН

Заман кімге құле қарап жүр, мыңды айдаған байды, үріп ішкен мырзаны, керіле басқан кербез сұлуларды табанына салып илеп жүн қылыш, ішер ас, киер киімге зар қылыш жүр.

Қырық үйлі Қырықболдың ішінде **Жайлыбайдан** артық, кім бар еді? **Жайлыбайдың әкесі** Сырлыбай «Киелі бай, түйелі бай» атанған төртбақ келген, жұмыр, жуан кісі еді. Сырлыбай өлген соң, қырық үйлі Қарықболдың ішінде Сырлыбайдың әруағын атамаган пенде жоқ: кемпір-шал намаз артынан бата қылғанда «Сырлыекеме тие берсін» дейді; ұлкен-кіші сапарға шыққанда, Сырлыекесінің әруағына сыйынады. Жас қатындары басын кесіп алса да «сыр» деген сөзді ауыздарьша алмай, «сырлы аяқ» деген сөзді «бояулы аяқ» дейді. Бала таба алмаған қатындарға емші кемпірлер Сырлыекенің таспиғын суға шайып береді. Сөйтіп, заманындағы Сырлыекенің өзі де, әруағы да сыр бере қоймаған.

Оның бер жағында **Жайлыбай болды**. Әруақты атандың баласы — бай еді, төрт түлігі сай еді. Жүрт айтқанына көнді, айдағанына жүрді. Ел арасының сыйлы мүшесі, әкімдік билігі **Жайлыбай қолында** болды.

Жайлыбай кіріспеген іс іс болудан қалды...

Заман құбылмалы дейді қарттар. Құбыла келе түрлі қүйлер шығарды. Жүргіткің астын үстіне келтірді, сұра-

пыл лайсанда аяқ — бас, бас аяқ болуға айналды. Көппен бірге заман шалығы Жайлыбайға да тиді: қоралаган мал бітті, қотандағы қой кетті; мал біткен соң сән бітіп, әкімдік биліктің қызығы қалмады.

Жайлыбай өзінен өзі сырыйшп шетке шыға бастады. Бір кезде бас иіп шүлғып, айтқанынан шықпайтын жүрт тілін сирек а луга айналды.

Кедейлер басынды.

Жайлыбай басылды.

Оқта-санда өткен күнін көксеп:

— Ой-қой, заман! — дейтін бодды.

Бір айналдырған Құдай шыр айналдырады, шыр айналдыrsa, тым айналдырады. Ата бағынан, мал дәuletінен айрыльшп, ендігі мақсаты аштан өлмей, тамақ асырау болышп отырған Жайлыбайға ауылнай мықты кесір болды. Налокті көп салады, жынындың бәрін Жайлыбайдың ауылы істейді.

Жайлыбайдың бәйбішесі кең бейілді-ақ адам ғой, шыдайын десе де, жаны төзбеген соң:

— Жұрт Құдайды неге ойламайды екен? Бізде не қалды деп жүр екен? — дейді.

Желіккен кедей бетің бар, жүзің бар дей ме?

— Берсең, өзімізден жегеніңді бересің. Баяғыдан бері төбемізге көтергеніміз аз ба еді?! Біз үн шығармай-ақ шыдадық қой, — дейді.

Бұған шараң бар ма?

Бақ малда деген рас-ау, бағы кете бастаған соң, малы кете бастады. Киелі атаның баласы деп жүрт сыйлауыш кемітті... қойшы-қоландың қатындары да бояуды сырға айналдырды.

— Әруағынан айналайын, қайран атекем-ай, киелі атың жаман-жәутіктерге қолжаулық болды-ау. Ой-қой, заман... — дегенде бай мен бәйбішенің жүрегі қарс айрылды.

Өзгерген заман өзгергендігін қылады. Көнілге үнайтын бір іс жоқ, заман өзгерген.

Міне сайлау, жүрт жиналған. Жиынға келетін кілең жарлылар, ши аяқ балалар жиналған. Бұрынғы кең күрсак билердің, кербез мырзалардың орнына, тері киген, бұрынғыдай үлкенге сөз беріп, өдеппен тыңдалп отыру да жок, жап-жас балалар сақалы қауғадай біреулерге:

— Жұрт бұлдіргіш, жебір жауызсың, — деп шақ ете қалады. Мынау шетте отырған — арық пішінді, шоқша

сақалына ақ кіре бастаған Байқасқа. Бір кезде өруағы арында жүртты аузына қаратқан ерінің бірі еді. Ендігі қалпы мүгедектікке айналған.

Көптің сөзіне қосылып, бірдеме айтайын деп еді:

— Сізге сөз берілмейді, шешендігіңізді ұсталған үріны босатуға жұмсаңыз, — деп біреу жекіріп таstadtы.

Бай болмаса да, байдың салтанатын құрып, елге бас бо луга тырысып жүрген Ерқожа «мен»... деп шығып сөйлей беріп еді.

— Ерқожа үры ұстайды, үріның серігі, — деп жүрт шу ете қалды.

— Қайтерсің!

— Заман бұзылған!

Талдьфмаш бақа сары жігіт әкімсіп, кінеге қетеріп жур.

— Жайлыеkeң қайда?

— Жай сұрадың ба?

— Соттан қағаз бар.

— Не қағаз?

— Малайыңызға ақы бермеген екенсіз, сол ізденіп, сізге мың сом алтынға «решение» салғызыпты.

— Бұл не деген сұмдық! Апыр-ау, Құдайдан қорқып, өруақтан ұялмағандарың ба?! Өгешеден бүгеше, малай ақысын бермеген үшін мың сом алтын айып тартқан кісі көрдіңдер ме?!

Жайлыйбай жылады. Бәйбіше дауыс қылды. Бір кезде «алты алашты» тітіреткен «Жайлыеекемнің» қара шаңырағы, көне тартқан құрымы айыпқа төленуге айналды.

Ой-қой, заман, заман!!!

1924 жыл, июнь.

АЙРАНБАЙ

Айранбайдың үйіне кіріп келгенде-ак нендей көсіппен айналысатыны беп-белгілі. Ол басында кірлі қара тақия, маңайы толған былғары, қайыстың қиқымы біз, пышак, қайрак, қалып, мұрындық қоқырсып жатыр.

Көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр. Оң тізесін баса, жердегі қоқырсыған былғары қайыстың қиқымымен ойнап, шашы жалбыраған бір өйел бала отыр.

Айранбай бет ажары онша болмағанмен, таралмай үйис-кан қою кара сақалы барлық бетін қаптап, тәу көрген адам «елуді соққан қу гой» дейтін. Қабағы біртүрлі тұнжыранқы. Әлденеге кейігендей, әлдекімді тұтіп жеп қойғандай болып отыр. Тарамысты тартып, шынтағын көтеріп қалғанда, тізесіне жармасып отырған қызына тиіп кетті.

— Сорлы-ай, іс істегендеганда жаныма келме дегенді сен де бір тыңдасайшы, — деп қызын итеріп тастады.

Қызының көзі жаутаңданып, әкесінен ғапу өтінгендей, үйде отыру айыбы өзінен емес екендігін білдіргісі келген-, дей пішінмен:

— Тіпті... балалар ойнатпайды... Ура береді, — деді.

Ол екі арада шандатқан құйындағы бүркыратып еңгезердей бір өйел үйге сөйлеп кірді.

— ...Қайбір жақының бар еді?! Сенің өлген-тірілгеніңе қарайтын солар ма еді?

Үстінде түйін-түйін көйлектің жұрнағы бар. Аяғында шарық етік, басында заты ақ болса да, кірмен баттасқан қыфық қураулы бөкебайы бар, даулы екпініне, ашулы сөзіне Караганда, Айранбаймен өштескен, кезі келгенде өшін алайын деген адамның түрі бар. Бұл Айранбайдың қатыны Раушан еді.

Айранбайға ойланбаған жерден он пүт салық түсіп, соны төлей алмайтындығын білдіріп, қалаға барып арыз берейін десе, киетін етігі жоқ, ескі қайыс етігінің қонышын бастап киу үшін өркімнің тігінінен қалдырған жамаулығы жетпей қалыш, аз ғана қайыс сұрап кел деп Раушанды Кемелбайдікіне жұмсаған. Кемелбай мен Айранбай атлас. Жоқ жерде бір нәрсеге ділгер болып қалса, берсін-бермесін Кемелбайдікінен сұрау Айранбайдың өдеті еді. Сондықтан ол Раушанды жұмсады. Кемелбайдың қатынмен Раушан тасқараның тойында әлдекалай табақтас болып, етке таласқандықтан араздасқан еді. Ондағы айып Раушанда емес, табақтас болғанына қорланған адамдай Кемелбайдың қатынды етті турамай жатып, есік жактағы балаларға үлестіре бастаған.

Ет кетіп бара жатқан соң, жалғыз тал омыртқаны Раушан да альт қызына бергенде: «Сорлы, жалмауыз, қайдан табақтас болып едің, бір жапырақ жегізбедің гой» деп, Кемелбайдың қатыны омыртқаны тартып алған. **Жоғары**

табақтағы кемпірлеу әйелдер де Кемелбай қатынының сөзін қостаған тәрізді: «Байғұс, көрген қызығың осы ма еді? Енді болмаса, өліпсің гой» деп, Раушанға нос берген. Міне, содан бері Раушан Кемелбай үйінің есігінен де қарамайды. Жүрттың барып ішіп жатқан қымызын да ішпейді. Оның бер жағында, Раушанмен сыйластау Тайбағардың қатыны барып қымыз ішіп шыққанда, бір мезгілдік өсек алып қайтады: «Шешей-ау, Бақа шешейдің өзі құтырар білем, бір тостаған қымызын ішіп болғанымша құлағымның етін жеп болады. Айтатьшы бір сен, «мені шаптырып алар. Менікін алар... өзі құтырар білем...» дейді.

Бұрынғы ашудың үстіне бұл қосылып, Раушан күйіп-күйіп кетеді.

— Ол бетпақтың бетін Құдай көрсетпесін, өлсем де лашығынан шықпай өлермін, — дейді.

Сөйтіп жүрген Раушанға кенеттен Кемелбайдың үйіне бару оңай болсын ба, «бармаймын» деп қарысқан. Айранбайды ашу қысып кетіп, жанында жатқан қалыпты жіберіп үрған. Енді бармаса, үлкен тықыр таянатының біліп, Раушан шарасыз кетіп, содан келгені еді.

Оттың басына отыра бергенде, Айранбай лактырғанда «так» етіп тізесіне тиген қара қалып көзіне түсе кетті. «Сен-ақ қылдың-ау» дегендей қалыпты торге қарай лактырып кеп жіберіп еді, үш аяқты жұқаяқтың үстінде, сексендегі кемпір-шалдай тіс біткен қирап бітіп, курап тұрған жалғыз қара абдыраға қалып барып тарс ете қалды.

Айранбай сескеніп кеткендей басын көтеріп алды:

— Ит, қират, — деді.

* * *

Кемелбайдың қайысты неге бермегендігін, қатынының не айтқандығын Айранбай Раушаннан бейнелеп сұрамады. Сұрамауына себеп — Кемелбайдың қатыны мықты адудын, қайыс берудің орнына мықты сөгіс беруі мүмкін. Оның үстіне, Раушан зорлықпен кеткен адам. Кемелбай қатынының бір сөзін он сөз қылыш өкелуге беті шылп етпейді. Арадағы қатын-қалаштың сөзін малданып ағайынмен араз болуды Айранбай сүймейді. Ол Айранбайдың Жәкеннен үстап қалған өнегесі: «Әйел — ерді азғыратын өзірейіл» деп Жәкен марқұмның айтқан шарифаты осы күнге дейін есінде.

Айранбай өзі қатын сөзін малданбаған соң, басқалардың да малданбауын қол көреді. Кемелбаймен туысы бірге, Кемелбайдың күн көргіштігі жақсы. Бұл мұқтаж болып сүратқанда, қатыны Раушанмен араз-ақ болсын, Кемелбай бер десе қайтеді... міне, ойы осы жерге жеткенде, Айранбайдың іші біртүрлі суынған секілді болады. Бұл оқиға Айранбайдың басына талай келген. Талай ренжіп, Кемелбайды қайтып бір сен-мен десе де, үйықтап тұрған соң ұмытыш, түсте барып қымызын ішетін. Кемелбайдың өзгеше бір әдеті — Айранбайдың ренжігенін білген тәрізді кішкене баласына: «**Ағана сәлем бердің бе?**», «**Ағана қымыз өпер**» деп, өзін бәпелеп отырған соң, баяғы ашудың бәрі жоғалып, Айранбай Кемелбаймен аталас болғандығына өзін бақытты санайтын.

Бұл ретте де, Айранбай көптен үйреніскен қалыптың бірі ғой деп көнілін жұбатайын десе де, өлденеге жүрегінің тұқпірінен қайнап шыққан кейістік, бұл жолғы ашудың бұрынғыға Караганда түрі өзгерек секілденді. Ашудың басталу кінәсі Раушаннан гөрі Кемелбайға ауайын деді. Олай болуының себебі — шықпай қалған егінді жазуға комиссия сайланғанда, Кемелбай сол комиссияның мүшесі болып сайланған. Алты айғы жаз, қымыз ішкен сайын жалданып салған жалғыз жер тарысының шықпай қалғанын Айранбай талай айтқан. Он-жиырма жер егін салған адамдар салықтан күтылып, өзінің тұтылу себебін Айранбай Кемелбайдан көргісі келіңкірейтін. Ауылнай келіп салық сұрағанда, Айранбай кейіп кетіп, Кемелбайға өмірінде айтып көрмеген сөзін де айтып салған. Оның үстіне, мыша тарыққанда жерде қалатын бір тілім қайысты бермегендігі Айранбайды күйдірейін деді.

Еріндегі насыбайын қолымен секіртіп жіберіп:

— Кемелбай үйінде жоқ па еken? — деді.
— Үйінде.
— Бер демеді ме?
— Иә, бер, — деді... «дымымызды қоймайтын шығар, деп сары уайымды салушы со л туғаның... сен менің сөзіме нанасың ба. Бірдеме айтсам, боқтайсың. Өзің еш нәрсені де сезбейсің. Нәләкті салып отырған осы ініңнің өзі көрінеді ғой. Кеше Маржан келін барып қымыз ішкен еken, сонда інің айтып отыр дейді: «Он пүт астық көп болушы ма еді, тігінмен бар астығымызды жиып алды...»

деп. Несін аддық екен, өткен өмірінде тігінін тіктіріп, сабакты ине-жіп беріп көрген жоқ.

Айранбай курсінді:

— Қазақ ит қадір білер ме, — деді.

Сыдырылған тарамысын дұрыстап алып, қайтадан тігүе кірісті. Қиялы шарықтап, өткенді кезе бастады. Есін білгелі Кемелбайдан, Кемелбай секідді байлардан көрген жақсылық-жамандығы көз алдынан суреттеліп өтіп жатқан секілді болды.

Өмірдің арты қараңғы. Бір жарық сөуле көрген күні жоқ. Кемелбайға, Кемелбай секілділерге қаншама еңбегін сіңірсе де, соның барабарына алған еш нәрсесі жоқ, өткен өмірінен ділгерліктен құтылған да емес. Соншама еңбек мұхнаттың қайда кеткендігін, кімге істелгенін де білмейді. Жүйрік қиял өткенді кезіп отырып келіп, бұдан бір жеті бұрын елге келген нұсқаушыға тұсті. Жап-жас жігіт тақылдаپ сөйлегенде бір мұдірмейді. Екі сөзінің бірінде айттыны: «Кедейдің еңбегі байға желінумен келген; кедей болмаса, бай сол көп малды бага алар ма еді. Оған шөпті шаба алар ма еді! Бағушы мен қағушы кедей болып, ракатын бай көрген... Енді, кедей, оян, ойлан!..»

Дұп-дұрыс айтқан. Айранбадың жасы қазір қырықта. Қырық жылдың жиырма жылын есепке алмағанда, жиырма жылғы еңбегінің жемісі қайда? Жиырмасышан бері бір тыным алған емес. Күні-тұні істеу, бірақ тойыну, бүтіндену жоқ. Өзіндей Кемелбай еткен өмірінде шөптің басын сындырған емес. Ол сонда да бай, бүтін, жеткілікті...

Айранбай коп ой ланды, ой ұшығына шыға алмағанмен де, өзінше істеген қорытындысы — «кедей еңбегін бай жеген, инспектор сөзі рас...».

Осы ойын жарыққа шығарайын, істеген қорытындысын Раушанға айтып мактанайын, оның да көңілін жұбатайын деген тәрізденіп:

— Катын! — деді Айранбай. — Кемелбайдан жүрегім сүйніп болды. Енді соның есігін ашушы болмайық. Құдай аштан өлтірмес. Ең болмаса, кәменеске жазылғандарды қазына асырайды дейді ғой, кәменеске жазылармыз. Өткен-кеткендердің «кедей!» дегенде таңдайлары сұрылады. Кемелбай құрлы сол кәменестер асырар.

Раушан көңілденейін деді. Жанында отырған қызына:

— Тезек әкелші, қарағым, әкеңнің қарны ашқан шыгар, шай қояйық, — деді.

Ауыр жүктен құтылып, өзіне өзі жаңа келген адам тәрізденіп күлімсіреп Раушанға қарап, Айранбай «Көкек» өніне басты:

«Түбінен тереземнің көкектеген,
Астымда бір атым бар секектеген...»

1924 жыл, август}

ТҮЙЕБАЙ

Біздің ауылдың жайлауы Коржынтомар дейтін жер. Коржынтомар екі жағы қоржын секілді бүйірлі, ортасы үзіліс — шалшық. Томардың ортасы құракты көл; біздің ауыл ылғи құншығыс жағында отырады. **Ауыл** отыратын жағында томардың кезең суаты бар. **Бала-шаға** күн үзын сол суатқа суға түсіп, ішіміздегі бойшандарымыз орталықтағы құракқа да барады; ел жаңа көшіп келген өзірде, құрактың ішінде, ескі қамыс саңылтырларды судың бетіне жинап үйіп, шагала жұмыртқа салады. Өзіме тете ағам бар; менен екі-үш жас үлкен болғанмен, менің бойым онықінен аласа емес. Суға тұскенде көбіне соған ілесіп қамысқа барам. Жалтыр тайыздал сала береді. Жұмыртқа іздейміз... кей жерлерде су бетінде қалқыған үя, шағып тастаған жұмыртқаның қабықтары кездеседі.

— Балапанын шығарып өкеткен ғой, — дейміз.

Кей кездерде ырысымыз жеңсе, қалқыған үяның үстінен тап-тарғыл болып жатқан шағаланың кішкене сопақ жұмыртқасы кездеседі.

Ел биыл жайлауға сонырақ көшіп келген. Екі-үш күннен бері Коржыштомарды аралап бітірдік. **Мәз** жұмыртқа тапқамыз жок.

Коржынтомардың күнбатыс жағындағы өзектің аңғарында Қарақоға дейтін кішірек көл бар. Қарақоғаның сусы тайыз, қоғасының арасы түйенің өркешіндей бүйірланып жатқан томар. Сол томарларға шүрегей үйректер жұмыртқа салады. Басқа үйректерден кенже салатын болғандықтан, шүрегейдің жұмыртқасы ел жайлауға қанша кешігіп келсе де, уыз болады. Талай аралап алғанымыз

бар, томардың күсісіна салып, бетін шөппен бұркеп кетеді екен...

Қарақоға көз ұшында көрінгенмен, біздің ауылдан екі-үш шақырым шамасы бар. Оған барған адам кешсіз келе алмайды. Бұрын қол **бос** кезде кілең бала қосылып, салып ұрып жүре беруші едік. Был олай болмайды. Ауылдағы балалардың бірі **бос** емес, бәріміз де оқудамыз, молдамыз байдың үйінің ұстаған молдасы, түбі қожа ма, сарт па, өкелдім. Сұрғылттау келген адам, шоқша сақалы бар. Мұртын тайқита қырып, **көзіне сұрме сұртіп**, төрт көзденеді де жүреді.

Менің тәугі **оқыған** жылым ғой, молданың қандайының жақсы, қандайы жаман екенін мен қайдан білейін, менен басқа бұрыннан мектеп көрген балалар өзара «отекатаң **молда**» деп **сөз** қылышады.

Мен өжемнің кенжесімін. Кенжесі **болғандығымнан шығар** деймін, бөтен балаларынан гөрі мені еркелеткен секідденетін еді. Киіз үйге **шыққан** соң, мені **молдаға** тәу апарып бергенде де:

— **Молдекесі**, кенже балам еді; **өзі өте** қорқақ, тым ұра бермессіз, — деген. **Оның ұстіне**, бейсенбі сайын тоң майы болса, жұқа нан пісіріп, тоң майы болмаса, **майға ыстық нанды жаңыштырып**, молдекемді **қонақ** қыламыз. Қонаққа **ылғи** мен өзім **шақырамын**.

Бір ұзын желені бар, соны сүйрете **киіп**, тіс шұкуышымен көзіне сұрмесін тартып алып, молдекем алдыма түсіп алып үйге келеді.

— **Молдекесі**, шәкіртіңе батанды берші, — деп келген сайын өжем бес тыңдық қара бакырды **бармағына** қыстырмай жіберген **емес**.

Осындай мәпелегеннің арқасында мен таяқтан **сau болдым**.

Басқа балалардың бері де жұма **сайын шақырады**, шақырмайтын жалғыз-ақ Түйебай. Түйебайдың өкесі көрші ауылдағы Ермағамбет дейтінде малайлықта. **Қатыны**, екі баласы біздің ауылда. Жұлым-жұлым қара үйі бар. Ата жөнінен бәрімізben тумалас.

Қатыны Есмағамбеттің үйінің малын сауды. Түйебайды шешесі **молдаға** берді. Түйебай тентектеу, көбіне шешесінің тілін алмайды. Сол өшін алайын **дегендіктен** бе, шешесі **молдаға** тәу апарғанда: «Тентек болса, ұрып-ұрып қой, еті сенікі, сүйегі менікі», дейді.

“... .”

Бәріміз бірге оқыдық, сабактаспыш, зеректігі бізден кем емес, бірак бастап оқығаннан-ақ Түйебайға молданың қылышы келіспеді. Алғашқы кездерде «ақымақ, хайуан» деп сөгетін болды. Жүре-жүре құлағын бұрайтынды шығарды. Бірқатар оқыған жиырма шақты баланың ішінде Түйебайдан бұрын таяқ жегені болмады. Кешкілік жат сабак жаттатады. У-шу болып ауылды басымызға көтереміз.

Екінді өлетінде, биені ағытып жатқан шамада тыңдатады. Алдымен кезек Түйебайға келеді. Мұдірмей айтып шығып кетсе, амал жок, өйтпегендеге қамшымен сыдышып салады. Бірақ Түйебайдың бір қасиеті, қанша таяқ жесе де, көп жыламайды, мұқап жасымайды.

Жайлауда ел арасы жи. Бір белестің астында апам ауылы бар. Бір күні өжем екеуіміз сонда барып қонып, ертеңіне бесіннен тәмен түсे келдік. Кешірек келсек, сабакқа бармайтын едім, екіндіден жоғары болтан соң, өжем:

— Сабагыңа бар, — деді.

Бір күн болса да, мойным босап, босанып қалған екем, имандығымды қолыма ұстап, еріне басып келе жатыр едім, артымнан біреудің даусы естілді. Қарасам, Түйебай екен.

— Сабакқа барасың ба? — деді жаныма ентігіп жүгіріп келіп. — Өжем бүгін науқастанып қалып, бұзау кетіп калған екен, соны жаңа зорға тауып әкелдім, — деді.

Кешігіп қалған баланы молданың үратын әдеті. Мен қорықпаймын, өжем кеше сұрап алған, Түйебайдың сылтауы шамалы, сондықтан оның таяқ жейтініне менің де, өзінің де көзі жетеді.

Бетіне қарап:

— Молда сені үрады ғой, — дедім.

Үндемеді. Келе жатырмыз. Анадайдан балалардың бір шуылдалап, бір басылған әндері естілді. Адамның беттегісі келмейді, бірақ бармай амал жок.

Мен алдында, Түйебай кейін, селем беріп кіріп келдік. Молда тізерлеп, тізесінің үстіне кітап қойып, қауырсын қаламмен бірдемені жазып отыр екен. Көзін сүзе қарап, Түйебайга қадала қалды. Ашуланғанда, ортасын қырқып тастағандықтан делдиіп тұрған жебесі тікірейіп қозғала беретін. Бұл жолы да солай қалыпта қалды. Кітабын сандықтың үстіне қойып:

— Неге кешіктің? — деді.

Түйебай ұн демей тізелеп, бүкірейіп отырып, имандығын аша бастады. Ұн демеген сайын молданың ашуы үдейін деді.

— Неге ұн демейсің, доңыз, жат бері, — деп қолындағы екі айыр қамшысымен сандығының жаңын көрсетті. Түйебай барыш жата алмады, қыбылжықтап томен қарай берді. «Доңыз, сен тіл алмайтын кім едің?» — деп, молда қамшымен осып жіберді.

Түйебаймен қатар отыратынмын. Екі айыр қамшының бір тармағы көйлекшең иығыма тиіп кеткенде, ыршып түстім. Түйебай «молдеке» деп өкіріп қоя берді.

Басқа балалар таңсық көргендей, алғашқы кезде баяулаңқырап оқыса да, қамшы тарсылы шыққан соң, бері де дауыстарын үдете бастады.

Түйебай өксігін баспай, кешке шейін жылады.

«Оқы!» деп молда құлағын бұраса да, алаканымен жакқа шапалақтаса да, жылауды үдетпесе, қойған жоқ.

Екінді өлөтінде жат сабак тындаатты. Мен білмей калдым. «Ақымақ!» деп молда қамшысын көтеріп алғанда, жаңым шығып кетті ме екен деп едім, еніреп қоя беріппін. Бірақ үрмады, басқа балаларды жіберіп, Түйебай екеуімізді алып қалды.

Екеуіміз де жылап отырмыз... Күн бата босатты. Бөледен құтылғандай жүгіре басып жөнелдік. Түйебай өксігін өлі басқан жоқ. Ауылға жақындаған бергенде, маган қарап көзін женімен сұртіп:

— Сен ертең келесің бе? — деді.
— Сен ше?

— Келмеймін, — деді. — Шоқынып кетсем де, енді молданың алдын көре алман! — деп өкіріп қоя берді. Аяп кеттім, менің де көзіме жас келді.

* * *

Түйебай содан кейін молда бетін көрмеді. Он-он бес күн елде бос жүргеннен кейін, өкесі келіп: «Оқымайтыш болсан, мен сені қойдың соңына салайын» деп, апарып біреуге жалдағандығы естілді.

Ә... дегенше жаздың қызықты кезі кетіп, жүрт шөп шабуга кірісті. Элі келетін үйлер қостап шықты. Біздің үйдің қостап шығаратын өлі жоқ. Шөп шабарда жылда өзенге көшетінбіз. Биыл да көшпек болды. Көшумен бірге

менің оқу мәселем де қозғалды. Бірсынырасы: «Байдың үйіне тастап кет, оқысын!» деді, әжем онша сынай бере қоймады. Әжемнің қалпын сезген соң, «қалмаймын» деп қиғылық салдым. Ақырында менің тілегім қабыл болып, үймен бірге кететін болдым.

Байдың үйінен көшуге пар өгіз сұрап алды. Тұс ауа үй жықтық. Бізбен бірге көшетін 4—5 үй. Бесін кезінде кеш жөнелді. Құлын күнінде жездемдікі берген торы құнанды ертеп мініп алып, Тәңірберген шал мен екеуіміз сиыр айдадық. Құн ыстық, бүркыраған жолдың шаңы тіп-тіке аспанға үшады. Үзамай Алакөлдің тақырына жеттік. Жолдың құншығыс жағында бір кішкене қара қоға бар. Қара қоғаның басында жусаған қой көрінді. Сиырдың аяғына ішім пысып келе жатқандықтан, құнанымды борбайладап жіберіп, шауып отырып жетіп бардым. Шетте жатқан қойлар дырылдаپ үркіп жүгірісті. Қойдың көл жағынан «шәйшәйлап» бір бала түрегелді.

— Түйебай!..

Шұрқырастық та қалдық. Өзі жаяу, жалаң аяқ, ерні кезерген, тілінген. Устінде шоқпыт-шоқпыт қима шапаның жүрнағы бар.

Елді, балаларды сұрады. Менің жаңыма келіп, құнанымды мақтады.

Әлденеге қызығып, телміріп қарады. Көз қарасында «сен бақыттысың гой» деген сөз бар еді.

Жазды күні молдадан таяқ жеп, күн бата екеуіміз қайтқанда, Түйебай маган осы көз қараспен қарап еді. Онда да: «сен бақыттысың гой» деген сөзді аузымен айтпаса да, көз қарасы еріксіз білдірерлік еді.

Мен көп тұрдым. Көш ұзап кетті. Мардымды еш нәрсе сөйлесе алмадық. Бірақ бірімізді біріміз қызып кете алмайтын секілденіп тұрдық.

Мен:

— Қойды неге ат мініп бақпайсың? — дедім. Аты болса, екеуіміз жарыссак, адам айтқысыз қызыққа салатын секілдендік.

Ол күрсінді.

— Ат бермеді, — деді.

Молданың үрып жәбірлекені секілді, байдың да ат бер¹ мей жәбірлекені көрінді. Бірақ «шоқынып кетсем де, молданың алдын көрмеймін» деп айтқаны секілді, «аштан

өлсем де, байдың қойын бақпаймын» деп сол сағатында Түйебай айта алмады. Оны айтатын өзінде құдірет жоқ секілденді. Мен жүріп кеттім. Көз ұшындағы белеске шығып артыма қарасам, көлдің қабағына қарай өрген қойының артында, екі көзі менде, Түйебай әлі қараумен тұр екен...

1924 жыл, сентябрь.

ЖОЛ КЕҢЕСІ

Октябрьдің сүр бұлты түйдек-түйдек шығып, аспан жүзінде салбырап төніп, дүниені қараңғылықпен қаптап жіберетіндей терістен соққан ызғарлы жел деген де салқын тиіп, жамаулы киімдерден өтіп барады.

Біз кеше Тоқанның үйіне келіп қонғамыз. Үш-төрт үйдің ішіндегі екі бұзаулы сиырдың басын қосып сауып отырғаны осы үй. Басқаларына Караганда, бұл өзіне байлық атын тағудан да тайынатын емес. Жамаулы жыртық үйінің іші толған түтін, бықсып жанған тезекті көсеп жіберіп:

— Бөрекелде-ай, қонақтарға ет болмады-ау, — деді.

Таң атысымен жұру жабдығына кірістік. Дөңгелек біткені қаусап, қирауға тұрған қырық құрау арбасын майлап, Тоқан көк шолағын жегіп жатқанда, тымағын желкесіне жапыра киіп, үстіндегі тоны май-май Айдарбек келді.

— Жол болсын!

— Мына қонақтарды Сөкен байдікіне апарам.

— Бөрекелде-ай, арбаң керек еді, базарға ет апарамын деп едім, — деп өкінген тәрізденді.

Орталарындағы жалғыз арбаны жегіп кеткендігі үшін Айдарбектен ғафу өтіну бізге тиіс секілденді. Сөзге айнаддырып, көңілін жұбатпақ болдық:

— Ет сатудан пайда көп шығар-ау.

— Ой, шырактарым-ай, пайда қылып баюға ойлап жүр дейсің бе. Бері жоқшылықтың лаңы, тамақ асыраудың жабдығы ғой, — деді.

Тоқанның ұзын бойлы, арық қара қатыны бар, біз келмesten бұрын, өлде ерлі-байлы екеуінің арасында бір салқындықтың бар екендігі еріксіз көзге шалынарлық еді: екі-үш жасар бір домалак қара баланы қатыны қайта-қайта

ұрып жылатады. Тоқан бір сөз айтпастан, баланы тығып жүбатады.

Айдарбек сөйлегенде Тоқанның қатыны тыста жүр еді. Кезі келгенде бір өшімді алайын деді білем:

— Жұрттың еркегі пайда дегенде өліп кете жаздайды, бұған керегі төрелік, ертең екі мәшкі мен шолақ аттан айрылған күні жайың білінер, — деді.

Жат кісілердің көзінше жарлылығын айту Тоқанға ұнақырамады. Тымак бау байлап жатып, қатынға ашулы көзімен қарады.

Үзамай біз жүріп кеттік. Сабалак жұнді ала тәбет шоқандап артымыздан ерді. Уақыт сәскелік. Алашабыр бұлттан оқта-санда күннің көзі көрініп кетеді. Өзен бойына ұзыннан салынған ауылды жағалап келеміз. Кейбір жер үйлерден түтін шығып жатыр. Жалаң аяқ, жалаң бас, азып-тозған кедейдің қатындары қолдары тілім-тілім болып үй салып жатыр.

Ауылдың шет жағында, оңашарак быжырқай тастар, тәбесіз құлауға тұрған ағаш үйлер көрінді. Бір қарағаннан-ақ мола екендігі белгілі, көнілге салқын, көзге жат көрінеді. Иректеліп салынған қара жол неше бұралып отырып, ақырында сол молаға соқты. Тоқан көк шолақты үрүрги сиретіп, қатарласа беріп тоқтады.

Арбадан түсіп, бізге қарады:

— Зиратқа бата қылмайсыз ба?

— Жүрген дұрыс қой, тоңып тұрмыз, — дедік.

«Бұлары несі» деп таңырқаған тәрізденді де:

— Кішкене кідірейік, — деді.

Жүгініп отыра қалып, «ағузы бісмілләні» шұбыртты. Даусы тарғылданып, барылдап шықты. Құран оқып болып, арбаға мінісімен-ақ бірдеме айтқысы келген кісідей жыбыршып, бізге қарай берді.

— Бұл сіздің ауылдікі ғой?

— Біздің ауылдікі.

— Мына жаңа бейіт кімдікі?

— Ой, не қыласың, ол бір сабаздың бейіті, — деп арбадан қырынданқырап отырды.

— Мына ұзын ауыл Алшаң атанады. Бізді Қоспақ дейді. Алшаң, Қоспақ — аты қатар шыққан бір кісінің баласы. Шешеміз Күнетай деген кісі: «Алшаңды көтергенде бойыма көріктік пайда болды, бейілім кеңіді, ерімнің кеңесіне

Кұлақ салғыш болдым, сірө, осы бала ел билеп, жүртты аузына қаратар, жеті атасына шейін көже тоғы үзілмес» деген екен. «Сол Алшаң кісі болғанда, алты алашта одан асар пенде болмады: ханы да, қарасы да Алшаңмен ақыл салып іс істепті» деуші еді әкем. Сол Алшаңның тұкымынан жаңағы ұзын ауылда он екі үй бар. Қалған он шақты үйі солардың коңсылары. Осы уақытқа шейін ата дәулеті кеміген жоқ. Арқасына мінген жігіттері де өте пысық, жолдас-жораға қайырымды. Әсіреле, ішіндегі сырбазы Уәли еді. Жаңағы бейіт сонықі. Қайтқанына ай жарым шамасы болды. Кешегі дүниенің тұзу кезінде алты жыл болыс болған. Мен онда рассильный едім. Заманы өтсе де кемдік көрген жоқ, өле-өлгенше ел жұмысын қолымен атқарумен кетті. Орысқа жұмыс жіберуді өлімнен артық көруші еді...

Марқұм былтырғы сайлауда мені шақыртып алып: «Бәріміз бір атаның баласымыз, өзіміз бүтін тұрсақ, бізді жау оңайлықпен ала алмайды, мына сайлау болғалы тұр. Өзім десем, ешкім қолымды қақпас еді, бірақ осы күнгі үкіметке біз онша сүйкімді көрінбейміз ғой. Кедейді жарылқайтын болса, кедейдің бірі сенсің. Басқаның болғанынан, өйтеке, ақылдасып іс істеуге сенің болғаның артық. Ауылнайлықты алып берейін, сен ауылнай бол» деді. Бұрын сөзін қайырып көрмеген адамымыз болтан соң, ләммим деместен бола салып едім. Енді ол марқұм қайтып кетті. Ендігілерінің ішінде жүртқа тұтқа болып, ел билігін ала қояды дейтіні жоқ. Арқа сүйерің болмаса, ауылнайлықтан не пайда, шынында, біздікі өурешілік қой...

Тоқан ауыр күрсінді. Откен күндері Уәлимен бірге сұрген өмірлері көз алдына елестегендей болды. Жасы елудің шамасына келіп қалған болса да, елі де көнілі жас, орындалмаған тілегі көп төрізді. Ендігі қалған елге, кейінгі бала-шаға өзін аға қылғысы келгенде... Эңгіме билігін қолына алып, жалпы елге Уәлиді жоқтатпасын дейтін адамның пішіні бар. Онысы көбіне, болыс-билер секідденіп тамағын зілді қылыш қырып-қақырынып, қоқырайынқырап отыфуынан сезіледі.

Тобыл өзенін жағалап отырып, тұс кезінде Сәкенбайдың ауылына келдік. Тәбелеген ағаш үйлер көрінгенде:

— Іргесі бұзылмай тұрған ауылдың бірі осы, мал мен басы катар өсіп-ақ тұр, — деді Тоқан.

, „ , „ .

1924 жыл, сентябрь.

САҢАРДА

Нағима шошыган кісідей үйқысынан оянғанда, қараңғы тұнді таң жарығы жеңіп, терезе бозара бастап еді. Бір нәрсесі ұмыт қалғандай асығыс тұрып, беті-қолын жуып, дерет алды. Тұнгі астан аяққа салып алыш қойған орта тостаған суынған бөртпе мен бір аяқ қара көжені өкеп «саһар» ішуге кірісті.

Таң жарығы ұлғайып, үй іші қара қөлеңке жарыққа бет түзеді. **Нағима «саһарын» ішіп жиып, кешке дейін ораза екендігіне ниет істеп, бетін сипады. Бұл ниеті патшалардың заң-законінен де қатты, өліп бара жатса да тамақ ішуге болмайтын ант аралас ниет. Өз еркі өзінде, дені сау бола тұрып, адамның өзін өзі ауыздықтап қатыруы, жөнсіз ашығуы не үшін, кім үшін, неге ділгер екенін **Нағима** ойына келтірмейді.**

Кеше кешке жақын қарны ашып, жүрегі қарайып бара жатқанда осы ой **Нағиманың** басына келсе де, оның себебін тереңіректен іздеуге **Нағима** көңіліне ерік берген жоқ, ішінен: «**Құдай бұйрығы, пенденің оны тексерерлік қақы жоқ**» деп ойладап, өзін жұбатқан болды. Бірақ өлдене нәрсе жүректің қараңғы тұкпіріне тығылып, бірдеме айтқысы келіп қыстайтын секілденеді. **Нағиманың** жүрегін лоблытып, мазасын ала береді.

Таң жарығы ұлғайды. Терезеден тұскен сөулемен үй іші тегіс жарық бола бастады.

Нағима ойдан серпіліп, дәретінің барында таза ниетпен таң намазын оқып алмақшы болды. **Байының** қара бекебайын жайнамаз қып жайып, білген дұға сүрелерін оқып, намазға кірісті.

Үй іші құлакқа ұрғандай тынған. Үн-дыбыс жоқ. Табиғат дел сол минутта кірсіз көңілмен ғибадатқа кіріскең **Нағиманы** қоштап, **Нағима** үшін бері де қол көтеріп, тілек істейтін секілді...

Мына төсекте сақалы ербиіп жатқан қара кісі — осы **Нағиманың** ері. **Кәсібі ағаш шабу,** күн ұзаққа қара балта, қашауы қолынан тұскен емес. Тұс әлетінде тары **көжеге** сықай бір тойып, кекіріп отырғаны. Ораза, намаз дегенің бұл кісіден аулак. **Ғибадатың** былай тұрсын, қызулау кезінде **Құдайды** боктап жіберемін деп, **Орман** ақсақал-

дың таяғы мұның шекесін жарған болатын. Содан бері Орман қарт пен екеуі үдай өш...

Жасы елуден асса да байының ғибадат істемегеніне Нагима кейіп те қалады. Бірақ сөгіс естіп қалармын деп қорқып, бұл туралы жұмған аузын ашпайды. Жалғыз қолынан келетіні — байы үшін де тілек тілеп, соның күнәсін жеңілдетуді сұрау.

Нагима намазды бітіріп, батаға кірісті. Қолын жоғары көтерді. Бәрін де тіледі. Бәрін де сұрады... Көп тілектің ішінен «дүшпан алдында мерейімді үстем қыл» деген тілек ұшырады. Бұл тілек аузына іліксе, Нагиманың көзіне Рақила елестейді. Рақила мұньщ дүшпаны. Дүшпан болғанда, қаны қас.

Рақила байдың қатыны. Нагимамен замандас болса да, будан өзін жоғары ұстағысы келеді. Ондай-мұндай жиында, той-томалакта Нагимамен бірге отырып, табактас болуға арланады. Араздық бір басталған соң, ұлғая бермек. Екі араны табыстыратын да, айыратын да арадағы кісі. Нагима мен Рақиланың арасындағы қатындарда туралық жок; Рақиланың жазғы қымызына, қыскы етіне сатылады. Рақиланың түйедей мінін жасырып, Нагиманың түймедей мінін өйдей өлемге жайып болады.

Нагима мұны ойлағанда өртеніп кете жаздайды: «Кұдай-ау, осы ғибадатым барабарына жұмағынды бермейтін болсай да, дүшпанымның алдында мәртебемді үстем қыл!», деп талай жалбарынған. Бірақ тілегі қабыл болған емес.

Бұған Караганда, Рақиланың істеп отырған өзгешелігі жок деуге болады: емшек баласын сылтау қып екі жылдан бері ораза да ұстаган жоқ: сәждеге басын өміріне тигізіп көрген емес. Оның үстіне, Нагиманың намаз оқыш, ораза ұстаганын есітсе, «әдіра қал, онбаған күн, жұмакқа бармақ шығар?.. Оған қайдағы жұмак!» деп кекетеді. Сөйтіп отырса да, оның тілегі қабыл, мерейі үстем, мал мен басы бірдей түгел!..

Ой зымырап осы жерге келгенде, Нагиманың көтерген қолы ұмітсіздікке айналғандай салбырап, тәмен түседі. Көкіректі ыза кернеп, көздің жасын еріксіз шұбырта бастайды.

— Кұдай! — деді. — Кұдай! Қанша құлдық жалбарсам да, ішуге тамақ, киуге киім таба алмай отырғаныма кара-май, ғибадатынды істесем де, елі бір тілегімді қабылдалап

көрген жоқсын! Құлдық қылмаса да, байлардың қатынын тілегі қабыл... әділдігің қайда?

Үйқыда жатқан байы оянды. Керілді.

— Қатын, уа, қатын! — деді.

— Э, — деді **Нағима**.

— **Байғұс-ай**, қой деп едім, әлі қоймап па едің? Аштан өлейін деп жүріп, ораза, намаз сенің не теңің?.. **Байларға**-ақ берсейші, жұмаққа солар кіріп, қарық болсын!..

— Бердім, бердім, — деді **Нағима**. — Аштық, жалаңаштыққа қарамай, біраз жыл азаптандым. **Көрген** бейнетімнен басқа дым жоқ. Мен кіретін жұмаққа Рақила да кіретін болса, бәрібір тыныштық көрсетпес. Салатын тамұғына сала берсін!

Таң тегіс атты. Қыраусыз терезеден **көк** жиегін күмістеп қызарған күннің сөулесі көрінді.

Устінен ауьф жүкті алып тастағандай боп, **Нағима** еркін тыныс алып, күндегі үйреншікті жұмысына кірісті. Тезірек ниетін бұзып, шай қойып ішпек болды.

1924 жыл, Қостанай.

ӘДЕТ ҚҰШАҒЫНДА

I

Әбілбайдың үйі абыр-сабыр болды да қалды: **Әбекенің** өзі тұрып, төр алдындағы тери көрпесін сілкіп салды. Қатыны Жамал есік жақтағы шылапшын-құманын, жиналған аяқ-табағын жинастырды. Қызы Сақып шағырдан буған қауқиған сыпырғышпен үйдің ішін сыпыра бастады. Үй ішінің әзірлігі бітер-бітпесте қамшысын сүретіп, шоқша сақалды, қараторы жігіт үйге кіріп келді. Бұл Байбол еді.

— Кош келдің, жоғары шық!

Әбекен де, қатыны да жалпылдаپ аманцық сұрап жатыр, Сақып өйел бала гой, я отырарын, я сыптырарын білмей, сыптырғышты ұстаған күйі аңтарылып тұрып қалды.

— Келін-кешіктің дені сау ма? — деп **Әбекен** амандық сұрауды ұзата берді.

— Екіқабат деп еді, әзір босанған жоқ па? — деп Жамал да қосарланып қалмайды.

782 46 74 44472 . 12

Байбол маңызды кісі секілденіп, алғашқы өзірде «шүкір» деп ерін жыбырлатудан алысқа бармайды. Беліндегі белбеуін шешіп, жерге қояйын деп еді, Әбекең жалма-жан ала салып, жұктің үстіне қойды. Аяғын көслітіп, қалтасындағы былғары сауытты алдына қойып, ма-хорқадан шылым орай бастады. Шылымды тартып, арқасын жүкке тірей отырған соң, көзі бірден Сақыпқа тұсті.

Сақып ажар жағынан бірсыныра қыздың тәуірі еді, орта бойлы, ақ құба келген, талдырмаш қана. Кісіге тұра қарамайды. Жасы он бес, он алтының шамасында. Бірақ жасы жас болғанмен, үялшак екені көрініп тұр; Байбол қарaganда, Сақып қып-қызыл болып томен қарап кетті. Үялыш қызарғаны, сызылып темен қарағаны бір түрлі жарасып тұрған секілді еді.

— Қатын, тұр, мал алдыр, — деп, Әбекеңнің Жамалды жұмсауы — мал соятындығын қонаққа білдіру үшін секілді еді.

Әшейінде қалай болса солай жүретін Жамал бұл жолы сызылған секілді болып, маңайындағы шөпті қолымен теріп, от басына лақтырып, маңызданып есікке барды. Томен қарап үялыш, сызылып тұрған Сақыпқа:

— Қарағым, су тасы, әкең қонақ жанында отырсын, мен мал алдырайын, — деді.

Жамалдың бұл сөзінен «байымнан сұрамай-ақ қандай тоқтыны соятынды білем» деген мағына анғараплық еді, бірақ ол қалпында тұра алмады, далада кішкене тұрды да, есікке келіп:

— Эй, мұнда келіп кетесің бе? — деді.

Бұл «қандай тоқтыны сойдыратыныңды мен қайдан білейін, өзің алдыrsайшы» дегені еді. Әбекең тысқа шығып, колы бос Жақынбайды шақыртып алып, тоқтыға жұмсады. Жамал жерошағының күлін аршып, тезегін қалай бастады. Сақып екі шелекпен ерсілі-қарсылы құдыққа қатынап, су тасыды. Ұзамай тоқты да сойылып, үйткен бастың, сирактың иісі мұрынды жара бастады.

* * *

Байбол осы елдегі епті жігіттің бірі. Азырақ орысша оқығаны да бар. Оны-мұны көріп, ысылған жігіт. Бірақ ел арасында қадірі шамалы. Сөзінде тұrlау, ісінде береке жок. Өз құлқыны үшін қандай болса да сатып кете беретін жігіт.

Дұрыстықтан гөрі «бармақ басы байды» сүйетін қалпы бар. Осының бәрін көріп-біліп отырған соң, елдің каны үйіндей майды. Эйтсе де бірер істі болып қалғандар, не қыларға білмей сасқандар Байболды іздеп табудан тайсалмайды. Өйткені Байбол орысша білгеннің үстіне, уезде тұрған әкімдердің кейбіреуімен жақындығы бар екен деген сыйбыс бар. «Сот мекемесінде отырған бір азamatпен әкей-үкей олжаны бөлісіп алады екен» деген лақап елге көптен тараған. Соңдықтан әсіресе сотты болған адамдар Байболды іздейді.

Биыл жоқ жерден Әбекен сотты болды. «Күдайдан сұрап алған» жалғыз қызын керей Тәжен деген құда болып беріп еді, әлдекім газетке жазып, сот шақырып, жауап алды. Жазалы болатын түрін байқаған соң, Әбекен шауып Байболға барған. Тәженнен кийтке мінген құла атты беріп, ісін жаптырмакшы болған.

Міне, содан бері Әбекен Байбодды жаңындағы көреді.

Байбол туралы бұрыннан айтылып жүрген өсектің бәрінде өтірікке шығарады: «Күндегендердің айтып жүрген өсегі ғой. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген рас, Байбодың бізге қадірі жоқ болғанмен, орыс төрелеріне қадірі бар көрінеді: соттың бастығы ұшып тұрып қолын алды» деп Әбекен аспанға шығара мақтайды.

Әбекенді жоқ жерден құтқарып жіберген соң, бұл ауылдың басқа адамдары да Байболға көзқарасты өзгерте бастап еді, бұл ауыл тұгіл, дүшпан болып сырттан жамандап жүретін кіслер де, Байболға бетпе-бет келгенде, жайдары сөйлесіп, ойында не барын сездірмеуге тырысатын еді. Оған себеп бірер жұмысқа керек болып қалар деп бір ойласа, екінші жағынан, «Күдайдан қорықпағаннан қорық» дегендей, жоқтан пәле тауып, басымызды сотқа байлар деп ойлайтын еді.

Кешкі салқында, көлеңкеге төселген кілемнің үстінде, шынтағында жастық, Байбол жатыр. Ауыл адамдарының бері алқа-қотан отырып, сөз тындалап отыр. Әбекен бәйек болып, Байбол сөйлеген сайын, «солай, солай» деп қояды. Жүрт тындаған сайын, Байбол сөзді өрлетті, өмірінде газет оқымаса да, «Германда пәлен болып жатыр. Қытайда төлен болып жатьф...» деп, болуы мүмкін емес әңгімелерді де жіберіп жатыр. Ел жайы өзіне мәлім, мынауы теріс дейтін адам жоқ екенін біледі, сонсоң несіне тайынсын.

Бір кезде басын көтеріп алып, жұмық көзін бұрынғыдан гөрі де қыса түсіп, мұртының жебесін қолымен бірер бұрап қойып, жаңындағы шалға:

— Карт! Бұл сұрап отырғанының үкіметтің сырғы ғой, мұны білсек те біз ашып айта алмаймыз. Егер айтсақ, ол жүртқа жарияланып кетсе, қылмыс заңының 232—233-статьясымен сотқа тартыламыз, — деді.

Жаңындағы шал да, басқа отырғандар да сотқа тартылу деген сөзді есіткен соң, үрпиісп қалды.

— Эй, Сәкен-ау, қайдагы сөзді қозғайсың-ау, сондай-дыш не керегі бар, — деп Әбекең кейіп қалды.

Шал азырақ апалактаса да:

— Мен айтсам, Байболды өзімсініп айтып отырмын, басқа адамның алдында аузымды ашам ба екен? — деп жұбауратқан болды.

Шынында, шаддың сұрағаны, қылмысты іс емес еді, шал былтырғы болыс болатын Құрлеуіттің бір жолсыз ісін айтып еді. Құрлеуіт сол ауылдағы Ұзынбай дегендікіне түсіп отырса, Ұзынбай қауқылдалап сөйлеп отырып, бір ретте: «Осы, болыс шырағым, үкімет басына отырғанда бітіргендерің қайда? Тоуар әлі арзандаған жок, нәлек көп. Ең арғысы, темір жолдарын да баяғы Неколайдың салған жолы. Себеп болғанда істеген бір істерің жок...» дейді. Құрлеуіт әбден тындалап болып, сөмкесінен қағаз алып, шалға протокол істей бастайды. Алпысқа келген шалды түрмеге жіберу оңай ма? Ауылы болып жалынып, аздал айып беріп, шалды зорға құтқарып алады... Міне, осыны айтып келіп: «Байболға басқа адамның бұра басқанын үкімет көргіш-ақ, іс басындағылардың бұзықтығын үкімет тергей ме, әлде баса тоқып жүре бере ме?! Құрлеуіттің былтырғы бізге істегені қиянат-ақ қой...» деп сұрау қойып еді. Бұл сұрау Байболға ауыр соқты. Іс басындағы адамдар да сотқа тартылды десе, өзінің толып жатқан қылмысын ашып, жүрттың жабылып кетуі мүмкін. Сондықтан бұл сөзге жүрттың аузын үйір қылмайын деген оймен, «үкіметтің сырғы» деп шошындырып жатқан әді. Қылмыс заңының басқа статьясын білмесе де, қалың мал туралы сотты болғандарға женге болып жүріп құлағына шалынган 232-статьяны шалдың алдына тартып, ондай сөзді екіншілей қозғамайтын қылышп қойды. Статьяны айтқан соң, корықпайтын ел ме, бері де жым болды.

«Жұрттың сөзі шығар, мынауың оңай жау емес, қай-қай-дағы статьяны біледі гой» деп тыңдағандар қанағат қылған секілденді.

Тоқты желініп, үйдің жатқанына едөуір уақыт болған. Эбекен құндегі қорылдауына сальш, үйді басына көтеріп жатыф. Жамал да ұйықтаған тәрізді. Ұйықтамаған Сақып пен Байбол. Сақып Байболдың ұйықтамағанын сезіп жатыр. Кейде бірін бірі аңдып жатқан секілді. Әсіресе Сақып тынышсызданады. Бұрынды-сонды басыгя келмеген ойлар келіп жатыр. Оған себеп Байболдың осы үйге кіргеннен тесіле қарағандығы; үйде адам жоқта, Сақып бақыраш алам деп кіргенде, Байболдың жымыш күліп: «Карындастым, отыр, өңгімелесейік...» дегендігі... Тағы осындағы толып жатқан қалпы Сақыпты түрлі ойға түсіріп, үйқы бермей жатыр.

Сақып балалық дәуірді, жастық шақтан бері мақсат қылған жұмысын ойлады. Есі кіргеннен бері өзінің сезуімен, бір жағынан, женгелерінің айтуымен жақсы, бай күйеуге тиуді арман қылатын. Ол арманының орынға келетін-келмейтініне көзі жетпейді. Өйткені Сақыптың түсінуінше, өйел бала ата-ананың сататын малы есебінде, кімге берсе, соған бару керек. Ата-ана Құдайдың жазған жеріне береді. Ондайдың жазғанынан артық еш нәрсе болмайды деп ойлайды. Биыл Тәжен баласына айттырғанда, Сақып жүрегін жеп жүрген арманы орындалмай қалды деп тұнціліп еді; Тәженнің баласы аксақ екен. Бірақ жоқ жерден себеп болып, әзірінше айрылған секілді болыш отыр. Эке-шешесі Тәженнен айрылғандыққа ренжиді. Газетке жазып, сотқа білдірушінің кім екенін білсе, жұлып жегендей болады. Сақып бұған қалай қарау керек? Эке-шешесімен қосылып, газетке жазушымен бұл да қас болу керек пе? Шынында, газетке жазып жүрген кім екен? Соның жазғанының арқасында Сақып Тәженнің аксақ баласынан күтылғалы отырған жоқ па?! Олай болса, газетке жазушы Сақыпқа достық ойлаған кісі болу керек. Сол кісі елі де болса Сақыптың арманына жетуіне жәрдемдеспес пе еді? Әлде сол газетке жазушының өзі сұлу, бай жігіт пе екен?! Сақыпқа ғашық болып, Тәженнен айрыш алу үшін жазды ма екен?! Болуы да мүмкін-ау! Әйтпесе,

бетадды кұла тұз біреудің қызының сатылғанында сыртқы адамның не жұмысы бар?!

Сақып ойлай келгенде, сол газетке жазушыны өзінің жары деп танығысы да келеді. «Орта бойлы келген, сұлу мұртты жігіт болса!» дейді. Мұрт ойына түскен кезде, Байбол көзіне елестеді. «Бөтір-ау, бұл неге үйіктамай жатыр? Әлде бірдеме ой л ап жатыр ма екен? Қой, жынданып па, кырықтан асқан, қатыны бар, қартайып калган адам қызға қызығушы ма еді?...» дейді.

Әбекен қорылдайды, Жамал ыңыранып, аунай түсіп қасынады... Үй іші меніреу қараңғылық. Есік түрулі. Сықъфлауықтың шытырманының арасынан әлдекайда көз үшінда бір жарық жұлдыз көрінеді, Сақыптың көзіне тұптұра түседі. Жымың-жымың еткен секілденеді. Әлде бұл Сақыптың бақыт жұлдызы ма? Бүгін туғаны несі? Сақып бұл уақытқа дейін бақытсыз болып келіп, бүгін ғана бақытты болмақшы ма? Бүгін бақытты болуынын себебі не? Жүрек неге алқынады?..

Көрпесі жыбыф еткендей болды. Суық бірдеме қолына жақыннады... Сақып шошып кетіп, мысық па екен деп «бъфш» деді... Адам екен, қолын ұстады.

— Корықпа, қарындасым! — деді.

Байбол екен!.. Жақыннады... Қолын о жер, бұ жерге жүгірте бастады. Байболдың быттиған, тырбық қолы Сақыптың денесіне тікендей қадалды. Сақып қалтырап кетті. Не қыларын білмей, састы. Басы айналғандай болды. Мысық па әлде ит пе, бірдеме бетін жалаған секілденді. Бұртік-бұртік бірдеме бетіне қадалып барады... Сақып ышқынып кетіп, бар даусымен:

— Эже! — деді.

— Әу, карағым, әу! — деп Жамал басын көтеріп алды...

Байбол бұрынғы әдетін істеп, көнбей қайтер дейсін деп, Сақыпты құшағына алып, аймалап сүйіп жатыр еді, кенет шыққан дауыс мұның да зәресін алды. Төсегіне қарай қарғыды.

* * *

Тұндегі болған оқиғаны Сақыптың өзінен басқа сезген адам жоқ. Әжелеген даусына Жамал оянса да, не екенін ашып білмей, үйқылы көзімен бір-екі рет «қарағым, қарағым» деп қайтадан үйіктап қалып еді.

“ЖАСАЛЫМДАУ”

Үзакты түнгө Сақып үйыктаған жок. Байболдың бұл ісінің не екенін, өзінің қорқып айқайлағанының жөн, жөн емесін айырып біле алмады. Қыз бен жігіттің ойнап-кулуі, ерлі-байлар болу секілді жұмысты Сақып тәжірибе қылып көрмесе де, жеңгесі **Нағиманың** айтуынан азырақ сезеді. **Нағиманың** айтуына Караганда, сүйген жігіті келгенде әйелдің бойы еріп кетпекші, Байбол келгенде Сақып кірпікшешендей жиырылды. Мұның себебі өзі қатар қыздар біртіндеп күйеуге шығып жатыр. Соның бірі де үйінде жүргенде ешкімді сүйген емес. Бірақ **байға** тиген соң, сүйген-сүймегені белгісіз, бәрінің де үні өшеді. Сақып та сондай қыздың бірі. Әзір ешкімді сүйген жок. Осы күйінде біреуге берсе, еріксіз сүймекші. **Мәселен**, Байболға берсе.

Байбол еске түскенде, тұла бойы шымырлап кетеді. Жан шошытарлық бір сұық **нәрсे** денеге жабысқан секілді болады. Тікенек сиякты бұртіктер денесіне аяусыз кіріп, қан сорғыш жылан мойнынан орап алғып, қылғындыратындағы болады. **Қысылғаннан** Сақыптың мандағынан тер бүршак-бүршак ағады.

Шай құйып отырған Сақып **көзінің** астымен **Байболға** қарады. **Тұндегі** ісіне үялатын шығар деп ойладап еді. Бірақ **Байболдан** ондай пішін көре алмады. Бұрын қандай болса, сондай, бетінен түгі шығып, қызара **бөртіп** отыр; еш нәрсे **көрмеген**, білмеген адам секілді. Қайта Байболдың жүзі **жанбайтындығына** Сақып үялды. Ішінен «үятсыз, бетсіз» екен деп ойлады. «Еркек біткеннің бәрі осындағы бола ма екен?» деген ой бір **жағынан** бас көтерді. «**Шынында**, еркек біткеннің бері солай болатын **шығар-ау!** Мынау Байбол жасы қырықтан асып кеткен, өзінше елге бас болам деп жүрген жігіт, Сақыптар мұның баласымен шамалас дерлік. Сөйтіп отырып, үялмай сөз айтыш отьф!...».

Байболға караган сайын, Сақыптың жаны түршігеді. **Байбол** Сақыпқа жан алатын өзірейіл секілді **көрінеді**. «Үйден тезірек кетсе екен!» деп тілеуге айналды. Экесі өңгімеге жұбауратса, шешесі жағынып **сөз** айтса, Сақып оларды **көзімен** атып жібере жаздайды.

Байбол жүретін болды. Әбекең тыска шығып, атын да-йындаатты. Жамал **аяғын-шарасын** далаға **шығып**, самаурыннан қалған сумен жуа бастады. Сақып сезген де жок, үйде Байболмен онаша калған екен.

— Қарындасым, тартқан сыйыңыз естен қалмас, — легенде, үйқыдан шошып оянғандай Сақып селк етті. Жалма-жан тұрып кетуге айналды.

Махоркасының тұтінін аузынан бұрқыратып отырып, Байбол миғынан құлді.

— Қанша қашар екенсің, бір тұтыларсың, сені тоқалдыққа алмасам, Байбол атым күрысын! — деді.

II

Қаратомар **басындағы** қалың ауылдың сырт жағындағы белесте екі жігіт сөйлесіп отыр. Біреуі төртбақ келген, мұрты көрінер-көрінбес, адырақ көзділеу келген қара жігіт. Бұл осы **ауылдағы** мектеп мұғалімі Қасен еді; екіншісі — ұзын бойлы, арық қарасүр жігіт. Шын аты Ғабдолла, елі жақсы көргендіктен бе өлде Ғабдолла деген атты оған лайықсынбағандықтан ба, әйтеуір Ғабдолланы өзгертип, Қапан деп ат қойған. Қапан бұл елдегі жігіттердің ішіндегі ең тірісі. Азырақ жазу таниды. **Ауылдағы** мектеп ашылғалы мұғаліммен араласып... газетін оқитын болған, бірақ шаруаға қыры жоқ жігіт **және** үйінде сенері бар, күндізтүні талмай жұмыс істейтін өгіздей сүзеген бір інісі бар. Бір-екі қарасына шөпті де інісі шабады. Аз ғана егін-таранын да інісі жияды. Соңдықтан Қапан жұмыстан шығып, сал болыңқырап кеткен. Колы бос жігіттің өзі сияқты бос жүрген адамды айнадыратын әдеті ғой, мұғалімді қырға алып шығып, көр-жерді өңгіме қылышп жатқандары еді.

Күн күз. Кеш болса тымырық, аяз тартып, қырау түседі. Бүгін де тымырсықтанып тұр. **Желдің** лебі бетке ызырық секілденіп тиеді. Ай қараңғы, ауыл қара шофырланып, арасындағы мал, адамдар көрінер-көрінбес болып тұр. Бірен-саран жерошаққа жаққан оттың сәулесі жылтылдап, ерсілі-қарсылы кесіп өткен адамдар көрініп қалады.

— Со лай десейші, Қапан, — деп мұғалім шынтақтап жатты.

— Мен естіген-білгенімді айтгым гой, енді сен айтсайшы.

— Мен немді айтайын. Біз бозбалашылықтан тазамыз. Былъфғы, осы ауылдан кеткелі дамыл көргенім жоқ, әкем жарымжан, үйде жұмыс қылатын адам жоқ болған соң соқа айдадым. Жаз екі курсте болдым. Одан келіп тағы шөпке, егінге түстім. Мениң бітіргенім осы.

— Курс демекші, сол көрістеріңе бізді алар ма еді?

— Оқимын десен, саган курс табылады ғой. Әлі жапжассың, жұмыстан қолың бос. Оқып кетуіңе дұрыс-ақ қой.

Қапан күлді:

— Өзің сөзінде тұрмайсың ғой, жаңа ғана «ауылнай бол, ел жұмысын атқаруға кіріс» деп едің, енді оқы дейсің.

— Байғұс-ау, ел жұмысын атқару үшін де оқу керек қой. Кәзір сен не білесің? Бірер жыл оқып алсан, едәуір ашылып, іске қарайтын адам болар едің...

Ауыл жактан шаң-шұң дауыс шықты. Қасен де, Қапан да құлақтарын салып тындаған қалды. Ауылдың ар жақ шетінде «өлдім, өлдім» деген бір әйелдің даусы, «өлтір» деп барылдаған бір еркектің даусы естіледі. Әлдекімдер арашалап, біреуі «дүзі қара» деп әйелге шаптыққандай болды. Қапан біраз тындалап тұрғаннан кейін:

— Бұл ұрысты мен білдім. Ырысбайдың үйінен шығып жатыр, — деді.

Ырысбай осы ауылдағы байшікештің бірі. Бұрынғы қатыны бала таптайтын деген, өткен жылы Жұмабай деген кедейдің сүттей үйіп отырған қатынын тоқалдыққа азғырып алған. Тоқалдың аты Мәлике. Жасы жиырмадан жаңа асқан. Мәлике Ырысбайға өз ризалығымен келген секілді болды. Өйткені өткен жылы Ырысбай Мәликені алғанда, «тоқал алып отыр» деп Қасен газетке жазып еді, милиция келіп жауап алғанда, бұрынғы қатыны: «Өз ризалығыммен айрылдым» деп, Мәлике «риза болып тидім» деп жауап берген. Жауап берерден бұрын Қасен адам жіберіп: «Мына милиция келіп отыр. Мәлике мұнын жасырмай айтсың» дегенде, Мәлике: «Сүйген байыма тидім, менің ешбір мұным жоқ» деп қайырыпты. Қадірін білмейтін адамға болысамын деп үятқа қалған соң, Қасен содан бері Мәликені жек көретін секілді еді.

— Өлдім деп жатқан Мәлике ме? — деді.

— Иә, сол.

— Байғұска обал болды-ау!

Қапан ашынып сөйлемеді:

— Сол иттің несін аяйсың, өзіне өзі тілеп алып отыр. Адам болып сөзге түсінсе, былтыр сен милиция алдыратыныңда Ырысбайдан айрылып шығар еді-ау, енді обал жоқ, жаны шықсын, — деді.

Мәликенің Ырысбайға неліктен тигені, милиция келгенде ағасының, ел қуларының ауыздықтауымен бой те-

жеп калганы бері де Қапанға жасырын еді. Қапан қанша ойласа да себебін біле алмай, пәленің бәрін Мәликеге жүктейтін еді. Қасен бұл туралы білгенін, есіткенін Қапанға бейнелеп түсіндірді. Мәликеге ренжіп отырса да, мынадай себептерін көріп отырғанда, аятындығын білдірді.

— Дұние пәленің бәрі сендерде ғой, — деді Қапан.
— Неге?

— Эйелге бостандық деп закон шығарып, бұлдіріп жүрген сендер емес пе? Бостандыкты арқаға тағып, кедей біткеннің қатыны желігіп болды. Байы бірер қатты сөз айтса я бірер күн тамағы аш болса, «мен кетем» деп тұра келеді. Эйел бостандығынан кедейдің көрген пайдасы аз, байлар пайда көріп отыр. Бұрын жалғыз қатынмен жүргендердің көбі осы күні қатынның санын екі-үшке жеткізді. Эйелге бостандық туған екен деп, қалың мал тоқтап тұр ма? Сүйгенін қалыңсыз алып отырған кедейді көргенің бар ма? Міне, закон шығарарда осының бәрін ойлау керек еді.

Қасен басын көтеріп отырып, бейнелеп түсіндіруге айналды. Ел арасында әйел бостандығын қате түсіндіріп жүргенін, қазақ әйелдерінің сана-сезімінің кемдігінен елдегі қуларға қолжаулық больш жүргенін айтты.

— Қалың малға сатылып, жылап кетіп жатқан қазақ қызы бар ма? Өкімет декрет шығармаса, соның бәрі өткен өміріне күндікten құтылмай кете берер еді. Жаңа декрети шығарумен іс біттейді. Оны орындау керек. Орындаушы елдегі ауылдық, болыстық кеңестер, жергілікті сот, милициялар болу керек. Бірақ біздегі жаман жері, осы айтылған орындарымызда отырған кейбір адамдар әйел туралы шыққан декретті орындауға шабан, орындаудың орнына, өздері декретті бұзып іс істейді.

— Мына Әбілбайдың қызын тоқалдыққа алам деген Байбол сияқты гой, — деп Қапан құлімсіреп еді, Қасен таңырқағандай болып, Қапанның бетіне қарады.

— Сақыпты алмақшы ма?

— Иә.

— Не дейді?.. Бозбалаға тандап баарлық қыз Байболға қатын үстіне тимекші ме?

— Әкесі берсе, қыздың тимейтін шарасы бар ма. Байбол ға карсы келетін Әбілбайда не құдірет бар. Ерегіссе, бірер пелені жауып, шауып алмай ма? Бірақ Әбілбай да,

қатыны да: «Әзірge бала жас, ел арасы жакын гой, хабарласып тұрармыз» деп, келген адамын сылап-сипап қайтарған екен.

Қасен бірдеме есіне түскендей алақанымен Қапанды жауырынға қағып қалды.

— Тоқта, қызық бар, Сақыпты сен былтыр алмақшы болған жоқ па едің?

— Ол екеуіміз оңаша сөйлескенде ермек орнына айтылатын сөз еді гой. Сен кеткен соң ұмытылған.

— Неге, Сақып алуыңа олқы соға ма?

Қапан басында ойын секілді көрсе де, Қасеннің шын ойымен сұрап отырғанын сезген соң, жауапты дұрыстап беруге кірісті:

— Сақыпты олқы соғады демеймін. Бірак мінезінде үяндық бар, ешкіммен ашылып сөйлеспейді, ең арғысы, кісінің бетіне тұра қарамайды да, сөйлеуге реті келер ме деп үйіне де талай бардым. Болмайды. Және әкесінің көже тоғы бар. Кім біледі, төуір орынға беремін деген ойы болса, сөз салғанмен, бермей жүрер деп қауіптенем. Жене осы ауылда менің жалғыз үйлі-кермен екенімді ұмыттың ба?.. Маған қыз бере қояр ма?.. — деп шын сырын айтты.

Қасен ашық пікірлі жас. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін оқуға кірсе де, үй ішінің күйі нашар болған соң, шаrasыз окудан шығып, бірер жылдан бері бала оқытуға кірісп жүрді. Осы ауылда Қәрім дейтін жездесі бар. Өр мінезді, бірбеткей, тымырық адам. Өз дегені болмаса, оңайлықпен кісі сөзіне көне қоймайды. Ертеректе осы мінезі үшін Қәрімбай сияқты ақсақалдардың таяғы талай рет басын да жарған. Осы Қәрім өршеленіп жүріп ауылдан мектеп ашты да, Қасен осы мектепке мұғалім болып келді.

Қасен мұғалім болғанда, бір жағынан, бала оқытса, екінші жағынан, ел жұмысына араласып, елде болып жатқан түрлі жолсыздықпен құресіп, кедей батырактардың басын үйстырып, үййтқы болармыш деп ойлад еді. Бай-бол сияқты түйені түгімен жұтып жүрген алаяқтарға, Қәрімбай сияқты көкжалдарға қарсы құрес салармын деп еді. Ол ойы бірден орындала қоймады. Ақсақал аузына қарап, ата, ру намысын қорғап әдеттеніп қалған ел Қасен сияқты «тыраштанған» бір жас баланың сонынан ере қоятын болмады. Бірен-саран кедейлер, «солай екен-ау» деп, жайшылықта қолдаған сияқтанса да, жеме-жемге кел-

генде, ойларын ашып айтпай, бұғып қалатын сияқтанды. **Жалғыз ғана** Кәрім даурығып айқайлап, жүрт тыңдасын, тыңдамасын, өзінің ойын айтпай қалған емес.

«Бай деген не?.. Байдың атасының аузына ұрып, шаңырағын ортасына түсіру керек!..» деп келеді сөзі.

Откен жылы ауылдық кеңес сайлауы болып еді, жүрт басын құрап, сайлауға айналдырды да жіберді: ата ұлы болп бөлінді, өруақты атап мүшеге таласты, Қасен кірісіп, түсіндірейін деп еді, елеуреген жүрт мысқыл көзімен қарады:

— **Осыған** не жоқ екен? Осы сөзді қайтеді екен?.. — деп мысқылдаپ құлгендер **болды**.

— Сайлауға қарсы үгіт таратып, елді бұлдіріп жүр, — деп Байбол пәле салудан да тартынбады.

Қасен жастар **жағын** айналдырайын десе, олардың ішінде де селт етіп бас **көтергені** сирек кездеседі. Көбі өке-шешесінің аузына қарап, солардың айтқанымен болып, жұмыстан қолдары босаса, соландаپ ауыл қызырып, ыржың құлкімен **өмірін** өткізеді. Қасеннің маңына үйірілгендері шамалы. Қасен оларды оқытпақшы да болды. Сауық кешін қойып, оларды қатынастырып та көрді. Көбі селт етіп бой жазбайды. Көзге көрінгісі **келмейді**, қайта солардың ішінен жырылып **шығып**, Қасенге ере бастаған осы Қапан. Аздал хат таниды, Қасеннің айтқанына аздал елігеді. Бірак **бы** да жалыққыш, ел жұмысы туралы Қасен ұзақ өнгімеге кіріссе, бұл оны бүрмалап, **ауылдың** ұсак тұрмысына әкеп соқтырады; қыз-қатын өнгімесін кірістіреді. Сосын Қапанды жібере тартайын деген адамдай, Қасен де мұның **ыңғайына** **көшкен** адам сияқтанады. Сөйтіп, Қапанның өзіне де сездірместен, баулып, икем-деп келе жатқан беті еді.

III

Аспан жүзі тұнерген бұлт. Сылбырап **жауған** жауын. Аз ғана ескен **же** л жаңбырдың дымқылымен қосылып, бетке салқын тиеді.

Ауыл өбігер, бұзау-торпак, қой-қозы үйді ығқтап, үйге кіріп шыққанында жол бермейді. Жер батпак. Бір жағынан, малдың қызымен араласып, адам аяқ басуға жиренеді. Ел адамының **бәрі** де үйде, от басында. Су тезекті қалап, үргіштеп, **көздеріне** тұтін кіріп, берекелері кетіп отыр.

Бірен-саран жинакты кісілер, киімін алмастьғыш киіп, мал жабдығында тыста жүр.

Жаулығын басына түмшалай ораған, үсті-басы малман-дай су болып Жамал үйіне кірді. Сақып отты жандыра алмай үргіштеп, мазасы кетіп жатыр еді.

— Қалқам-ай, елі жаға алған жоқсың ба? Шалағай-сығн-ау, ертең күйеуге шыққанда қайтер екенсің? Әкенің де келетін уақыты болды. Тезірек шай қойшы, — деп отты жандыруға Жамалдың өзі кірісті.

Сақып самауырынға су құйып, ұсакталған ағашты ойға қалап жандырды. Кештің қара көлеңкесінде заулап жанған оттың сөулесі үйдің ішін тегіс жарық қылды. Жамалдың жүзін де жарық қылды. Ажарында біртүрлі кейістік бар секілді. Сақыпқа бірдемені айтқанда, бұрынғыдай жекіре айтпай, өсіреле соңғы айдың ішінде, аянышты күймен айтатын болды. Сақыптың бірер ісі көніліне үнамаса: «Ертең күйеуге шыққанда қайтер екенсің?!» дейді.

Бұл қайдағы күйеу? Неге жиі айта береді? Әлде, өке-шешесі сырттан сөз байладап, Байболға бергісі келіп жүр ме екен?

Жоқ, оның қисыны келмейді. Байбол адам жібергенде, ауыл адамдарының бері де беруді қолайлаған. Әкесі де беруге ыңғайланған, сонда кесе түсіп, арашалап алып калған осы әжесі. «Үл орнына үл қылып отырған жалғыз қызым! Менің қызым өзір байсырамайды» деп, бет қаратпаған. Таза бермеймін деп айта алмаған, айтуға аузы бармайтын секілді. Байбол ашуланса, Сақыпты еріксіз алатын секілді.

Енді Байболға бермейтін болса, мұның айта беретін «күйеуі» кім? Осы болар деп дәмеленгендей, шынында да, басқа қыздар құсап, Сақып неге көзге ілінбейді екен?.. Әлде өзі тенді бозбалалардың көз салып жүргенін Сақып сезбей ме екен?

Бозбала дегенде, Сақыштың ойына Қапан түсті. Қапан ауылдағы жігіттердің ішіндегі еті тірісі және өйел алмаған, басы бос. Жалғыз айыбы жұмысқа жалқау деп, ел жек көреді. Қапан, шынында, жалқау. Дүние айналып кетсе де ісі жоқ. Домбырасын тартып, үйінде отыра береді. Баласына кейіген кемпірлер: «Қапан құсап ішер асқа, киер киімге жарымай жүрерсің» деп Қапанды мысалға келтіреді. Бірақ Қапан жамандық жағымен танылғандай қолынан дым келмейтін жігіт те емес, істеп кетсе, кімнен болса да

өнерлі, кім біледі, жас қой, жалғыз басты болған соң, дүние қадірін білмейтін шығар, үйленсе, ділгерлік көбейсі, бұл күнгі салдығын тастанап, бәлкім, түзеліп те кетер еді...

Соңғы екі-үш күн ішінде Сақып Қапанды көп ойлайтын болды. Қапанның жалқаулығы, ерсі мінездері — бәрі де, Сақыптың қарауынша, жас жігітке жарасты іс секілді.

Қапан кеше де келді, алдыңғы күні де келді. Келгендері жұмысы шамалы: бірдемені сылтау қылып келген болады. Әбекенмен, Жамалмен, Қайдағы-жайдағыны айтып, көп сөйлесті. Сақыпқа жалтандал қарай береді. Бір сөздің ретінде өзілдеп те қойды. Сақыптың ойында еш нәрсе жок. Кезінде оның өзіліне жауап қайтарып, ашылып сөйлесе алмады. Сөйлесуге ретін де келтіретін еді, бірақ соны керексінбеген секілді еді. Енді кешеден бері, неге екені белгісіз, Қапанды ойлай береді. Отყраса да, тұрса да ойынан шықпайды. Насыбайды ерніне қыстырып алып, шыртшырт түкіріп, жымып өңгіме соғып отырған секілді болады. Әсіресе күлімсіреп қарағаны естен кетпейді.

Есік ашыльш еді, жел гулеп қоя берді. Жанып тұрған от шалқыды. Әбілбай екен. Үсті-басы малмандай су, ажарында кейістік бар. Есік жақтағы шылапшын аяғына қақтығып еді, салдыр еткізіп теуіп жіберді.

— Құдайдың атқан иті, нәрсені бір жия білмейсің-ау! — деді.

Жамал өшейінде жауап қайыратын еді, бұл жолы жауынмен су болып кейіп келген соң, қарсы еш нәрсе айтпады, шылапшының жиып, Әбекенің үстіндегі күпісін жеңін тартып шешіп, керегеге апарып ідді. Сақып екеуі қылмысты адам секілденіп үндемей жүріп шай жабдығына кірісті.

Бір-екі кесе шай ішіп жадырай бастаған соң, Әбекен сөйлейін деді: машинада жүретін көк атты Смайылдың үстап алып, он пүт потыраба сұрағанын, ауылнайға барып айтқанда, «егінді жегізуге болмайды» деп, өзіне қарсы закон көрсеткендігін, «шөбімізді бір жейді, егінімізді екі жейді, осылар-ақ күн көрсетпейтін шыгар» деп Сарымсақтың Смайылды жақтай сөйлегендігін қалдырмай айта келіп:

— Кейіген адамға кейістік тап бола береді, ауылнайдан ыза бол шығып келе жатсам, өлгі мұғалім... — деп, сөзін аяқтамай, Әбекен май мен нанды аузына толтыра шайнады.

Жамал да, Сақып та Әбекенің бетіне қарай қалды,
Жамал шыдамай, сұрай бастады:

— Мұғалім бірдеме дей ме?

— Не жөнді сөз айтушы еді, еріккен жүрт енді бізді
ермек қылатын шығар...

Әбекен тағы сөзін бөліп, наң жеуге кірісті. Жамал бұл
ретте кейиін деді.

— Байғұс-ай, адам құсап сөзінді бөлмей айтсан қайтеді?

— Е, не қылды, жаңың шығып бара ма? Онша ынтыға-
тыны шамалы. Сақыпты Қапанға бер дейді... Естідің бе? —
деп Жамалдың бетіне қарады.

Жамал да, Сақып та аң-таң болған адамның түріне кірді.

Әбекен әлденеге шіміркене сөйледі:

— Бара-bara жүрт **колжаулық** қылуға айналатын шы-
ғар. Менің қызыым бай іздең отырган жок, күйеуге бере-
қалғанда да, сондай **сұмырайға** ділгерленбеспіз гой. Ерегіс-
се, **Байболдың өзіне** берермін! — деді.

«Байбол» дегенде Сақып шошып кетіп, қолындағы
кесесі сылқ өтіп жерге түсіп кетті. Екі көзінен жас парлап,
өкіріп қоя берді. Әкесі де, шешесі де қорыққан пішінмен
ожырайысып отырды. **Бұрынғы қалыпты шешесінің тағы**
рақымы кедді. Байына үрса бастады.

— Аузыңа келгенде **сөйлейсің** де отырасың. Баланың
көңіліне қарау жок... Дүниеден байсыз өтсе де, **Байболға**
бергізбеймін!.. — деді.

Әбекен жеңілген кісі тәрізденіп, үндемеді.

Тұн қараңғы. Жаңбыр сіркіреп, үздіксіз жауып **тұр**.
Кейде азырақ желдің екпіні білініп, үйді сықырлатқан
секілденеді. Үйдің ығындағы малдардың ыңырсығаны, үйге
сүйкенгені естіледі.

Үй іші үйқыда, күні бойы аттан тұспей шаршап кел-
ген Әбекен **бұрынғысынан** да бетер қорылдап, үйді басы-
на көтереді. Ояу жатқан жалғыз Сақып. **Сақыпта** уайым
бар. Байбол адам жіберіп айттырғанда, су түбіне кететін
шығармын-ақ деген еді, бірақ өжесі кесе түсіп, айырып
алып қалған секілді. Әжесінің қашанға шейін болысаты-
нына көзі жетпейді. Әкесінің басында билік жок адам,
көлеңкесінен қорқады, елі ауқым қып бер десе, беріп
жіберуінде сөз жок.

Мына Қапанның айттыруы ойда жок әңгіме еді. Сақыптың Қапанды есіне алғаны, Қапанға назар салғаны осы екі-үш күннің гана ішінде. Бірақ құр есіне алғаны болмаса, Қапанға тием деген ой басына да келген емес. Енді, жоқ жерден айта қалған екен, әкесі оған шыдамай-ак, шамданбай-ак, дұрыс жауабын берсе қайтетін еді? Қапан бір қызға бай болуға жарамайтын жігіт пе? Жалғыз айыбы кедейлігі шығар. Кедейлікке күйетін Әблілбайда не күй бар?

Есік сықырлағандай бодды. Сүйкенген мал шығар дейін деп еді, оған ұқсамады, адам тәрізді. Есіктің байлауын іздей, оны шешуге ынғайланған тәрізді. «Тұнде келетін кім бар еді, әлде ұры ма екен?» деген оймен қорқыныш кіріп, Сақып өжесіне айқайлағысы да келді. Бірақ әлденеге айқайлаудан тыйылды. Қанша қорықса да, не екенін білгісі келді. Кім екенін ептең сұрап білгісі келді.

Есік елі сықырлайды, тегінде, мықтап **байлаған-ау**. Сақып орнынан тұрыш, есікке барып қалғанын өзі де сезбеді, әлдекім есікті жамылып тұр... Қалтыраған дауыспен:

- Бұл кім? — деді.
- Мен.
- Менің кім?
- Сақыппысың!.. Мен Қапан гой...

Сақып не болғанын білместік халге келді. Өні екенін, тұсі екенін айырып біле алмайтын секілденді... Есік ашылды. Әлдекімнің жылы-майда қолы құшағына кіріп кеткен секілді болды... Жүрек алқынды... Көз қарайды... Әлдекім құшағына алыш, аймалап сүйген тәрізденді...

IV

Октябрь ішіндегі шуақ күн. Жел жоқ, тынық. Ауылдың бері де земленкеде. Мұржадан шыққан көк тұтін тіптік болып аспанға созылады. Жұрт жұмысын бітірген, бұрынғыдай ерте тұрмай, үйқысын қандырып, сәске кезінде шай ішуге кіріскен.

Ауылдан оңашарак қыстауы қомакты келген бір үй **бар**. Жанында үлкендеу бір ак үй мен тігулі қара үй тұр. Маңайы жыбыф-жыбыф адам, көгенделген қой, секірген ешкі-лақ.

Ауылдың қатындары қолдарында қос сабауы, емпендей басып барып ак үйге кіріп жатыр. Сөйткенше болмады, елді басына көтеріп сабаудың даусы шыға **бастады**. Жұрт

шайын ішіп болып, шалдар таяғын қолына алып, сабау даусы шыққан үйге қарай тұс-тұстан жинала бастады...

Еріккен шалдарға ермек керек, жұмыс істеп жатқан жерге екеу-үшеуінің басы қосылса, қайдағы-жайдагыны сөз қыла бастайтын әдеті ғой, өткен күндерін ауызға алды; Бекмағамбеттің болыстығын, кезінде елді бір уысына сыйғызып, дәуірін жүргізгендігін айтты. Қашанда болса, әңгіменің дені Даубай шалдан шығады ғой, ол сақалын бірер сипап алып:

— Талас штат жылы еді. Сайлау болады деген соң, Қызылжарға бардық. Онда Дамбар мен Эйеттің бүлінбеген кезі. Елдің адамдары қандай, кілең ығай мен сығайлар. Бекмағамбет ызғарын төгіп, үстіне жанды кіргізбейді. Жиылған жүрттың ішінен барып жолығып сөз өкелуші Ахмет пен Арғымбай молда болды, — деді.

Елде болыс болған жалғыз Бекмағамбет пе. Шүйіншәлі де болған. Жаппасбайдың Ахметі де болған. Әсіреле Ахметтің болыстығына шалдардың айызы қанады.

— Шіркін, байлықтың қолынан келмейтін ісі жоқ. Талас штатта Ахмет малмен-ақ жеңіп болды ғой. Сайлауга сонда граф келді білем. Ел екі партия. Жаппасбайдың Мұстапасы ақшаны уыстап шашып жүріп, елулік біткенді өзінің жағына шығарып алды. Жүрттың айызының қанғаны ғой. Мұстапаға сол жылы «бала граф» деп ат қойды...

Сөйлей келе, сөз Ахмет, Мұстапаның ұрлығына келіп тірелді. Сол күнде мыңнан аса жылқысы бар екен, соның үстіне ұрлық қылдырыпты. Шалдар соны айттысып, жағаларын ұстасты.

Сембі дейтін бәкене ғана сары шал, Ахмет, Мұстапаның ұрлығы туралы әңгіме бола бастаған соң, шыдап отыра алмай, сөзге кірді:

— Бекер сөз ғой, олар ұрлықтан сау еді ғой, — деді.

Отырған жүрт жабыла Сембінің бетіне қарай қалды. Кейбіреуі жымысып күлісті. Ысқақ отырып:

— Біз құр даурығып отыр екеміз ғой, анығын білетін мына Сембі ғой, — деді.

Сембі жасында баукеспе ұры болған кісі. Ахмет, Мұстапа дүрілдеп тұрғанда, жиырма жігітті күндіз-түні үйіне сақтап, ұрлық қылдырып тұрған. Сембі жиырма жігіттің бірі.

Отырған жүрт:

15

— Сондағы істегендерінді айтшы, — деп Сембіні кеу-кеулей бастады.

— Откен істің керегі не, — деп Сембі бой тежесе де, жүрт жабылған соң айтуға кірісті.

— Жиырма жігіт едік. Бізді Мұстапа үнемі үрлыққа жұмсайтын еді. Ерегіскең жеріне ғана жұмсайтын еді. Біз барған жерімізді үйітіп келуші едік. Болысқа арқа сүйе-ген соң, теңдік беру қайда, малын сұрап маңымызға жан келе алмаушы еді. Әлі есімде. Бір жылды бокырау базары кезінде, амандағы Арғынның бір байымен Ахметтің алакөзділігі болып, соның жылқысына тиіндер деп бізді жұмсады. Атты сайлап мініп алып, бір тұні барып тидік: жылқысынан таңдал жүріп қырық жылқы алдық. Бетіміз Қостанай, базарда шеттен келіп күтіп жататын жолдаста-рымыз бар... Таң сыз беріп келе жатқанда, Қазанбасы ағашының тұсынан өте бергенімізде, бір құр ат семіздіктен жүре алмай, зорығып пышаққа ілінді. Қазысын ойып алдық та, қалған етін ал деп жанындағы бір ауылға хабар бердік. Сонымыз мықты қате болыпты, сонымыздан қуып келе жатқан қуғыншыларға ет алушылар бізді түстеп айттып беріпті... Базар кезі, жүрттың бәрі қалада, Арғынның адамдары Ахметкө келіп жолығып, өтініш айттышты:

— Еліндегі бір тентек жігіттер біздің елді жәбірлеп кетіпти. Тентегінді өзің тыйып, малымыздың көзін бергіз-сен, айып-анжысыз бітісер едік, — депті.

Ахмет олардың өтінішін қия алмай, ертеңіне жылқыны қоя бергізді. Арғындар жылқысын алған соң, пристапқа барып: «Малымызды Ахметтің ұрыларынан таптық» деп мәлімдепті. Сол кездегі уезд де Ахметке теріс қарап жүреді екен. Дереу полиция жіберіп, бізден екі адамды ұры деп ұстады. Ахметтің өзіне де кәр қылуға айналды. Елдің ерлігі сондайда болады екен, біздің басымызды қосып жіберіп: «Жылқы иесі арғындардан бүгін тұн қырық жылқы үрлап алындар», — деді.

Орындаудық. Ертеңіне: «Ендігі арманым мына уездің жегіп жүрген көк атының қуырдағын жесем екен дёймін, қайтсендер де соны қолға тұсіріп, елге апарындар» деді.

Тоқтау бар ма, әр көшеге тарап, екінді әлетінде уездің үйін торыдық. Үйдей көк атқа кішкене арбаны жегіп, көшірімен уездің қатыны қақпаға келіп кірді. Жүгіре басып біз де жақындаудық. Қатын мен көшір үйге кіріп

кеткенде, жүгіріп барып құлак бауды қып жіберіп, көк атты міне шаптық... Базардан келген соң, Ахмет сойғызып, қанды қуырдағын жеді...» — деді.

Ескілікті әңгіме аяқталуға айналды. Кой қырқылып болған шамада шалдар үйді-үйіне ыдырады.

V

Үлкен үй гу-гу әңгіме: киіз қарпып жатқан кыз-келіншек, епті бозбалалар, жан-жағын бүргіштеп тіккен өре киізді он бес, жиырма адам ортаға алып, төселген шидің үстіне тізерлеп отырып, қолдан-қолға жүгіртіп жатыр. Бірсесе киізді шыр көбелек айналдырады; бірсесе жоғары көтеріп шиге әкеліп үрады. Ыстық сумен пісіріп тастаған жас киізден буы бүркырап шығып жатыр.

Көппен істеген жұмысқа адам шаршай ма, әсіресе бозбала жағы қыздыра түседі, көтерген киізді апарып келіншектердің басына кигізеді. Эйел-еркек екі жік болып, кейде алыс та басталады.

Бозбалалардың ішінде Қапан бар. Эйелдердің ішінде Сақып бар. Қапан Сақыппен бір рет қатар отырып қальш еді, Жамақтың қатыны бірдемесін сезген кісідей екеуінің арасына кіріп килікті.

— Бұрын-сонды сол жігіт мұндай орынға келмейтін еді, бүгін неғып келіп отыр? — деп кейбір қатындар күңкілдеген болды.

Бір-екі қатын өзара сыбырласып сөйлесіп, Сақып пен Қапанға кезек қарап күлісті. Бұларына Караганда, ЖІ-сырын сырды білген секілді. Бірақ білмесін деп жүрген Қапан емес қой, жүрттың сезгеніне қуанбаса, күйінбейді ғой, өйтсе де Жамақтың қатынының қызғанған кісі тәрізденіп араға келіп кіргеніне ашуы келді. «Ақсақ ит, сыбағанды берейін» деген ойға мініп, бозбалалармен көз қысып ымдасып, киізді бір көтергенде, ақсақ қатынның басына апарып кигізе қойды. Ақсақ қатын қапелімде сасып қалса да, артынан киізден құтылып шыққан соң, ашу шығарды:

— Бейбастақ қанғырғандарды осындай жерге кім шақырады екен, — депті.

Жұрт айышты осы гой дегендей Қапанға қарады. Қапан үялуға айналды. Қатынмен бажылдасып үрсысуды ар көрді. Көп ортасынан тұрып кету және қын болды.

Қапанның ренжігенін Сақып сезіп отыр екен, Жамактың қатынына күнк ете қалды:

— Жеңеше-ай, жоққа ашу шақырасың-ау, ойынға адам ашулана ма екен, — деп еді, ақсак қатын Сақыпқа ажырайып қарады:

— Жанашырың екенін білдік. Бұл жерде кіріспесең де болады!

Сақып қып-қызыл болып, томен қарады. Сақыптың жақын жеңгесі Құләш төзіп отыра алмай кетіп, ақсак қатынды тақымдай бастады:

— Бейпіл ауыздығынды үйінде істесейші, біреудің қызын сен тыюшы ма едің?

— Ойбай, адыра қал, жақының екен, білдік... Жаның ашыса, Қапанмен тамыр қылма!

Үйде отырған қыздар да, келіншектер де ақсак қатынның сөзін ерсі көріп, беттерін шымшыды. Сақып жыларманға келді. Құләштің жақындық намысы қозып, күйеуіне қарап қаты-қатты сөйледі:

— Осы топтың ішінде қарындасыңың не бар мінін айттырып алайын деп отырсың ба, шірік неме? Ана көк айылдың аузынан қанын келтір! — деді.

Құләштің байы Бөркей дейтін, көп үнде мейтін, мінезі томырық жігіт еді. Қатыштың сөзі шымбайына батып кетіп, ақсак қатынды тұра жүндеді. Өз жаулығын өзі айрып, бес саусағын бетіне салып, ақсак қатын ойбаймен үйді басына көтерді. Жұрт үрпиісіп қалды. Жүгіре басып ентігіп Жамакта кедді. Ай-шайға қарамастан, шеткерек тұрған Қапанды қолындағы таяғымен басқа салып өтті. Абайсызда тиген таяқ Қапанға оңай соқпады, Қапан есі ауып, жерге отыра кетті. Сақып бұрын ойласа да, талып құлаған Қапанды көрген соң, ойбайын салып келіп құшақтай алды. Жұрт бетіне су бүркіп, біраз жатқаннан кейін барып есін жиды.

Қапан есін жиғанда, үйде екі-үш ақ адам бар еді.

VI

Күземде болған тәбелес әңгімесі қоюлана бастады. Көп ішінде қызын масқаралағаны үшін Әблілбай, Әблілбайдың туыскандары Жамакпен араз болды.

Оның бер жағында, Қапанның басы жарылып қалған соң, істі жолға жіберіп мұдіртіп жүре ме деп күн бұрын қамшылау үшін, Жамак атқа мінді. Пеле баққан адам-

ның табатыны Байбол ғой, бұңда оған барып әңгімені бастаң-аяқ айтты. Сөз қызға келгенде:

— Әбілбай жасырын сөйлесіп, қызыш Қапанға бермекші болды. Саған түнеугі айтқаны алдау, — деді.

Әдейі адам жібергенде бермегеніне Байбол бұрын да кектеніп еді. Оның үстіне, мына **Жамақтың сөзін** есіткен соң, мұлде ашуға мінді:

— Қазірде әйел үрғаннан жаман нәрсе жок. Бұл қылмыс заңының 507-статьясына жатады. Ол статья бойынша, үрушы бес жыл түрмеге жатады. Аман болса, Әбілбай мен Қапанның басын түрмеде шірітейін, — деді.

Дау іздеген Жамақ пар атын жегіп, **Байболды** арбасына мінгізді: қатынды докторға алып барып, бетіне түскен таңбаны **көрсетті**. Ерсілі-қарсылы он шақты күн **жүріп**, екі атын бірдей арықтатып, ақырында арызын беріп, үйіне кірді...

Жамақтың істі сотқа жіберуінен Әбілбай да, Әбілбайдың жақындары да кек алайын дейді. Байболдың ашулы екенін сезісті. Байбол араласқан ісін қара болса да үске **шығаруы** мүмкін. Мал бағып, ошактың үш пүтинаң **сұрап** отырған шаруаға мезгілсіз кезде жауап беруге қалаға бару да онай ма, сондықтан бұлар да елдегі законшіктің бірі Балқаймен сөйлесіп, Қапанның жарылған басын докторға бұлар да көрсеттіп, Жамаққа қарсы дау қылмақшы болды. Бірақ мұны істеу үшін **Сақыпты Қапанға** беру керек. **Сақыпты** беру мәселесі қозғалғанда, Әбілбай шын сөзін айтты:

— Жас бала болса да ауызға іліп кетіп отыр. Пөленшемен жүріпті деген **атақтың тағылғаны**. Енді одан қашып **құтылуға** болмайды. Сақыпты беруге **қарсылығым** жок. Бірақ мына Байбол қанды түяқты адам еді, қазір Жамақты қолына үстап, қүшейіп отыр ғой. Нак осы күйінде қызымды Қапанға берсем, жоқтан пәле тауып, басымды сотқа іліктіруі мүмкін. Сондықтан әңгіме **аяғы басылғанша** сабыф етелік, — деді.

Бұған Қапан да **көнді**. Тиісті адамдарына бұлар да жолығып, Жамаққа қарсы арыздарын жолдады.

VII

Ноябрь іші, күн жылы-шуақ. Қарашаның қары аз күн жатып еріп кеткен. Шалдар «**биылғы** күз үзак болар» деп аңыз қылышады. Ел адамдарының қолы **бос**, үзакты күнді әңгіме іздең кыдырумен **өткізеді**. Кол босағаннан бергі

елдің қызу кірісп җүрген әңгімесінің бірі сайлау жұмысы еді: биылғы сайлауда Байбол ауылнай болмақшы. Ел ақса-қалдарының бірсынырасымен сөйлесіп, олардың ризалығын алғып та қойған. Өз ойынша, әңгімені бітті деп есептеп еді. Бүгін сол ойының аяқталатын күні. Кеше сайлаушы келіп, бүгін Көрекең ауылына жүртты жиып отыр. Ел ішіндегі арқасына мінуге жарайтындардың көбі сайлауға келіп отыр. Сайлаумен жұмысы жоктардың көбін Байбол әдейі шақыртып алған. Сайлау талас болып кете ме деген қаупі де жоқ емес. Оның үстіне, сайлауға келген жігіттің сыңайы келіспейді, Байбол екі ауыл бірдей үйіне қонаққа шақырса да оған бармай, мектеп мұғалімі Қасеннің үйіне барып түскен. Жүрт бұдан өздерінше мағына шығарып, ауылнайлықты Көрекең ауылына байладап кетпесе игі еді дегенді де айта бастаған. Өйткені сайлауға шыққан жігітті Қасен мұғаліммен таныс екен деген лақап бар. Ол рас болса, мұғалім бурмалап, өзіне тән адамды сайлатады дейді. Міне, осы жөнді ойладап келіп:

- Эй, мұғалім бұлдіріп жүрмесе игі еді, — деседі.
- Мұғалім кімді сайлатады екен, білесіндер ме?
- Кімді сайлатсын, күндіз-түні соңына еріп жүрген Қапаны бар ғой, соны сайлатар.
- Қапанды?!

Қапанды ауылнай қылады десе, бұл отырған жүрт иманы түршігетін секілденеді...

Көрекең ауылы ығы-жығы адам: шеттен келгендер аттарын иіріп байладап тастанап, екеу-екеу жекеленіп сөзге кірісп жатыр. Елдің арты өлі келіп болмаған. Сайлаушының әйелдерді де «шақырт» дегенімен, ауылнай жақын ауылдың әйелдеріне де хабар айтқан екен, көріксіз жайдак арбаға тиеле мініп, шағаладай болып әйелдер де келе жатыр.

Топтанған аттың жел жағында, ішінде Байбол бар, он шақты кісі сөйлесіп отыр. Бері де елдің сұбе билері. Ауылнай л ықты Байбоддың қанжығасына байладап, басқа орынды мүші қылып бөлгелі отырғандар. Жебелі қара кісі тымағының он жақ құлағын жымқырап алғып сөзге кірді:

- Адам болам деген жастың алдына шығып көргеніміз жоқ. Байбол талаптанған екен, бұған да бол деп отырмыз. Бір ауылнай ел болғанмен, құрама секілдіміз; ішімізде арғын да бар, жаппас та бар, керейіт те бар. Орынның

бәріне алдымызды сайлай берсек, «мүшениң бәрін қыпшак өз бауырына басты» деп олар мінеп жүрер. Сондыктан Байбол ауылнай болса, «кәндилатын» жаппасқа берейік. «Песірін» арғын алсын, біреуін сайлай жатар, — деді.

Бұл кісінің сөзіне былайғылары бөгелгендей болса да, бақылаушы кісі карсы сөйледі:

— **Қыпшак**, сендердің мазактарың қалмайды, бізге ылғи ойдан **шығарғандарыңды** бересіндер. Мүйіздерің **шығатын** болса, баяғыдан бері болып келесіндер **ғой**. Ауылнайлықты бізге де бір ұсынсандар қайтеді? — деді.

Бұл **Көрім** еді.

— Әй, жөнсіз, шіркін, ұсынғанда кімді сайламақсың?

— Кімді сайлайтынымызды өзіміз білеміз. Байбол сияқты біреу бізден де табылар.

— **Байғұс-ау**, **Байболдың** жолы басқа **ғой**. **Байболдың көзі** қарақты. Басты кіслермен **таныстығы** бар. Елге салық түссе де я басқа бір ауыр таян жұмыс болса да зиянын **көрмейміз ғой**.

— Зиянын сен **көрмессің**, біз **көріп-ақ** отырмыз. Қитетсе, тізе **көрсетеді**, ортамыздағы жесірімізді **тал түсте-ақ** сатып отыр **ғой**. Байбол ауылнай болса, мұлде үйтіп жеуден **тайынбас**.

Байбол ашуланыш:

— Әй, сен, кімді айтып отырсың? — деп жүгініп алды.

— Сені айтып отырмын!

— **Бөлем, арғын, құтырайын** деген екенсін!..

Сөз ерегіске кетті. Жебелі қара кісі кіжінді:

— Ай-қай, баяғы дәуреніміз-ай, мұндайды қарсы келгенде тіліп алушы едік-ау! — деді.

Екінші біреуі оның шашпауын көтере сөйлеп:

— Сайлаушы төрені арқаға таңып істеп отыр **ғой**, — деді.

Сайлаушы төре жүрт **көзіне** шешілмейтін бір жұмбак болып қалды...

Көрекең албары **сығыса толған** адам. Ауылнай **жүгіріп**, бәйек боп ортаға стол қойып, бұлініп жүр.

— Торе **келе** жатыр, — деген дауыс естілді.

Ұзын бойлы қара жігіт қолындағы папкасын өкең столдың үстіне қойды. Қасен мен Қапан бірге **ере** келіп, столга жақын жерге отырды. Жүрттың көзі **төреде**, Байбол

жағы Қапанға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отыр.

Сайлаушы ауылнайға мәжіліс аш деп еді, қалай ашуын білмеймін деп, ауылнай шегіншектей берді. Сайлаушы мәжілісті өзі ашып, мәжіліс басқарушыларды сайлауын өтінді. Қасен бірден Қапанды атады. Екінші жақтан біреу Байболды атады.

Сайлаушы:

— Мәжіліс ағасы Қапан, хатшысы Байбол, — деп жариялады.

Қапанның Байболдан жоқ жерде жоғары шыққанына жүрттың бірсыптырасы таңданды. Бірсыптырасының іші күйіп, көнілдеріне шәк ала бастады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе — мемлекетіміздің ішкі-сыртқы күйі туралы еді. Бір жағынан, мәселе жүрттың үтіміна терең болған соң, екінші жағынан, өкіл сөзге олақ болғандықтан, бұған көніл қойып тындаушы жан болмады. Жұрт өзара сыйбырына кірді. Үсқақ дейтін кесір сөзді біреу **Байболды сықақ қыла:**

— Байбол қанша тыраштанса да, **Қапанға хатшы болудан артыққа бара алмай жүр екен гой, — дейді.**

Байбол жағының бір жігіті мұның өзілін шам көріп, қатты сөз айтады. Екеуі ерегесіп, дауыс шығарып бокта-суға айналды. Баяндамашы сонымен «герман үкіметі...» дей бергенде, Үсқақтың «әкеңдің аузын...» деп біреуді салып жібергені көрініп қадды. Жұрт ойпаң-тойпаң, боктау, арашалау, кімнің кімге жақ екенін айырып боларлық емес...

Жанжал зорға дегенде басылды. Байбол Үсқақты өкілдің алдына жетелеп өкеліп:

— Мынау жиылыста төбелес шығарды. Бұл — контр. Протокол істеп, мұны түрмеге айдау керек! — деді.

Баяндама аяқталмай қалды. Жұрт асығатын болған соң, бірден сайлауға кірісідді. Өкіл сөз алышп, сайланатын адамдардың тізбесін оқып шықты.

— Төрағасы Қапан Жаманбай ұлы, мүшелері Ерім ұлы Көрім, Жақай ұлы Құлабай...

Байбол ұшып тұрды.

— Сайлау еркі халықтың өзіне берілу керек. Бұл тізбедегі адамның біріне де риза емеспіз! — деді.

— Риза емеспіз! — ауқым жағы шулап қоя берді.

Өз жағының адамын атаған соң, Қисық жағы жым болып, үндемеді.

Барлыбай дейтін мырза бөркін қолына алып, жүгініп отырып сөзге кірісті:

— Сайлау жұмысына бұрыннан таныспыз **ғой**. Мұндайда ақсақалдар ымырасымен іс істеуші едік.

Әкіл оны иекке алып кетті:

— Сіз байсыз **ғой**?

— Күн көргіштігім болмаса, **байлығым** жок.

— Малайың бар **ғой**?

Барлыбай үндей алмай қалды.

— Сайлау ісінде сіздің жұмысыңыз **болмасын**. Өзініз кейінрек отырыңызы, — деп оны тұжырып тастады.

Аяқ алысын **байқаған соң**, басқалар үндей алмай қалды.

— Ал осы тізбедегі адамдар сайлансын дегендерің қол көтеріндер!

Әйелдермен қоса санағанда жұз жиырма адам қол көтерді.

— Кім қарсы?

Сексен адам қарсы болды. Бері де **ауқым** тобы екені анықталды.

Байбол **тағы** тұра келді:

— Сайлауға әділшілік жоқ. Тізbenі ел көрсетіп отырған жоқ, ол — бір; екінші — сайлау Қисыққа **қараған елде** болып, олардың әйелдері қатынасып отыр. **Біздің** елдің әйелдері шакырылмай, үйде қалып отыр, сондықтан копия алып, ізденеміз!.. — деді.

Бірен-саран жігіттер гана Байболдың **шашбауын** көтерген болды. Көпшілік **жағы**: «Жау кеткен соң, қылышыңды бокқа шап» деген гой» деді.

Қапанды ауылнай қылышып, жиылыш тарады...

VIII

Қаланың өзен жақ тар **көшесімен** қаздай **шұбырып** үш адам келе жатыр. Үмырт қаранғысы. Көше қойыртпақтанған батпақ, кейде аяқты ұстап жібермейді.. Ерсілі-қарсылы жүрген адамдар сиырдың ізіндей гана соқпақ ізбен шұбырып жүреді.

Көшенің мүйісіне келгенде, батпақ бұрынғысынан үдеді. **Алдыңғы жағында** келе жатқан Байбол еді. Үрсылдалп терлеп, бөрікті қолына алды. **Күлімсіреп**, арт **жағына** еңге-

зердей имиген, қыр мұрынды қара орыс мұрты тікірейіп, Байболға тақалып тоқтады.

— Эй, Иван-ай, тіл алмайсың-ау, дайын тұрған паратқа мінсек қой, әлгіде зырқырап келіп қаламыз.

Иван да құлімсіреген тәрізденді. Бірақ атқа мінуге қарсы екендігін тағы қайырып айтты:

— Жарамайды, осы күні біреуді біреу бағып жүреді, көзіне тұстік дегенше, сөзге қоса бастайды, — деді.

Ең артқы қаба сақалды қара кісі еді. Басындағы жалбайы мильтанып, буы бұрқырап терлеп, ентіккендей болып тұрды. «Төрелермен» сөйлесуге өзін лайық кермесе де, бақытымды сынап көрейін дегендей ептең қана үнін шығарды:

— Ойпырым-ой, жердің түбі екен ғой, — деді.

— Ауылнай болатын адам мұндан жүрісті көпсінбеу керек, — деп Иван оны тәлкек қылып қойды.

— Иван дұрыс айтады. Тегін жатқан нәрсе бар ма? «Мехнаттанбай, рахат жок» деген ғой, — деп Байбол көтеріп қойды.

Іздеп келе жатқан жерлері бұрыштағы тас үй екен. Маңдайында жылтыраған электр оты жалғыз көзді пері секілденіп тұр. Бұлар төніп есікке келгенде, үйқыдан маужырап тұрғандай біреу тәлтіректеп шығып, екпінімен ауылнай болғыш мұфсаны иығымен қағып өтті. Мырза сескеніп, қорқып кетті. Байбол онымен байланысайын деп еді, мырза араға түсіп, әңгімені басқанша асықты.

Үй іші толып жатқан бөлме. Гу-гу әңгіме. Сылдыраған шынының даусы, кірген қарқында мырза таң қалып, анырайып аузын ашты. Байбол бәрімен таныс секілді. Жүгіріп ана бөлмеге бір, мына бөлмеге бір барады. Бұрыштағы бір кішкене бөлмеге үшеуі келіп отыфды. Жалаңдаған жас жігіттер бәйек болып жүгіріп жүр. Э дегенше болмай столдың үстін шыны қаптап кетті.

Иван мырзаны иыққа қағып:

— Баяғыдан бері жиғаныңның иглігін көр, өйдә, іш, — деді.

— Ал ендеңе, байдың жолының болуына ішейік, — деп Байбол стақанын көтеріп алды.

Бұрын ішіп көрмеген нәрсесі болса да, бай тартына алмады, ішпесе, қонағының көңіліне келетін секілденді. Бастапқы кезде пиваның күрмек дәмі ауызға білінсе де,

ішे келе үйренді. Шыны артынан шыны алмасылды. Байықылық атып, басы айнала бастады.

Тұнгі сағат 12-де үшеуі тенселіп тысқа шықты. Бұрышты орала бергенде, байдың аяғы тайып кетіп, батпакты сүзе құлады, бет-аузы қап-кара балшық болып, сүрініп-қабынып тұрып жатыр:

— Байбол, — деді.

— Әу.

— Іс реттелетін бе?

— Біз кіріскен соң, іс реттелмеуші ме еді, Қапанды түрмеге тықsam, ісін сagan альп берсем, одан артық не керек? — деді.

IX

Кешкі мезгіл, үй іші қара көлеңке. Бұрыштағы сандықтың үстінде Қапан домбыра тартып отыр. Теректен істеген ақ домбыра сабаған сайын безілдеп, әлдекайдағы күндерді еске түсіріп отыф. Өмірдің қайғылы кезі еске түскенде, домбыра мұнды күйге түсіп, жыламсырап, қуанышты күндерді ойлағанда, аспанға шарықтап, бұлбұлдай сайраған секіді болады...

Қапан не көрмеді, екі жастан жетім қалып еді; екі-үш жыл кісіге жалданып, інісі ер жеткен соң, жалдануды тастап, үйінде отырды. Жұмысқа қыры болмады. Ертеңдікеш айналдыратыны ақ домбыра еді. Ауыл көршілері Қапанды ұнатпай қарап: «Кедейдің кербезінен сакта» деп мысқылдай күлуші еді. Қапанның ол кездегі ісіне қарай олардың құлуте жөні де бар еді.

Қапанның азырақ түзеле бастағаны бұл ауылға Қасен мұталім болып келгенінен былай қарай еді.

Ел себепкер болды ма, қаладан келген сайлаушы себепкер болды ма, әйтеуір, ойламаған жерден Қапан ауылнай болды. Бір жағынан, ауылнай болып, екінші жағынан, өзінің сүйген қызын алып, осы соңғы төрт айды Қапан қызықты түрмиспен өткізді. Бұрынғы қайғының бері де қойылған тәрізді. Алдағы өмір бұдан гөрі де қызықты болып өтетін тәрізді...

Ауылдың көзінде өзінің беделі өсейін деді. Кедей-кепшіктің Қапан ауылнай болғаннан бері белі көтерілейін деді.

— Үкімет өзіміздікі, ауылнай өзіміздікі, бәлем, байлар енді көзінді ашып қара!.. — деп, Көрімнің даусы бұрынғыдан да ашық шығатын болды.

Ауылнайдан қорқып үрпийп, соған жарамсақтануға асығатын ел шаруалары Қапан ауылнай болғаннан былай еркін дем алыш, Қапанды өзімсініп, кенес жұмысының не екенін сезіне бастады.

«Бізге калган не сөз бар? Бізді кім елейді?..» деген сияқты үмітсіздікке салынған жас жігіттер де, Қапанның жоқ жерден ауылнай болып кеткенін көрген соң, жігерлері көтеріліп, өңгімеге бұлар да үйірлесе бастады. Жұмыстан қолдары босаса, Қапанның үйіне жиналады. Жастардың бастары құралса, Қасен олардың ортасына келіп газет, журнал оқиды; жастардың жігерін өсіре сөз сөйлейді. Сөйтіп жүріп он шақты жігіттің басы құралып, кешкі мектеп те ашылды. Сауатсыздар мектебіне кіріп, бірен-саран әйел де оқи бастады. Оның бірі Сақыш еді. Үйінде жүргендеге ынжыктанып, кісі бетіне қарауға ұялатын қыз, мұнда келgelі ашылып, Қасеннен оқып хат тануға да айналып қалып еді...

Бірақ әлдекалай жалғыз отырып ойға шомса, қызықты өмірмен қатар Қапан алдағы өмірінде қорқынышты да сезгендей болады. Әлдекім мұның істеген ісін аңдыш жүріп, кезінде шалып қалатын секілді болады.

Ауылнай болғанына терт ай. Терт айдың ішінде Қасеннің нұскауымен Қапан көп істеді. Бұрынғы ауылнайларға қарағанда, ел кедейлерінен мақтау алды. Бірақ жақсы ісімен қатар бірер білместігі де бодды. Қапан оны Қасенге айтса, сөз жоқ, істептейтін еді.

Ауылнай болып іс алған соң, Қапан өзін ірі кісі болдым деп ойлап еді, ел арасындағы жұмысқа ылаумен жүруді лайықсынбай, Үрысбай деген байдан барып аттың майын сұраған. Үрысбай қандай қу адам. Бұрын есігінен қаратпай жүрсе де, ауылнай болған соң, ескі күйін бірден өзгертіп, қадірлеп төріне шығарған. Бұрын «қанғырған неме қайдан келді» деп жиырылатын бәйбіше де бұл жолы Қапанды ашық жүзбен қарсы алып, «қайным» деп өзілдескенде, Қапан жұмысын айтқан соң, бай бірауыз сөзге келмestен: «Жылқының мандай алды еді, саган беремін» деп тор төбел атты берген. Атты нокталап бергелі тұрғанда, Үрысбайдың інісі қалтасынан бір қағазды алып: «Ертең базарға жүрмекші едім, мал сататын едім, мынаған мер басып берші» деп, бір қағазға мер бастырып алған.

“ДІЛДІРІССЕМДЕРДІК”

Атты үйіне әкелген күннің ертеңінде-ақ: «Қапан ауылнай болмай жатып пара алуға айналды» деп ішінде күңкілдеушілер де табылды. Әңгіменің шет жағасын Қасен естіп, Қапанға ренжіп: «Жаяу жүрсөң де, Үрысбайға жоламауың керек еді. Үры ұстайды деген сыйыс бар, енді сақ бол» деп ақылын айттып еді, Қапан сол жерде мер бергені есіне түсіп, не қағаз екенін оқып барып мер баспаганына өкініп, санын соғып еді. Содан бері жатса-турса ойынан қалмайтын. «Үрысбай баласына берілген мер, үрльгұ мал болып, иесі табылып қалыш, жазалы болып қалам ба» деп ішінен ойлап, үрпиеді де жүреді.

Кешкі қараңғылышта отырып ойға шомған соң, Қапаның ойына осы мер келіп түсті. **Бұрынғыдан** бетер қорқынқырап: «Егер біліне қалғанда қайтер едім? — деп ойлады. — Кеңес үкіметі кедейдің үкіметі ғой, менің бірер істеген қатемді кешпес пе? Әлде басқаларға үлгі қылу үшін, ел арасында бұзықтықтың тамырын жою үшін, біліне қалса, шынымен жазаландырар ма екен?..».

...Мектеп үйі, **сығырайған** кішкене шам. Есік жақтағы байлаулы қозы, лақ, бұзау бырт-бырт күйсейді, ыныранып қасынады. Дала жел, **жазғытұрғы** қара сұық. Жел екпінімен терезеге әлденелер келіп тырсылдатып тиеді. Жел **сызғырады**, аш қасқырдай үлиды. Кою қараңғылышты жамылып, адам өмірінің келешегіне атпас таң өзірлеген төрізденеді... Әлдекайда лапаста ма, әлде қой қораның төбесінде ме, үйлыққан иттердің маңына бара алмай, ақсақ құтпан үлиды. **Ұлығанда**, аянышты даусын неше құбылтып, үзіліп үлиды. Қазақ өдетінде ит үлудан жаман не бар? Ауылды ма, әлде ауылдағы бір аяулы адамды ма андып тұрған пәле бар ма? Әлде өзірейіл қармағын дайындалап, бір сырбаздың жанын тартқалы тұр ма?!

Үстелге сүйеніп, көзі үмітсіз мөлдіреп, Қапан ауыр **ойға** батып отыр. Аз құнгі қызық көргені түсі секілденіп, енді шықпас шыңырауға батып бара жатқан тәрізді... Жел үлиды, табиғат та, жан макұлық та Қапанға келетін бір ауырмалықты сезіп, бері де жыламсырап, аяушылық **қылған** секілді.

Қапан күрсінді, үйқысынан **оянған** адамдай жан-жына қаранды. **Жанындағы** Қасен тұнжырап, ескі істерді актарып отыр. Бірінен соң бірін аударады. **Қапаның** қолы

қойылған мөрлі қағаздар көзіне түсіп жок болады... Мұны неге аударады екен?.. Қапанның тағы бір қылмысты ісін тапқалы отыр ма? Әлде Қапанға келетін жаманшылықты жоюодың бірер шарасын қарастырып отыр ма?..

Қапан төзіп отыра алмады:

— Енді қайтеміз? — деді.

Қасеннің ойында да осы сұрау еді: «Енді қайтеміз?..»

— Өзі қалай болған екен, сен ашып айтшы, — деді Қапан.

Қасен алдындағы қағаздарды азырак жия түсіп:

— Әңгіме биылғы Үрысбайға берілген морде болып отыр ғой, — деді. — Сол ат үрлық екен ғой. Оны мына Сәрсенге сатқан екен. Байбол тіміскілемей жүре ме. Түбі шикі екенін біліп, керейден бір кісі өкеліп ие қылған көрінеді. Куәсі Жамақ дейді.

— Үрысбайдың інісін де үстай ма екен?

— Үрысбайдың інісі үсталар ма, Байболмен ауыз жаласып «сенен сатып алдым» деп жауап берген көрінеді.

Қапан бұрынғысынан да жаман үрейленді. Айналасының бәрін жау қамап, шыга алмастық үйіққа батқан төрізденді. Жан ұшырып, кейіп кетті.

— Апырым-ай, менің үрлық қылмайтындығыма, менің сол атты сатпайтындығыма бүкіл ел куә емес пе?! Сен өзің де соған куә болмайсың ба? — деп Қасенге қарады.

Қасен куә болады ғой. Бірақ іс Қасенге тіреліп отыр ма? Ертең сот бола қалса, «мөрді неге бердің демей ме». Соған беретін жауап Қасенде де, Қапанда да жок қой...

Екеуі де сөзді доғарды. Екеуі де терезеге көзді қадап, ызғарлы желдің сызғырғанын, аксақ құтпанның әлдеқайда көмескі дауыспен үзіліп ұлығанын тындалады... Істің ақыры немен бітері белгісіз: жол тауыш шыға ала ма, әлде мәнгі адасып кеткен бойымен кете бере ме, ол жағы қараңғы секілденді.

X

Қапан ұсталып, түрмеде төрт ай жатқаннан кейін сот болды. Сотқа куә болып Байбол, Үрысбай, Жамақ жағынан оннан аса адам келді. Қапанның ауылдастарынан, қайын атасы Әбілбай жағынан жан келмеді.

— Егер куә болып аттап басушы болса, Қапанмен қоса түрмеге тықтырам! — деп Байбол күшті соқса керек.

Сотта Қапанды жақтап жалғыз-ақ Қасен шығып еді,
Байбол жағы көптеп бүктеп кетті.

— Өзі үрлықтас, олжалас болған соң қорғап тұр, — деп
Байбол шап берді.

Сот қуәлардың төндіруімен, үры деп тауып, Қапанды
үш жыл тұрмеге салуға қаулы алды. Қапанның кедейлігін,
бұрын сотта болмағандығын еске алып, жазасының бірсыты-
расын кешті. Бірақ бұл хабар елге «Қапан тұрмеде он жыл
жататын болыпты» деп тарады.

Қапан ұсталғаннан бергі өмірін Сақып жылаумен
өткізіп келіп еді. Енді мъгяа «он жылға жататын болыпты»
деген хабар естілген соң, мұлде дағдаруға айналды.

Әке-шешесі күн құрғатпай келіп, Қапан ұсталғалы
үйіне шақырумен болды. Ондағы мәнісі Қапан ұсталып
кеткен соң, Байбол Әбілбайға кісі салып: «Сыйынған
құдайын тұрмеге тықтығм. Енді Әбілбаймен сөйлесем, ма-
ған дос болам десе, ана қызын азғырып маган алып берсін;
болмаса, менен жақсылық күтпесін» депті. Әбілбайдың
жақындары бері де көлеңкесінен үркіп отырғандар: «Кайт-
сөң де Сақыпты азғырып алып бер. Бір қыз үшін басы-
мызға пәле тілеп ала алмаймыз» деп қысыпты. Екі жақ-
тап қысқан соң, әке-шешесі сасып, Сақыпқа барады. Жы-
лап отырып жайларын айтЫП: «Тұбінде көре жатарсың,
әзірге бізді пәледен құтқара гөр» деп жалынды.

Сақып әке-шешесінің бұл өтінішіне баста қарсы болып:
«Дүниеден қанғырып өтсем де, Байбол босағасын көрмеймін»
десе де, Қапанды он жылға жататын бодды деп есіткен соң,
не қыларын білмей, сасады. Сақыпқа сүйеніш болатын жа-
нашыр Қапан да жоқ. Енді не қылмақ керек? **Кімте** ақыл-
даспақшы? Апрым-ау, қызығылышты өмірдің шынымен кер
айналып кеткені ме? Қапанмен қосылғанда өмірлік бақыт-
ты бодым деп **ойлаған** жоқ па еді? Сол бақытты бұдан
қызғанған кім?! Шынында, Сақып бақытты болуға, Қапан-
мен қосылыш қызықты өмір өткізуге лайық емес пе? **Сүй-**
меген, өмірлік жауы деп санаған Байболға қалай ғана өйел
болып бармақшы? **Жылаған** көздің жасын көретін кім?..

Сақып талды...

Әке-шешесі, жақын ағалары болып:

— Қайтсөң де **барасың**, — деп сіресіп отырып алды. Тіл
алмаса, көтеріп арбасына салып жіберулері анық еді...

ҚАЙНАҒА ӨТІРІК АЙТАДЫ

Досмағамбет ауылнай болып сайланғанда 8-ауылдың мазасы кете бастады. Бұрын Зәкір, Зілмандар ауылнай болып жүргендे үйезден, болыстан келген өкілдер ауылнайдың үйінде жатып жұмысын бітіріп аттанып кеткенін жүрт бір-ақ біліп қалушы еді.

— Ауылнайдың үйіне бір өкіл келген екен, сол Қалжекен үйіне түсіп, тоқты сойдырып жеп кетіпті, — деп бұл хабардың өзін де байдың үйіне қымыз ішे барған қыдырмалар естіп, елге солар жаюшы еді. Өкіл кім екен, неге келіпті, не бітіріп қайтыпты? Мұны керексінетін адам жоқ сияқты, өйткені еддің қарауынша, ондай өкіл елге керекті бір жұмыспен емес, әшейін қыдыру үшін, ет жеп, қымыз ішу үшін, ауылнайдың жұмысын тексеру үшін келеді.

Досмағамбеттің ауылнай болуы-ақ мұң екен, келген өкілдер ауылды аралайтынды шығарды. Бүгін біреу, ертең екіншісі келіп, ауылдың адамын жинап, ананы бір, мынаны бір сұрайтын болды. Кейбіреулері жылмандал, адамның іші-бауырынан өтіп, ауылдың жастарын өуейіледіретінді шығарды.

— Апыр-ай, осының өзі келіспеді-ау! — деп бірсыныра шалдар күрсініп, сақалдарын сипай түседі...

Осы Досмағамбет, жаздың бір едемі күнінде, ауыл ақсақалдары қымызға қанып көлеңкеде жатып, тыныштыққа жаңа кіре берем дегенде, Сәкең ауылын у-шу қылғаны!.. У-шу болмастық жұмыс па, ауылдың қыз-келіншегін жинап үтіттемек, сабак оқытуға жазбак, Артықбай дейтін бір собал осы ауылдан селсовет болып сайланып еді, сол Досмағамбеттен жаман діңкілдеп:

— Қыз-келіншек түгел жиналсын, бірі қалмасын, болыстан өкіл келді, соның сөзін тыңдайсың! — дейді.

— Бармаса қайтеді, — деп Демесіннің қатыны сұрау қойып еді.

— Бармасаң, протокол істейді, «под сот» кетесің, — дейді Артықбай.

— Ой, жағыңа жылан жұмыртқаласын, қағынғырдың сөзінің жаманын қарашы! — деп, бір қатындар Артықбайды қарғаумен жүр.

Бірак протоколдан қаймықса да, өкілдің сөзін тыңдауды еуес керіп, ауылдың жас әйелдері түгелге жақын жиналды.

— Бізді шақырған төресі қайсы! Е, мына біреу ме? Құжырайған біреу гой, — деп жас әйелдердің біреулері өкілді төлек қып жатыр.

— Жай шақырып па, келін?.. Масқара-ай, не сұмдықты көрерміз-ау, енді әйелді де тыныш отырғызбайын дегені ғой, — деп бір кемпірлер шүйкелеген жүнін шынтағына іліп алып, әркімнің аузына барып бір телміреді.

Көлеңкеде жатқан ақсақалдар, жігіттер, пысықтар, көйлекшең, дамбалшан, жалаң аяқтарына кебіс киіп, қымыз кернеген қарындарын сипай түсіп, ауылдың тұстұсынан олар да ағыла бастады. Дүйсенбайдың қиқайған кішкене үйінің көлеңкесі бұл жиналған адамның жартысы да сыйғыза алмады. Жиналғандардың көбі күн көзіне шақырайып, бірсыптыралары желендерін жамыльш, көлеңке іздеді.

Көзі ойнакшыған қара әйел ыстықпен быршып, мұрның ұшы тершіп, маңындағы әйелдердің бәрін ауыз жиғызбай күлдірумен болды.

— Қойшы, Биқасап, біреу естіп қалар, ұят-ты, — дейді бір әйел салмақты кісімсіп.

— Е, несі бар, бозбаланікі бозбала болсын, сақалы желбендең шалдарға не жок! Солардың бір жиылысына да барып көргеміз жоқ қой, өмірімізде көрген бір жиылысымыз екен, өзімізге жеке берсе қайтетін еді?! — дейді әлгі қара әйел Биқасап.

Шалдардың кейпі тұнжыраңқы, тыныш жатқан жерінен біреу еріксіз оятып әкелген секілді.

— Әлгі ауылнай қайда? Неге бастамайды жиылысын? — дейді біреуі қабағын кіжірейтіп.

— Бәйеке, асықпаңыз, әйелдердің елі келіп болмағаны бар, — деп Артықбай бір бүйірден қойып қадды.

Артықбай сияқтылардың Баймағамбеттерге басалқы айтуы қызық-ау. Бәйекен Артықбайға окты көзімен бір қарап, құдіретінен келсе, атып жібергендей болды.

— Келіп болмады деген не? Бірсыптыра жұрт отыр ғой, келмейтін қатындарды зорлап әкелмек пе? Бастасын әрі, жиылысын, — деп Кебекбай, жалаң аяғын соза түсіп, көсілді.

Дүйсенбайдың үйінен сылаң қағып Досмағамбет шықты. Отырғандардың жастар жағымен жымындастып қарасты да, шалдарға қарағанда жүзін сұыта түсті.

— Біз әйелдерді жинап отыр едік, шалдар күнсіп отырмаймыз десе, үйлеріне қайта берсін, — деді.

— Ау, мұның бізге кет дегенің бе? — деп Кебекбай онымен ілінісе түсіп еді, ауылнай именбей, саспай ғана жауап берді.

— Асыққандарға айтқаным гой, асықлағандарың кешке дейін отырам десендер де рұқсат!

— Да, тоба!.. Мұндай да сөз есіттік пе? — деді Баймағамбет отағасы күрсініп.

Үй арасын куалап соққан құйын Бәйекеннің сұлу сақалының үйқы-түйқысын шығарып, ауылнаймен қосылып о да мазақ қылған секілденді.

Ауылдық кеңес ағасы жиылдысты ашық деп жариялады да, болыстан келген өкілге сөз берді. Ашаң жүзді, акқуба жігіт портфелін сүйреп топтың орта шеніне келді де, «маган керегі осының қайсылары» дегендей боп, аларған көзімен тұнжырап отырған көпті сүзіп бір қарап шықты. Бетін әйеддер жағына бере отырып, портфелінен қағаздар шығарды. Шетке темен шашырап отырған әйелдер бірін бірі жеңінен тартып, өкілге таман төне түсті.

— Бай-бай, біздің ауылдың қатындары-ай, — деп қызыл шырайлы кербез әйел тыржып, далаға қарады.

— Бізді неге жазғырады, шақырған соң келіп отырғамыз жок па?! — деп Биқасаппен бірге отырған әйелдер күнкілдесті.

Өкіл сөзін бастады:

— Жолдастар! «Оқыған жарық, оқымаған көн шарық» деген нақыл да бар ...әрбір асбасшы әйелге дейін үкімет жұмысын жүргізе білсін» деп ұлы ұстазымыз Ленин өсиет қалдырган...

Өкіл оқудың маңызын бірсыныра түсіндіре келіп, осы ауылдан сауатсыздар мектебін аштындықтарын, соған өйел-еркегі қалмастан оқу керектігін, осы жиылыста оқимыз дейтіндердің тізімін алғатындығын айтЫП сөзін бітірді.

— Ал сұрауларың бар ма?

— Түсінікті ғой, бұрыннан түсініп жүрміз, — деп еркектер жағынан тәлкек қып күлгендер болды.

— Ау, осының өзі ықтиярлы ма екен, соны сұрандаршы, — деп шеткерек отырған жылтыр қара кісі өнештеді.

— Сұрасаң, тілің байланып отыр ма? ..

- Жоқ-ау, сұраганым ғой.
- Әбден ықтиярлы, зорлау жок.
- Ендеше, тоқал алған қатынның бар, келінім бар, екеуде оқымайды.
- Е, оқымайтының сіз қайдан білесіз?
- Енді, білгенім ғой. Мен айтқан соң, оқымайды ғой... Өкіл шіміркеніп, оған түсініс беріп жатыр.
- Жоқ, шырағым, зорлаймын десен, өзің біл, әйтпесе, оқымайды...

— Жолдас, мен бір ауыз сөз айтайын ба? — деді денелі келген қарасүр кісі.

Сұлу мұртың ширатып бұрай түсіп, көпке қарап құлім-сіреді:

— Ауыл біздікі. Осы ауылдың не ойлайтыны, не айтқысы келіп отырғаны бізге аян. Үкімет жұмсаған соң, келесіздер ғой, келгеніңіз әбден жақсы... Бірақ мен білген ауыл болса, мұның ішінен оқимыз деп құлшынып шығушы бола қоймас. Бір-бір қара сирақ баламыз бар, соларды оқытып алсақ та аз олжа емес қой... Солай шығар, шалдар? — деп ол жағалай қарап еді, алқа-қотан отырған еркектер жағы бірден көтеріліп, мұның сөзін қостап, араның үясындаған бол гуілдесті.

Әйелдер жағы жым-жъфт. Жаутандаған көздер кім не айттар екен, кімнің аузынан жылы сөз шығар екен дегендей бол біріне бірі қарасады.

— Осы әйелдер жағы неге үндеңей отыр? Айтсандаршы оқығыларың келмесе, оқымаймыз деп ашып айтындар, — деді Досмағамбет.

— Әйелдердің несін қысасың, олар не айтушы еді, — деп бір сұбе би ортадан киліккенше болмады, Биқасаптың маңындағы әйелдер күбірлесіп, біреулері Биқасапты итермелегендей болды...

Биқасап жауалығының жактауын кейін қарай ысыра түсіп, ілгері қарай бірер қозғалып алып:

— Қайнаға бекер айтады, біз оқымаймыз деп ешкімге сөз бергеміз жок! Оқытушы болса, неге оқымайық. Мына қатындардың бері де оқимыз деп отыр... Айтсандаршы өздерің, тілдерің бар гой, — деп Биқасап жанындағы қатындарға қарады. Ол қатындар қызырысып, біреулері жер шұқып, басын жоғары көтеруге жүзі шыдамайтын сияқты болды...

Ақсакаддар, кемпірлер, пысықсыған жігіттер ежірейісіп, самсаған ашулы көздер Биқасапқа қарады:

- О кім өзі?
- Бұл не деген көргенсіз?!
- Байы қайда?

Имек түмсық, қара қожыр жігітті бірсыныра адамдар іліп-қағып, тілдерінің уын қадап жатыр:

- Ау, сенің қатының адам болып қалған екен гой...
- Е, бәсе, біздің ауылдан да біреу шықсыншы!..

Қара бұжыр жігіттің самайынан сорғалаған тер бетін жуып бара жатыр. Жүрттың сөзі шымбайына батып кетті білем, шіміркеніп орнынан тұрып:

- Эй, қатын, жүр үйге! — деді.

— Немене, мені сағынып бара жатырсың ба? Жаңа гана үйден шыққан жоқ па ек?! — деп, Биқасап күйеуіне әзілмен жауап берді.

Ашуға тығылған күйеуі не істейтіндігін, жүрттың сөзінен қайтсе құтылатындығын нақ сол минутта ашып біле алмады. Ашуланған еркектің қатынын сабауы ресімге кірген сияқты жұмыс қой, ол осыған бой үрды.

— Экенің аузын!.. — деп, арбиған саусакты құшырлана түйіп, аузы ыржиып, үмтыла берем дегенде, бір күшті қол қеудесінен тіреп тұра қалды.

- Көзінді ашып қара, үра алмайсың!

- Неге үра алмаймын, неге тірекісің қеудеден?

Кеудеден тіреп тұрған Артықбай. Отыргандардың бірсынырасы Артықбайға түйлікті:

- Ау, сенің неден қимаң қышыды? Үрса, өз қатыны...

- Қатынды үрсын деген заң көрдіңдер ме?

— Бетім-ай, масқара болыппыз ғой, ерлі-байлы адамның арасына кіріп, — деп бір кемпірлер аузын қайыстай созып, беттерін шымшыласып жатты.

— Эй, Артықбай, жібер, үрсұгн... Қане, көре қадық, үра ғой, — деді Досмағамбет сұрлана түсіп.

Білек сыбанған батырың өлденеге бәсенсіп, жыларманға жақындаған адамдай кірпігі жыптылық атып, теріс айналып жүріп кетті.

— Бұларың не? Бұл не деген сүмдық? Біреуді шаптап. Осы шалдарды шақырған кім?.. Шақырусыз келген соң, тыныш қана отыру керек, — деп Досмағамбет бұрқырап, шын ашуға жаңа мінгендей.

. ҚДКС.

— Ау, Досмағамбет, ақырын, жалғыз өкім болған сен емес, — деп Баймағамбет сөз бастап келе жатыр еді.

— Отасы, сіздің би болғаныңызды білеміз. Ол билігіңіз Николай кезінде болмаса, бізге керегі жоқ. Біраз бұлдіріп болдыңыз гой, өзіңіз аман-сауыңызда барыңызшы, — деді Досмағамбет мұлде ашуланып.

— Ау, Досмағамбет-ау, кімге айтып тұрсың?

— Накмына кісіге! Барыңыз, отасы, қалжақтың орны бул емес. Тындаңыз. Әйтпесе, оку жұмысына кесел келтіргеніңіз үшін тиісті шара қолданамыз...

Өкіл жігіт сұрлана түсіп, Баймағамбетке көзін қадай түсіп, бір нәрсені жазғалы жатыр. Өзі өз болып жаннан қаймықпаған Баймағамбеттің жүрегі тап осы жерде тітіркене бастады. Әйткені көвшілік тына қалып, мұның сөзін сөйлеп жатқан ешкім көрінбеп еді, Баймағамбетті жазалауға ауылнай бірер жұмыс істеймін десе, мына көвшіліктің сыңайы соны қостап кетуден тайынатын емес еді. Көвшіліктің осы қалпын Баймағамбет тап осы жерде сезгендей болды.

Баймағамбет сүйретіліп орнынан тұрғанда, өріске беттеген түйедей боп бес-алты шал еріп бірге кетті.

Өкіл жігіт оқимын деушілердің тізбесін жазып жатьф.

— Қалампыр-ау, сені жазалық па?

— Күмісай, сені ше?

— Әлгі біздің жігітті де жазындаршы, — деді Биқасап құлімсіреп.

— Е, оның ашуланып кеткен жоқ па?

— Табысамыз ғой, ашында кек болмайтын...

Екі-үш күннен кейін Сәкең ауылында сауатсыздар мектебі ашылып, қырыққа тарта адам сабак бастады...

1925, август.

ЕЛ КҮЙЕУІ

Биғаншаның өлімі Жұматай, Сыдық, Байбосын үшеуіне айрықша батты. Жұматай — Биғанша марқұмның күйеуі, Байбосын — ішінен шыққан баласы, Сыдық — қайныларының ішіндегі ең жан сүйері.

Бұл үшеуінің қайғысы үш түрлі болды: Жұматай қатынсыз қалғанына, төсекте жалғыз жататындығына күйін-

ді; Байбосын мейірімді анасының құшағынан айрылған-
дығына өксіді; Сыдық шын сырласынан, жанынан артық
көретін адамынан айрылғанына қайғырды.

Биғанша марқұм дер кезінде өліп кетті: жасы жиырманың үшеуінде еді. Екі беті алмадай, көзі мәп-мәлдір қара, тал шыбықтай бұралған таңдаулы сұлудың өзі еді. **Биғанша Жұматайға** он төрт жасында қүйеуге шықты. Жиырмаға келгенше бой түзеу, қатарға кіріп адам болу дегенді ескерген жок. Ескермен себебі, біреуге өйел болып ти-
ген соң, бар міндепті соның қойнында жату, соның тілегін бұлжытпай орындау ғана деп білді. **Жұматайдың мінезі** де осыған еріксіз өкеліп салғандай еді. Жұматай өмірінде кісімен ашылып сөйлескен адам емес, қабағы жабылып, иығы салбырап, сүзектен тұрған адамша қатып-семіп тұнжырайды да отырады: қайғыға кездессе, құлап қайғыру-
ды білмейді, қуанышқа кездессе, тасып қуануды білмейді, ашуы келсе, шошқа құсан қорс етеді. Нақа бір жадырап кеткендей болса, аузын ыржитып күлгөн болады. Бірақ мұнысы да **нағыз күлкі** емес, **күлкі болғанмен** де, дені дұрыс адамның **күлкісінен** өлдекайда бөлек тұрады...

Басқаға қалай көрінетінін кім білсін, **Биғаншаға Жұма-**
тай тап осылай болып көрінді. **Биғанша Жұматаймен** бірінші қосылған күннен бастап осы мінезінің бәрін сез-
гендей болып, бұдан өзгеше мінез шығады деп ойлаған жок. Екеуі **тоғыз жыл** бірге **өмір өткізді**. Осы **тоғыз жыл-**
дың ішінде **Жұматай** **Биғаншаның жоғарғы** ойын түгелінен жарыққа шығарды да отырды. Бірдеме керек болса: «Әй,
қатын» дейді. Даусы күрр... ете қалады.

Ашуланса: «**Әкеңнің аузын...** Түбінді!..» деп жеті ата-
дан қозғайды.

Тұн болса, шам сөндіріп жатса, тұлкі **соғып** жатқаннан жаман **екірендеп** болады. **Жұматай** екірендесе, **Биғанша-**
ның денесі сұық су құйғаннан жаман мұздап, қалтырап кетеді. Бетке тиген демі **иттің** демінен де жиіркенішті: «**Әрі...** қой» деп айтатын дәрмен қайда, **Биғанша** демін ішіне тартып **булығып**, зорға дегенде: «**Байғұс** екенсін...
не болды? Тым болмаса үйдің іші үйіктасын да...» дейді.

...**Биғанша** езіліп, мұжіліп, өзін адам қатарынан шық-
қанға санап жүргенде, осы Сыдық кездесті. Сыдық кез-
дескенде, алыстан ат арылтып ізденеп келген жок, ауыл үйдің арасынан кездесті.

Кездесулері де қызық: неден басталғанын, қалай болғанын өздері де білмейді, екеуі өзілдесе кетсе, жүздері жайран қағып, сөздері жабыса кетеді, сөйтіп жүріп Биғанша Сыңықты ойынан тастамайтын болады.

Орта бойлы, қара бұжыр жігіт. Оң жақ бетінде тыртық дағы бар. Көзі қысықтау. Мұрны қолағаштай үлкен де емес, таңқиған қысқа да емес, орташа. Жебелі келген мұрты бар, өзілқой, сөзшеш. Домбыра тартып, аздал өлең де айтып жібереді. Той-томалақта күреске шығып, өзі қатар жігіттерді жығып, бәйге де алып жүр. Ауылдағы бірқатар жас жігіттердің ішіндегі көрнектісі осы деуге болады. Бірақ Сыңықтың әйелі тең болып кездеспеген қара қожыр, атжакты, еңгезердей — ерек пішінді адам. Жас адамның әйелі екем деп имену жоқ, сампылдал сөйлеп, үйден үйге жүтіріп өсек тасиды. Сыңықтың қатыны туралы сөз қылғанда, жүрт: «Бір үйге қыдырып барғанда, қатыны үстіне келсе, Сыңық ұялып шығып кетеді екен...» деп өсектейді.

Шын жақындық осыдан былай басталды. **Биғаншаның** өмірінде бұл бір жарық таң болды. Биганша қайта жасап, жастық дәуірін өткізуғе енді кіріскең сияқты болды. Күн сайын құлпырып, ажарланып, бойы-басын түзеп адам болып, қуанып кетті...

Абысын-ажынның өсегі ұлғайғаннан ұлғайып, шет жағасы Жұматайдың құлағына шалынды. «Жұматай есітсе, я үрып өлтіріп тастар, я айырып жіберер» деп ойлайтын еді **Биғанша**, бірақ Жұматай мұны іstemеді.

— Ит, сен неге ойнас қыласын? — деп тұнеріп келіп, қамшымен тартып-тартып жіберді, **Биғанша даусын шығарып** жыламады, үрма деп жалынбады да...

Кешке шам сөндіріп жатқан соң, Жұматай бұрынғысын бастады. Аймалап сүйіп, өзіне қарай тартты. **Биғанша** ішінен тынып, ернін тістеумен болды: «Мына шіркін малмен бір төрізді екен ғой... **Біле-көре** мұнысы несі!..» деп ойлады.

* * *

...**Биғанша**, Жұматай, Сыңықтың арасындағы бір-біріне байланыс, жақындық түрі, міне, осы еді.

Осы күймен жүрген **Биғанша** марқұм болды. Жұматай қатынсыз қалды. Сыңық шын сүйіскең жүректен айрыл-

ды. **Жұматайға** Караганда, Сыдықта қайғы денірек. Бірак Жұматай олай деп ойлаған жоқ: «Сыдықтың жұбаныш қылатын қатыны бар, менің сорым қайнады-ау» деп ойлады. **Жұбаныш қылатын қатын** болса, **Биғаншаны** ойламайтындығы, оның өліміне қайғырмайтындығы анық еді.

...Жұматай қатын алудың жабдығына кірісті. Откен-кеткеннен сұрастыра бастады. «Пелен жерде бой жеткен қыз бар екен» деген хабарды айтқан адам Жұматайдың бес биесінің қымызын тойғанша ішетін болды. Қыз қандай, сұлу ма, ақылды ма, өнерлі ме? Әлде ақсак, таз, соқыр, мәжнүн бе?... Жұматай ол жағынан қазбаламайды, «бой жеткен» десе, соған қанағат қылады.

Бойжеткен қыздардың бірнешеуін айттыра барды, бірінің де сеті келмеді. Қыз өкесінің беретін жауабы қысқа:

— Ерік қыздың өзінде, зорлап бере алмаймыз!

Бұл сөзді есітсе, Жұматайдың жыны келеді. Корс етіп, теріс айналып кетеді. Атына мініп, еліне сыйзады. Замандастары сұраса:

— Реті келмейді, ерік қыздың өзінде екен, өкесі билеп бере алмады, — деп күнк етеді.

— Ерік қыздың өз басында болса, тіпті жақсы емес пе? Өзімен сөйлесіп, үйлесіп, малсыз өкете қою керек қой!.. — деп замандастары кеу-кеулейді.

Жұматай жақтырмай, ондайға ала көзімен карайды. Қызбен үйлесу деген не? Өкесі берсе, мал беріп айттырса, некесін қидыфып, төсегіне өкеліп жатқызса, «үйлескен» деген сол емес пе? Осыдан басқа «үйлесуінді» Жұматай білген емес. Жұматай болып жаралғалы қазір жасы отыздың алтауына келіп отыр екен. Осы жасының ішінде үйлесу дегенді бідді ме екен?! Үйлесу былай тұрсын, қызға қарап бір ауыз сөз айтып көрді ме екен?!

Жұматай үш ай қатынсыз журді. Катынсыздықтың зары өтті. Бір күні салбырап Сыдықтың қасына барды:

— Жай жүрмісің, Жұматай?

— Жай емес қой... **Не** қылмақшы ем... нетіп... — деп бірсыптыраға шейін ойын ашып айта алмай тұрды.

Сыдық түсіне қалды.

— Қатын керек-ау, сірө, — деп күліп еді.

— Менің жайымды сен білесің ғой, — деп Жұматай құлғен төрізденіп ыржып қойды.

Сыдық жымындағы түсіп, өлденеге көтеріле сөйледі:

— Рас, саган қатын керек. Мен де білмей жүрген жоқ емес едім. Бірақ өзің дамылсыз іздең жүрген соң, бір ретін келтіреп деп үндемеп едім... Менің бір балдызым бар, өйда, соған барайық!

— Бой жеткен бе?

— Бой жеткен...

* * *

— **Жездем** келді, — деп талдырмаш қараторы қыз үйден жүгіріп шығып, қарсы шықты. Сыдықтың **иығына** асылып, үйге кіргізбей өуреледі. Кыздың **өке-шешесі** де аңқылдалап мәз болып қалды.

— **Рөшжан**, шәйінді қой. — **Рөшжан**, етінді ас! — деп қара кемпір үсті-үстіне бүйрықты беріп жатыр.

Рөш күліп жүгіріп бәрін де істеді. Жұмыс арасында жезделеп Сыдықтың қасына келіп, тізесіне асыла отырды.

— **Саған** оңаша айтайын деген бір сөзім бар еді.

— О не, жезде, осы жерде айтшы?

— **Жайырак** айтартын...

Рөш күлімсіреп отырды да, жүгіріп жұмысына кетті. Сыдық **Жұматайға** қарап:

— Онды бала, іскер. Ақылды. Мұны алсан, қатынға жарисың... — деді.

— Бері кел, **Жұматай**, — деп Сыдық **Жұматайды** қораньвд аддына алып барды. — Эне, көрдің бе, сиырларын байлаң жатыр... Мен айттым: «**Саған** күйеу ертіп келдім, сәйлес, осыған ти» дедім. **Барып сәйлес, икемге** келер. Бір икемделсе, ар жағын өзің нетесің ғой... — деп Сыдық сибырлап айтты да, **Жұматайды** ішке кіргізіп, қақпаны жапты.

Абажадай кең қора. Қараңғыда жұлдыздай жылтырап өр жерден қораның тесігі көрінеді. Мүйіздері сартылдалап сиырлардың сүзіскеңі естіледі. **Жұматай** есіктің алдында өлі тұр. Не істеу керек?

Қыз жылысып есікке жақындағы **Жұматайға** төніл келіп, кішкене тұрды да:

— Бұл кім? — деді.

— Мен.

— Не ғып тұрсыз?

- Жай.

Тағы тұрды екеуі қарама-қарсы. Қақпадан сөулө кіріп тұр. Екеуінің де бет ажарлары анық көрінеді. **Жайылым**

біткен шырпыдай бет-аузы жұн-жұн болып, өңірейіп Жұматай тұр. Қараторы көзі құлімдеп, талдал өрген шашын арқасына бос салып, Жұматайдың баласындай болып Рәш тұр.

...Қорадан шығуын андып тұр екен, Сыдық жетіп келіп:

— Немене, сөйлестің бе? — деді.

— Сөйлескен деген не, әкесіне жолығып, қанша мал алатынын білсейші, — деп Жұматай күңк етті.

— Байғұс-ау, алдымен қызды үйрілту керек ғой, қыз көнбесе, әкесі бермейді ғой...

— Қыз көнбейді деген не?.. Алатын малына келісіп, қайтсан де бүгін сол қызды қойныма сал, — деп Жұматай өмірінде бірінші рет жүзін жылығып, жымың етті.

Ертеңіне Жұматай мен Сыдық бөлініп, ауылына еki басқа қайтты.

8 декабрь, 1925.

КҮЛТАЙ БОЛЫС

Алғашқы ерімен екі жыл отасып, ері өліп, Күлтай жесір қалды. Ері өлгенде Күлтайдың қолында бір ат, бір бұзаулы сиыр, жазғы-қыскы үй, салқамданған сайман қалды. Күлтай осы үйдің босағасын аттап кіргеннен **Жұмабай** дейтін қайның бар деп есітетін, бірақ жүзін көріп танысқан жоқ. Женгелі болған екем-ау деп Жұмабай қайнысы ізден те келген жоқ. **Ағасы** да оны елеп еш уақытта аузына алмайды. Тек күзге қарай соғым керек еткенде, ауылнай сбор жинап ақша тап деп қысқанда ғана ағасы өлгі Жұмабайды ізден барып, тұрған жылының еңбек ақысын алып, алдағы жылға тағы шегелеп кетеді. Күлтай кейде осы қайнысы туралы ойланып: «Я асқан данышпан шығар да, я дым білмейтін милау шығар» дейтін.

Күйеуі өлген Күлтайға ие көбейді. Қатыны бар тұrsa да, «жақындарының ішіндегі бой-басы тұзуі мен гой» дегендей боп, Бірмағамбет қырындал, Күлтайды өзіне икемдей бастады.

Ата жөнінен тым жақын болмаса да, «Нүрпейіс аксақалды риза қылсам, маған керте болатын кім бар» деп қатыны өлген Әжігерей мырза иемденді. «Карындастымды

ешқайсыңа колжаулық қылмаймын, алам дегенің менімен сөйлесіп аласың» дегендей бол, Күлтайдың елдегі ағасы да келіп жағалады. Жұмабайды есіне алған, о да осы үйдің бір адамы гой деген жан болсайшы...

Абдол дейтін Күлтайдың немере ағасы мына Нұрпейіспен ішек-қарны араласып жатқан адам. Нұрпейістің өкшесін баса атқа мінген бөлтірік қой. Сондықтан Некеңнің нұсқағанынан о л қайда кетсін, қарындастын Әжігерей мырзаға икемдеп, үгітке кірісті:

— Аш-жалаңаш болмайсың, өзің би, өзің төре боласың!.. — дейді Абдол қызықтырып.

Күлтай бұлардың мұнысына ғажаптанып:

— Альфым-ау, осы үйдің тағы бір адамы бар емес пе еді? — десе:

— Ойбай, атама, о л саган тең емес, онымен күн көре алмайсың! — деп Абдол без-без етеді.

Күлтай абысын-ажындарымен сөйлесіп, Жұмабай туралы сөз тартып көрсе:

— Жуас бала еді, үндемейтін еді, бұл елден кеткелі көп жыл болды ғой, — дейді.

Абдол ағасы жылмандаپ Әжігерей мырзаға икемдеген соң, Күлтай шалқая түседі. Абдолдың мактаган сөзі Култайга шаншу болып қадала береді.

Күлтай қыз күнінен де Абдолға қарсы болып өсті ғой. Күлтайдың бірге туысқан ағасы бар еді. Сол кезде оқып жүруші еді. Күлтайды өлердей жақсы көріп, жас күнінен баулып, хат танытуға себеп болып еді. Сөйтіп жүргенде Абдол ағасы Күлтайды бір кедейге бермекші болып, малын алып еді. Арада бірер жыл өткеннен кейін: «Қаталасыптыз, күйеуің кедей екен, жасы да қырыгқа келіп калған екен, тегі, саган ол тең болмас, басқа біреу табайын» деп, сонда Абдол ағасы бір азғырып еді. Әлгі Күлтайдың оқып жүрген ағасы бұған қарсы түсіп: «Бермесің бар, ол кедейді неге өуре қыласың? Малын неге аласың?» деп, Абдолдың мұнысына қарсы түсіп, «осы жеріңе бар, өлмессің, күнде бір сатылатын мал емессің гой» деп Күлтайды үгіттеп еді. Күлтай сол ағасының демдеуімен осы үйдің босагасын аттап еді.

Ауыл әңгімесінің көбі Күлтай маңында болып, дәмелілердің саны күн сайын өсө беретін болған соң, Күлтай жүрттың бетін қайтара жауап береді:

— Ешкімнің керегі жоқ, мен өз қайныма тиемін, — дейді.

— Бәрекелде, кісі екен, шаңырағын бүзбайын дейді-ау, — деп кемпір-шал жағы риза болып қалады.

— Мына қатын Жұмабаймен бір күн де отырмайды, мұнда бір сыр болу керек, — деп атқамінерлер сенімсіздік көрсетіп, бастарын шайқасады.

— Жеңгесін қосамыз, — деп Жұмабайды адам жіберіп шақыртса:

— Ақысын бұрын алып қойған, күнін толтырмай бара алмайды, — деп Жұмабайдың қожасы барған кісіні төлкек қылышты.

Жұмабай бір ауыз сөз айтпастан қала беріпті. Күлтай Жұмабайды жібермеген байға бір ашуланса, басына билігі келмеген Жұмабайға екі ашуланды: «Саған кейігенде, мыналарга тиіп кетсем қайтеді» деп те ойлады. Бірак Жұмабайды сыйлағаннан емес, ағасына, ауыл-аймақтың пысықтарына ерегіскендіктен, Күлтай бұл ойдан аулақ болды.

Жұмабайды Күлтай өзі іздең барды. Шегір көзді, үрпек қас, сары жігіт еді. Үн демейтін ынжық, момын еді. Күлтай өзін таныстырып сөйлесіп тұрып ауыр күрсінді.

— Байым болса — өлді, бір үйде жалғызыбын, қайнымы босатып алуға келдім, — деді Күлтай байға.

Қызыл шырайлы келген, жап-жас өйел. Сөзі мірдің оғындар. «Мұндей өйелдің байы өлсе, ақсақалдардың мұралы беріш, қатын алам деген мъфзалар бір жабылып қалар болар еді. Жүрттың осы өдетіне бағынбай, «адамдыққа сен жоқ қайнысын» іздең жүрген адам таңқаларлық жұмыс-ау» деп, бай бір ауыз сөзге келместен Жұмабайды босатып берді.

— Сенің ниетің арам, соның жылтыраған бетін көрген соң, малайынды босатып отырсың, — деп байды бәйбішесі бүрумен болды.

Күлтай Жұмабаймен қосылды да, шаруашылығын істеп, көп кедейдің бірі бол жүре берді. Ешкімге қолжаулық та болмады, ешкімнің тәлкегін де көтермеді.

«Мына жаманды байғм бар деп отырады дейсің бе» осының өзі, «жігітшіліктен құр емес шығар» деп қыңьфжак-танғандардың меселі қайтып болды.

Төңкеріс болғаннан кейін, Күлтайдың баяғы оқыған ағасы ел аралап жүріп осы ауылға тап бола кетті. Бірін-

бірі көргеніне екеуі де жаман куанды. Ағасы коммунист екен, жаупты орында екен, Құлтайга бірсыныра кітаптар беріп кетті. Содан былай Құлтайға түс-түсынан газет, журнал келіп жаттын болды. Құлтай үйде отырып соны оқумен болады. Қасымжан сияқты ауылдың хат танитындары жұмыспенен жүріп ел араласа, бұл үйге соқпай кетпейді. Құлтайдың үйін жағалап:

— Келін шырағым, жаңадан келген газетің бар ма, үйге апарып оқыын, — дейтін болды.

Кейде Жұмабай жұмыстан келіп, төсегінің үстінде ұзыннан сұлап жатса, үй түйтігін бітіре салып, Құлтай оны жағалайды:

— Шаршап келдің бе, мен де баратын ем, **апармаған өзің ғой**. Өлең тыңдайсың ба, өлең оқыын, — дейді. Жұмабай тыңдаймын, тыңдамаймыш деп бір жауп бермей, ыржиып күліп жата береді. Жұмабайдың бұл мінезіне Құлтай өбден үйреніп болтан **ғой**. Соңдықтан ол да кектемей, кітабын оқуға кіріседі. Көрші үйде Ыбырайым шал бар. Кітап сөзіне құмар ақ. Жұмабай жоқта келінге келіп кітап **оқы** деуге үялады. Жұмабай келсе, кітап басталып оқылса, күлімсіреп **Ыбекен** де жетеді. Көрші-қолаңдың бозбалалары да жиналады.

— Эй, Мәкен, мұнда кел, өлең тыңда, — десе, от алып жатқан **Мәкен**:

— Сендерден бұрын **тыңдағамыз**, — деп күледі.

Ақтам деген бір жылман ғанаңынан бері, Жұмабаймен құрдас **болып шығып**, осы үйді **жағалайтын** болды. Құрдаспын деп Құлтаймен де ойнайды.

— Осыдан сайлау болса ма, сені ауылнай сайлатамын-ау, — дейді **Ақтам** тәлкектеп.

— Мені қайтесіңдер, өкімдік өздеріңе жетсе болмай ма, — дейді **Құлтай** өзілдеп.

Ауылдық кеңес сайлауы болғанда, Ақтам **жоғарғы сөзін** шынымен орында мақшы болып жабысып еді, жүрт оны бет бақтырмады.

— Ақтамның не үшін жан **салып** жүргенін білеміз, — деп **өздерінше** бал ашқандар да болды.

Құлтай ауылнай **болмағанмен**, сельсовет мүшесі болып сайланды. **Болыстық** кеңес съезіне өкіл **болып өтті**. Бірмагамбет, Әжігерейлер тірі **болып оған өткізетін** емес еді, өйелден біреу болсын деп сайлаушы жігіт күшпен жібергендей болды.

Байғасқа мен Нұрғожа осы сайлауда болыстыққа таласып, ел екі жік бол, екі жағы қолпактап тұрған. Құлтай ауылнай Нұрқожа жағында. Болыстық сайлау орыс поселкесінде болып, екі партия ел қаланың екі жағын алып, біріне бірі жансыз салу, сөз тарту, болыстық съездің өкіліне тал асу сияқты жұмыс шегінен асып қызып тұрған. Екі жағы күшін тенденсе, Нұрғожа жағы басым секілденеді. Ашық құреске түсіп Нұрғожадан жеңілу Байғасқаға өлім емес пе, сондықтан ол Нұрғожадан бұрын қайлаға кірді.

— Болыстықты Құлтай келінге байлаймыз, 8-ауыл бізге қосылсын, — деп ол кісі салды.

Сегізінші ауылдан **сайланған** алты өкілдің **бастығы** Әжігерей мырза. Әжігерейді бас қып, басқасын белгісіз адамдардан **сайлаған**. Сол «белгісіз адамдардың» ішінде **Құлтай** да бар. Бұлар, елдің ойлауынша, Әжігерей қайда болса, сонда **болуы** керек.

Байғасқаның ұсынысын есіткенде, Әжігерей мырза сықақ қып құлді:

— Қатынға күніміз тұскендей **болған** жоқ, ол мазағына **еліге** алмаймыз, — деді.

Бірақ 6-ның өкілдерінің арасынан күнкіл **шығарушы** болды:

— Ау, мұныңыздың қандай жөні бар? **Болыстықты** беретін **болса**, неге ала қоймаймыз?..

Ақтам бір **жағынан** астасып толқып **турған** өкілдерді үйірілтіп барады:

— Көнбесе, Әжігерей кетіп отырсын, бесеуің тұтас қосылсаң, Құлтайды **сайлаймыз да шығарамыз!** — дейді ол.

Өкілдердің ішінде Досқай дейтін **шалдау** кісі бар. Әжігерейден бөлінсе, басқаратын осы секілді.

— Балалар, Нұрғожаны болыс қылып **сайлағанда** не мақсұтымыз біtedі? Нұрғожадан көрген **жақсылығымыз** шамалы еді ғой... Келінді **сайлайтыны** рас болса, осыған қосылыш-ақ кетсек...

Толқи келе Доскең **бастаған** бес өкіл **Байғасқаның** жағына шықты. Болыстықты **Құлтайға** беріп, кандидаттығын **Байқасқа жағы** алмақшы болды.

«**Осымен** сайлауды өткізейік, **әйел** қайдан болыс **болсын**, кандидаты істі **қолға** алады ғой» депті-міс деген де хабар тарал жатты.

2. 45

Дегенмен, сол сайлауда Күлтай болыстыққа атальп шықты. Бекбосын дейтін аздап орысша **окығаны** бар бір пысық Күлтайдың кандидаты болды.

Күлтай істі алмақшы болып кеңсеге келсе, **бұрынғы** болыс Дүйсенбай дейтін ел ағасы еліне **жүріп** кетіпті.

— Исті сұрап келуші болса, берсін, — деп хатшысына тапсығыпты.

Күлтайдың орынбасары Бекбосын хатшыдан істі алып, болыстықты өзіне икемдеп барады. Болыстық кеңсеге **тұс-тұсынан ағылып** жатқан жүрт. Сол көптің бірі сияқтанып Бекбосынның столының бұрышында Күлтай екі күндей жайдан-жай отырды да қойды. «**Неге отырсың?**» деп Бекбосын да сұрамады. Келген кіслер, болысымыздың түрі мынау ма?» деген секілді боп жымындаپ күліседі.

«**Не істеу керек?..**» деген сұрау екі күндей Күлтайдың басын қатырды. Осы өурешілдікке іліккеніне **өкіне** бастады. **Осыған** іліктіруге себеп болған Ақтамды да қарғап алды...

Бір жас жігіт болыстық кеңсеге келді де, **Күлтайды** сұрап, танысты. Жұмыстың қалай **жүріп** жатқандығын сырттан қарап, бақылаған сияқты болды. Сөйлеспекші боп, онаша алып шықты. «**Ойы бұзық біреу-ау, не айтар екен, көрейін,**», деп Күлтайдың оған да ашуы **келді.** Бірак бұл жігіт Күлтайдың ойлағанындай «**бұзық**» болмады, бұл болыстық партия комитетінің хатшысы болып шықты.

— Каладан түнде келіп ем, сіздің **сайланғаныңызды** естіп ем. **Ысмағұл** сіздің ағаныз екен ғой, ол да тапсырып жіберіп еді, — деді әлгі жігіт.

Ысмағұлдың атын есіткенде, Күлтай жылап жібергендей болды. Күлтай осындай талып тұрғанда **Ысмағұл** қасында болса, бәрін тұсіндіріп, жұмысын жөнделп беріп, жөнге салып берер еді-ау...

Болком хатшысы көп сөйлесті. Не істеу керек, жұмысты қалай басқару керек, — соның **бәрін айтыш** берді. Бұдан былай да барлық жұмысына басшылық істеп отыратындығын айтты. Күлтай қуанып, тасып кетті. Осы қарқынмен кеңсесіне барды. Бірсыныра жуандар, пысықтар Бекбосынды ортаға алып, арыздарын айттысып жатыр еді. Болыстың **бұрынғы** хатшысы үры иттей **жылманда**, Бекбосынға дәйек боп жүр.

— Хатшы жолдас, мен саған жұмыс тапсырайын, — деді оны шақырып алыш. — Бірінші, маган осы бөлмеге стол қойып беріңіз. Екінші, Дүйсенбайды шақыртыңыз, келіп, істі тапсырсын; үшінші, қазіргі сағаттан бастап маған қол қойдырмай бір қағаз жіберуші болмаңыз!..

«Мынауың қалай» дегендей боп, хатшы жалтақтап, Бекбосынга қарады. Бекбосын қызарап, қысылып қалды:

— Іс алынды ғой, істей береміз ғой, — деді ол күмілжіп.

— Исті ал деп мен сізге тапсырғам жоқ. Жазу-сызузыз істі алып, Дүйсенбайдың былығын мойныма жүктей алмаймын. Тез шақьфт, — деді хатшыға.

Бекбосын темен қарап, қағазын шұқылаумен болды. Арыз айта келген жуандар бұл екеуінің қайсысы бастық екенін біле алмай састы.

— Солай, Рақа, тағы бірде соғыныз, реттеп берерміз, — деді Бекбосын алдында отырған кісіге.

«Осының жұмысын саған реттесем бе» дегендей боп, Құлтай оған ашулы түрде қарады.

Құлтайдың болыс болтан хабары елге неше түрлі құбылып тарады, неше түрлі өсек жалғанды.

— Бекбосын мен Ақтамның сайлаттырып жүргені көрінеді, қуларға ермек керек қой, — деп күлісті.

Құлтай болыс болып, іс басқарады деп ешкім ойынада алған жоқ, бәрінің де көз тіккені Бекбосын болды.

— Пысық бала той, жұмысты дөңгелетіп кетеді гой, — десті.

Бірақ Бекбосынға жұмысын істетіп алмақшы болып кеңсеге келгенде екінші күйге кездесті. Төменде жаулықты басына түмшалап орап, қағазға үніле түсіп қызыл шырайлы әйел отыр. Тап тұсындағы үйдің қабыргасын тегісінен алдырып Лениннің суретін іліпті. Көзілдірік киген бурыл шашты хатшы бір қағазды жазып әкеліп, қол қойыңыз десе, әлгі әйел қағазды оқып, қабағын түйе түсіп:

— Бұл қазақшылықты қашан қоясыз, бір айтқан соң болды ғой, — деп, қол қоюдың орнына қағаздың бетін сыйып-сызып тастайды.

Қағаздың бетін сыйып жатқан қалам хатшының бетін сыйып жатқанмен бірдей болды.

Арызшы кісі қайтерін білмей бірсыныра тұрып, бір кезде беркін қолтығына қысып, үстелге жакындай түсіп, ары-

зын ұсынды. Күлтай салқын жүзбен арызын оқыды да, қабағын түйе түсіп, арызшының бетіне қарап алды:

— Тоқалыңызды малайыңыз әкеткен екен гой.

— Сөйтіп арыз беріп отырғаны... Басынып, сізден бір жердем болмаса... Тентектің өзін тыйып ұстамасаңыз...

— Неше жыл тұрған малай еді?

— Ойбай, сұрамаңыз, бала күнінен қолымда өскен. Өзім өсіріп, адам қатарына қосып ем. «Жаман адамды асырасаң, аузы-мұрнынды қан қылар» дегендей... көрмейсің бе, — деп арызшы шын мұсәпір тұрге кіріп сөйлемеді.

— Жақсы, үйіңізге барыңыз, тоқалыңыз кетсе, әйелге бостандық. Малайың алса, бірін бірі ұнатқан шығар. Бүйім әкетсе, мініп кетсе, саған сіңген енбегі бар... Бірак қате істеген екен, сот арқылы еншілерін түгел алуы керек еді, — деді Күлтай.

Арызшы шал етіне біз сұғып алғандаій бол шіміркеніп, кейін шегіне берді.

Күлтайдың кенет жоғарылап кеткені **Жұмабайға** ауыр тиді. Үйде жалғыз қалды, Күлтай сияқтанып мұны күтетін адам болмай қалды.

— Байғұс-ау, сен де өлмес қамынды істе енді, саған аспандағы бұлт жуық кой, — деп женгелері **Жұмабайдың** «қайғысына» ортақтасатын болды.

Бір күні ауылнай келіп, **Жұмабайға**:

— Сені болыс шақыртып жатыр, — деді.

Жұмабайдың козі адырайып кетті. «Антұрған, болыс шақырады демей-ақ, Күлтай шақырады десе қайтетін еді?..»

Жұмабай барды. Көк төбелі ағаш үй болыстың кеңсесі. Жүрегі дұрсіл қагып, Жұмабай көпке шейін кіруге бата алмай, есіктен сығалаумен болды. Күлтайдың үстінде таза киім, қолында қалам-қағаз. Жетіншінің ауылнайы кіріп еді, ел ішінде атағы бар тәуір-ақ жігіт қой, Күлтай соны бүріп ала жөнелді:

— Айтатындарың өтірік, істейтіндерің подлог, сөйтіп отырып кеңестің ауылнайы болмақсың!.. — деп.

Бір рет есік ашылғанда, Күлтайдың көзі **Жұмабайға** түсіп кетіп:

— Эй, неғып тұрсың, кір! — деп дауыстады.

Жұмабай состиынқырап кіріп еді, Күлтай күлімсіреп, жанындағы столға отырғызды.

• Ішінде жағынан

— Ал денін сау ма, жүдеген жоксың ба? Көшіп келсін деп ем ғой, бұратола келдің бе? — деді.

Маңдайынан тер бүршақтаған жетіншінің ауылнайы, әшейінде Жұмабайды көзге ілмесе де, тап сол жерде Жұмабай болмаған екем деп күндеді.

1925 жыл.

ӘБДІЛДӘ ТӨРЕ

Әбділдәнің кеңсеге келуін андып тұр екен, хатшы бала жанына жетіп кедді:

— Ағай! Сізге айтатын өтінішім бар еді: үй іші кедей, әке-шешем көрі, жұмысқа жарайтын адамдары жоқ, маган телмірумен отырады... Бірер ай демалысқа шығып, үйдің кәсібін дұрыстап берсем деп едім...

Әбділдә қабағын кіржитіп, шатынап сала берді. Хатшының сөзін шала тындал, үстелінде жатқан газетті, қағаздарды аударыстыруды, қалтасынан күміс сауытты шығарып, шылымын тартты. Мұржадан шыққан тұтіндей екі танауынан тұтінді будақтап отырып, қысқа гана жауап берді:

— Балалықты қою керек. Әлеумет жұмысын адам өз басының жұмысына араластырmas болар. Әке-шешен өлмес. Жұмысынды істей бер...

Хатшы бала қипақтап, жұні жығылып, шығып кетті. Оңаша қалған соң, Әбділдә қара папкені ашып жіберіп, делалардың ішінен бір жапырақ қағазды суырып алды. Қызмет қағазына біреуге деп жазған селем хат еді. Жазуының бас жағында «орынбасар» деген тасқа басылған сөз адырайып тұр. Сәлем хатындағы сөзі мынау:

«Ержан!

Менің биыл ағамның өлгенін білесің ғой. Кемпір-шал бір жағынан, жесір қалған жеңгем екінші жағынан жылап, шақыртып отыр. «Пыришина убажителный», так што бір айлық демалыс алам ғой деймін. Хатың болса даярла, ертең жүрем...»

Хатшысын айқайлад шақырып алды да:

— Мына қағазды Ержанға жөнелт! — деді.

Сарманның адырынан асатын қара жолмен бір пар атты желдіріп келеді. Сәндең жеккен қос торы ат ауыздығы-

мен алысады. Жылтырауықты өбзел шылдырап, даланы басына көтерген секілді. Май ішінің тамылжыған күні бойды ерітіп, самал лебі бетті сүйіп, денені жайландырып бара жатыр. Құлпырған көк, қызыл-жасылды қызғалдақтар кілемнің түріндей жайнайды...

Таза ауаға шыққан соң, Әbdілдәнің көңілі тасқындалап, жүргегі алып ұшып, сықсиған көзі өзінен өзі құлкіге бейімделіп бара жатқан тәрізденді. Көтеріліп отырып, өлең айтты. Даусы барылдаپ, әлдеқайда кеткен секілденді:

«Балықты, қара коға көлім деп ем,
Байдалы ұзын ата елім деп ем.
Жанбыз деп, Құдай қосса, біз қосылған,
Калқатай, мен кетерде құлімдеп ен...»

— Сонымен, ақсақалдар не қылмақшы болды? — деп Әbdілдә ат айдалап келе жатқан көшіріне қарады.

Қара сақалды, еңкек келген қара кісі, қосардағы атты шаужайлап жіберіп, делбені жиыңқырап ұстап, бір қырындалап бұрылып, Әbdілдәнің сұрағанына жауап беруге кірісті:

— Ақсақалдар не қылсын, сенің баруынды құтіп отыр.
— Маржан не айтады екен?
— Маржан да сені құтіп отырған көрінеді. «Төремнің жүзін көрмей, еш нәрсе айта алмаймын» деп өкесіне де айтыпты ғой...

Әbdілдә аз-кем ойға шомды. Маржан жесір отырған жеңгесі. Ағасы жуан қоныш шаруа еді. Маржан келіншекте болып түскеннен байын менсінген емес. Абысын-ажындарымен сөйлескенде: «Бұл Көрімге қатын болып бір күн де түрмас едім, төремнің көңілі үшін ғана жүрмін» деп айтады-мыс деген сыйыс ертеден болушы еді. Маржан мұны айтартық та әйел: ажарлы, кербез, ірі, ашық. Замандас құрбысымен өзілдескенде сөзден жеңілген емес. Ағасының тірі кезінде де, Әbdілдә үйге барғанда, Маржан қайдағы жоқты айтып өзілдеп болатын. Әbdілдәнің қатыны Кәмеш дейтін қарасұrlау келген адам. Ажары қатыңқы, нәзік. Сөзге шебер емес, мінезі өте ауыр. Өзі тендер әйелдер сампылдаپ сөйлеп жатқанда, ол үнсіз-түнсіз жұмысын істей береді... Маржан Әbdілдәмен өзілдесіп отырып, бір ретте: «Инеліктей қатырып осы шіркінді қайдан алдын?» дегенді де айтып салған...

Әбділдәнің ойы ауылдан шығып, калаға барды. Ойымен заң жинағын ақтарды: бір жағынан, партия мүшесі, «ескі әдеттермен күресу керек; әйел теңдігін жарыққа шығару керек!» деп өнешін керіп, күре тамырын білеулендіріп, талай жылдыстарда сөз сөйлегені бар. Оның үстіне, өзі жауапты орында қызметкер. Қайту керек? Занды бұзуга бола ма? Әбділдә ауыр күрсінді.

* * *

Белеске шыға келіп еді, ауыл ылдида екен. Күн күлімдеп үясына батып барады. Өрістен қайтқан мал қара құрым болып ауылдың үстін алып кеткен. Мал сауған қатындар, бие ағытқан қыз-келіншек, асыр салған балалармен ауыл іші базардай қайнап жатыр.

Әбділдәлар сыдыртып отырып келіп, ортадағы үлкен боз үйдің сыртына тұра қалды.

— Қарашығым! Құлыным!.. Есен-сау келдің бе? — деп еңгезердей жуан кемпір теңселіп басып келіп, Әбділдәнің бетінен сүйді.

Қара орамалды басына бос салған, қызыл шырайлы жас әйел сзыылған болып, әдеппен қарағансып, Әбділдәмен ол да амандасты.

Белдемшесі белінде, екі шелек сүтті көтеріп, бие ағытып келе жатқан келіншегі жанынан оте берді. Амандаусаға енесінен үялды. Көзі жаутаңдал, сағынған адамша қайта-қайта қарап қана өтті.

Күн жұма еді. Әбділдә үйге кіріп отырысымен шешесі дастарқан жайдырды.

— Бүгін шелпек нан пісіртіп, ағана тие берсін қылдыртып едім. Жаңа жүртқа қонғанда, аруактар дәме етіп тұрады ғой... Келе ме деп саған да алдырып қойғам, Құран оқып жей ғой, сосын қымыз ішерсің, — деді.

Тамақты бірер кенеп алғып, Әбділдә «ағұзді» жіберді. Барылдаған даусымен ауылдың бала-шағалары жинальп қалды...

Бесіннен темен тұскен кез. Күн райы салқындал, аз ғана самал жел еседі. Ауыл адамдары екеу-үшеу бас қосып, көлеңкеде отыр.

Әбділдәнің үйінің сыртында он шақты адам алқақотан отырып, кеңеске кірді. Сақалдары сапсиған, бет-

тері қатпарланған ылғи шалдар, іштерінде сақал-мұртын етектеп қырқып, қарындары шермиіп, болпиып отырған жуандар да бар. **Бала-шағалар** жыласып, маңдарына келе алмай, сөзін анадай жерден гана үрланып тынданыйды...

— Заң жағын бізден үйренбейсің ғой, бірақ қазақшылықты да, бір жағынан, қалдырып болмайды. «Шарифат — ағып жатқан бұлак, көриялардың сөздері — жағалап біткен күрак» деп үлкендер айтқан екен. Көриялардың **сондағы** айтатындары — не болсаң да, қайда жүрсөн де қазақшылығынды ұмытпа деу... Сені үлкен төре **болды**, көменеске жазылды, Құдайды жоқ деп айтады-мыс деген де өсек таралып жүрді. Бірақ **төрелігіңе** сенсек те, діннен шықты дегенге **сөнгеміз** жоқ. Сенің бұл күнге шейінгі ісінде қазақшылықты аттап өткениңді өзір көре алғамыз жоқ. Мұның адам **болғандығың**, жүргіннің тазалығы, ата жольғын қуа білгендігің... Шалдар бүгін жиналып, саған ойларындағы мұдделі сөздерін айтпакшы. Айтқанда, әрине, сені тынданыйды деп айтады. Болмаса осы отырған шалдар қай көменестің үйіне барып билік айтады дейсің... Құдай бұйрығы **шығар**, ағаң өліп, женғен жесір.қалып отыр. Мұндай **окиға** қашанда болса болатын, «Аға өлсе, іні мұра» деген нақыл да бар. Шалдардың айтқалы **отырғаны** — осы жесір туралы, «жылын күтетін баяғы заман жоқ» деп Төлеу бір жағынан мазаны алып барады. Оның үстіне, жас адамның байсыз отыруын **шаригаттың** өзі де қостамайды... Елдің үміт етіп, көз тіккен баласысың. Бір жолға елді сыйлар, ата-анасын жылатпас деген **дәмеміз** бар! — деп ортада отырган жуантық қара кісі сөзін айтып өтті.

Былайғылар қостауға кірісті.

— Қане, ағаларыңа не айтасың, жауабынды ашып бер, — деп шешесі жақындей тұсті.

Әбділдәнің ойында жалғыз гана Маржан бар. Мржаның ажары, жүрісі, күлкісі, сызылып сөйлеген сөзі өмірде ойдан кетер **емес**. Маржан үшін не істе десе де **Әбділдә** көнетін тәрізді...

Шешесіне қарап **Әбділдә** күлімсірейін деді.

— **Көп** білсін! — деп ерні жыбыр **етті**.

— **Бөрекелде!**.. Ата баласы **ғой**. Өркенің өссін! Көрпелерің **ұлғайып**, үбірлі-шүбірлі болындар! — Шалдар беттерін сипасты.

Жерошақ тұтіні бүркырады. Қазан-ошақ салдырлады. Жас қатындар шелек алып, суға жөнелді. Жылқышы бір бойдақты өңгеріп әкеліп, жерошақ басына алып үрып бауыздады. Бас-сирағын ағашқа шаншып, балалар үйітүе кірісті. Бойдақтың терісін жылқышы жұдырықтап жатыр. Қан-жынына таласып, екі төбет ырылдасып, тістерін ақситып тұр. Ішек-қарын аршуға келген қатындар сойып жатқан қойға төніп, жүрелерінен отыр. Біреуі аузын сылп еткізіп:

— Бетім-ай, ұятсыз адам бола береді екен ғой. Байының өлгені есінен шығып кеткен. Күйеуге жаңа шыққалы отырған қыздан жаман қылмаң-қылмаң етеді, — деді.

— Ана қатығн да бір сорлы-ақ екен. Бұк түсіп жатып жылағаннан не өнуші еді. Одан да, «ұстіме қатын алдырмаймын» деп ашып-ашып айтса қайтеді екен! — деп екінші біреуі кіжініп қойды.

— Кой, сендерге қалған билік жоқ, мына ішектерінді дұрыстап аршындар, — деп жылқышы оларды тәлкек қылды.

Есік алдында, жанында бір-екі әйел бар, Маржан отыр еді. Келе жатқан Әбділдәні көріп, козі көзіне түсіп, күлімсіреді, күлкісі Әбділдәнің ішін өртеп жібергендей болды.

Төсегінің ұстінде келіншегі солқылдал жылап жатыр еді, Әбділдә жанына төніп келіп:

— Эй, мынасы несі?.. Ақылсыз екен ғой! — деді.
— Бетің тілінгір, неге жылайсың, жалғыз байынды жұтайыш деп жүрсің бе? — деп кемпір шаптықты.

Келіншек басын көтерді. Әбділдәға қарады. Көз жана-ры толған жас, сөз айта алмады.

Маржанның құшағы сиқырлап, Әбділдә елден шыға алмай қалды. Ел құлағы елу ғой, Әбділдә туралы жүрг өсекті көбейтуді шығарды:

— Төреліктен шығарып тасталты.
— Тұрған кенсесінің ақшасын жеп қойыпты.
— Екі қатығн алғаны үшін сотқа беріліпті...

Тағысын тағы толып жатқан өсектен адам аяқ алып

«Менің ыслабай екенімді білесің ғой... Көптің талқысынан шыға алмадым!..» деп Әbdілдә бір күні Ержанға хат жазды. Иығына асылып тұрған Маржан бетінен сүйіп-сүйіп алды.

Ертеңіне милиция келіп, Әbdілдәні айдалап апарып тұрмеге тықты. Себебін анық білген адам жок.

— Төре болып тұрғанда пара жеген екен, сонысы білініп қалыпты, — деп ел іші алып қашып жүрді.

Ауылы Жосалы көлде. Жосалы көлдің шалғынының арасы қара құрым боп қаптап құстай жүзіп жүрген Әbdілдәнің жылқылары. Ен малға, иесіз малға қарап тұрып, екі қатыны, көрі шешесі ертенді-кеш дауыс қылады:

№

«Кейлек кидім қос етек,
Қалқатай, бір келіп кет!
Досқа құлқі, дүшпанға
Таба қылды-ау құдірет!..»

1926 жыл, март.

ТАУБАЙ

Тобылдың бойы жердің шұрайы деп мекендер отырған елі аңыз қылады. Мұның өтірік-шының айыру үшін құйылыстан шығып, жоғары өрлеген адам біледі: өзеннің екі беті оба, тау, шың. Жерінің шөбі тұп-тұп болып бітіп, таздың басындаі аламыштанып жатқаны. Өзеннің екі жақ басына қарай үзім жерге шейін егін салып пайдалануға болмайды. Өзен бойындағы елдің егіндік, шабындығы қыстауынан он бес, жиырма шақырым жер. Жиырма шақырым жерге қай кедей барып егін салады!

Бірақ Тобыл байларға пайдалы. Тобылдан 20—30 шақырым жерде Алакөл-балықты жайлауы бар. Алакөл-балықтымен жердің шұрайына оралып біткен қара бүйрасы үйисіп жатқан Құлынды жарысады, байлар жаз сол жайлауда болады. Жайлаудан шөп шабады. Жайлауда көсібін істейді.

Құйылыстан шығып, жоғары өрлеп бара жатқанымызда қара жолдың күнбатыс жағында, сайдың ішінде отырған төрт-бес үйдің төбесі көрінді. Үй сыртындағы төбенің басында қойға істеген қарақшыдай жарбышп біреу отыр. Маңайында төрт-бес бұзау жайылып жүр. Бұрылып, жанына бардық. Орта жасқа келген адам екен. Беті толықтау келген шоқпак қара. Үйіса біткен қою қара сақалы

бар. Молдалар секілдендіріп мұртының жебесін дедитіп, асқа батырылатын жерін жылтыратып қырқып қойыпты. Үстінде жамаулы қамзол, басында елтірі бөрік. Бір қарғаннан-ақ өлмелі кедей екендігін адам айтпай білерлік.

— Да, қайдағы балаларсындар? — деп жөн сұрауға кірісті.

Күн екінді өлеті. Бұл ауылдан асып түсетін мерзімді жерде ел жоқ. Біздің қонуға ыңғайланғанымызды сезген соң, отырған кісі жай айта бастады.

— Байларымыз жайлауда. Мұнда кілең жатақтар отырмыз. Қымыз жоқ, ет жоқ... бүгін қатын үйде үн да жоқ деп еді. Эйтсе де үйге жүріндер, айран-пайран ішерсіндер, — деді.

Шақатты жердің адыр-бұдырымен арбамызды шақырлатып біз ауылға төніп келгенімізде, алпамсадай бір қара қатын, үстіндегі боз көйлегі май-май **больш**, жыртық жаулықтан шашы бүркырап **шығып**, үй жанында тұрып бізге көз салды. Арбаның алдында келе жатқан байын көрген соң, қонақты сол шақырып алып келе жатқандай, қатын байына шүйлікті:

— Жолды тосып отырып, өткен-кеткенді үйге тасиды да жүреді, — деді.

Үйге бізден бұрын кіріп кетіп еді. Ашуның құштілігінен болса керек, шылапшын, шелек шалдырлап, үйді басына көтеріп жатты. Үйге кіре бергенімізде, табалдырықтың аддында кесе **көлденең** бір ат жатыр екен. Аттың үстінен аттап өтуге тұра келді. Кішкене гана жолым үйдің үштен бірін ат алып жатыр. Маңайы қоқырсыған шөп, аттың тезегі, тәгілген су. Тер алдында қиқиған бірекі кебеже, **сандақ** бар. Сиыр терісі тулакты төрге ұзыннан тәсеп тастапты. Қонақ келген үйге кісінің жиналатын әдеті **ғой**, бала-шага анталап жинала бастады. Үй иесі қатын бізге бажырайып біраз қарап тұрды да, **балаларға** қарап шүйлікті:

— **Көкала келгірлер**, кім шақырды сендерді... батыр қараларынды!.. — деді.

* * *

Үй иесімен бейнелеп таныса бастадық. Таубай деген кісі екен. Жасында сауыққой, өнпаз **болған** сал жігіт екен. Бері келген соң кедейшілік басып кетіп, мүгедектікке

айналыпты. Бұрынғыдай ел кезіп ән салып, байлардың тәтті тамағын жеуден айрылып қалыпты. Оның үстіне, биыл мықты кеселге үшырапты. Жалғыз аты бар екен. Айт күні жүрттың кеу-кеулеуімен көкпарға шабамын деп, артқы аяғын мертіктіріпти.

— Жарықтық, жылқы-ақ еді. Тай күнінде Әлекен үйінен бір қашар, он сом беріп алыш едім. Қара күшке бұдан жылқы өтпейді. Оның үстіне аяғының желі де бар еді, — деп босағада теңкиіп жатқан торы атты мақтап қойды.

Торы ат өнгімесі үзак. Қалаға барғанда тиеген жүгін, сайлау болғанда Сәнкібайдың пар атымен жарысып озып кеткенін, тағы-тағыларын айта келіп, торы атпен сокқан тұлкісіне тоқтады:

— Ақша қардың үлпілдек болыш жауған кезі еді. Таң сөрінде үйден шықтым. Жел тұрып, ысырма болыш кете ме деп те қауіптенем... бұлан құйрықпен Атаекем обасын айнала бергенімде, алдынан бір із сап ете қалды. Түсे қалып қарасам, тұлкінің ізі екен. Жалма-жан аттың айылын дұрыстап тартып жіберіп, міне жөнелдім. Орынбай құдығына барған жерде қызарандал кетіп бара жатқан тұлкінің қарасы көзіме шалынды. Әйт деп жөнелдім. Сол қуғаннан күшп отырып, жиырма шақырымдай жерге барғанда тұлкіні соқтым...

Таубай тұлкі соққанын лепіріп айтып келсе де, тұлкіні кімге бергеніне келгенде бәсендерді.

— Байларда бет жоқ қой. Қолымды үсітіп, бетімді қарытып, атымды өлесі қылышп соққан тұлкімді Әлекенде апарып сыйга тартқанымда, үялмай-қызармай үш-ак сом берді, — деді.

— Саган о да көп, мен берме дегенімде тіл алмадың гой, — деп ашулы қатыны Таубайды аяқтан бір іліп қалды. Таубай ажырайып қатынына қарады. «Сен қатынды ма, кісі кетсін!..» деп кіжінген пішін бет ажарында көрініп тұрды...

Ауыл сыртындағы шөптесін жерде отырмыз. Маңаймыз толған қылқандай жас бала, бірен-саран шалдау кісілер. Төрт-бес үйдің ішінде бір жас жігіттің жоғыгна адам таңқаларлық. Бірақ оны шалдар шешіп берді:

— Өзімізде кәсіп қылатын күш болмаған соң, жұмысқа жарайтын балаларымыз байларда жүр, — деді.

Төрт-бес үйдің сиырының ұзын саны оннан аспайды. Мінетін ат бірлі-жарым-ақ. Кәсіп жоқ шалдар ризықты Құдайдан күтіп отыр. Төрт-бес үйдегі мектеп жасындағы балалар оннан асады, аяқтары тілім-тілім болып, шоқпыт **көйлектен** денелері **көрініп** бүрісіп отыр. Біз **барғаннан** маңымыздан кеткен жоқ. Бізден бірдеме есіткісі келген кісі секілді, бізден бір жақсылық күткен секілді.

— Қалай, балаларынызды оқытып жүрсіздер ме? — деп **сұрағанымызда**, **отырған** балалардың есі кіргендей күрсінді. Жалак өрінді шәукиген қара шал насыбайын шырт еткізіп **түкіріп** алып:

— Бала оқыту ма? — деді.

— Немене, **ауылдарынызда** мектеп жоқ па?

— Мектеп байдың **ауылында**. Байдың өз ауылының балалары оқиды білем. Біздің балаларымызды алмайды, жатқызатын жеріміз жоқ...

Сұрастыра келгенімізде, **анығы** былай болды. Бұрын мектеп бір кедей **ауылда** екен. **Былтырғы** болған ауылнай мен **мұғалім** жымын біріктіріп, мектепті байдың ауылына **көшіріпті**. **Көшіруге** сұлтауы — ол ауылдан мектепке әдемі үй табылыпты. Бірақ мектеп үйі едемі **болғанмен**, **былайғы** елдің балалары бара алмай, оқудан қол үзіп қалыпты...

Ұмьфт жабыла берген мезгілде **төрт** аяқты **арбаға** арық көк атты жегіп итініп келе жатқан біреу **көрінді**. **Ағараңдаған** жаулық **арбасында** әйел барын анадайдан-ақ білгізеді.

— **Мынау** Баянды **шығар**, — десті.

— Бұ да бір **Құдайдың** **азғаны**. Жаман қатынын арбасына салып, **Өзденбайға** шабады да тұрады.

Баянды осы ауылдікі. Қатынының көзі кетіпті. Денесінде жара да бар білем. Соны **Өзденбай** баксыға апарып үшкіртіп жүр екен!

Баяндының қатынының науқасын есіткен соң, біз шек алайық дедік. Үйткені жанымызда **отырған** балалардың қолында, **бетінде** қызарған жаралары **көрінген сияқты** еді. Қазбалап сұрап **анығын** білген соң, докторға көрсетудің керектігін айттық. Тындалап **отырған** шалымыздың бірі **күрсінді**:

— Эй, шырағым-ай, докторың қолға түсе қоя ма. **Қалаға** **баруға** **көлік** керек, расходтық ақша керек. Оны кайдан

таппақшымыз! Ол табыла қалғанда да, барган докторыңа ауруыңды айтып түсіндірудің өзі бір акирет... Бірдеме айтсан, анырайып аузың ашылып тұрганы. Одан да, Құдай шипасын салса, жақын жерден карата берген тәуір шыгар деймін, — деді. Шал қаталасты, шалдың қатасын айтып біз түсіндірдік. Мойындаған сияқты болды. Бірақ ескі жырын қайта айтты:

— Баруға күш жоқ қой, пұл жоқ қой. Үкімет ісіне аласып жүрген балалар көрінесіндер, ел ішіне доктор шығартсандар, қой демес едік. Докторға-ақ қаратар едік, — деп сөзінің бір үшін әкеп бізге тіреді.

Тұнерген ымьфт қараңгысын ай сөулесі жеңіп, бозарта бастады. Ауылдың қатындары бірлі-жарымды сиырларын сауып, жерошакқа сүт пісіруге кірісті. Жалындал жанған жерошактың басында екіден, үштен жиылып отырған қатындар, өлденені айтып өздерінше жабырлап отыр. Тамаққа жарымай қарны ашқан балалар өжесінен сүт сұрап, кейде таяқ жеп, жылап та қалады.

Ел тұрмысын, ел күйін ойлай бастасаң, алыска кетесің: Төрт-бес қана үй. Осы төрт-бес үйдің басында не өлеметтің бәрі бар; кедейлік те осында, ауру-сырқау да осында, надандық, қараңгылық та осында. Үкіметтің неғып жатқанын, үкімет басында кімдер отырғанын білмейді, орталықты былай қоялық, гүбірне, уездерде қандай мекемелер барын, онда кімдер отырғанын білмейді, болыстың, ауылдық кеңестің жұмыстарынан да шала.

— Тұнеугұні ауылнай спесік жазып жүр еді, биыл да салықты артық салып қоймаса игі еді, — деп өздері өнгіме қылышады.

Төрт-бес үйдің ішіндегі ең тәуірінің екі-үш-ақ қарасы бар. Егіні бір-екі десятинадан артылмайды. Мұндай үйге салық түсер ме. Бірақ өздері түседі дейді, кім білсін, жебір ауылнай болса, спесікте бұлардың малын артық жазып, салықты басып жіберуі де мүмкін ғой.

Біз ел жайын сұрап танысып болғаннан кейін, Таубайдың өлең айтуына көштік. Әнпаздығын, серілігін Таубай өзі де айтып қойып еді. Енді оның өнін тыңдау керек болды. Біз өтінген соң, басқа шалдар да қосарланды.

— Қонақ балалар ғой, бұларға айтуың керек, — дейді. Кешкі салқында жадырап отырып қара домбыраны Таубай безілдете бастады. Тартқыш екен, безілдетіп күй салды. «Ақсақ құлан — Жошыхан», «Нар иген», «Қоңыр қаз» күйлеріне салғанда, адамның бойын шымырлатып жіберді. Отырған орнында қозғалып теңселіп, қолын ілгерілікейінді сілтеп, күйдің ырғағына өзі түсіп отырды...

Бір кезде әнге кірісті. Ескілікті әндерді бастарда, әннің қайдан шыққанын, кімнің әні екенін күні бұрын түсіндіру өзінің әдеті екен. Бізге де соны істеді. Жалбаланған жеңін түріп алып, әннің тарихын айтуға кірісті.

«Тәйтәй» әні.

«Баяғыда бір байдың Тәйтәй деген сұлу қызы болыпты. Өзі ерке болып өссе керек. Ылғи құс салып, аң аулап дүзде жүреді екен. Сол жүрісінде бір жігітпен үшырасып, көнілі кетеді. Қыз сол жігітке тимекші болып уәде қылышады.

— Пелен жерден жол екі айрылады, сол жолдың айрылымында күт, мен шыгайын, — дейді қыз. Жігіт келмекші болады.

Бұлардың сөзін қойшы сырттан тыңдалп тұрады да, кешке ауылға келген соң, байдың жаратып жүрген екі жүйрігінің бірін мініп, бірін жетелеп, жолдың айрылымына барып тұра қалады. Қыз келеді, күтіп тұрған манағы жігіт екен деп, жетектегі атқа мінеді — қыз қалай жүрдік десе, бы лай жүрдік деп қойшы бастай жөнеледі...

Бір кезде жолдың айрылымына баяғы жігіт келіп, әрібері күтеді, қыз жоқ. Таң білінеді... із кессе, екі аттың кеткен ізін көреді. Жігіт жылап, отыра қалып ән салады:

«Құс салып, ит жұпарткен Тәйтәй қызымы,
Дүниенің кім біледі опасызын.
Айтылған уәдеден тайып кетіп,
Екі жол тарауында отырғыздың...»

Ән ащы, зарлы ән. Аяғы еңкілдеп жылап келеді. Әсіресе Таубай зарлатып салғанда, кемпір-шалдар жылап жібере жаздайтын...

Бұдан кейін «Ақиіс» әніне салмақшы болды. «Бір байдың Ақиіс деген қызы большты. Өзі сұлу, сөзге шебер — ақын екен... Заманында жер тітіреткен Мұхтар дейтін правитель малды көп беріп, бір жағынан, зорлығын істеп, Ақиісті тоқалдыққа алыпты... Сонда Ақиіс отауында отырып мынау өл енді айтқан екен: „... 12 3⁹ ~? ...”

Үйқысы правительдің қаршыға үйқы,
Ауылда күнде жиын, күнде күлкі...
Келді де бір ақ сұнқар іле түсті,
Мен едім тауда жүрген қызыл түлкі...

Бәйбішенің сөзін сөйлейтін бір жігіт бар екен. Сол мынау өлеңді есіткен соң, былай депті:

Мұхтардың бәйбішесі Қашым еді,
Жұлдызы өзге әйелден басым еді...
Ақиіс мұнда келіп кеми **берді**,
Тұнеугі **төркінінде** тасып еді...

Ақиісті жақтайтын бір жігіт оған былай деп жауап қа-
йырыпты:

Жылқыға кеше барсам, торы тай жок,
Қашымда **бұрынғыдай** тәтті шай жок.
Ақиіс мұнда келіп кемісе де,
Байқасам, сол Қашымда енді бай жок.

Правительдің Ақиіске ауып кеткендігін **бәйбіше** де' сезетін болса керек, бірақ сөзге мерт болмайын деп:

Торы арқандаулы **күйінде тұр**,
Бұл күнде **халықтың** ісі биінде тұр.
Катынды қартайды деп кемітпендер,
Қазақтың мұндай қызы үйінде отыр... —

деген екен...».

Ақиістің жыры — таусылмайтын жъф. Таубай **бәрін** де айтты. Әр өлеңнің алдында мынаны пәлен айтқан екен деп түсіндіріп отырады. **Кол** өршеленіп кетеді. **Арқасын** жыбырлатып қозғалтып қояды. Нак сол минутта Ақиістің жанында отырып, бұлбұлдай сайраған сөзін есіткендей боласың. Күндеңстіктен зарлағанына жаның ренжиidі...

Ай көтеріліп, сәскелікке келгенде өлең тоқтады. Таубай демін алып, домбыраны жанына қойды. Жұрт біртіндең тарай бастады. Бірен-саран үйықтап қалған балаларды жаныңдағылары жұлмалап оята бастады.

Біз далада жаттыпс. Ай сөулесінің жарығында, тынған табиғаттың құшағына кіріп, өткен-кеткендерді ойладап жатып үйықтап та кетіппіз.

ҚҰРЫМБАЙДЫҢ ЖІПТШІЛІП

Күзгі күн еді.

Күн ұзакқа екпіндеп сокқан долы жел кешке қарай тынып басылып, өлем жүзі құлаққа ұрған танадай мұлгуде. Күн батып бара жатыр. Батар күннің сәулесі қызыарып шашырап, дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр. **Күншығыс** жактан құшағын жайып келе жатқан қою қарандырылған жаман даланы ұзатпай бүркейін деп тұрған сияқты.

Дала бос. Дала көнілсіз. Сарғайған шөп, мал тұяғымен қырқылып, тақырланған жер жүректі тартпайды. Жүрек өлденені іздеген секілді. Қызықты жаздың құлпьфган жерін жоғалтқан секілді. Мынау жол жаңында жатқан кішкене шалшық су бұдан екі-үш ай бұрын шалғыны балбырап үйысып жатқан көгал еді. Енді таздың басындей аламыштанып, үйысқан шалғының өр жерінде бір түбірі ғана қалыпты. Мына түріне қарағанда, бұған көкорай шалғын бітті, кемерінен асып сұы шалқыды деп кім айттар.

Күн бата Ырысбайдың белесіне жалғыз атты қақпапап, қорапсыз **арбаға** мінгесе мінген екі адам тырмысып келе жатыр. Жеккен аты арық, көтеремге шалдыққан маліла сүйектері ырсыып тұр. Бауырына шабан шыбыртқы тисе, бар денесін салып жіберіп, солқылдап жортқан болып, кішкене жүргесін тағы аяндай бастайды. Арбаны қиқая бір жақ иығымен тартып, бір көзін айдаушының шыбыртқысынан айырмайтын сияқтанады. Шыбыртқы көтеріле бергенде-ақ, аз қымсынып, жүре бастайды.

Арбадағының алдындағысы домалақ бетті, көзі кішірек келген, бака қара кісі. **Көрінер-көрінбес** мұрты бар. Ерніnde бұлтиған насыбайы. Атын шаужайлап бірер рет шыбыртқылап қойып, шырт-шырт түкіреді. **Үндемейді.** Екі көзі алдында, терең ойға шомып келе жатқан кісі секілді. Бұл бесіншідегі пысық жігіт, осы күнгі ауылнай Кебекбай еді.

Кейінгі отырған қызыл шырайлы жас жігіт, үстінде көнелеу қара шинель, басында фуражка, мойнында асынған қылыш, арбаға аяғын салбыратып жіберіп, қылышты алдына кесе қойып келе жатыр. Бұл — болыстық милиция. Атымен таныс болғыларың келсе, аты Құрымбай. Өз елінде

«таз Құрымбай» деп аталатын еді. Қайың болысына келгелі «Құрымбай», «Қүреке!» аталған.

Бұлар белеске шыққан кезде шашыраған нұры семіп, күн үясына кірді. Меніреу қараңғылық жер жүзіне қанат жайған секілді бодды. Түсे беріс ылди ауыл екен. Мұнарланған тұтін, үрген ит, ыңырысыған мал. Ауылда ма, өлде өрістен мал құлатып келе жатып па, біреудің ән салған даусы естілді.

«Торышам семіреді жем жегенде,
Жоқ еді түк алаңым сен дегенде.
Ренжимін, жан серігім, қан жұтамын,
Жеріңе уәделі келмегенде!..»

Кешкі ән — жігіттің қызыгна өкпелеп айтқан әні Құрымбайдың жүрегін қытықтағандай болды. Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтеріп, «мен ше», «мен ше» деп көз алдына елестеп келген секілді болды...

...Я, ол кезде Құрымбай жас еді. Жастығының үстіне, ауылдың жабайы адамының бірі еді. Құрымбайды адам, екен деп елеуші жан жоқ секілді еді. Басқанықі басқа болсын, Байкөбектің тоқалына не жоқ еді? О да теріс қаралы-ау! Теріс қарамақ түгіл: «Әдіра қал, бұ да адам болып, кісіге сөз айтпақшы ма екен?!» деп нос та берді гой. Сол тоқалдарға осы күні көрінер ме еді? Не дер еді?..

Құрымбайдың жол жүргенде, жұмыстан қолы босағанда ойлайтыны ылғи өйел жайы. Кейде төсекке жатқанда ойға шомып қиялданып, көрер танды көзінен атқызатын да күні болады. Құрымбайдың ойынша, дүниеде өйелден қадірлі нәрсе жоқ. Әйелі бар адам дүниедегі бақытты адамның бірі саналуға тиіс. Өз ауылындағы Жұман кедейліктен зарланып мұнын айтқанда, Құрымбай ішінен кеюші еді: «Құшақтап жататын қатыны бар, енді бұған не керек екен?..» деуші еді.

Құрымбай милициялыққа жеткен соң, ойлаған мақсатқа жетем бе деп еді. Бұрын көзге ілмейтін өйелдер енді ашылып сөйлесер, таңдап жүріп біреуін аламын деп ойладап еді. Милиция болғанына қазір бесінші ай. Содан бері көп ел аралады. Қайың болысында бармаған ауылы жоқ. Әсіресе сұлу қызы бар, сұлу келіншегі бар деген үйге арнап та қонып жүрді. Бірақ арылмайтын бір қырсық, ретінде

келген емес; кейде қыздың шешесі үйкемайды, кейде қызымен бөтен үйге барып жатады. Эйтеуір, Құрымбайға дегенде сұлтау табылады.

Құрымбай біраз ойға шомып отырды да, басын көтерді, жан-жағына бұрылып қарады.

— Күн батпай жетеміз деп едің, өзі алыс екен ғой, — деп есінеп, керілді.

Обыраған шинелін дұрыстап, тақымына қымқырып басты.

— Алыс емес еді, мына арам қатқырдың аяғын баспай келе жатқанын **көрмейсің** бе? — деп Кебекбай атын **шыбыртқымен** сиракқа тартып-тартып жіберді. Өзі қокила-ныңқырап отырып:

— Кедейшілік те басып кетті. Бұрын мұндай атты жеге **қоймайтын** едім. Торбесті деген атым болып еді. Өй, жа-нуар, мал еді-ау, **ауыздығымен** алысып отырушы еді. Осы ауылдарға лезде келіп қалушы еді.

Ерніндегі насыбайын сұқ қолымен іліп алып, жерге секіртіп жіберді де, бірер түкірініп алып, Құрымбайға қарап күлімсіреді:

— Асықпаныз, жетеміз. Бүгін ырымымыз жаман емес қой, ретіне келер, — деді.

II

— **Күләшжан**, құйшы, қаным кеуіп қалыпты ғой, — деп кесесін итеріп **жіберіп**, Нұржан шапанының түймесін ағытты.

Жұмыстан алқыннып келген адам, оның үстіне, ыстық шайды ішкен соң, сасық тер бұрқырап шыға бастады. Катпарланған мандай, имиген ұзын тұмсығы тершіп, самайынан, сақалының арасынан тер сорғалап аға бастады.

Шайды **Күләш** құйып отыр. Катыны Меруерт байы мен **Күләштің** екі ортасында, жұлығынан шұлғауы шығып жүрген бастамалы мәсімен көсіліп жіберіп, құрсаулы ала кесемен шәйді сіміріп отыр. Байына жаны ашитынын білдірейін дегендей, байының шаршағандығына қынжылғандық қалпын көрсетейін дегендей, самайынан шығып тұрған шашын жаулығына тығыңқырап қойып, сөзге кірді:

— **Байғұс-ай**, өзің қартайғанда, жок нәрсені. шығынсынбай-ак, жалдал үйдіретін шом еді ғой, — деді.

Кейіп отырғанда Меруерттің сөзін шам көретін Нұржан-ның әдеті еді. Бұл жолы да сол күйге басты. Шынтақтап жатқан күйі Меруертке ажырайып қарады:

— Еш нәрсенің жәйін білмейсің-ау, байғұс, кісі жалдайтын не сиқымыз бар. Айналдырған үш сиыр, бір ат, бір-екі қой бар екен. Оның төлі жаз бітеді. Аз гана егін ішуден артылмайды. Борыш бастан асыш жатыр. Бәнкеден алған биылғы 50 сомды төлейтін уақыт та болып қалды. Киім жок, тұттай жалаңаш отырғандарың мынау...

Меруерт жеңілді. Байының ашуын жадыратайын деген кісідей мұнына сәйкес келе сөйледі:

— Қайтейін, жазған, шаруашылығыңды мен білмей жүрмін бе? Өзінді аяғаннан айтам. Жасың болса 50-ден асып кетті. Жұмыс істейтін не жәйін бар. Накұрыс қылып берсе де, Құдай бізден бір жаманды аяды ғой... Мына құрып қалғыр қызыға, әкене барып жәрдемдес, шом үйіс десем, өзімді тәлкек қылады... Жұмыс істеудің не айыбы бар, ертең біреудің үйіне барғанда осындағыдай ылғи бойынды бағып отырамын дейсің бе?! Кісі үйіне барғанда отымен кіріп, күлімен шығарсың, — деп қызына ақыл қылыш, айта бастады.

Құләш ерке өскен балалары еді. Ерек балалары болмаған соң, кемпір-шал үлдан артық мәпелеп өсіріп, жастай жұмысқа үйретпеген өздері еді. Құләш есі кіріп, бой жеткелі өкесін аяса да, өкесімен қосыльш жұмыссыз істегісі келсе де, ауылындағы қыздардың, қатындардың сөздерінен қашушы еді. **Көңілінде** «менмендік» бар еді. «Пәленшешін қызы кедейліктен жұмыс істеп жүр» деп айтады деп намыстанушы еді. Кейде, өкесін аяп кеткенде, жоғарғы ойын қатеге шығарып, жұмыс істеуге бой ұрса да, енді істеуге келгенде беттемей шыға беруші еді. Бірақ өкешешесін алдауға, олардың көңілін табуға үста еді, қандай жабыфқап отырғанда да оларды күлдіріп мәз-мейрам қылұшы еді. Шешесі қарқылдаپ құліп, қызының мінезіне риза болып: «Карағым, жұмыс іstemесен де, тірі бол!» дейтін еді...

Лапаста жатқан **Жолдыаяқ** арсылдаپ үрді. Есікте сыбдьф білінді. Біреу сипалағандай болды. Үй адамдары шәйін тоқтатып, есікке қарады. Кесек байлаған қойша мойнындағы қылышы салактап, винтовкасын сүйретіп, Құрымбай мен Кебекбай артынып-тартынып үйге кірді.

— Кеш жарық!

- 163 -

Кылышты, мылтықты көргенге ме, үй іші үрпісіп қалды. Әсіресе Меруерт үрпиді. Жақын арада Сылқымның қызын милициямен келіп алған кетті дегенді есітіп еді. Сондай бір сойқанға ұшырамасақ иғі еді деп зәресі калмады.

Сығырайып жаңған бестік шамның сәулесі қара көлеңкеленіп келген кісілердің бетін ашық көрсетпеді. Әйтсе де ауылнайды жоспарлап тануға мүмкін еді.

Қонақтар төрге шығып, қыз айттыра келген сыпайы құдадай шірене барып отырды.

— Ауылнаймысың, аман ба?

— Шүкіршілік.

— Мына жігітің кім?

— Болыстық милиция ғой.

— Жол бола берсін, қайдан шықтындар?

— Берекең ауылынан шықтық. **Биылғы** берілген нәләктің спескесін кем жазылған деп, бо лыс наңбай жатыр. Қайтадан жүріп жазындар деп мына кісіні жіберген екен, соған шыққанымыз ғой, — деді.

Үйге кіріп отырғаннан Құрымбайдың көзі Құләшта болды. Алдымен Құләштің мәнерлі қызыл тақиясын көрді. Кою қара шашын мандайынан екі айырғандағы ағарған жігін көрді. Одан темен жазық мандайын, күлімсіреген қара көзін, мұрнын, аузын, тағы тағыларын көрді. Әсіресе көзі, мұндай көзді Құрымбай өмірінде көрмеген секілді болды. Әлде көрді ме екен? Жапақтың үйіне қонатында бой жеткен қызы шай құйып беріп еді. Оның көзі де осы сияқты емес пе еді? Жоқ, ол өлген балықтың көзі секілді бозғылт еді. Мына көз басқа!

Құрымбай Құләштан көзін алмады. Қайта-қайта қарай берді. Бастапқы кезде қандай жігіт екен деп Құләшта қарап көріп еді, тікірейген ала көз жұтып қоятындаи болып қадала қойған соң, мына шіркіннің қарағаны қалай еді дегендей, өз жұмысымен больш, шәйін құя берді. Қадалып отырған ала көзді елемеді, елеу ойында да болған жоқ...

Төсек салатын кез жақындағанда Меруерт қонақтарына жәй айтты:

— Ағаларың шал. Көсіп қылатын адамымыз жоқ. Бірекі қойдың төлін жазды күні сойып қойғамыз. Күзгі келген қонақтарға үяттымыз.

Ауылнай:

— Дұрыс қой, — деп ернін жыбыр еткізген болды...

III

— Кой деймін, сізге не болған, — деген **Күләштің бәсеке-**
деу даусы шықты.

Үй іші қаранды. Сығырайған терезеден азырак саңылау-
сымақ жарық шалынғандай болады. Үй іші қалың үйқыда.
Бит-бүргенші шаққанына шыдай алмай аунап түсіп, Нұржан
мен Меруерт қорылдал үйді басына көтеріп жатыр. Эке-
шешесінің бас жағындағы бұрыштағы күиста **Күләш** жа-
тыр еді. О да үйқитаған секілді еді. Бірдеме төс жағында
жыбырлағандай болған соң, қымсынып оянып еді.

— Кой деймін... қойыңызшы!... — деп **көрпесін** қымтап
жамылды.

Күләштің бас жағына таман қалтыранып, жүрегі алыш
ұшып үнірейіп **Құрымбай** отыр. Сол қолы жерді тіреген.
Тырнап алар деп қорыққан адамдай он қолын ептең қана
созады. **Көрпеге жақындана бергенде, Күләш жиырылып,**
итеріп тастайды.

— Қойыңызшы!..

Алқынған жүрек, ынтыққан тілек ерікке қоймайды.
Уміт үздірмейді. «Адам баласы ғой, заты өйел ғой, елжі-
ремес дейсің бе, жібімес дейсің бе» деп ойлайды. Елес-
теген тәтті үміт **баяғы қолды** еріксіз тағы созырады; тілек
тілеген қайыршылан жаман өлердегі сөзін айтатын пішін-
мен өлімсіреп созылған бақытсыз қол жылы көрпеге жа-
қындей бергенде, өлденендей белгісіз бір күш итеріп келіп
тастайды.

— Қойыңызшы!..

Құрымбай сескеніп, қалтыранып кетті...

Үй тастай қаранды. Терезеден жылтырап бір жұлдыз
көрінді. **Жұлдыздың** сөулесімен есік жақтағы пеш ақ аян-
тартып Ю бұлдырланған секілді болды. Пеш жанында
бұйығып үйқатаң жатқан ала мысық пырылдал **оянып**,
Құрымбайға қарай аяннады. Жанына келіп еңкейіп отыр-
ған **Құрымбайдың** бетін **қүйрығымен** сипап өтіп, **Күләштің**
көрпесіне барып кіре бергенде, белен алған **Күләш** оны
да итеріп жіберді. Ала мысық **Құрымбайдың** алдына келіп
түсті. **Құрымбай** ала мысықты сықақ қылғандай, «байғұс-
ау, сен түгіл, мені де жолатпай жатыр» дегендей езу тарт-
ты. Бірақ ала мысық **Құрымбай** секілді жалтақтық қыл-
мады, **Күләштің** көрпесіне қайтадан барып кірді. **Күләш**
бул жолы тимей, ала мысықты көрпесіне кіргізді. «Апы-

рым-ау, мысық құрлы болмағаным ба? Мені мысық құрлы көрмегені ме» деген ой Құрымбайдың мазасын альп барады.

Ой теніз ғой. Шарықтай отыра аякты жоғары салды. Құрымбай бір болыс елдің милициясы. Бір болыс ел сыйлап отыр. Әйел түгіл, еркектер қарсы келіп көрген емес. Еркектің де дәулерімен алысып көрді. Қайың болысындағы жеті атасынан уызы арылмаған Бықырия дейтін кісі үрлықпен былғанып, соны ұстауға тура келгенде, еңкілдетіп алдына салып айдап-ақ келген Құрекең еді. Бір ауылнай ел больп жалынып, бір күн қондыр деп сұрағанда да, көнбекен кісіні осы занұды дұрыс орындауда, атқа мінерлердің, жуандардың алдауына ермеуде Құрымбай бәйге алып-ақ жүрген жоқ па? Милиция бастығы мұның қызметін жақсы деп мактап отырған жоқ па?.. Енде... енде, осынша қарысқандай бұл қызға не жоқ?

Құрымбай ашуга да мінгісі келеді. Бірақ белгісіз бір күш еркін алып, жуасытады. «Ашудан еш нәрсе өнбейді, жалынып бак» дегендей болады...

Неге екенін өзі де сезбеді, Құләштің жанына жанай жатты. Құләштің жастығының бұрышына басы тигенде бойы еріп кеткен секілденді... «Осындай қараңғы тұнде мынадай бой жеткен қызды құшақтап жатса, содан қызық не бар екен?!» деген ой баста тайталасып жарысып, мазаны алып барады...

Алқынып, тығылып, зорға дегенде үнін шығарды:

— Сіз мені танымай жатырсыз гой деймін...
— Жоқ, таныдым.
— Енде, заманда емессіз бе?
— Болса қайтеді? Әлде замандастығыңызды сатасыз ба?
— Сатпаймын ғой... Замандастыққа лайық іс қылсак деймін.

— Мен тілемеймін...

— Сіз менің сөзіме түсінбей жатырсыз. Мені елдегі жабайы жігіттің бірі деп ойлайсыз. Оныңыз қате. Мен іс басындағы адаммын. Мен әйел затын теңгеруге қарсы емеспін. Соңың үшін де өзім келіп отырмын. Менің ойым... Менің ойым... — деп Құрымбай сөзін аяқтамай тоқтады. Өзінің не айтқанын, не айтайын дегенін білмеді.

— Жұмыс адамысыз ғой, үйқыныздан қалмаңыз, барыш жата қойыныз, — деп Құләш ірге жаққа аунап жатты.

«Жұмыс адамысыз ғой...». Бұл өзілдеген сөз емес пе? Я, өзілдеген сөз. Әзілге келген соң, енді не тұрыс бар» деп ойлады... Жатқан күйі, басқа сөзді қойып, құшактай берем дегенде, белең алған Күләш сескеніп, қолын көтеріп қалғанда, Құрымбайдың мандайына тақ ете қалды. Басын белең алған атша Құрымбай кекен еткізді. Тұла бойы суынып, денесіне суық суды құйып жібергендей болды. Не болғанын, не қылғанын сезбестен, қалтыраған күйі аз-кем төніп отырды да, жылжып төсегіне келді.

Ауылнай ұйықтаған жоқ екен:

— Немене, іс бітті ме? — деді.

Құрымбай көрпесін жамылып жатып күрсінді:

— Болмайды! — деді.

IV

— Қане, Қүреке, малыңызды айта қойыңыз, — деп ауылнай қысып барады.

Нұржанның тезек шоланының ішінде он шақты адам қатарынан отыр. Ішінде байсымак Кәрім, сүбе би Дәуіт бар.

Нұржан кібіртіктеп, мұдірді. Сырттан қарап тұрған Меруерт тезе алмады білем, шалына болыса бастады:

— Ауылнай қайным, ағанды тығызып кеттің гой. Бірекі сиыр мен бір аттың барын өзің де білесің, оның несін сұрай бересің?

— Мен ешкімнің малыш тұгендереп жүргенім жоқ. Кімде не барын мен білмеймін. Айтқандарыңды жазам, айтпай, жасырсандар, ертең айып тартасыңдар, малың қазынаға түседі...

— Оның дұрыс қой, бірак менде жасырылып отырған мал бар ма? Бір-екі қараның есебі өз қолында. Мені қыса бергенше, мына Кәрім, Дәуіттер де отыр, алымен солардан-ақ сұрасайшы...

— Бай-бай, Нұржан-ай, қыршаңқы тілің қалмайды-ау. Біреуді шалдырмай-ақ, өз малыңды жаздыра берсейші, — деп Дәуіт кейіп қалды.

— Қайным-ау, нені жаздыр дейсіндер?

— Жаздыр ана қойынды! Әкеңе ас бересің бе? Казынадан мал үрлайтын қайдан шығқтың?

— Өзің жаздырмайсың, сенің қойың жоқ шығар?

— Мен қойымды кімге жаздыратынымды білем.

— Біз де білеміз.

— Әңгімені қой, жаз, мына Нұржанның екі қой, бір ешкісі бар.

— Ендеңе, мына бидің 15 қойы бар, алдымен соны жаз, — деп Меруерт тағы килікті. Дәуіт Меруертке ала көзімен қарады... Ауылнай Нұржанның екі қой, бір ешкісін жазды. Дәуіттің жазбады. Дәуіттің жазған, жазбағанын Нұржан да, Меруерт те қазбалап сұрай алмады. Дәуіттің ашулы ала көзі өнмендерінен етіп кетті. Бір пәл еге үшыратар деп қорықты...

V

Нәрсе қарасын алып жүрейін деп жатқанда, үй жанында тұрған Күләшқа Құрымбай кездесіп қалды. Күләш жымып күдді. Тұнде ашуланса да, неге екенін өзі де білмей Құрымбай да құлді.

- Тұндегіге ашуландыңыз білем.
- Жоқ, ашуланған жоқпын.
- Ашуланбасаңыз, айып алуыңыздың жөні қалай?
- Қайдағы айып?
- Айып емей не, байлардың жүздеген қойын көрмей, біздің үйдің екі қойын жазып кетіп отырсыздар, төрелігінді былай қоялық, мұның тіпті жігітшілігіне лайық емес қой.

Құрымбай апалақтап қалды. Істеген істерінің бұрыстығын жаңа сезгендей болды. Ұялып, бетінен отышқыты...

Арбаға мініп, ауылдан шыға бергенде, Құрымбай артына қарады. Екі шелегін иығына салып, Күләш суға кетіп бара жатыр еді.

— Но, маладес қыз екен, өттең, оқымай, қор болған екен!.. — деді.

* * *

Ауылға салық қағазы келгенде, кім жазғаны белгісіз, Дәуіттің 15 қойына сальғұ салынып кедді. Мұны естігенде, Нұржан миығынан құліп:

— Оқасы жоқ, көппен бірге тарттың ғой, — деп кенеліп қалды.

Шәй құйып отырған Күләштің есіне Құрымбай тұсті. Құрымбайдың кетерде үялғаны, құлағына дейін қызыарып, қайыфып жауап берे алмағаны көз алдына келді, өз-өзінен жымышп:

— Калай да жігіт екен, жарады! — деп риза болды.

— .. -

1926 жыл, 6 ноябрь, Қызылорда.

I

Злиха бүгін көңілсіз. Көңілсіз болғанда, жайшылықтағыдай емес, бүгін өзгеше өні қашып, жақ жұні үрпіп, берекесі кетіп отыр. Не істейтінін, не істеп отырғанын өзі де білмейтін секідді. Кол сандықты алдына алып ашқанына әдәуір уақыт болды. Сандығында көптен жиналыш қоқырсыған матаның қиқымын, сұыртпағын, ширатқан жібін әлденеше рет актарды. Осыларды о баста неге арнал жинағандары есіне тұсті. Мында бір қызыша сисаны, осындейдан құрастырып, бір жасар баласы Бақытқа **көйлек** тігіп бергелі жүр еді. Мына біреу **ақ жіштің қалдығын қызы** Ұлпаға көйлек тіккендей болса, етегін қаюға керек болар деп сактап жүр еді. Қоқырсыған құрактың әрқайсысының өзіне орны бар, бұлар сары майдай сактап жиып жүрген мұлкі. Енді осының бәрі текке қалатын секідденіп көрінеді. Неге олай, себебі не? Қоқырсыған құракты жыстырып, Бақытқа көйлек тігіп берем десе, қарсы келіп отырған біреу бар ма? Келіншек больш тұскеніне был тоғызыншы жыл екен. Содан бері терт құрсақ **көтерді**. Екеуді өлді, тірі қалғаны Ұлпа мен Бақыт. Ұлпа был жетіде, Бақыт бір жасқа жаңа толды. Осы екі баданы қалай тәрбиелеймін десе де, Злиханың еркінде емес пе? Әлде байы **Қарымсак** кесе түсе ме екен? Злихаға ерік бермей, еркектік қылыш, қоқырандай бере ме екен? Бірақ олай деуге жөні келмейді. Қарымсактай **момын** жок. Қарымсак өткен өмірінде Злихаға мынауың теріс деп көрген адам емес. Злиха келіншек больш тұскеннен өзін ерікті **санаған**. Оны жүрт екі түрлі жорушы еді; Злиханың үйі орта дәулетті үй; Қарымсактың үйін баста **тәң** көріп қыз берсе де, артынан бұл **кедейленіп** калған; Злиха Қарымсактың кедей күнінде келіп тұсті. Екінші себеп, **жұрттың** жоруынша, бұл зілдірегі Злиха **жасында** ажарлы еді. **Ажарлы** әйелді бозбалалар жағалап, «тәуір әйел екен» деген **атты тағатын өдеті** гой. Злиха мұны жас күнінде сезбеген **секілденсе** де, келіншек больш тұскен **соң ойланған** бастады. Тәкен ауылдының тәуір деген жігіттері кездескен **сайын іліп-қашып**, Злиханы **терендете** тұсуші еді. Басқа әйелдерге қарағанда Злиха еркін **өсті**. Злиханың жайдарылылығына, еркіндігіне қарап, сырт оны «бозбалашылықтан **сау емес**» деп жорушы еді. Бірақ **Злиха** намысына

кір келтіреді, кім көрінгенге қолжаулық болады деп Қарымсақ ойлап көрген емес.

Ендеше, Злиханы көңілсіздікке салушы кім? Кімнің тілі тиді? Кімнен жәбір көрді — бұл сұрауларға Злиханың өзі де жауап бере алмайды, жауап іздеген де жоқ, осы сұрауларды шешіп алудың керектігін ойлаған да жоқ.

Сопактау келген жер үйдің ортасын бөлу үшін салған ұзынша пеш бар. Сол пештің жаңында жұлмаланған құрым киіздің тесігінен шөпті сұрып Бақыт ойнап отыр. Кішкене қолы тырбыш, уысына сыйған бір-екі шөпті сырғауылды сындырғандай қылып сындырады. Терезенің көзінен түскен күн сөулесі Бақыттың бетінен сүйіп, еркелеткендей, ойнатқандай болады.

Шашы жалбырап, Ұлпа қуыршақ істеп отыр еді. Шөппен ойнап отырған Бақыт Ұлпаның қолындағы қуыршақты көріп қызықты, «мәм, мәм!» деп қолын созып сұрап еді, Ұлпа оған бере қоймады. Бақыт ызаланып жылап жіберді.

— Эже, әже, — деді Ұлпа.

Терең ойға шомышп отырған Злиха үйқыдан оянған кісідей басын көтеріп алды. Байбалам салып, еркелеп, жылап отырған Бақытты көрді. Екі беті томпиш, көзінен боларболмас жас шығыш, Злихаға қарай еңбектеп келе жатыр еді.

Ұлпа еркелей қарап:

— Эже, қуыршағыма көйлек істеп берейін, ана бір сисанды бересің бе? — деді.

Еркелеп күліп отырған Ұлпаны көрген соң, өтірік байбалам салып, әжесіне наз қылғалы жылап келе жатқан Бақытты көрген соң, Злиханың жүрегі елжірейін деді білем, өз-өзінен ызаланып жылап жіберді:

— Құдай-ау, осы пәл еге мені салғалы жүрген кім? Мен неден аздым? Маган не көрінді? Бақытжанды қайтем? Ұлпаны қайтем?

Еңбектеп келген Бақыт мамалап бауырына кірді. Ұлпа қуыршағын тастай беріп, өжесінің жылағанынан қорыққандай состиынқырап тұрды да, иығынан асыла отырды.

— Эже, қарным ашты! — деді.

II

Сары, Кәрібай, Жалмақ үшеуі Сарының шомының ық жағындағы күртік қарға отырып, кеңеске кірді. Әсіресе Жалмақ күпісінің жағасын жоғары таман көтере түсіп,

мақал-тақпағын араластыра, сөзді желдіртіп соғып отыр. Кәрібай көп үнде мейді. Жалмақтың сөзіне ырзалық білдіргендегі оқта-санда басын изей түсіп, күлімсіреп қана қояды. Сары қатты қарды таяғымен тұрткілей отырып, бірдеме айтып күлімсіреп еді, Жалмақ іліп ала жөнелді:

— Сары, сенің сөзің екіүшты больш отыр. Кәрібай да бір елдің адамы, сен де осы елдің жігіт ағасысың. Сені басып кететін, сенің сөзіңнен шығатын Қарынбайдан кім бар? Басқа сөзінді қойып, «жесіріме қимам қышып отыр» десен, біз сөзді өлдекашан доғарамыз ғой.

— Жесірімді бермеймін десем, менің айтуға да қақым бар. Қарынбай тұқымының намысын мен іздемегендеге, кім іздейді. Бірак мені қамай бергенше, өздерінді де қолға алуларың керек еді, — деп Сары күлімсіреді.

— Өй, құрып қал, құлқынынды алға сала сөйлейтін өдетің-ау.

— Мен Кәрібайдан үйренгем. Биылғы, Үлтарактың келінін ала барғандағыны мен ұмытам ба екем?

Кәрібай қа-қа-қа-лап құлді. Жалмақ Бейсенбайдың болыс кезіндегі секіртпе құлқісіне салды.

— Ал енді сенің дегенің-ақ болсын, ашыш айтшы!

— Мен несін айтайын. Өз басым еш нәрсе дөметпей-ақ қояйын. Араға жүретін жігітеріміз бар, өкімдеріміз бар, олардың сыбағасын толықтырмай болмайды ғой. Осы күнгі заманның түрін өздерің білесіндер, біреуді аңдып, атқа мінген жігіттің аяғынан шалып құлатқанша асық. Солай болған соң, олардың енбегін бағаламай болмайды ғой...

— Әкім деп сенен олжа дәме қылатын бұл елде өкім бар ма? Жантайдың баласын өз қолыңнан ауылнай қойып отырсың, көзді бір алартқанда жым болатындарынды алға өкеліп тартпай-ақ қойшы!..

Жалмақтың тұқырта сөйлегенін Сары үнатпады. Біреудің бақытын, дәuletін меншіктене сөйлеген адамнан жек көргенім жоқ деп Сары өзінше пәлсапа соғатын. Атқа міну, елге бас болу, Сарының ойъяша, онай жұмыс емес. Елдің иғі жақсылары ел аралай шықса, «адам болған жігіт еді» деп осының үйіне келіп түседі. Конак келген соң, шығын болатыны екі бастан белгілі. Азғана малды сатып, соя берсе, ертеңгі күні кедейленіп қалса, Сарының сөзін кім тыңдамақшы? Табысының да сені кетіп жүр. 1921—22 жылдардағыдан билік айтып, олжа түсіретін, үрлықтың өрбіген

заманы емес. Елде дау шамалы, бірен-саран болғандары, Сарының алдына келмей, сотқа тұра тартатын болып жүр. Бірен-саран ер жеткен әйел балалар құтты жеріне әлде-кашан қондырылған. Жас әйелдердің де осы қалай дегені аударыстырылып, «мүшелі шапанды» Сарыға кигізген. Сарышың ақтық азықтарының бірі осы болып отыр. Сондықтан бұдан ұтылмау жағында Сары аянбай күш салды.

Жалмақ өрі-бері арбасып, бәсекесіген соң, тұлкі тымағының құлағын көтере түсіп, сұлу мұртты бірер сипап алып, Көрібай сөйледі. Көрібай Сарыға жай айтуда кірісті:

— Сенен жасыратын сыр жоқ, мен осы қатынды алғанда, басқа зар болғаннан алғалы отырған жоқпын. «Ерегісін жерде өліп қалу керек» деп өзің айтпақшы, бір ерегіспен болып отырған іс қой. Бір іске бел байлаған соң, шығыннан қашуға бола ма? Азды-көпті малым бар, мен қолынды қақпаймын, мынау мынаған керек деп жұмса да, жұмыстың бітіріп бер.

Сары ажарланып сала берді. Жымындал Жалмаққа қарады:

— Әй, Жалмақ-ай,abyroй ала алмай-ак өддің-ау! Осы сөзді манадан бері сен айтсан ғой, абыронын аласың да кетесің.

Жалмақ өтірік күлгөн болып, шақшаға жармасты. Сары албарындағы малайын жұмсап, Коржынтайды шақыртып алды. Төртбак келген толықтау қара жігіт, белбеуді көкірегіне таман буынып, адамсып келіп отырды. Сары оған үстемдік көзбен қарап, бүйрық есебінде сөз айтты:

— Мына кіслердің жұмысын бітір!
— Бітіргенде қалай болар екен, өзінің айнуы да көп...
— Айнығанда не дейді?

— Не десін, әйелдің сөзі белгілі емес пе, «көрмеген, білмеген адамға не деп барамын, ең аргысы, жүзін де көргенім жоқ!» — дейді.

— Өй, тәйірі, сол айныған болушы ма еді? Жүзін барған соң көре жатар, бүгіннен қалдырмай, жұмысын бітір!

— Кайдам! Көрікеңнің ебі біледі, — деп Коржынтайды күлді.

Бері де жымындасты.

— Барған соң бәйбіше боласың, үдде мен бұлдеге оранасың деп соға берсейші, азбайтын әйел болушы ма еді, тәйірі, — деп Жалмақ пысықтап қойған болды...

III

...Қарымсақ пен Злиха екеуі үйінің қасындағы шыңында тұр екен. Қарымсақтың ойына баяғы жігіт күні, жігіт кезіндегі Злихага үрын барғаны түсті... Қатындар Злиханы алып келген екен, ынтық болып жүрген Қарымсақ бөкебайын ашып, Злиханың қызыл шырайлы жүзін, мәлдіреген қара көзін бірінші рет сол жерде көріп еді... Көптің көзінше ашылып сөйлесе алмаған соң, Злиханың ымдауымен екеуі тысқа шығып, Қайболдың үйінің тұсындағы терең жардың басына барып тұрған... Жазғы-тұрғы маужыраған тұн; жаңада тасып, қарқыны басылып жетпеген өзен сарылдаپ, күрілдеп тынық тұнді өзінше тербетіп тұрған сияқты... Ай жарқырап бұлттан шығып, жарық сәулесін Злиханың бетіне сепкенде, Қарымсақ Злиханы айдан да сұлу екен деп ойлады... Злиха бұральш Қарымсаққа жақындей тұсіп, ыстық лебімен бойын ерітіп, үнсіз ғана тұрады... Сол күндер есіне тұскендей болады... Еске түседі де, еркін алып билеп, Қарымсақ Злихага бұрылған секілденеді... Злиханы өзіне қарай тарта берем дегенде, өлдекім ар жағынан кеп, итеріп жібергендей болды, Қарымсақ жардан омақата құлап, басын көтеріп алса, ирелендеген біреу Злиханы қолынан ұстап дедектетіп өкетіп барады! Әлдекайдан Ұлпаның «әжелеген» ойбайы, Бақыттың «мамалаған» жылауы естілгендей болады... Қарымсақ күйіп кетіп, ойбайды салды:

— Злиха, Злиха!

Өз даусынан өзі шошып оянды. Бұл тұсі екен. Үйдің іші тастай қараңғы. Бесіктегі Бақыт шырылдаپ жылап жатыр. Бесікке таяу жатқан Үлпа әжелеп ыңырсып жатыр.

Шошып оянған күйі, тұла бойы қалтырап, не екенін білмей, Қарымсақ аз-кем отырды. Бір кезде есін жинағандай больш, Злиханы оятуға кірісті:

— Эй, қатын, тұр деймін!

Иығынан қозғап оятайын дегенде, созған қолы жастыққа тиді. Бойы өлденеге мұздап сала берді. Үйқылы көзімен қайта сипалағанда, қалтыраған қолы жылаған Бақыттың бетіне тиді. Бесіктің бет жапқышы ашық, жаңа гана емізген адам секілді.

— Өй, Злиха деймін, қайдасың?

Ыңғысып жатқан Үлпа үрпіп басын көтерді. Бесігінің бас жағынан жорғалап кеп, әкесінің қойнына кірді.

- **Қарағым, әжен қайда?!**
- **Әжем, әжем,** — деп Ұлпа жан-жағына қаранды.
- **Злиха, Злиха!** — деп Қарымсақ айқай салды. «Әжелеп», «мамалап» Бақыт шыңғырды. Үшеуі қосылып, үйді басына көтерді.

Далаға шығып кетті ме екен деп Қарымсақ баста дәмеленген секідденсе де, ұзап кеткен соң, қауіп үдей бастады. Альфым-ау, қайда кетпек, ашу-аразы **болған емес**. Ашуланбақ түгіл, бүгінгі тұн — Злиханың өмірінде жайдары болтан тұнінің бірі: інірден отырып Ұлпаның көйлегін жамады, Бақытқа **құрастырып** көйлек тікті, Қарымсақтың ескі тонын бүргіштеп, киуге жарайтын **етіп** берді... Жататын кез болтан кезде Бақытты **шомылдырып**, бабына келтіріп **бөлеп**, қайта-қайта сүйді. Ұлпаны **төсегіне жатқызып**, оны да **мандайынан** иіскеді. Төсекке жатқан соң, Злиханың жайдарылығынан дәмеленіп, Қарымсақ **жақыньярақ жатып** еді, **бұрынғыдай** «Әрі, ойбай, шаршап жатырмын» деп жирылмай, қайта өзі де **жақындай түсіп**, құшаққа құшақ айқасып жатты. Осыны істеген Злихада жаман ой бар деп кім ойлар? Ендеши, Злиха қайда?

Канша ойланса да, **бұл жұмбакты Қарымсақ** та шеше алатын **емес**. **Далаға шығып** іздейін десе, «**әкелеп**» жабысыш, **Ұлпа жылап** жібермейді.

Шам жақты, үй жарық **болған** соң, сезік мұлде үлгайды. Злиханың күпісі, **бекебайы** жоқ, жалма-жан жастықтың астын қарап еді, киіп жүрген шапаны да жоқ!.. Бір сүмдықтың **болғанын** жүрек сезді. Бірақ қандай екенін айырып **білерлік** шама жоқ. **Шырылдал** жылап жатқан Бақытты бесіктен **шешіп** алышп, бауырына басты. Шашы үрпіп үрейі ұшып Ұлпа өкесінің тізесіне жабысты. Шамға төніп **отырған** күйі, **сақалына** суы сорғалап Қарымсақ жылады, үшеуі де ә дегенше **көріптік** күйге түсті де қалды.

Таң атып, үйге сөule кіре бастады. Бақытты **Ұлпаға** беріп, әженді шақырып келейін деп, Қарымсақ іздеуге шықпақшы **boldы**. Әжесін шақырып келем дегенге **Ұлпа** куанып, Бақытты **ойнатуға** кірісті.

Қарымсақ шықкан күйі інісінің үйіне жүгірді. Келіні таңдан тұрып, **пешінің** моржасын ашып жүр екен. Тымырсық аязды қыстың таңы жылы үйден шықкан адамның бетін жалап, **қарытып** барады.

— Келін **шырағым**, біздің қатынды көрдің бе?

— Жоқ, ойбай!

— Ендеши, қатын жоқ!..

Келіні шоқаң етіп сөлем етіп болып, аузын сылп еткізді:

— Бәтір-ай, сүмдық болмаса иғі еді, кеше кешке Тасбакамен аузы жабысып сөйлеуі жаман еді! — деді.

Қарымсақ одан жаман үрейленіп, аяғы-аяғына жұқпай, бүкіл ауылды кезіп шықты. Көрген, білген жан болмады, әбден талған соң, ат арқасына мінген жігіт еді, бір хабарын осы таппас па екен дегендей жүгіріп Сарының үйіне барды. Сары төсегінде жатыр екен, басын көтермей, жатқан күйі ыңырсып, кейіді.

— Маған не қыл дейсің, мен сендердің қатындарыңа бақташы болам ба?!. Желіккен өйел тұрушы ма еді, қазір «слабоданың» заманы, өз қатыным кетем десе де үстап тұрап жайым жоқ, — деді.

Талып барған Қарымсаққа Сарының сөзі өнменінен атып жібергендей болды. Сақалына жабысқан көздің жасы сауыс болып қатып, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, салбырап үйіне келді. Кішкене құпісін киіп, жарбиып лапастың алдыға Үлпа өжесін күтіп тұр еді, өкесіне жаутандап қарады:

— Эке, өжем келе ме?

Қарымсақтың көзінен бүршіктенген жас ыршып шығып, бетін жуып жүре берді.

Қатын-қалаштар жиналып қалған екен, есіктен кіріп барған жағдайда, «мамалап» жылап қолға тұрмай безек қаққан Бақытты көрді.

Көріп болған балаларды кемпірлер мұсіркеп:

— Мұсөпірлер-ай, қайтсін! Әженің жолы басқа той! — деп олар да көздеріне жас алды.

IV

Қыска тоны қаудырап, сұыққа тоңып жаурап, жақ жұні үрпііп, ашаң жұзді келген бір өйел сиырдың қорасын таза лап жүр. Жұмысқа мойындағандығы, жұмысты көнілденіп іstemегендігі ісінен де көрініп тұр. Бірден бітіріп тастайтын жұмысты сұлтау қылыш, күн оздырайын деген кісідей үнемдеп істеп жүр. Кішкене жүргеннен кейін, күрегіне сүйеніп демін алады. Дем алса, ойды кернеген шарықтап, әлденелерді есіне түсіреді. Откендерді мен қазіргі күнді салыстыра бастаса, өзінен өзі мүжіліп, ыстық жас көзден тимей-тимей кетеді.

В РОДОСТИЧЕСКОМУ

Бұл Злиха еді, Қарымсақтың Злихасы! Қарымсак са-сып, Үлпа мен Бақыт жылап, үйді басына көтерген тұні Злиха Қарымсақтың жылы қойынан шығып, көрмеген, білмеген біреудің сонынан ерген. Неге ерді, не мұны бар, жылатып тастап кеткендей Қарымсақтың не жазығы бар? Бұл Злиханың өлі күнгі шешпеген жұмбағы. Бастап «алтын босағасын» аттап шыққан тұні де бұл жұмбак шешіл-меген еді. Су түбіне кетіп бара ма, Әлде адам көрмеген бір бақытқа кездесе ме — бұл Злихаға қараңғы еді... Ендеше, үйін, байын, ішінен шыққан баласын тастап, елеске еріп несі бар еді?..

Күрекке таянып тұрды дегенше, Злиханы айналдыра-тын осы ойлар. Бұл ойды Злиха төугі үйінен шыққан тұні-ақ ойлаған. Сүмдықтың басы Коржынтайды ғой. Коржын-тай Злихаға бөле есепті жігіт. Басқадан гөрі Коржынтай Злиханы жақсы тартып жүрген соң, кез келгенде ашық шыраймен өзілдесіп, Злиха да оны алыс көре қоймайтын еді. Злиха келіншек больш түскелі Коржынтай нелерді айтпады. Қарымсақты жамандап, Злиханың көңілін со-дан сұтуға жан салды. Елдегі бозбалаларды, бозбалалар-дың ішіндегі Әбдінің баласы секілді мырзаларды мактап, араға женге болғысы да келді. «Жас күнде бозбалашылық істеуден көңілді нәрсе жоқ» деп қызықтырып та көрді. Бірақ Злиха оның біріне де еліккен емес. Коржынтай кейде ашуланып: «Жұрттың қатындарының бәрінің де тамыры бар, осы саған біткен қай өулиелік?!» дегенде: «Бір күндікке қызы-ға алмаймын», деп Злиха қысқа гана жауап беруші еді.

Бозбалашылыққа көндіре алмаған соң, Коржынтай соңғы бір-екі жылдан бері өмірлік жолдас болатындарды айтып айналдыра бастаған. Соның ішіндегі Злихаға көп айтқаны Кәрібай. Кәрібайды жұрт ағасы асқан бай, қатыны өлген бойдақ деп суреттеген. «Саған сыртынан ғашық болып жүр» деген сөздерге шейін айтқан. Бір күні Қарымсак үйде жоқта Коржынтай тұнде келіп оятып, Кәрібай тыста күтіп тұр деп айтқан болатын. «Мен ешкімге қолжаулық бола алмаймын» деп Злиха үйінен қысп шығып еді. Кәрібайдың даңқына да, байлығына да қызыққандық пішін Злихада болтан емес... Эйтсе де, неге екенін өзі де білмейді, соңғы кезде бір белгісіз күш итермелеп, осыған көн деген сияқты болды. Қашанда болса, Қарымсақтан айрылып, бөтен біреуге қатын болып ТИО МІНДЕТ секілденді.

Злиха бір табанға шейін болады, болмайды деп у еде берместен келсе де, нақ қашатын күні кешке Қоржынтай келіп, өлердегі сөзін айтЫП, уәдесін сұраған, нақ сол жерде неғып жеңілгенін өзі де білмейді. «Жарайды» деген сөз Злиханың аузынан еріксіз шығып кеткен. «Ауыздан шыққан түкірік, қайтып жұтсаң — мәкүрік» деп кемпірлер күнде шарифат соғады. Айтарын айтЫП қойған соң, бұрысын-терісін тексерместен, Злиха қашудың жабдығына кірісіп еді. Алғашқы кезде балалары аяныш көрінді. Балаларын қиып тастап кету мүмкін емес секілденді. Бұрынғыға қарағанда аналық махаббаты жұз есе өсіп, екі баласының тілегі үшін жаңын қиып берерлік күйге жетті. Баланы ойлағанда көзінен моншақтаған жаспен бірге жүргінде қара кан саулап ағыш, ішін елжіретіп кеткендей болды. Байы Қарымсақ елдегі момын екеу болса — бірі, біреу болса — тап өзі. Жастан қосылғалы араларында көңіл қаларлық реніш болған емес. Злиха не айтса, Қарымсақ соған құл. Сөйткен Қарымсақтың жазығы не?..

Міне, осының бәрі тайталасып, қаранды тұнде Злиханың басын қатырып жатқанда, есік алдында тықыр білінгендей болады. Ақырын есік ашылып, өлдекім сипалап жердегі шөпті сыйбырлатып, жаңына келіп төнеді. Бұл Қоржынтай, ақырын сыйбырлап қана:

— Қане, жүр, — дейді!..

Злиха онда Қарымсақтың жылы құшағында жатқан. Жастан қосылған ері, нақ сол минутта адамның сырттаны, ешкім қиып кетпестік секілді еді. Злиханың қиып кетпегісі де келді. Бір кезде бесікте пысылдал үйіктап жатқан Бақытын көрді.

Жалма-жан басын көтеріп алып, бетін ашып еді, шырт үйқыда жатқан нересте, өжесінің мамасы бетіне тиген соң, үйқысын бұзып оянып, бесікте таңулы жатқан күйі керіліп есінеді. Мамасынан бірер сорды да, қайтадан үйіктап кетті.

«Қане, жүр» деп Қоржынтай қысып барады. Қоржынтайдың сыйбырын есіткенде әзірейілдей көріп, Злиханың денесі тітіркеніп сала береді. «Менде нен бар, мен байымды, балаларымды тастап, өзөзілдің жолына түсе алмаймын!» деп үйінен қып шыққысы да келеді. Бірақ басты тұмандаған қара күш ерікті билеп, ырық бермейді, сүйретіліп орнынан тұрып, не қыларға білмей дағдарғанда, Қоржынтайдың бұрын бір айтқаны есіне түседі: «Балаларды бірден

ала кетуге болмайды, барған соң сотқа арыз бергін, алады да береді. Кәрібайдың баласы, сенің балаларыңың оған жаттығы болмайды» деп еді Коржынтай. Злиха талған көңілге осыны сеп қылғандай, осыны ойладап, өзін өзі айналдырғандай болып, актық рет балаларын сүйіп, «алтын босағасын» аттап, жен тартып еді...

Міне, сөйткен Злиха енді Кәрібайдың тоқалы болып, Ажар бәйбішеге күң атанып, малайдың жұмысын істеп жур. Келгеніне төртінші ай, содан бері бір жылы сөз естіген емес. Бәйбішенің сөгуі, бәйбішенің берген азары аздай-ақ, екі күннің бірінде Кәрібай да үратынды шығарды. Өмірінде естімеген сөзін естігенде сай-сүйегі босап, іші өртеніп күйіп кете жаздайды. Откен күн көзден бір-бір үшш, құрсінгенде жүрегі қақ айрылғандай болады...

V

— Эже-ай! — деп Злиха ауыр құрсініп, ыңыранды. Ажары сұрғылттанып, жақ сүйегі сорайып шығып, көзі ала-рып кеткен. Екі інінен демін алып, отыра алмайды. Әлсін-әлсін жөтеліп, мазасы кетіп отыр.

— Эже-ай, келер ме екен? — дейді.

— Қайдан білейін, шырағым, пәті жуас адам еді, сенің бір қатанды кешем десе, келер, келсін деп қайта-қайта айтып тапсырдық қой, — деп кәрі кемпір Злиханың көрпесін қымтап жапты.

— Үлпа ше, Бақыт ше? Оларды да әкеле ме екен?

— Балаларын қайдан әкелсін, күн өлі суық қой, жас балаларды алып жүру оңай ма?

— Калқам Үлпа, құлыным Бақыт, — деп қамыққандай болды. Қамықты, бірақ көзінен жас шықпады, жүрегі жылады. Жүрегі елжіреп, ішін өртеп кетті.

— Калқам Үлпа, қарашығым Бақыт, не күйде екен-сіндер? Азғын жолға түскен, өзәзілдің тіліне ерген өже-леріңе лағнат оқып отырсындар ма? Әлде «өжетайым» деп, ертенді-кеш еңіреп, екі көздерің терт болып, зарығып мені күтіп отырсындар ма?! Күтесіндер гой... Күтсендер де, бір жағынан, ренжіп лағнат та оқитын шығарсындар. Лағнат оқитын жөндерің бар, мен айыпты! Сендерге қарайтын, сендерді алдыма алып, еркелетіп сүйетін менде бет жок. Мен сендерді ескермедім, сендерді жылатып тастап, өзіме бақыт іздемекші болдым. Қарымсақтың жаман үйінен,

жетпейтін кем-тар дұниесінен аттаң өтіп, үжмақтың есігін ашпақшы болдым. «Пелен жерден пәленшешің қатыны қашты» дегенді естігенде, менің ойымша, солар адам көрмеген бір қызықты тұрмысқа кіріп жатқан секілді болушы еді, ақырында сол ынтықты көріп, көнілді бастым... Мен сендердің бұрынғы жайрандал жүретін әжелерің емеспін, жүргі жаралы, беті қаралы, қайғы бұлтын үстіне төндірген сорлы болған жанмын... Көрібайдың үйінен қашып шыққан күні, шанаңың үстінде келе жатып тұс көрдім... Аппак киім киіп, өзеннен үйге қарай келе жатыр екем деймін, менің қарам көрінісімен-ақ, Бақытты жетелеп Үлпа алдыманан қарсы жүгірді. «Әжелеп» айқайды салғанда, жүрегім елжіреп қоя берді... Үлпаны мандайынан сүйіп, Бақытжанды алдыма алып, енді емізе берем дегендеге еңгезердей бір қара кісі арт жагымнан келіп желкеме түйіп келіп жіберді: «Лағнат, арам қолыңмен жас нәрестені, күнөсіз періштені не бетіңмен үстап отырсың!» деді... Алдым терен жар екен деймін, омақата құладым. Әлдеқайдан Бақыт пен Үлпаның «әжелеп» жылаған даусы шыңылдап, құлағымды жарып барады. Жардан зымырап бара жатқанда, тұла бойым түршігіп, шошып оянып кеттім. Күн ызғырық еді. Жүқа киімнен сұық өтіп, денем сіресіп қалған екен. Сол жерде-ақ осы аурудың жабысқанын сездім...

Басынан кешкен оқиғаларды бұлбұлдай сайрап Злиха айтып отыф. Кемпір шешесі тындалап, егіліп жылап отыр. Злиха тағы да көрген-білгенін айтып түгендемекші еді, болмады — жөтел килігіп, мазасын алды. Жөтеле-жөтеле өлсіреп, жастыққа қисайып басын салды. Өні көгілдірленіп, көзі бұлдырап, үй іші айналып бара жатқан секілденді. Бақыт па, Үлпа ма, әлде Қарымсақ па, болмаса күн-түні үйқы көрмеген, бағып отырған өзінің әжесі ме, әйтеуір біреудің «қалқам» деп жылаған даусын естігендей болды.

Талықсып кетті. Әлдене уақытта:

- Злихажан, басынды көтересің бе, келді гой, — деген дауыс құлағына тиді. Бұл әжесінің даусы еді. Көзін ашып алса, бетіне бетін тигізіп, біреу жылап отыр. Көзінің жасы сорғалап, Злиханың бетіне тамып тұр. Апыр-ау, бұл кім? Абайлап қараса, Қарымсақ! Злиха не болғанын білмеді.
- Қалқам, кеддің бе? — деді.
- Келдім, кеддім! — деді Қарымсақ.

— Мені кешесің бе? Мені бұрынғы Злихам деп танисың ба?

— Кештім, қалқам, кештім!

— Ендеше, атынды жек, маган Ұлпаны, Бақытты корсет! Олар да кешсін! «Әжелеп» бауырыма кіріп, Бақытжан мамасын сорсын. Ақтық рет жанымның шығарында Бақытжан мамамды емсе, Ұлпа бауырыма жатса, күнөмді кешіп, сен бетіме бетінді тигізсен, одан артық менің тілегім жок, ендігі бар арманым осы гана! — деді...

VI

Екінді әлетінде сары белден темен құлап бір шаналы келеді. Марттың іші. Далаңың қары еріп, қыраң жерлер аламыштанып, көз ойнак қара жерге айналған. Үлди жақ қалың ауыл. Ауыл үсті қара шоғырланып көрінеді. Кешкі тұтіндері мұнартып, бұлттай көшіп, аспанға созылып жатыр.

— Жеттің бе? — деді Злиха.

Даусы естілер-естілмес болып шықты. Қарымсақ атын айдай түсіп:

— Қазір жетеміз, ауылдың төбесі көрінді, — деді.

— Көріне ме?

— Әне, көрініп тұр.

— Ендеше, тоқташы!

— Неге?

— Ауылды көрейін. Сағындым!.. Ауылдың аңғарын, ауылдың үшқан тұтінін сағындым! Жеткенше дәтім шыдар емес... Шыдай алмай барам...

Қарымсақ атын тоқтатып, қымтауын ашып, зорға деңгендегенде Злиханың басын көтерді. Злиха ауылын көрді... Жүрегі елжіреп кетті. Көзіне өлденелер елестеді. Бақытты арқалап, Ұлпа жүтіріп келе жатқан сияқты болды.

— Қалқам Ұлпа, құлыным Бақыт! — деді. — Көрдім, көңілім тынды. Енді тез жеткіз. Әне, көрдің бе, Ұлпа мен Бақыт мені күтіп тұр... Күтіп тұрған жок, қарсы жүгіріп келе жатыр... Әне, әне... қалқам!..

Жуасын деген соң, шаршап кетті ме деп, Қарымсақ орнына жатқызды. Қайтадан қымтап жауып, атын айдай бастады. Злихадан бетер үйіне жетуге өзі асықты. Төрт айдан бері күн-түні жылаумен келе жатқан жетімдерді қуантқанша Қарымсақтың жаны сабыр таппай келеді.

* * *

Ауылдың қотанына кіре бергенде-ақ Бақытты арқасына жарбитып, екі көзі жол бойында телміріп тұрган Ұлпана көрді. Қарымсақ атын үсті-үстіне айдалап, албарға таяна бергенде Ұлпаға көзі түсті.

— Қалқам Ұлпа, әженді өкелдім.

«Әжелеп» Ұлпа жүгірді. Тірідей жетім болған байғұстар өжесінің жылы құшағына кіріп, мамасын иіскемекші еді, «қалқам» деген жылы сөзін есітпекші еді!..

Бірақ болмады, ынтығып күткен балаларын Злиха бауырына қыса алмады... Шанадағы Злиханың күр денесі ғана еді, жаны үзіліп кетіп еді...

1926 жыл, декабрь.

СЕКСЕН СОМ

Егеубай ертенгі шайын ішіп, қора-қопсысын ондайын деп тысқа шықты. Ноябрь іші болса да, қар жаумаған қара жер. Күзгі қара дауылға қыстың ызғары қосылышп, аспандағы сүр бұлтты қүйқылжытып, ызғырықтау болышп тұрған. Үйден шықкан ыңғайда тесік-тесік болышп тұрған лапастан соққан жел Егеубайдың мәндайындағы шайдың шығарған терін шайып жіберді. Қабағын жиырыңқырап, лапастың алдында тұрып, ақ тымақтың үзік бауын байлады. Тысқа шығып, бір-екі аттап жүре берем дегенде, жапырайған корасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды: «Мынаны ондап тастамасам болмас» деп темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шолақ ат күректің тықырымен Егеубайды танышп, жем ізденип, оқыраныш қойды. «Е, жем керек екен, сен түгіл, балаларға да нан жок!» деді Егеубай құбірленіп. Өзі шомына айналышп тастаған көнін үске шығып жайлап салышп жатқанда біреу келіп:

— Ассалау мағалеуікүм! — деді.

Егеубай кенет шыққан дауыстан шошып кеткендей басын көтеріп алып:

— Эликсалам... Е, Тынымбаймысыщ, үйде ме едің? Бір-екі күннен бері неғып көрінбей жүрсің?

— Кеше жиылыстан келдім ғой, — деді Тынымбай.

Егеубай шомның басынан түсіп, күрегін таяна тұрып сұрай бастады:

*

ЪЫҚАҒЫНДЫҚ НАТТЫ

— Е, жылыштан келдім дейсің бе? Не жаңалық бар?

— Бөтен хабар жоқ, «Алашорда ашылды» дейді... Бесалты делегат келген екен, ішінде бір сұсты жігіт бар, сире, бастығы болса керек... Олар Найзалаға жүріп кетті. Болысқа: «Тез ақша жиып қой» деген екен, сол ақшаны ауылнайларға бөліп... Біздің ел кедей деп, ақшаны басқа ауылға ауыстырудық. Сонымен, қалған ақшаны үй басына бөлгендеге, сексен сомнан келді.

«Сексен сом» дегенде, Егеубайдың таянып тұрған күрегі жерге түсіп кетті. Өзі безгек кісідей қалтыранып, аузы жыбырлап, қайта-қайта «сексен сом» деп айта берді...

Тынымбай аң-таң, Егеубайдың неден сасқаны оған жұмбак, басқа бір пәле болып қалды ма деп, ол шегіне берді.

— Біздің ауылнайда да байлар бар емес пе еді? «Бай салық» істемедіндер ме? — деді Егеубай есін жиғандай боп.

— «Бай салықты» ескеріп едік-ау, ауылнай ырық бермеді: «Бізде өлмелі кедей жоқ, бері де төлей алады» деп, ылажсыздықтан көндік.

— Апьфым-ау, сексен сом дейді?! — деп Егеубай ілгерікейінді жүрді.

Тынымбай кетіп отырды. Егеубай албар ішінде бірсыныра жүріп, үйіне кірді. Қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр еді. Егеубайды көзі шалуы-ақ мұн екен:

— Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ. Кызыл келіннен қарызға шай алып ем, о да сүйрайтын шығар... Шай қарастырып бақсайшы, — дейді.

— Кой қатын, шайдың жөні болар, мына сексен сомды айт! — деді.

— Қайдагы «сексен сом?»

— Қайдағы дерің бар ма: «Алашорда» ашылыпты, соның расқоты, салығы.

— Ордасы не? — деп қатыны таңданып еді.

— Білмесен, сұрама. Сен түгіл, өзім де анық білмеймін, Әйтеуір, «алаш орда», «ақша» дегеніне ғана түсіндім...

— Сорымыз қайнаған екен ғой, — деп қатыны ауыр күрсінді.

Егеубай отырып терең ойға батты, дүние кемшілігі, шаруасының ретсіздігі көз алдына елестеп, біртүрлі тынышсыздыққа айналдыргандай болды.

Бұдан бір ай бұрын «алаш» жігітерін милиция қызметіне аттандырганда, өз ауылынан шыққан Көркемтайдьщ бала-

сына берілетін бес мың сом мен Еркебайдың жорғасына төленген үш мың сомды бөлгендеге де үй басына 80 сомнан келіп еді. Егеубай ол жиылыстың ішінде өзі де болып, 80 сомды төлемеймін десе де, жігіт жинай келген делегатка бір қулар: «Мынау большевик қарсылық қып тұр» деп шағым беріп, Егеубай ұсталып қала жаздал, 80 сомды біреуден қажет әперіп зорға құтылып еді. Сол борышына қатыныңың былтырғы төркіндеп әкелетін жалғыз қызыл сиырдың тайыншасын беріп, зорға құтылып еді. Мына сексен сомға орын жоқ. Алым ақшасын сұрап, ауылнай бір жағынан дігрлейді. Аршыны 12 сомнан алып, ақшасын күз беремін деп, қатынына көйлек кигізген борышы тағы бар. Ералы саудагерден 100 сомға бір такта шай алып еді, соны да төлеген жоқ. Бірер қара болса да, соғым соймай тағы отыра алмайды. Күзгі алган 15 пұт егіннің сегіз-ақ пұты қалған. Шиеттей жас балаларды нансыз асырауға тағы болмайды. Үй іші тұттай жалаңаш. Осы керектің бір де бірін орындаі алмай отырған Егеубайдың мойнына сексен сом іліккен соң, неғып қайғырмасын, неғып саспасын?!

Егеубай «у-уң!» деп ауыр күрсінді.

«Ауылнайдың үйіне делегаттар келіпті» деген хабар інір өлетінде дүңк ете тұсті. Мұны есіткенде Егеубайдың **көз алдына** сексен **сом** елестей кетті. Бойы мұздап, қалтыранды. Сексен **сом** оның жаны, делегаттар жан алатын өзірейіл секіді **көрінді**. Тұла бойы дірілдеп, жүрегі дүрсіддеп, тамагына бір нәрсе тұрған секілді жұтындырмайтын **куйге ұшырады**. Қатыны шайын дөмдеп құйып берсе де, Егеубай бұрынғыдай жадырап іше алмай, бірер кеседен кейін **төңкерді**. Сұт салмадан бір аяқ ішіп алып, **төсегіне жатты**. Есі-дерті «80 сом» мен **ауылға** келген делегат болды. Қанша ойланса да, ақша табатын орын жоқ. Бермей **тағы құтылмайды**. Әрі-беріден соң амал тапты: танертең тұрыш, көк шолакты жегіп алып, Самалықтағы құдасына **кетпек!** Тұпкілікті құтылмайтының білсе де, **мына** делегаттардың келген қарқынан қалуға іздел тапқан амалы еді. Осыған белін **буып**, таңсөріде қатының оятып, шай қойдырды. Көк шолакты жетектеп барайп **суғарды**. Шайды жана алдына алғалы жатқанда, ауылнайдың кішкене баласы келіп кірді.

— Ата, сені делегаттар шақырады. Үтсібің тұзу жын?

- Делегаттар мені қайтеді екен?
- Білмеймін, тез келсін деді...

Кесе қолынан домалады. Асып-сасып, жамаулы күпіні **иығына** іліп, табан етігін **киіп** жүре бергенде, қатыны да-уыстады:

- Сорлы-ау, тымағышды кисейші, **құлағым** ауырып жүр деп ең гой, жел үстар!..

* * *

Ауылнайдың үйі. Төр алдында солдат киімді үш жігіт. Қара **бұжыр** жігіт іріленген түрмен жанындағы екі жолда-сына бастық тәрізденіп отыр.

- Ішіндер, қонақтар, май жендер, қарындарың ашар, — деп қояды ауылнай.

Егеубай апалактап кіріп, сасқанынан селем берді. **Бо-саға** жаққа отыра қалып:

- Аманбысың, ауылнай? — деп еді, ауылнай ернін жы-бырлатты да қойды.

Біраздан кейін жігіттерге:

- Мышау отырған Егеубай деген қартымыз, бұ кісіден сексен **сом** тиіс, — деді.

«Сексен **сом**» десе, **Егеубайдың** жаны, бар **тұла** бойы дір ете түседі.

- Қане, **отағасы**, ақша **шығарыңыз**, — деді қара бұжыр.
- Ойбай, **шырағым**, ақша жоқ!
- Ақша жоқ деген не **сұмдық**? Біз ондайды естімейміз!
- **Не көрмеген көк тұқыл** дейсін, **жалтаруын** қарашы, — деп жолдасы **құңқілдеді**.

— **Отағасы**, ақша тап.

— **Қарағым-ау**, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?

— Мынауың «Алашордаға» қарсы **ғой** өзі...

— Ойбай, атама, **шырағым!**..

Алашқа қарсы деп биыл тұтқын қыла жаздал, зордың **қүшімен қалған** Егеубай **ғой**.

— **Қарсылық** қылмасаң, айта гой, қанша **малың** бар?

— Жалғыз ат, жалғыз бұзаулы **сиырым** бар, шиеттей жас балаларымды немен асырарымды білмеймін...

— Осының атын алып, **артығын** қайтарып берсендер қайтеді? — деді ауылнай.

— Содан қолайлысы **болмас**. Бар, Ержан, ана кісіні **жаныңа** ерт те, атын әкеле гой, — деді **бастығы**.

Үзын бойлы сары жігіт бес қаруын асынып: «Жүр, отағасы!» деді.

Егеубай сұріне-мұріне тұрып, үйіне бетtedі. **Мылтығы сорайған** солдат, осы қашып кетер-ау дегендей, өкшесін басып келеді. Келе жатып ойлайды: «Апымай, ауылнай маған неден өшікті екен?» деп. Кенет есіне тұсті. **Былтырғы** сайлауда мұны сақау жағы иемденген ғой, дәуде болса, соның кегін алу шығар...

Делегатка **көк** шолақты жүгендер беріп еді.

— Жоқ, өзің алып жүресің! — деді ол **сұрланып**. Егеубай сөз айтпай, ала **жөнелді**.

Көк шолақ албардан **шығарда**, лапастың алдында тұрған Егеубайдың қатыны екі көзді жаспен бұлап **тұр** еді:

— Жалғыз атты «Алашорда» **қақшыды**. Құдай-ау, енді қайда барып күн **көрерміз?**! — деді.

1918 жыл, ноябрь, ауылда.

ҚҰЛА ЖОРҒА

— Ойбай, орыс **келді**, солдат келді! — деп **Ерғалидың** кішкене балалары үйге апалактаپ кірді.

Үйде **Ерғали** пешке арқасын сүйеп, **бәйбішесінің** жыртылған мәсісін бастап отыр еді; **бәйбішесі** **Дәметкен** қолында үршығы, төрде шынтақтаپ жатқан Жамақ деген қайнысымен сөйлесіп отыр еді. **Ерғали** тігінін, **бәйбіше** үршығын, Жамақ өңгімесін қойып, балалардан бетер бұлар да үрпісіе бастады. Лапаста жатқан мойнақ, орыс **көргенде** үретін даусына **салып**, арсыладап даланы **басына** көтерді.

— Құдай-ай, өзің сақтай **гөр**. **Жылдың** өзі ауыр. Орыс орманда **көбейіп** кетті. Қылышын **сүйретіп** үйге кіріп келгенде, осы зәре құтым **қалмайды!** — деп **Дәметкен** **курсінді**.

— Кім қорықпайды дейсің, мазаны **кетіріп-ақ** тұр **ғой**, — деп Жамақ **шыға** қашуға ыңғайланған адамша тізерленіп алды.

Ерғали қорқақ адам еді, **көзі** **адырайып** кетті. Қолындағы **былғарысын** бірсеке киіздің астыгна, бірсеке қобдиына салды. Солдаттың көзіне ілінсе, жамаулық кішкене **былғарыны** алып **кететіндей** көрді. Бұдан бір күн бұрын келген солдат көзіне **елестеді**. **Көрші** поселкедегі **большевиктерді** үстай **келген** отрядтың адамы екен. Басында

қазактың тымағы, аяғында жаңа бұлғарыдан тіккен жарма қоныш, сақтияды етік. Киіміне қарап қазақ бола ма деп жанына жетіп барғанда, орыс екенін бір-ақ білген; «сенікі бәлшебек бар» деп бүркіттей түйілгенде, Ерғали жанын қайда қоярға білмей сасқан. Ол кездегі үкіметке большевиктің жексүрын екендігін сезетін еді. Сондыктан өзімді большевик деп түр ма деп үрейленіп, солдатты жалынып үйіне кіргізген жерінде баласының болыскей ертөкымын қөріп қалып, солдат қолтыққа қысады. Алма дейтін Ерғалида дәрмен бар ма? Бармақты тістеп қала берді. Ер-токымды өңгеріп алып, қокиланып шауып бара жатқан солдаттың өбден қарасы үзілген соң барып, зығыры қайнап кетіп: «Сол кеткеннен келме, жолыңа жуа бітсін!» деп Дәметкен бәйбіше қарғап еді. Одан артық қылар дәрмендесі жоқ еді.

Солдат келген хабарды есіткен соң, тағы қандай нәрсемізден айрылар екеміз деген қауіп туды. Ерғали көзіне қатынының төркінінен өкелген ала күпісі тұсті:

— Сорлы-ау, ана күпінді тықсайшы, іліп кетеді гой, — деді.

— Әлгі солдатың келіп қалмаса, — деп бәйбіше қозғала бергенде, Мойнактың арсылдауы үдеп, есік ашылды. Сарт етіп табалдырыққа тиген қылыштың даусын естігенде, бәйбіше селк ете қалып, орнына отыра кетті.

Қолдарында винтовка, тұстері кісі өлтірген адамдай супсур болып екі жігіт кіріп келді. Екеуі де:

— Салаумәлейкүм! — деді.

Ерғали қуанып кеткен немедей, солардың келуін тілеп сағынып отырған адамдай:

— Әлік селем, е, шырактарым, жоғары шығындар! — деп орнынан тұрып, бұкшендең көрпе салып жатыр.

Келушілер үй ішімен амандасты, аң-таң болып отырған бәйбішеге үлкендеу біреуі:

— Амансыз ба, бәйбіше! — деді.

— Ибәй-ау, қазақсындар ма, шырактарым?

— Қазақпыз, қорықпаңыз.

— Қазақ көрінеді ғой, кешегіден тұсі жылырақ, — деп Ерғали аяғын көсіліп отырды.

Жамақ жөн сұрай бастады.

— Біз «Алашорданың» делегатымыз. Сулы болысына барамыз. Ылау керек, атты тезірек жеткізіндер, — деп

толыктау келген қарасүр жігіт бұйрық берді. Үстінде қасқыр ішік, әкесінен қалған мұрасы құсатып жағасын қайрып, қоқиленіңқырап отырды. Ішкі киімдері солдатша, беліне байлаған кішкене мылтығын, «мынаны көрдің бе» дегендей ғып, сөйлеген уақытта қозғап қойды. Екіншісі — ұзын бойлы, сары бұжыр жігіт: басында жұнді **бөрік**, үстінде шинель, аяғында солдаттың киетін сары етігі, малдас құрып отырғанда мойныңдағы қылышын әлдилеген баладай алдына өңгеріп отырды.

Бәйбіше екеуін де бастан-аяқ қарап **шығып**:

— Ой, Құдай-ай, қазақ балаларының да солдат болып қалғаны-ау, — деді.

— **Қатын**, түр, шай қой, балалар тоңып келген **шығар**, — деп Ерғали шайға айналдырып, атты ауылынан тауып жегуге ыңғайланып еді. Қарасүр жігіт ызғарланып-ақ қалды.

— Сенен шай **сұраған** адам жоқ, жегетін болсан, тез жек!

— Мына шіркіндер қайтеді, орыстан да жаман қатаң ғой, — деп **бәйбіше** сескеніп карады.

Ерғали да, Жамақ та аяқты ұшынан басты. Ауыл абырсабыф, біреуі арба майлап жатыр, біреуі қорап **таңып** жатыр, біреулері үзілген делбені **жалғап** жатыр — бері де асығыс, жанталасып әзірленіп жатыр...

Жүргіншілер үйден шығқанда, тал қорапты төрт аяқты арбаға бір көк, бір торы атты парлап жегіп, тон **киген** сақалды қара кісі делбені **ыңғайлап**, көшірге мінгелі түр еді.

Арбаға енді міне береміз дегенде, сары бұжыры **жолда**сына құңқ ете қалды. Екеуінің де көзі **Жамақтың** аяғына қадалды.

Жаңа тіктіріп киген байпакты етікке екі көз бірден қадалған соң, Жамақ ышқынайын деді. **Жаныңдағы** кісінің артына таман **тұрып** еді, қарасүр жігіт жекірді:

— Эй, қара сақал, неге ығысасың, бері кел!

Көзі мөлдіреп Жамақ келді. Аузы-басы **жыны** ұстаган адамдай жыбырлады.

— **Аяғыңдағы** етігінді сат!

— Ойбай, қарактарым, кедей адаммын. Мұны сатсам, жалаң аяқ қаламын, қайтадан етік **алатын** күшім жоқ.

— Сөзді қой, шеш, ақшанды почтамен жібереміз.

Сары бұжыр жігіт тоңып **тұрған аяғын** **Жамақтың** байпакты етігіне тыққанда, жанып **тұрған** пешке тыққандай болды, көзі шырадай **жанды**...

ГАЗЫРДАЛАНУСЫ

* * *

Жамантіктің үйінің жаңында он шакты адам сөйлесіп отыр. Откен-кеткенді өңгіме қылады. **Бұрынғы тыныштық** күндерді **сағынады**.

— «Алашорда» болса, көзімізді ашамыз ба деп едік, осының өзі басқалардан асырып жіберді гой, — деді біреуі.

— Қайсысы ондырар дейсің, **бәрінікі** де алу **ғой**, құртпай қояр дейсің бе, — деп ежірейген сары шал **алдағыны** болжап айтқан болды.

Кеспелтек қара кісі насыбайын шырт **түкіріп** алып:

— Мұның **қызығын** әлі **«бәлшебек»** келгенде **көрерміз**, — деді.

«Білсең айтшы, ол қайтеді екен?» дегендей жүрт соның бетіне **қарай** қойды.

— **Ахметтің** учитель баласын **көріп** едім, сол **кәзет** алып тұрады екен. Петрбор, **Мәскеу жағы** кілең талау дейді. **Болшайбек** менікі-сенікі болмасын дейді екен.

— Тыбая-мая, мая-тыбая дейді екен **ғой**.

— Ол келсе, қазақты бітті де де қой.

Манадан бері үндең **отырған** имек қара кісі де сөзге қатысты, көргенін, естігенін айта бастады:

— Кеше Кавриланың үйіне **барып** едім, шай ішіп **отырғанымызда** Епем **келіп**, Каврила екеуі **ілінісө** кетті. Епем **болшайбекті** мактады, Каврила жамандады.

— Осы қалада Епемнен осалы жок, — деп біреуі **іліп** ала **жөнелді**. Екінші біреуі қарсы **болды**:

— Кате **айтасың**, Епемнен онды орыс жок, бірдемеге **ділгер** **былып сұрасақ**, токтаусыз береді. Ең **арғысы**, **биыл** ауылдың сиырын қала **ұстағанда**, ол **араға түсіп**, босаттырып жіберді гой.

— Қой, Епен онды болса, **болшайбекті** қолдамас еді **ғой**.

— Енді кімді **қолдасын!** **Биылғы** казашилардың сокқан 25 қамшының таңбасы арқасынан әлі кете **қойған** жоқ **шығар**.

— Апрым-ай, **казашилардың** осы қалаға **сондағы** ісі мықты **жәбір** **болды ғой**, правленияның аддында жатқызып **қойып**, 80 адамын **ұрған ғой**, орыс болса да, адам аяйды екен. Мен өзім сонда жаман аядым.

Темен қарап **отырған Жамантік** басын **көтерді**. Манадан бергі **айтылған** өңгімеге өзінше қорытынды істеді:

— Пәлен-түлен дегенмен, сол **балшайбегің** теріс болмас деймін, патшалық **болған** соң, бірінен бірінің өзгешелігі болуы керек қой. Осы күндердің бар ісі талау-

тарту. Балшайбектер де талауға үйір болса, бұлармен бірігер еді ғой. Түбінде, сол ар осы күнгі жүргендерге қарсы болғанда, осы талап алуына қарсы шығар...

— Ылайым солай болғай да, — деп отырғандар күлісті.

* * *

Ауылдың жел жағындағы көлдің белесінен бір арбалы асып түсіп, шаңдатып келеді. Жұрт көзді қадады. Сөйткенше болмай, арбалы қара жолдан бұрылып, ауылға қарай салды, бұл Ерғалидың үйінен шыққан жігіттер еді.

— Жай кісі емес шығар, жүрісі қатты екен. Солдат-малдат бола ма, ыдырандар, — деді Жамантік.

Үйлығып тұрған жұрт үйді-үйіне жөнелді. Кейбіреулері қораға кіріп кетті.

Құрабай деген кедей шалдың үйі ауылға келетін жіңішке жолдың үстінде еді. Үйіне тіке жүрсе, кездесіп қалатындағы көріп, боктықтың арасымен қадамдай басып келе жатьф еді, қарасүр жігіт көріп қалып, айқай салды:

— Эй, жаман тұгмақ, қашып баrasың ба? Бері кел!

Әй дегенде Құрабай селк ете түсті. Баруға қорықса да, қазақ екенін білген соң, тие қоймас деп арбаға қарай жүгірді.

— Бассайшы аяғынды, өзің не қылған немесін?

Құрабай еңкендереп келіп жетті.

— Неге қашып баrasың?

— Қашып бара жатқаным жок, таксыр, бесін оқуға асығып бара жатьф едім.

— Өлейін деп жүріп сонысын қара. Жамантік үйде ме?

— Үйінде, таксыр!

— Жорғасы қайда?

— Албарында, таксыр.

— Эйда, бастап жүр.

Құрабай бұкшендереп, пар аттың алдына түсіп, Жамантіктің үйіне алып келді.

— Бар, Жамантікті шақыр.

Жамантік шықты. Қолында таяғы, маң-ман ғасыр арбаның қасына келді.

— Амансыздар ма, балалар!

— Құла жорға қайда?

— Қайдығы жорға?

— Жамантіктің жорғасын айтам, сен Жамантікпісің?

Жорғанды өкел!

О БІРДІК НҰРСАЛАУ

— Себебі не, тақсыр!

— Сен әлі сұрағың келген екен? Әкел дегенді құлағың ести ме?
Әкел, жорғаны жетегіме байла, әйтпесе, қан қылым кетермін!

Жамантік сұрланып кетті. Тұла бойы қалтырайын деді.
Қайырып сөз айтуға шамасы келмей, албарына қарай жүрді.
Боқ күреп жүрген баласына қорадағы құла жорғаны
шығартып әкеліп, өз қолымен жетегіне байлады.

— Тақсыр, қарсылығымыз жоқ, байла дедің, жетегіңе
байлап жатырмыз. Бұл атты өзіңіз алып жатырсыз ба, әлде
басқа кісі алды ма? — деді.

— «Алашорда» алдырады.

— «Алашордаға» не жазығым бар екен?

— Қарсылық қылышсың, Әлихандарды боқтапсың.

— Астапралда, шырағым. Жорғам одан өрмен кетсе де,
әйтіп жаламен алмасан екен.

— Енді сөзіңді қыскарт, жорғаң берілмейді.

— Жоқ, ала бер, жорғаның құлағын үрайын. Екі-үш бием
сау болса, тағы біреуі құлындар. Бірақ жолсыз алғанышызға
ренжімін.

Қарасүр жігіт ажырайып қарады. Көзі Жамантіктің ту
сыртынан өтіп кеткендей болды. «Айда атты!» деп көшірді
тұртіп қалды. Бұрылым албардан шығып, қара жолға бет
алғанда қосарға байлаған құла жорға тенселіп ала жөнелді...

Жамантіктің баласы кішкене қарап тұрды да, көзінен
жасы моншақтаپ, үйіне кіріп кетті.

Жамантік шомның үстіне шығып, көз жанарына жас
толып, қарасы үзілгенше қараумен болды. Ашулы ыза
бойды кернеп булықты.

— Осы ызаларына қарай, большайбек келетін күн болса,
алдымен өзім жазыламын гой. Сендердің іздеріне түсестін
де күн болар! — деді.

1926 жыл, октябрь.

САРЫАЛА ТОН

I

Күн тұнеріп, тұлданып, шарасына сыймай тұрған
төрізді... Даланың өні қашып, курап, семіп бара жатқан
сияқты. Тұман ба, буалдыр ма, ел үстін басып, жыбыр-
қайланған қара бұлдыр-бұлдыр көрсетеді: бұлдыраған

қалың топ, кең алкаптың о шеті мен бұ шеті иін тіресіп тұр. «Бұл не — мал ма? Адам ба?». Топ жыбыр етті. Үйірден күйілшіп шықкан саяқ ат құсап бірен-сарандаған қара топтан жырылып шығып, күйілшіп жатыр. «Аптырым-ай, бұл не болды екен?» деп, Шермек атын қамшылай түсіп, Кенжебайдың шоқысын бетіне ала келе жатты.

... Дүр ете қалды. Сатыр-сұтыр найзағай ойнаған тәрізденді. Топ теңселіп, толқып, үн шығарды: топтың үні өлемді жаңғыртып, аспанда шынылдал, құлақты жарып бара жатқан сияқтанды. Шермек атының басын тежеп, тоқтала түсті. Жүргегі қобалжып, денені қорқу билеп калтыратты. Аспан төніп, төбесінен басып қалатын сияқтанды. Айқайлайын деп еді, үні шықпады... Аты бір нәрседен белең алыш, жалт бергенде, Шермектің ебедейсіз тақымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшактай аттан қалпақтай үшқан секідді болды...

— Устадык! Устадык!...

Ұнамсыз дауысқа Шермек шошынып, басын көтеріп алса, әлем жүзін қара түнек басып тұрган сықылды болды. Буыны қалтырап, тынысы бітіп, жан алқымға келіп қалыпты... Темір сияқтанған қатты саусақ оң жақ білегінен қапсыра ұстаған екен, кесіп тастамаса, айрылар емес... Үзғарлы ашу, уытты кек маңын түгел қоршап алғандай...

— Апрыым-ау, кісісіндер, аясандаршы?!

— Экеңбіз!.. Танытармыз!.. — деген ашулы дауыстар шаңқ етіп, қулак тұндырғандай болды...

Әлдекайда, алыста ма, әлде мына қыбырлаған қалың топтың аяғының астында ма, ыңырсыған дауыс естілген секілденді. Таныс дауыс! Бұл дауыс Шермектің құлағына тиісімен бойын тітіркендіріп, жүрегін тіліп жібергендей болды. Абайлап қараса — өкесі Сейпен! Қалың топтың аяғының астында қарны теңірейіп, үйілген оба құсап жатыр.

— Шермекжан, мен адамдықтан қалдым ғой! Карным жарылып қалды, қарнымды тіліп кетті, — дейді әкесі.

Жан ұшырып Шермек өкесіне қарай ұмтыла берем дегенде, мандайының алдын ала сілтеген қылыш жарқетті... Шермек сескеніп кетіп, басын кейін қарай тартып қалам дегенде, желкесі бір нәрсеге тарс еткендей болды.

— Ойбай! — деді...

II

... Бұл Шермектің түсі болып шықты. Ойбайлаған өз даусынан өзі шошып оянды. Басы жастықтан асып, кереуеттің теміріне барып соққан екен, шекесі зынылдал, қызып бара жатқан сияқтанды.

Үй қаранды. Терезе болар-болмас қана бозарып көрінеді. Өзінің бөлмесінде, кереуеттің үстінде жатыр. Тұла бойы акқан тер. Денесі қирап калған секілді. Аунап түсіп жатын деп қозғалып еді, кереуеті шақұр-шұқыр етті. Қалтырауы басылған жүрек бұрынғыдан да бетер тітіреп сала берді.

Бірсыныра уақытқа шейін Шермек аң-таң болып жатып, бір кезде есін жинады. Көрген түсін ойлады. Болған уақиғаны көз алдынан өткізді: ойлаған сайын ой-өрісі тарылып, белгісіз бір қара бұлт бүркеуге дайын тұрған тәрізді... Мұндай қысыламын, дағдарысқа ұшырап, басын тау мен тасқа ұрамын деп Шермек ойына алған емес. Шермек «бақыттан бақытты» көкседі. «Бақытты адам жалғыз өзіммін!» деп жүрді...

Бұдан бір күн бұрын кереует, мына екі терезелі сырлы бөлме Шермекке жұмақ сияқтанып көрініп еді. Шермек төсегінде маужырап жатып, өткен өмірді бір шолып еді. Сонда азды-көпті көрген өмірінің ішінде қабак шытарлық қара күнді кездестірген емес: анасынан шырылдал жерге түскелі үлде мен бұлдеге оранып, төрт жағы құбыла болумен келді. Аталы тұқымның, дәулетті байдың баласы болды. Малдың қүшімен орыстың ірі мектептерінде оқып, қынама киім киді, жылтырауық түйме тақты. Өзгеріс болды. Шермектің «бақыты» онда да тайған жоқ, онда да үдей түсті: үр да жық үлтшылдың бірі болып шыға келді. Қайда барса да орны дайын, беті қайтып көрген емес... Кеңес үкіметі орнаған кезде «Шермек бәсендерді» деп жүрг өсек тарата бастап еді, ол өсектен де құтылды: бұқпантайлап жүріп кеңес жұмысына араласып, әлдекімдердің қолтықтауымен жасырынып, партия қатарына кіріп алды... Сол бетімен елі келеді. Құбылмалылығы ескен желдей: біресе онан, біресе солдан шығады, «бойына шыр жүктірмаяға келгенде, Шермектен шебер адам жоқ» деп бірге жүрген жолдастарының құндейтіндері де бар.

Бүгін Шермек жынынан айрылған бақсы сияқты. Құлімдеген көзін қара бұлт қаптаған сияқты. Асқындаған ырысын, аспандаған бақытын әлдекім келіп жоққа

шығарып, күлін көкке ұшырған сияқты... Күні кешегі тәтті төсек, жұмақ сияқты көрінген көк мәнерлі бөлме бүгін аждаһа сияқтанып аузын ашып, обып қоятында болып тұр... Кеше — тұнгі өмірінің таңындаған болған, ләззатты шырын балдай болған қара көзді майысқан сұлу, бүгін бүркүлдап қайнаған ой қазанында қуыршақ сияқтанып бұлдырайды... Өмірінде селт етпеген жүргегі қобалжып қалтырап, алқымына кесек тығылғандай қылғындырып, тынысын тарылтып тұр.

«Апым-ау, қайтем? Қалай құтқарам?» деп Шермек тістеніп, бұлдыраған ойын бір жерге жиып қорыта алмай бірсыныра уақыт жатты.

«Болмас, енді өлместі қамдау керек! Тар кезең келді: жолды да, занұды да, абыройды да өзіріне жиып қоя тұрып, құтқарудың шарасын істеу керек!».

Шермектің басындағы мың құбылған ой осымен түйілді. Кереуетінен секіріп түсіп, үстелінің үстіндегі электр шамды жаққанда, Шермектің басында жоғарғы ой шыңылданап қайнап тұрды, өлдекімдерге, өлденелерге ызысы келіп, бойды ашу кернегендей болды. Көзі сықсиып, езуі қисайып, аузы жыбыф-жыбыф етті. Біресе өкпелеген бала секілденіп, қаймақшыған жұқа ерні тұртие қалды. Орындыққа отырып, қаламды қолына ұстағанда, жазуға ойлаған ойы тасыған судай тасқындалп келіп қадды. Қағазының жоғарғы жағына «Әке» деген сөзді жазып, астын сыйып қойды да, ар жағын түйдектетіп соза берді.

Екінді өлетінде, Тасыбай шоқысынан асып, өзендей елге бет алып, үш салт атты келе жатты.

Үлдида, өзеннің кемерінде қалың ауыл көрінеді: катарлай тіккен киіз үйлер, көлбей үшқан көк түтін, жыбырлаған мал, андаған адам.

Өріскей бет қара құрттай қаптаған мал! Адырдан шұбап түсіп, сиырлар келе жатыр; жер қайыстырып жайылған мындаған қой жатыр; тай-құлыны еркелеген балаша ойнактап, ауылдың үстін шаңмен бүркеп, жауға аттанған қалың өскердің қосында болып, өзеннен су ішіп шыққан жылқы үйір-үйір болып топтанып, қабакқа қарай беттеп жайылып барады. Екі жылқышы қайың құрығын сүйретіп, бас білмейтін асау байталдарды қылжақтатып, бытырап жайылған бірен-саран саяқтарды қуып, алдыңғы қалыңың ішіне қосып, жылқыны иіре түсіп жүр... • '•

— Ой, дариға-ай, елдің көркі мал екен ғой! Жаңағы Әлімбайдың ауылы, баяғы толықсып тұрған кезінде жұмақ сықылданып көрінуші еді, енді мал кеткен соң, қыңырланып, ыптындары кетіп-ақ қалыпты, — деп қырдан құлап келе жатқан салт аттының оң жақ шеткісі, қырықпа сақалды қара кісі басын шайқай түсіп күрсінді.

Бұл Қожан дейтін еді. Аузының ебі бар пысық, ат арқасына мінгелі байдың қосына еріп, шашбауын көтеріп үйренген кісініз.

Ортада келе жатқан семіз сары бұжыр кісі Сейпен дейтін бай. Сонау күнмен шағылысып тұрған ақ үйлер осы Сейпеннің үйі. Мына қара құрым болып өрісте жатқан малдың ішінде Сейпеннен басқаның малы кем де кем-ақ-ау.

Сейпен күрен жорғаны қамшылай түсіп, біразға шейін үндең, ауылдың үстіндегі жер қайыстырып жайылған малға қараумен болды. Осы байлышты, осы салтанатты бұрын көрмей, көрсе де сезбей жүрген сияқты болды. Қараған сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш бүддүрланып, ішті жалап бара жатқан сияқты болды.

— Эй, Қожан-ай, заман бұзылды гой, — деп Сейпен ауыр күрсінді.

Салмақты денесін қозғаңқырап қойғанда, ауыр дененің екпініне шыдамай, күрен жорға аяғын өлтек-тәлтек басып, жорғасынан жаңылып қалды. Сейпен жорғаны шаужайлап, қамшымен тартып-тартып жіберді.

— Рас айтасыз, заман бұзылды, елдің баққаны пәле. Үлкендеріңде жүретін Қоңыраудаң баласы атқа мініп, ел билеген соң, не онбақшымыз? «Көменеспін» дегенді шығарып алыпты. Осы Шермек те көменес емес пе? Елге келгенде, Шермек ешкімге соқтықпай-ақ, тең құрбысымен ойнап-куліп қайтып жүр, — деп Қожан да күрсінді.

Қожанның есіне ел түсті, елдің кедейлері, кедейлердің үйымшылдығы, қит етсе, «байдыщ құйыршығысың, атқамінерсін» деп өзіне тап беретіндігі түсті. Бәрінен бұрын, Қоңыраудаң баласы Сұлтан дейтін бұған мықты жау. Бірер қылмысын сезсе, тіпті қитарланып алып, ерік бермейді. Бірақ Қожан бұған шейін абырайсыз болған жоқ. Мына келе жатқан қара шал оңайлықпен жолдасын сүріндіретін

шал емес: өткен жылы Қожанды пара алды деп Султандар сотқа бергенде де, осы қара шал қалаға бір қатынанда зым-зия жаптығып келген. «Әй, қара шалым-ай, тірі бол!» дегендей болып Қожан Сейпенге бір қарап қойды. Сейпен далбайды баса киіп, екі үртү салынып, ауыр ойға шомумен келе жатыр еді.

Адырдың бауырын бөктерлей жүріп отырып, бұлар шүбап бара жатқан топ жылқының соңғы жағынан соқты. Сейпен жылқышыны шақьып алып:

— Жаным, абайла, ит-құс бар көрінеді, үйықтамай күзет, күндіз үйықтарсың, — деді.

— Үйықтамай, өле алмаспсыз, — деп жылқышы, тұтіккен пішінді жас жігіт күңк етіп, атын борбайлай желе жөнелді.

— Мынау иттің сөзін қараши! — деп Қожан шытынады.

— Қайтерсің, бу да Құдайдың ісі шығар, — деп Сейпен ауылға қарай атъгың басын **бұрды**.

Сейпен үйіне келгенде, Жамал бәйіше биенің кешкі сүтін құйдырып, емізіктеген қара сабаны Тұтқыш деген малайына пістіріп жатыр еді.

— Шермекжаннан хат келді, Қауқылдақ қалаға барған екен, содан беріп жіберіпті: «Әкемнен басқаның қолына бере корме» депті... Ме, оқышы, — деп бәйіше қалтасынан алып хат берді.

Сейпен Шермектің хатын бастап оқығаннан-ақ тіксініп, сұрланып сала берді. Орта жеріне келгенде, қолынан хат түсіп кетті. Безгек болған адамдай тұла бойы қалш-қалш етті. Аузы-басы жыбырлап, иегі кемсендеп, екі көзден ыстық жас бұршактап ыршып ата берді.

Үй іші қара көленке. Абажадай үлкен үйдің есігінен төріне шейін сірескен жүк: оюлап тастаған сандық, теңтең қылып буып тастаған асы л кілем, бүйымдар. Үйдің қақ ортасында сары ала кілемнің үстінде екі аяғын көсіп, екі қолымен жер тіреп, басы бүгіліп, **көз** жасы сақалының арасынан сорғалап Сейпен отыр. **Не болғанын**, не қылып отырганын нақ сол сағатында өзі де білген жоқ. Іші-бауыры өртеніп, от больш жанып бара жатқан **сияқтанды**.

— Жаным-ай, не болды? — деді Жамал бәйіше кіріп келіп.

— Қайтесің, катын, біттік! — деп Сейпен солқылдалап жылап жіберді.

III

Сөске түс кезінде ауылдың іші жаңа хабармен толды. Біреуден біреу есітіп, есіткенін неше саққа жүгіртті:

- Елге әтірет шығады екен дейді...
- Малы барлардың **малын** алады екен дейді...
- Қызы **барларға** налок салады екен дейді...
- Байдың үйіне Тұрсын **барған** екен, **бәйбіше** жылап, «енди жау шабатын болды, қымызды ішіп қалындар» депті...
- Кой, бекер, Жамал **бәйбішенің** бейілі ашылды де-генге нану қын болар.

— Жамал **өлгендे** де сабасын құшактай кетер... — де-ген **сияқты сөздер** түйдек-түйдегімен **шығып жатты**. Су тасыған қатындар, от **басындағы** кемпір-шалдар есіткендерін үлгіртіп, өздерінше жорумен болды. Бірақ бұл жорудың бері де үстірт, ешкім тереңге бара алмай, болашақ **оқиғаның өрісінен** өзір аулақ жатыр еді.

Осы ауылда әңгімеге үйірлігі жоқ адамның бірі Куандық болушы еді, есігінші **алдына** қара тоқымды төсеп алып, шолақ тоны тырысып, ұзакты күн тықылдатып ағаш шабумен отыруши еді, ал **бүгін** ол да желікті: балтасын белдеуге қыстырып, белін құр жіппен байлап алып, бір нөрсеге өзірленген **сияқтаныпты**. Откен-кеткенді қол **бұлғап** шақырып, «не хабар бар» деп, соның аузына телміретінді **шығарды**.

Шүйкесін шынтағына іліп, үршығын иіріп **Бәтима** үйінен **шығып** еді:

— Эй, **Бәтима**, құрып **қалғыр**, мында келші! — деп Куандық оны да шақырды.

Қазан қыфып жатқан Куандықтың қатыны **айғызданған** бетін есіктен **шығарып**, байына ала **көзімен** қарады да, қайтадан жұмысына кірісті.

— Немене, мені не ғып керексініп қалдың? — деп, жасының қырыққа келіп **қалғанына** қарамай, жас **өйелдерше** сызылып **Бәтима бұрылды**.

— Байғұс, сені керексінбеген күнім бар ма еді? — деді Куандық **өзінше** құлық істеген боп, **Бәтиманы** көнілдендіріп, содан тіл тартпақ **болды**.

- Әбден... Сенікі құр тіл ғой...
- Байдың үйіне барыш қайтың ғой, **бәйбіше** не айтады?
- **Бәйбіше** жылап отыр, екі козі былаудай ісік. Мен барып отырып едім, бұрынғыдай **жырылған** жоқ, саба-

сын бірер толғады да, үлкен қара аяқты толтырып қымыз құйып берді.

— Кымызын қоя түршы, не айтады, сұрадың ба? — деп Куандық жақындай түсті.

— Өзі айтпаған соң, сұрауга батпадым, **аяқтағы** қымызыды ішіп болып едім, «**тагы** құйып берейін» деп, сабасына жармасты. Мана бір торта жеп, шөлдеген соң шалап істеп ішіп едім, сол құрып **қалғыр** жүрегімді алып, іше алмағаным... Жерошақтың басында жылқышының қатыны Несібелі отьф екен: «**Бәйбіше** неге жылап отыр?» деп содан сұрап едім: «**Бұларға** бір тықыр таянған шығар, кешеден бері **бұлініп** жатыр; тұнде көрші ауылдағы ақсакалдарды жиып, таң атқанша кеңесті, не айтқандарын білгенім жок» деді. Рас-өтірігін білмеймін, әйтеуір, бірдеме бар.

— Ақсакалдарды жиып алды дейді?

— Иә.

— Ал сосын?

— Сол...

— Ой, құрып қал, өдейі сұраған соң, анығын біліп келмессің бе?

— Мен өңгіме бағып жүрмін бе, еркектер, сендер, білсендер де жетеді ғой.

Бөтиманың сөзінен пәлендей маңыз шығаруға болмағанымен, Куандықтың құмарын бұрынғыдан да өсірді. Сондықтан ол тыптырышып тұра ал май:

— Қой, сенен жарымаспын. Арыстанға барайын, — деп қайың таяқты қолға ұстап, асығыс жүремін деп **көрінген** нәрсеге бір сүрініп, Арыстанның үйіне келді. Арыстанның үйі толған адам екен, Арыстан есіп сөйлеп отыр.

— Оның анығы мынау, — деді Арыстан Куандық есіктен кіргенде. — Байлардың малын алып, өздерін жер аударады.

— Апыр-ау, сұмдық қой, — деп бір жылтыр қара ыршып түсті.

— Бесе, Жамал **бәйбіше** бетін тырнап жылап жатыр деп еді-ау, сондай бір сұмдығы бар екен гой...

— Ау, тұра тұр, малын алғандай байлардың жазығы не? — деді **көлбакаша** шерміген біреу көзі ежірейіп.

— **Жазығы** барлығы: кісі еңбегімен мал **жигандық**, кісінің еңбегін жегендік!

— Бәрекелде, сөз-ақ-ау, Сейпенге қайсысың тегін еңбек **сіңіріп** едін? **Маған** еңбектерінді сіңіре гөр деп Сей-

пен қайсысынды зорлап еді? — деп әлгі шерміген қарын түтіге түсті.

— Ол жағын қойшы, сол алынған мадды қайтеді екен? — деп Қуандық кимелей келіп, нақ Арыстанның жанына тақалды.

— Саган берер дейсің бе, қазынаға түсетін шығар, — деді біреу.

— Жоқ, қаталасасын, — деп Арыстан оның сөзін бөліп жіберді. — Байлардан алынған мал артельге, малсыз кедейлерге бөлініп беріледі.

— Әй, бола қояр ма екен?!

— «Не қылған батпан құйрық, тегіннен-тегін жатқан құйрық?».

— Оңайлықпен бола қоймас. Сейпен де өлмес қамыш істеп жатқан көрінеді, түнде ақсақалдарды жинап, солардың қолына бірсыптыра мал сактауға бермекші болыпты: қара қасқа айғырдың үйірін Таңатардың жылқысына апарып қосты деп жаңа жылқышысы айтып отырды. Баласы еншісін басқа дегізіп, ауылнайдан куәлік алыпты. Қала-дағы баласы да қарап жатқан жоқ білем, ақылын айтып хат жазып жіберді гой, — деп Шауыпкел дейтін имек тұмсық есіткенін айттып, Арыстанды тұқырта сөйлейді.

Шауыпкелдің хабарын жүрт ынтыға тыщады.

— Бесе, солай болар, — деп бастарын изесті.

— Өкірікте Шермекті тыңдамайтын «торе» бар дейсің бе?

— Шермек қала жағына ие болса, Сейпен елге ие: ақсақалдарға бір-бір аттан мінгізсе, «Сейпен жақсы адам» дегізіп піргуер жиғызады да береді.

— Бесе десейші, қаладан келген адамның жайы белгілі гой, мер басқан бір жапырак қағазды көрсетсөн, желкесін қасып жөнеледі, — деп жүрт бірсыптыра даурығып алды.

— Кім береді піргуерді? Мен берем бе? Мә, аларсын! — деп Қуандық кенет ашуға мінді.

— Сендердің осыларын құрсын! Бір нәрсені есітсендер, бет-беттеріңе жайылып, қараспанды суға алдырасындар да отырасындар. Сөз емес қой: бай малын қалай тыға алады? Ауылнай мөрді қалай береді? Біз не бітіріп отырмакшымыз? Малын тықса, өтірік куә алса, тиісті орынға айтпаймыз ба? Тыққан малын қазып шығармаймыз ба? Біз жұмылып үрліғын айттып отырсақ, күлманы ашылып, масқара болып қалмай ма? — деп Арыстан ашулана сөйледі.

— Ойбай-ау, соны істеуге кедейің бірігіп отыр ма?

— Бірікпейтін несі бар? Бірікпей отыр ма? Былтыр сайлау болғанда, бастығы Сейпен қылыш ылғи байларды сайлаудан бір күшп ышқты. Был жер бөлісі болғанда; Сейпеннің барлық жерін бөліске түсіріп, өзін шетке қақтық. Мұның аты не? Мұның аты бірігіп іс істегендік болады!.. — Жарайды, бірігіп шық, мен сөзімді қойдым, — деп Шауыпкел қиқайшып теріс қарап кетті.

— Арыстанның айтқаны рас. Шауыпкел, сен ылғи, осы бар гой, кер тартумен боласың, — деп сөзге Қуандық та кірісті.

— Ау, Куандық-ау, қойсаншы, біз екеуіміз бүлікті қайтеміз. Біз сол арба істеп сатып, тамағымызды асырауды білейік те, — деді Ысқақ сонадай жерде сомадай боп жатып.

— Ретті жерінде неге кіріспейін, Сейпеннің малын алатыны рас болса, арбам содан өрі істелмей қалса да, мен кірісем, талай еңбегім сіңген, жасырған малын адымен өзім шығарысып берем, — деді Куандық.

— Эй, Куеке, жарайсың! Былғы жер бөлісінде де енбекті сіңіріп едің, осы жолы да қайратынды керсет, — деп Арыстан жайрандап құліп қалды.

Куандық көтеріліп, жымың-жымың құлді.

— Шырағым Арыстан, сен осы шынынды айтшы, байдың малының алынатыны анық қой, — деп бет-аузы сақалмен қапталған қара кісі Арыстанға қарап жылыса түсті. «Сен кіріспесен болмас» дегендей маңындағылар оған ығысып жол берді. Әлгі кісі сақалын сипап азырақ ойланғандай болды да:

— Ендеңе, бұл істі үкімет бастап отырған болса, Сейпеннің құлін аспанға шығарып тұрғанбыз! Сейпенге менен көп еңбек сіңірген адам сирек шығар. Мен не көрмедім? Бала күнінен құлдығында болдым, талай таяғын да жедім. Шынын айтсам, күні бүгінге шейін құлдығынан құтылған жоқпын, әлі күнгө жұмысын тегін істеумен келем. Басқасын қайтейін, 20-жылды мен жеке өмір күрмақшы болып, Сейпеннің қолынан шықтым. Сейпен оныма жаман ашуланды. 21-жылды аштық болды, аштық нені тындады. «Тірі болсам, төлермін, маған азығынан қарас» деп осы Сейпенге барып жалындым ғой. Эй, иттің бейілі жаман гой, төрт қабат көрпенің үстінде шалқасы-

нан жатыр екен, сөзімді елеместен, көсілген аяғын жина-
мастан калды... Шермекті осы күні көменес болып, үкімет
жұмысына араласып жүр деп есітем. Үкімет кедейдікі бол-
са, сол Шермектердің кедейдің үкіметіндегі не жұмысы ба-
рын білмеймін. Шермектің кедейге жаңы ашиды дегенде
өлсем де нанбаспын. Мен сол тамақ сұрап тұрғанымда,
Шермек пешке арқасын сүйеп кітап оқып отыр екен,
әкесінен тұңғылған соң, мен сол Шермекке **жалынған** бо-
лармын. Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: «Өлсен,
борыштанбай өлсеңші, ненди бересің» деді-ау...

— Қасқырдан бөлтірік тумасын ба?

— Мен Шермектің қалай коммунист болып жүргеніне
таңмын.

— Кедеймін деп алдап кірген гой, **енді алдай** алмас: еңбекшілердің көзі ашылып, санасты өсіп келеді. Қас пен
досын айырарлық күйге жетті. **Мына көмпеске** науқаны
орынды жүргізіліп отыр. Осы науқанның тұсында **талай**
Шермектердің бет пердесін **жыртып**, жүртшылықтың ал-
дына сүйреп салармыз! — деді Арыстан **жайрандаған**
пішінмен.

— Бәсе, сүйтсендерші, кедейден **шығып** сендер ком-
мунист **болғанда** көретініміз не? Тым болмаса осы бай-
лардан кегімізді альп берсендерші! — деп Қуандық бұрын-
ғыдан да өршеленіп, беті қызарып, **көзі** жайнандалап,
көтеріңкі көңілмен шын тасып отырған адамның қалпын
көрсетті.

— Байдан кек алу үшін, байды ортамыздан аластап куу
үшін, кедей болып күш біріктіруіміз керек, **осыны істей-**
сіндер ме? — деді Арыстан.

— Истейміз!

— Ендеше, біріктірсек, партияның, үкіметтің шын қол-
ғанаты болсақ, бітпейтін жұмыс жоқ. Ол естерінде болсын!

Үзамай аудан өкілі келді. «Көмпеске» деген сөз тара-
ды. «Көмпескенің» не деген сөз екенін ел бірінші рет есітті. Бірақ жат **көріп**, **оғаш** көріп тұрған ешкім жоқ. Бала-ша-
ғаға шейін ауыздары **жыбылдасып** айтып жүр. **Мағынасы**
да түсінікті болып қалды. Бірер **сағаттың** ішінде бұл ауыл-
дың бұрынғы төл сөзінің қатарына да кіріп үлгірді. Ауыл
адамдарының **көбі** келген өкілдің қасында. Үйде **қал-**
ғандар екі араға кісі салып, солар арқылы хабарға қанып
жатыр.

— Құбылған заман-ай, есітпегенді есіттік-ау, — деп бір бүкір шал үйге арқасын сүйей отырып ауыр күрсінді.

Сарыала төбет жол бойында шоқып отырып ұлып еді.

— Кет әрі, мына ант ұрғанның ұлуын! — деп бүкір шал оған да кейіп қалды.

— Жамандығы болса, Сейпеннің үйіне болсын! — деп екінші біреуі сықақ қыла құлді.

Сүйткенше болмай, сарыала төбеттің дау сына **жалғаса** сарнаған ашы дауыс **шыңылданап аспанға шықты**. Жұрт селт етіп, құлағын тіге қалды:

— Ау, бұл не?

— Бесе, бұл не?

— Бұл, дәу де болса, **бәйбіше шығар, ұлығанның басы болар!** — деп Куандық жымың-жымың етті.

Отырғандардың бері де бір-біріне қарасып: «**Бұған** қуану керек пе, күйіну керек пе?» дегендег **сұраулы** жұмбак кейбіреудердің ажарында айқын түр еді...

IV

... Уш ақ үй қатар тігулі, **оған** таяу **жапырайған** қараша үй. Қараша үйдің сыртында күбідей **болыш** бетін құбылаға бұрып Сейпен отыр. Басы салбырап, еңсесі **тұсіп кетіпті**. Беті-көзі ісік. Сирек **сақалының** арасында жас тамшысы көрінеді. Қараша үйге арқасын сүйеп, ұрген торсықтай болыш тырсылданап **бәйбіше** отыр. Беті жара — **айғызданған** тырнақтың ізі. Тұсі тұтігіп, қарайып кеткен. Көзі қанталап, қызырып түр. **Маңайындағы нәрсені** бұлдыр **ғана** көретін секілді. Откен күн, ұшкан «бак», аспаннан тұскен секілді кенеттен **болған оқиғаны** есіне алып, **сөң** соққан балықтай мен-зен қылышп жіберген. Оқтын-октын күрсініп, «*aḥ*» дегенде жүрегі қарс айрылады.

— Шал-ау, Шермекжаннан не хабар бар? **Баяғыдан** бері оқып еді, ат арқасына мініп адам больш еді, тым болмаса осында **қысылғанымызды** сүйей **алмағаны** ма? — деді **бәйбіше**.

— Болмайды гой, **кемпір...** Бізді сүйемек түгіл, **өз** басына зобалаң туыш жатқан көрінеді. «**Байдыщ** баласы, **әкесін** сүйейді» деп сонына тұседі білем. **Тұнеугұнгі маған жазған** хатын да мыналар тауыш алып, сотқа беріпті... Тым болмаса сол аман болсын деп тіле, одан басқа таянар кіміміз бар? — деп Сейпен назаланып, **солқылданап** жылап жіберді.

— Қайтейін, тілемей отырмын ба? Қақпас құдай біздің қай тілегімізді беріп отыр, — деп бәйбіше шіміркеніп, көз жасына булықты. Нақ сол **сағатында** Құдайыңың өзі қолына тисе де түтіп жетіндей еді.

Ақ үй **жағы** базардай қайнап жатқан адам: біреу **шығып**, біреу **кіріп** жатыр; **сампылдасып** сөйлеседі, **сакылдасып** күліседі.

— **Ал Арыстан, сөйле!**

— **Не сөйлейтіні** бар: тыққан малдарын, бүйымдарын тегіс таптық!

— **Тұтқыштың** айтқандары тура шыкты ма?

— Тура **болғанда** қандай.

— **Маладес, Тұтқыш!** Сенің кім екенінді **ауданға** жазып жібердім, — деп өкіл **Тұтқышты** арқасынан қақты.

Тұтқыш жымың етіп, жайрандап **қалды**.

— **Ау, Несібелі** қайда?

— Мен мынданын.

— Кел, сабаны пісіп, қымыз қүй, дәурен қолыңа ти-генде сары ожаумен **құлаштап** бір сапырсайшы!..

Несібелі сөлекеттеу **қозғалып**, піспекке жабысты. Қозғалуы немкүрайдылау: бәйбі sheden биліксіз сабаның қалай **құйылатыңдығын** өлі үғынып **жетпеген** секілді.

Жұрттың басы **қосылған** соң, біртіндеп сандықты ашып, асыл бүйымдарды есепке алу басталды. Тізбектелген **көп кілт** Несібелінің **қолында**. **Әшекейлі сандықтардың** шандуын босатып, біртіндеп ашып, ішіндегі бүйымдарын ортаға альп тастап жатыр. Бір сандықтың ішінен Сейпеннің өкесі **Жантай** бидің патшадан **сыйға алған** сарыала тонын Несібелі **суырып** алды да, жерге бірден тастап жібермей, не қыларын білмегендей, **жағасынан** үстап, таңырқап тұрды.

— Сарыала тон! — үйде отыргандар шу етті.

Тұтқыш орнынан тұрып барып, Несібелінің қолынан сарыала тонды алды. Олай бір, бұлай бір аударыстырып қаралды. **Жағасынан** үстап тұрып, **кулімсіреп** өкілге **бурылды**.

— Бірдеме айтайын дедің бе?

— Осы тонды киіп, **ауылды** бір қыдырып **келсем** деймін.

— Эйда, ки, Тұтқыш!

— Ки, байдың іші бір күйсін! — деп үйдің ішіндегілер ду **куліп** **көтермелеп** кетті.

Тұтқыш сарыала тонды киіп, алтынды медальды төсіне қадады. **Аяғында** жыртық етік, басында **жалбаланған**

құлақшын. Өзі жайнаңдап, жымың-жымың етеді. **Аяғын** керіле басып, қараша үйдің жанында отырған бай мен бәйбішенің алдынан кесе көлденендей жүрді. Бай бір рет қарады да, басын томен салды. **Бәйбіше** қанын тартып сұрланып, **көзімен** Тұтқышты атып жібергендей болып қарады.

— Неге қарадың, бәйбіше? — деді Тұтқыш **бұрыла түсіп**.
— Келіскеңіңе қараймын.
— **Сендерге** келіскеңде, **маған** келіспес дейсің бе?
— Ки, киетін заманың! — деп бәйбіше жүрегі жарылардай болып күрсініп, теріс қарап бұрылды.

Тұтқыш сарыала тонды киіп ауылды **аралағанда**, балашага, қатын-қалаш жинальп, соның сонына ерді.

— **Бәтір-ай**, би атамың патшадан **сыйға алған** тоны осы екен-ау! — деді кекселеу келген бір сары қатын.

— Келін-ау, осы ауылға келіншек больш түскеніме жиырма жыл толған екен, сонан бері осы тонның атын есіткенім болмаса, көрген жоқ едім, қақбас **бәйбіше осқырынып**, маңына жолатпайтын еді **ғой**, **оған** бұ да елі аз! — деп еркек пішінді, имек тұмсық қара қатын самайынан **шыққан шашын жаулығына** тығып, кирендей басып **балалардың** арасына барып кірді.

— Киелі тон дейтіні қайда? Киелі болса, **Тұтқышты** неге **соғып** кетпейді? — деді бір жас **Әйел**.

— Сокса, **соғар**, жынды неме, желігіп несіне киді екен?
— Қойшы әрі, тонда не бар дейсің, өшешін лақап қыльш жүрген **ғой**, аруакты шаңырак деп біз **ғана** қорқамыз, өйтпесе, түгі де жоқ көрінеді.

— **Бәсе** десейші, бірдемесі болса, ендігі бір белгісін бермес пе еді?

Адырақ көзді қара қатын емпендей басып **Тұтқыштың** жанына барып, сарыала тонды **жағасынан** ұстай алды:

— **Қағынғыр**, тұра тұршы, анықтап **көрейік**.
— Ал **көре** ғой, сен көрем десен, мен немді аяр дейсің, — деп Тұтқыш күлді.
— **Бәтір-ай**, мына **сап-сары** не десем, алтын екен **ғой**, — деді бір **Әйел**.
— Шешей-ау, мына суреті несі?
— О л — патшаның басы, — деді Тұтқыш.
— Тоқташы, **көрейік**, патшаның басы қандай болады екен? — деп қатындар жапырласа түсті.

Жұрт бірінен бірі хабарланып, тайлы-таяғына шейін қалмастан, сарыала тон киген Тұтқыштың маңына жиналды. Боз үйдің жаңында үршық иіріп отырған қатпар бетті сары кемпір ауыр күрсініп, көйлегінің жеңімен көзінің жасын сұртті.

— Шеше, неге жылап отырсың? — деп Куандық жаңына жетіп келді.

— Эй, шырағым-ай, не жақсылығы бар дейсің, аруактың иленген тоны еді ғой, отанымызға бір зияны тиіп жүре ме деп қорқам, — деді кемпір.

Куандық ішек-сілесі қатып құлді.

Ауылдың сол күнгі кеңесі сарыала тон, медаль, байдың жасырган малы, бәйбішенің жоқтауы болды.

Қара қатын төсегіне жатқалы шешініп, сарыала тонның өңгімесін тағы бастады. Байы тындаудан жалыққан соң, үйкітағалы іргеге қарай түсіп еді.

— Эй деймін, бері қарап жатшы, әңгіме айтайын, — деп байын иығынан тартып, қара қатын өзіне қаратып жатқызды...

... Тұн қаранғысы өлемді бүркеп, жан біткен демалысқа шомды. Жалғыз-ақ Жамал бәйбіше қараша үйдің босағасына сүйеніп, екі бүйірін таянтып жылаумен болды.

V

— Жүрейін деп жатыр ма?

— Жүрейін деп жатыр!

Койшы мінетін жаман торы **атқа ағаш** арбаны жегіп, қиқайтып жүк тиеп, Сейпен үй ішімен **көшкелі** жатыр. **Бұрынғыдай** «**Көш көлікті болсын!**» деп түс-түсінан андалап келетін **көрші** жоқ, жабырласып жүк тиесіп жүрген бозбалалар да жоқ. Жүрттың бері де сырт беріп, Сейпеннің **көшкелі** жатқанын ұмытқан секідді.

Ақ таяқты **төсіне** тіреп, арбаның қасында **жүгініп**, Сейпен бірталай ой ойлады. Алдағы өмірі қаранғы. Баратын жері қандай: «**қазақтығы**» үстап мейірім **қылыш**, Сейпенді қонақ деп қарсы алар ма екен? **Әлде** осы өз ауылы құсап сырт беріп, айналып кетер ме екен? Ойлап-ойлап **келіп**:

— Эй, болмас! Ондай күн қайда? **Ағайын-тума** аластап қуып **отырғанда**, танымайтын **ел** бізді не **қылсын**. Енді біттік қой! — деп Сейпен **солқылда** жылады.

Бәйбіше бұк түсіп, талықсумен жатты. **Иығы** түсіп, салбырап арбаның қасына баласы **келді**.

ЖАҢАЛЫҚ, 2018 жыл

- Не дейді? ...
- Бармаймын деді. ...
- Тоқал ше? ...
- Тоқал да... ...

Бәйбіше жан ұшырған адамдай еліріп, басын көтерді.

— Тоқалдікі дұрыс болсын, Маржан ішімнен шыққан қызым емес пе еді? **Үлде** мен **бұлдеге орап** өсірген жоқ па едім? Өзім **күйіп отырғанда**, ол журымы **құрғыр** неге күйдіреді. Ойбай, **бұл** корлықты көргенше өлемін! — деп бәйбіше жұдырығымен өзін мандаға **қойып-қойып** жіберді.

— Кой, сорлы, жетер, өле алмаспыш, **көресіні** көрмей көрге кіру жоқ. Эйда, **арбаға** мініндер, — деп Сейпен мықшиып таяғына сүйеніп орнынан тұрды.

Ат ақырында қозғалды. Қаусап тұрған ағаш арба жолсыз жерде ырғалып, шақыр-шұқыр етті. Сейпен артына қарап:

— Кош, елім... **Жүртүм!** — деп **көз** жасына **булығып**, сөзін **аяқтай** алмай, сылқ етіп отыра кетті.

— Жылама, «елің» алдында, **барасың**, — деді **Қуандық**.

Кеш жолға түсіп, белестен асып кеткенше, ауыл **адамдары** үйлерінен **шығып**, самсап қарады да тұрды. Кемпіршалдар **құрсініп**:

— **Кетті!** — десті.

... Күрен җорғаны болыскей ер-турманмен **ерттеп мініп**, Тұтқыш өріске қарай **теңселдіріп** бара жатыр.

— **Уа, Тұтқыш, жол болсын!**

— Өрістегі малды айдал келіп, **кәзір** бөліске саламыз!

Білектей қамшымен күрен җорғаны жамбасқа **тартып** жібергенде, **жорғаның** тұяғы жұмсақ топыракты уыстап лактырғандай болды...

1928 жыл.

ЗӘКІРЖАН МОЛДА

Қалдыбайды жанына **ертіп**, Зәкіржан молда **«Төрт төбе»** еліне асты.

«Төрт тебе» елі бай, мешітті ел. **«Төрт төбе»** еліне Зәкіржан молда жыл сайын барады. Елді басынан **аяғына** дейін қыдырады, қайыр-садақасын алады. Бірер ай **жүріп** орал? **ғанда**, қальщнан алған малдай шұбыртып 30—40 қараны айдал қайтады.

әйдең күндерінде.

Қалдыбай Зәкіржан молданың «мұриті» есебіндегі адам. Екеуінің жасы қатар, сырғы бірге, бірінің ымын бірі табады. Жайшылықта ел көзінен оңашада екеуі әзілдеп те алады, боктасып, үрсысып та алады. Бірақ тым шиеленісп кетпейді, ұрыстары кексіз болады.

Ел кезінде қалыптары екінші түрлі: сөлдені қатарлай орап, ақ съфмақты шапанды желең салып, көзді жұмып мұлгіп Зәкіржан отырады. Зәкіржанның қасы мен қабағына қарап, айтқаның аяқ ұшымен жүріп орындалп Қалдыбай жүреді.

— Таксыр, намаз уақыты болды, дерет алмайсыз ба? — деп Қалдыбай құманға жүгіреді, жайнамазын жайып, тәсбиғын қолына ұстатады. Зәкіржан молда зілденіп, жайнамаздың ұстінде шарт жүгініп отырып, қара кітапты ашып күбірлеп **оқиды**.

— Иә, Алла! — деп қояды ол окта-санда.

Зәкіржанның даусы шыққанда, Қалдыбай селк етіп кетеді...

«Төрт тебе» елі Зәкіржанды да **сыйлайды**, Қалдыбайды да **сыйлайды**:

— **Жастығына** қарамай, Құдай жолына шын берілген адам, — деп Зәкіржанды мақтайды.

— Ақ ұстінен караны танымаса да, адамын тауып жолдас болған, — деп **Қалдыбайды** мақтайды.

Зәкіржан молда келіпті деп есітсе, «Төрт тебе» елінің шалдары, шүйделі жуандары лек-легімен шұбырады, Зәкіржанның жанына ереді. Зәкіржанды қыдыртып, соның құрметінде жүреді.

Зәкіржан шариғат соғады: жұмақ-тамұқты жыр қылыш өтеді, пайғамбарлардың тарихын айтады, пайғамбардың қадисын **оқиды**.

— Ой, жарықтық-ай! — деп Қалдыбай көтеріп қояды. Жүрт ынталасы одан жаман қуриды. Әсіресе, «заман ақыр» туралы сөз қозғалғанда, шалдар мұлде елжіреп, кемсендеп жылап алатындары да болады.

— Таксыр, осы **садақаның** септігі қандай? — дейді Қалдыбай.

— Садақа **ауыртпалықты** көтереді, жұмаққа жол ашады, «танда мақшар» күнінде **төбенде** ұстайтын **көлеңкең** болады...

— Бай-бай, Құдай тағаланың өзі де өлді-ау! — деп тыңдаушылардың біреуі костап қояды.

.И.Л.ШАЙХЕДЕН

«Терт тебе» елінен кайтқанда, еліне жақындаған сайдын, Зәкіржан мен Қалдыбай жол бойы керісүмен болады.

— Мына шабдар байталды мен алам! — дейді Қалдыбай.

— Жоқ, үйтіп ақымақ болма, бұл мал маган берілген; мен батамды беріп алғам, тандамасын өзім, — деп Зәкіржан молданың ұзын тұмсығы кусырыла түседі.

Қалдыбай мұртын тікірейтіп, көзін қылиландырып, Зәкіржанның бетіне қарайды:

— Осы сөзінді қой, Зәкіржан!
— Неге?

— Қит етсе, батаңды айтасың. Батаңмен кімді жарылқамақсың? Батаң мал беретін болса, жұрт үйіне әкеліп бермес пе еді? Әкеліп берген жан жоқ, өзіміз жүріп жинадық. «Еңбегіміз» бірдей сінді. Шынына қалғанда, сенен гөрі менің еңбегім көп сінді.

Беті кенет сүрғылданып, езуі жыбырлап, ашуға тығылғаннан Зәкіржан сөйлей алмай, тұтығып қалады. Қалдыбайды тап со л сағатында ит етінен жек көреді. Оны ертіп шыққаны үшін өзіне кейиді.

— Ақымақ-ау, біле білсең, шабдар байталды Үлбосын бәйбішенің басынан алым отырмыз. Құран шығарған мен, дәуірін айналдырған мен, жаназасын оқыған мен...

Зәкіржанның не айтқалы келе жатқанын Қалдыбай алдын ала біледі. Тыңдағысы келмейді. Атын борбайладап, шашау шыққан уақ малдарды қайырып топқа әкеліп тығады. Біраз ұн демей жүріп, бұлттан шыққан күндей бір мезгілде жадырайды.

— Эй, Зәкіржан, сенде үміт жоқ, әйтпесе, менің «еңбегіме» таласатын не жөнің бар? Бәрінде қой, өнеугі тұнгінің өзі неге татиды, білесің бе? — деп күлімсірейді.

— Ой, ақымақ, — деп Зәкіржан да күліп жіберді.

Екеуі де жадырап, малды қақпалап жолға салып, көрген-білгендерін сөз қыла бастайды. Мәз болып күліседі. Бірінің ісіне бірі риза болады.

— Сол жолғың жарады, — дейді Қалдыбай Зәкіржанды көңілдендіру үшін.

— Жолдас бола жүргенде, саған сол жолы риза болдым! — дейді Зәкіржан шын риза бол.

.ЖКМРК

* * *

Аршалы бойында Әлімбайдың қыстауы бар. Ауылы жаз жайлауда болады. Шағырмен, селеумен көміліп, мола құсап қыстауы қалады. Қыстауда кыбыр еткен жан болмайды. Әлімбайдың қыстауын күзетіп, Конқа дейтін кедей қалады. Ол бұрынғы әдеті бойынша қара лашық үйін қыстаудан шеткерек, жол өтерге апарып тігеді. Сынық мүйіз қоңыр сиыр қара лашықтан тым ұзап кетпей, оттайды да жүреді. Конқаның қатыны Қалампыр сынық ашалы баканды сүйретіп, қоңыр сиырды айнала қуады:

— Арам қатқыр, алысырақ барып жайылса қайтеді, бұзауды отқа жібертпейді, жіберсем, жанастып еміп қояды, — деп қарғап-сілеп жүргені.

— Жағың қарыссын, қатын, жағың қарысқыр-ау, жалғыз сиыр арам қатса, сыныңа келерсің, — деп Конқа үйде жатып кейиді.

Саусағымен жіп талдал, үй көлеңкесінде Конқаның қызы Қаныш отырады. Колы жұмыс істесе, ойы өлдекайда. Әлдекайда болғанда, қыс бойы бірге отырған ауылды ойлайды. Алты айғы қыс солармен араласып өткізген өмірді ойлайды. Кәрлі қыс, әлемді бір уысына сыйдырып бурғен қыс Қанышқа қандай қымбатты! Өйткені Қаныш қысты заман құрбысымен ойнап-күліп жүріп өткізеді. Ойын-тойдың ішінде болады. Мынау жаз, желкілдеген көкорай, самалды салқын тұн Қанышты жұбата алмайды; Қаныштың ойын бөле алмайды. Табиғаттың осы көркемдігіне қосымша Қаныштың ойын бөлген тең-құрбысы бірге болса, Қаныш бүйтіп мұнаймас еді, қара көзі күлімдеп, қалындау ернін жымыра түсіп, Қаныш өмірге жайрандап қараган болар еді.

Қара лашық үй Конқаны жерітеді. Конқа жайлауды ойлайды. Үкілі құракты көлді, сапырған салқын қыгмызды ойлайды. Ойлаған сайын дәті шыдамай, ала таяқты қолға алып, жайлау қайдасын деп жаяу жөнеледі.

— Өзің барсан болды! Моланды күзетіп, қаршадай кызбен мен отырайын. Сүйтіп жүргенде, бізді біреу өлтіріп кетсін, — деп Қалампыр өрі-бері бүркүлдайды. Бүркүлдағанмен, Конқаның қарасы үзілген соң, көніліне аяушылық кіреді: — Саршатамыз ыстықта 40 шақырым жайлауға жаяу жету оңай ма; шөлдейді ғой, жүдейді ғой, — деп аяйды. *

и нақылжан

* * *

Конқаның жайлауға кеткеніне 4—5 күн болған, әлі қайтқан жоқ. Есіз қыстауда елегізіп Қалампыр мен Қаныш отыр. Тұн бойына екеуі де үйқы коре алмайды. Қайдағы жоқтар, ертегіде айтылған жын-перілер ойға келіп түседі: қалың шағырды сыйбырлатып ойнап жүрген сияқты; жарқеткізіп от жағып, сакылдасып күлген сияқты болады. Қалампьф Қаныштан жасырып, ішінен ғана аз-мұз білетін «дүғасын» оқынады. Қаныш сезіп, шошып жүрмесін деп ойлайды.

Қаныштың ойында да қорқу бар, бірақ ол тап Қалампьф сияқты қорқа қоймайды, ол көбіне өзінің ойымен шүғылданады: қыскы өмірді ойлайды, ойнап-күлген замандасты ойлайды. Сәтпайдың үйінде болған шілдехана есіне түседі. Ол бір естен кетпейтін ойын еді: ауылдың бозбаласы, қыз-қырқыны тегіс жиналған. Ұбырсыған адамның көптігінен аяқ басатын жер жоқ; үй ысып, адамның демімен буланып, шам қалтылдарап сөніп қалғалы тұр. Мандайдан аққан терді орамалмен сұрте түсіп, жүрт ойынмен болып жатыр.

— Қанеки, қарындас, қолыңды тос! — деп Ақметбек дейтін жігіт Қанышқа төне қапты. Қолыңда ескен белбеу бар. Белбеумен құлаштап ұрмакшы. Бет ажары күлімсіреген сияқты болады. Көзі басқа жақта — Қанышқа қадальш қарамайды. Қаныш оған қадала қарап күлімсіреді.

— Ақырын ұрыңыз! — деп назданады.

Әрі-беріден соң:

— Ойынды өзгерту керек! — деп біреу ұсыныс кіргізді.

— Қандай?

— «Бекет» өлеңді бастаймыз.

Домбыра жагалап Ақметбекке келді. Ақметбек домбыраны сәндел үстады. Құлағын бұрап баптады; тамағын бірер кенеп алып, өн салды. Даусы барлыққандау. Жастардың көбі оның өлеңін керексінбегендей өзара сөздерімен болып отыр. Ақметбектің өнін бағаламағаны үшін Қаныш оларға кейиді. Өзі өлердей ынтығып:

«Ауылым көшіп қонды Кермен көлге,
Кермен көл — келісті көл серуендерге.
Қайғының бұлты ыдырап, жазылым ед
Калқатай, уәленді берген жерде». 1981, № 143, 144

Қаныштың ойына Ақметбек түссе, оның айтатын осы өлеңі бірге шыңылдайды күлактан. Осы өлеңнің соңғы шумағын Қаныш өзіне арнап айтылған сияқты көреді...

* * *

Қалампирдың жерошакқа жаққан оты сөнді. Аспан қара көрпесін бетіне бұркенді. Самсап жүлдyz шықты. Тұн тыныш, маужырап, мұлгіді де қалды.

Үзамай қара жолдың үстінде ат тұяғының дыбысы білінді. Жолдыаяқ шәу етіп үріп еді, дыбыс бәсендер, да-бырлап адам сөйлегендей болды. Қалампир да, Қаныш та елең етіп, құлактарын тіге қойды.

— Апрым-ай, жүргінші болар ма?
— Біздікіне келіп неге қонбайды екен? — деді елегізіп отырған Қаныш.

Жолдыаяқ үруін үдettі. Дыбысы жақындағы. Қарандап келіп қалды. Екі салт атты екен — үйге төніп келіп:

— Да, кім бар? — деді.
— Біз бармыз, — деді Қалампир қуаныш кеткен кісідей.
Аттарын қаңтара салып, екі кісі түсे қалысты. Жақын келіп, амандық сұрасты. Қалампир өз жайын айтыш шығып:
— Өздерің кім боласындар? — деді қонақтарға.
— Зәкіржан молданы естуіңіз бар шығар, мына кісі сол, — деп жолдасы жен айтты.

Бұлар Зәкіржан мен Қалдыбай болып шықты. Қалампир адам айтқысыз қуанды. Жалма-жан от жағып, ас әзірлейін деп еді, «шаршап келдік, жатып үйкітаймыз» деп қонақтар тамаққа ыңғай бермеді.

Шырша жандырып жарық қылып, ескі текеметті алым, Қаныш төр алдына төседі. Текемет үстіне салатын көрпежастық болмады. Қалампир жалпылдаған жайын айтыш жатыр.

— Ойбай, женге, біз сөгетін адам емеспіз, ықыласыңызға ризамыз, — деп Қалдыбай Қалампир жағынан жамбастап, киімшең қисайды.

Қонқаның лашығы төрт кісіні тығыз сыйғызатын секілденді.

— Женгей, сізге тым жақындалап кеттім, үйқысырап жүрсем, айып қылмассыз, — деп Қалдыбай жатарда өзіл де айтыш алды.

Қонақтардан бұрын Қалампир мен Қаныш үйқыға шомды. Қадыбай Зәкіржанды шынтағымен түртті:

- Эй, ояумысын?
- Ояумын.
- Тұр, еңбекте.
- Шошып жүрсе, шешесі ояныш кетсе қайтеміз?
- Корықпа, Құдайға сыйынып, өзім жайын табам.

Зәкіржан молда сәждеге бас игендей төрт тағандап еңбектеп келеді.

- Эй, бу кім? Эже, өже! — деді Қаныш шошынып. Қалампыр да шошып ояныш, басын қөтергенше болмай:
- Женгей, бері келініз, тысқа шығып келейік, — деп, Қалдыбай оны қолынан сүрелеп, еріксіз далаға шыгарды...

Таң сызат берген кезде Зәкіржан мен Қалдыбай атқа мініп жөнеді. Қалампыр мен Қаныш өлі екендерін де, тірі екендерін де білмей, мең-зең болып, солықтарын баса алмай, жылап қала берді.

Поселкенің пивақанасында Қалдыбай мен Зәкіржан отыр. Алдары толған шыны. Жүздері қызырыңқы.

- «Ақтан» алып жіберейін бе? — деді Қалдыбай жымындал.

— Қайдам, ауылға барамыз-ау, ол шіркінің «тентек» болып жүрмесе, — деді молда күлімсіреп.

— Корықпа, былай шығып үйықтаймыз. Бұл — бүгінгі тұнгінің тойы, — деді Қалдыбай сылқылданап күліп.

— Эй, ақымак, сен жарайсың, саган риза болдым, маган тағы құйып жіберші, — деп молдекен рюмкені Қалдыбайға ұсынды.

Мандайынан сорғалаған терді сүртейін деп, қалтасынан орамал алғанда, ашы ішектей шұбатылып тәсбиғы да шығып, рюмкедегі аракқа малынды. «Астағыпрыалда» деп күбірлеп, молда тәсбиғын қалтасына қайта тықты. Арак үстіндегі әңгіменің көбі өткен тұннің «қызығы» болды.

Сол күні тұн батар кезде өдеттегі қалпымен қаланың мадары, шошқалары өрістен қайтты. Қаланың орта шеніндегі қызыл төбелі үйдің тұсынан өткенде, қой, ешкі, сиырлар бір нәрседен одьфайысыш, үріккендей боп па, жиренгендей боп па, бұрылысыш кетіп жатты, өйткені сол үйдің алдында жер сүзе құлап «модда» мен «мұрит» жатыр еді. Мал сияқты осқығып қашпай, шошқалар Зәкіржан молданы жағалап, өлденеге тұмсықтарымен тұртқілесіп кетіп жатты. Тамақтан

торыққан қызыл төбет сұғанақтық істеп, молданың құсығын жалаймын деп, сүйрәндеген қызыл тілін абайсызда молданың аузына да тигізіп алды.

1928 жыл.

ҚЫСҚЫ АУЫЛДА

...Біз үйге кіріп келгенде, сары самаурынды ортага алып, төрт-бес кісі шайға бас қойып жатыр екен. Ат жакты келген, шұнірек көзді қара кемпір күпісін жамылып, ыстық шайға нанды малшып жеп отыр. Екі жас жігіт жалаң бастаңып, терлеп-тепшіп шайды ұрттаң жатыр. Екі келіншектің біреуі шай құйып отыр, біреуі жас балаға сұт ішкізіп отыр...

— Кеш жарық...

Бері де ажырайысып қарады. Жігіттер ығысып орын берді. Ала дастарқанның бұрышын созып, алдыма таман тартты. Бірер минут тұңжырасып отырғаннан кейін сөзге кірістік: олар менің аты-жөнімді, қайdan келе жатқанымды, не жұмыспен шыққанымды сұрады.

— Е, солай де. Қызылордадан шықтым де...

Қара кемпір бетіме тесіле қарап отырды да:

— Шырағым, қашан шықтың?.. Сол жакта біздің бір жаман баламыз болушы еді, аты Ахмет еді, одан хабар білесің бе? — деді.

— Эй, әже-ай, жоқты сұрайсың-ау, Қызылордада кімдер жоқ дейсің, бұл жігіт қайсысын біле берсін, — деп самаурынға таяу отырған бақа сары жігіт кейінкіреді.

Кемпір жым болды. Жас әйелдер өзара құнқілдесіп, жас баланы сылтау қылым, бірдеме айтып құліседі.

— Бетіңің кірін қара, бапаң сүймеймін дейді, жүр, бетінді жуайын, — деп біреуі баланы жетелейін деп еді, бала көнбей бұртиды.

— Тұр, қалқам, жуғыз, үят болады, мына кісіні көрдің бе? — деді әжесі.

— Койындаршы, баланың бетін жуғанды қайdan шығарғансындар, жуып керегі не? — деп кемпір де кірісті.

Бұл жолы кемпірдің сөзін ерсі көріп, балалары еш нәрсе айтпады...

Шайдың артынан бірен-сарап қыдырмалар келді. Сұлу мұртты қараторы жігіт есіп сөйлеп отырды. Қуландырып,

жұртты күлдірген болды. Үй иесі жігіт онымен шәлкемшалыс сөйлесіп, ілінісіп отырды.

— Үкіметке ризамыз. Совет үкіметі келгелі адам қатарына қосылдық... Бұрын елге шыққан оқыған адамдар, қайда бай болса, соны тандап қонушы еді. Бұл күнде ізделеп келетін болды, мұнысына шүкіршілік, — деді үй иесі.

Сұлу мұртты жігіт аз-кем бөгелген секілденді. Бірдене айтуға ыңғайланған қалпы болса да, менен қаймықты ма, өлде үй иесі жігіттен қаймықты ма, айтпады.

Қыдырманың біреуі — шоқша сақал, сары кісі дыбырлап сөйлейді. Бес батпан кір орамалды қалтасынан шығарып, бұрышына түйген құмалағын киіздің үстіне төкті, «я, бісмілда!» деп быртиған саусағымен құмалакты шашып жіберіп, ежірейіп ұңғоле қадды.

— Құмалакты кімге салып жатырсың, Ержан?

— Өзіме салам. От басының амандығына салам.

— От басыңа бір нәрсе көрінер дейсің бе, жалғыз сирың бар еді, ол өлді, енді Құдай сенің ненді алады?.. Одан да маган сал, мен ертең базарға барғалы отырмын, не бітіріп қайтар екем? — деп сары жігіт ұмтылып жақын барып, жер бауырлап көсіліп жатты.

— Эй, Орман, тұрсайшы, кісінің алдына сұлап жатып алғаның не? — деп сұлу мұрт оған ала көзімен қарады...

Ас артынан қыдырмалар тарады. Үй иесі жігіттер қонақтың атын жайласуға шығып кетті. Пеш жанында шынтақтап құмалакшы жатыр еді, қара кемпір оған қарай түсіп, сыбыфлап қана:

— Біздің үйдің амандығына құмалағынды тартшы, — деді.

Құмалакшы тартып болып:

— Кірер кіріс болмаса, шығын жок... — деп атап келе жатып, кезі маған түсіп, мұдіріп қалды. Қысыльш, қызарғандай болды. Әлгі сөзін өтірікке шығаруға тырысқан адамдай:

— Құмалак не білуші еді, әшейін «кәләкәйт» да... дым да білмейді. Бір Құдайдан басқа кім білуші еді? — деді.

Бұл сөзді маган естіртіп айтты. Өзінше әлгі сөзін осымен жудым деп ойлады...

Оңашаланған соң, үй иесі жігіттен елдің шаруашылығын сұрадым; жүріп жатқан науқанның жайына қандым.

— Ауданда үйым дүкені бар еді. Соның бөлімшесін ашқан болдық. Оттыз бес мүшеміз бар. Тауардың келуі жақсы. Ел тауарға молықты. Әсіресе кедей-батырак артық асты-

ғын төгіп, керегін дүкеннен алғы қарық болып жатыр...
Дүкен осы біздің үйде. Ертең жүрерде көріп кетіңіз, — деді.

Үй иесі жігітім сол дүкеннің приказщиғі болып шықты. Белсенді кедей екен. Астық дайындау науқанына едәуір көмегі тиіпті.

— Елде артық астық жоқ емес, бар, көбі бұқпантайлық қылыш бермей отыр... Бірсыптырасы артық сатып, керегіне жаратып қойып отыр... Біздің елде соғым сою деген бәсеке бар. Өлмелі кедей де жылқы тауып соймаса, көнілі көншімейді. Семіз жылқы сатып алуға күштері келмеген соң, арық жылқыны алғып, бар астығын соған жұмсайды, көбінің сонымен тілеуі құрып отыр, — деді кейіп.

Соғым жемдеу хабарын есіткен соң, мен сол үй иесінің өзін қазбалап сұрай бастадым, өйткені табакқа салған қазысы білектей еді.

— Өзіңіз де соғым жемдегенсіз ғой? — деп ем, қыза-рандал отырды да, шынын айтты:

— Жемдеп едім, — деді.

— Қанша астық жегіздің?

— Сексен пүттай!

Кедей шаруа. Ішерлігі мен тұқымдығынан артық астығын соятын соғымына жегізген. Соғымы семіз, қазысы жырта қарыс. Бірақ үкіметке беретін артық астығы жоқ. Артығының барлығын қазыға айналдырып, бес саусақтан майын тамызып жеп отыр. Мен бірсыптыра түсіндіріп айтЫП едім, түсінді, қатесін мойнына адды.

— Наданбыз ғой, еш нәрсенің жайын білмейміз, елден қалмаймыз, — деп даурығып кеп күрсінді.

— Тұрсіндірсе, үгіттесе, ел елпендей дайын тұр. Бірақ түсіндіруші кем. Осындағы кенес қызметкерлері ерте бастан елді түсіндіріп, артық астығын үкімет орнына төккізіп отырса, жоспар өлдекашан толып қалмай ма?

Тұн қараңғы. Қатты жел. Боран. Күртік қар. Қар астында емір бар. Күртік қардың ара-арасынан жылтыраған от көрінді. Бұл — терезе сәулесі. Мал да, жан да үйде, жылды қорада үйшіктап, мұлгіп жатыр...

Қыскы ауылды біраздан бері көрген жоқ едім, сағыныш қалған сияқты болдым. Жылды төсекте, тастай қараңғы үйде жатып ыскырған желдің даусын тындал, маужырап үйқыға шомдым.

— 1929 жыл. Март. Мендікара

Март, 1929 жыл. Мендікара

БЕКБЕРГЕН МЕКТЕБІ

...Ауылдың қотанындағы дөнеске ұзыншалау салынған ағаш үй бірден көзге түседі. Ағашы жаңа. Төрт терезесі бар. Бірақ бала көп: бықып жатыр, қайнап жатыр; біреу кіріп, біреуі шығып жатыр. Мәз-мейрам боп ойнап жатыр; өздерінше қуанышты, шаттық тойын тойлап жатыр...

— Бұл не қылған үй? — деп сұрасаң, сельсовет мүшесі Қали желбейін көтере түсіп, көкірегін жоғары көтеріп:

— Бұл Бекберген мектебі! — дейді.

Қалиды жаныңа ертіп қатарласа отырып мектепке барсан, жас балалар ойынын тоқтатып, алдыңдан шығады. Көздері жаудырап, тесіле қарайды. Кім екенінді білгісі келген секілденеді. Айтқаныңды ынтамен тыңдағысы келген секілденеді. Жан-жағыңдан қамалаған жаудыраған көз, өзінді де ерітпей қоймайды: ерисің, тұла бойың шалқиды, көңілің көтеріледі, ыржындалап күле бересің... Әрі-бери тұрған соң, неге айтқаныңды өзің де білмей:

— Жаса, балалар, жаса! — дейсің.

Мектепке кіріп келсең, алдыңда қатарлаған парта тур. Мұғалімнің столы тұр. Үйдің керегесін қаптап қара тақта тұр. Бәрінен де жоғары, мектептің төргі қабырғасында ілулі суреттер тұр: Лениннің суреттері... Солардан, бәлкім, темен «Кеспе өліппемен» қатарласа бір қазақтың суреті ілулі: басында сенсөң бәркі бар, аяғында бастамалы етік, үстінде шолақ тон. Жақын келіп, олай өтіп, былай өтіп қанша үңіліп қарасаң да, еш өзгешелігі жок, ауылдың жабайы қазағы. Әрі-бери қараған соң, Қалиға бұрылып:

— Бұл кімнің суреті? — деп сұрасаң:

— Бұл Бекберген отағасының суреті ғой, — дейді.

Мектеп Бекберген атында. Мектеп үйінде Бекбергеннің суреті ілулі. Мұнша ардақталған бұл не қылған Бекберген деген ойға қаласың.

Мектептен шыға келгенде, алдыңдан өзеннің қабағы кездеседі. Қабаққа келіп қарасаң, көз ұшындей жердің бәрі көрінеді: еріп жатқан қар, ойдым-ойдым қара жер, көлкіп жатқан су, қардан қарды сағалап итініп бара жатқан жүргінші, андағайлап жайылып жатқан мал, асыр салып асық ойнап жатқан жас балалар, суат басына алқақотан тұра қалып әңгіме соғып жатқан қыз-келіншек, екеу-үшеу бас қосып ел қызырған қызырма— бері де

көз алдында, бәрін де көзіңнен өткізіп кенелесің, қарайсың...

Ауыл адамдары біртіндеп жинала бастайды. Алдымен жазды әңгіме қылып өтеді.

— Қардың еруін көрдің бе, жақсы еріп жатыр-ау өзі, ойпаң жердің бәрі су болып кетіпті, — деп Әбіш бастайды.

— Қар сұынан қайыр шамалы ғой, жазғы жаңбырды айтсайшы, жаз жаңбыр болсын деп тіле.

— Жыл басының ырымы жақсы, егін-пішен бітік болгай да.

— Биыл бітсе керек...

— Қайырбек, осы сенің болжайтының болатын еді ғой, сонынды қойып кеттің бе? — деп бір жігіт Қайырбекті қажауға кіріседі.

— Молда молдалығын, бақсы бақсылығын тастап жатқанда, Қайырбек тастамай қайтсін, — деп екінші біреуі Қайырбекті жактауы бекер, былтыр Соңбай бақсыны милиция үстайтында Қайырбек жаман сасыпты ғой, Жібектің үйіне барып: «Ойбай, женеше, мені жасыра гөр» деп айтады, — дейді...

Жұрт ха-ха-лап күліседі.

— Рас па еді, Қайырбек?

— Уай, қойшы, қайдағы жоқты айтатындарың не? Мен бақсы болып бал ашқаным жок, молда болып садақа алғаным жок. Шоңбайға ұсап алмасты дәрі деп беріп, ешкімнің қатынын өлтіргенім жок, милицияның менде несі бар?... Бас қосқанда қысыр сөзben уақыт алдырғанша, орталықтан келген мына жігіт те тұр, шаруашылықтарындың жайын сөйлесіп, білісіп, білмегендерің болса, сұрап алсаңдаршы, — деп Қайырбек салмақпен сөйлеп, жүрттың бетін екінші әңгімеге аударады.

Жұрт әңгімесі екіншіге бұрылады. Шаруашылық жайын қолға алады. Артель ашу керек, колектив болу керек. Қалай ашады?

— Бекберген бейшараңың өліп қалғандығы ғой, өйтпесе, артельді де, кәлектибінді де әлдекашан ашып тастамас па еді, — деп біреуі құрсінген тәрізденеді.

Тағы Бекберген? Бекберген кім? Жұмбак. Енді сұрамай, анығын білмей, не ғып шыдарсың?

— Бекберген дегендерің кім еді? — десең, жұрт бетіңе ажырая қалады. Бет әлпеттері: «Бекбергенді білмей жүр-

ген бұл кім өзі?» дегендей болады. Қали ортаға таман келіп, шалжия отырады. Сақалын тұтамдай түсіп, басын жоғарырақ көтеріп, байсалды дауыспен Бекберген жайын жырлауға кіріседі:

— Шетте жүрген баласыз ғой, білмессіз, Бекберген дейтін отағасымыз болған, — деп бір бастап қояды.

— Бұл бала қайдан білсін, біздің елге бұрын келген жоқ қой, — деп екінші біреуі қостап қояды.

— Бекберген деген отағасымыз болған. Осы ауылдықі. Аталасыз, жақын ағаларымыз еді. Кедей еді. Бірақ пысық еді. Қөрмегені жоқ. Kici есігінде өмірі өткен. Осы сәбет келгеннен былай ғана көзін ашқан. Содан былай ептең сөзге кіре бастады. Сайлау болғанда, Бекберген селсәбетке ілікті. Заемопомошқа сайланды. Одан ауылнай болды. Одан болыстың орынбасары болды. Одан уездің, губернениң съездеріне де сайланып барып жүрді... Жүре-жүре мұлде ысылды. Жаңалықтармен танысты. Сол жаңалықты елге әкеліп орнатам деп тырысты...

Жүрт баста үнатпай қарады. «Күлқыны үшін жүр» деушілер де болды. Бірақ сол жүрісінде Бекберген қыл шайнап, дән жұтқан жоқ, обалы неге керек: ол дүниеге кетті ғой, мактағаным емес, шыныңың өзі осы. Күндіз-тұні жүрсе де, біреуден «расходым» деп, «шығыным» деп сабакты ине алған адам емес, не көрсө де өзі көреді. Өзі қауқылдақ адам еді, бейшара: «Бұдан жаманымда да тойға барғам. Қазір атым бар, сиырым бар, бұдан артық маган не керек? Ендігі еңбегімді ел, сендер үшін сіңірем» деуші еді...

Үшінші жыл болып барады. Болыстың қызметінде жүргенде губернеге барып келді. Келген ыңғайында осы отырған бәрімізді жинап алып: «Артель ашындар, көлектип болындар! Мектеп салындар!» деп үтіт айтып еді келіп... Ыңқ ете алмадық, айтқанын істемекші болдық. Артель аштық. Осы ауылдағы «Қайыңдысай артелі» сондағы Бекбергеннің ашып берген артелі. Осы күні уез қол астында бірінші артель» деп бізге мактау беріп отыр гой...

Мынау тұрған мектеп Бекберген атында. Мектеп ішінде ілулі тұрған Бекбергеннің суретін де көрдіңіз ғой... Осы мектепті салуға Бекбергеннен көп еңбек сіңірген адам жоқ. Бекберген болмаса, бұл мектеп бізге жоқ еді.

Төртінші ауылнайға қарайтын он ауыл бармыз, он ауыл терт атаға бөлінеді. Таңсық деген атаның баласы бес ауыл.

Сонсоңғылары бір ауыл, екі ауылдан. Таңсық белді ата, бай ауылдар. Төртіншінің тағдыры солардың қолында болып келген. Оларға қарсы келіп сөз айтатын адам төртіншіден шыққан емес... Оқығандар да сол Таңсық тобында болды. Ауылдық, болыстық кеңесінің қай жерінде болса да Таңсық тұқымы отыратын болды. Сосын, өз тобының тілегін үске шығармасын ба, Таңсық тұқымы бұрынғы күйінде дәуірлеп жүре берді...

Айналайын сәбет кедейді қолтықтады. Арқа сүйер сәбеті болған соң, кедей де бұрынғы жасқаншактығын қояды еken. Бұрын Таңсық тұқымының жел жағынан жүре алмайтын болсак, сәбет келгеннен былай санға кіріп, қақ төріне барып отыратын болдық. Әнгіме билігін Таңсық тұқымына гана беріп қоймай, кеңесіп шешетінді шығардық.

Бірақ аузы түшшіп қалған тұқым оңайлықпен басылмақшы емес қой. Таңсық тобы да кепке шейін қарсыласты. Оқыған балаларын кеңсе біткенге жауып жіберді. Болыста да, губернеде де адамдары отырды. Солар арқылы жұмыстарын астыртын бітіретінді шығарды. Біз даурыып далада қалып та жүрдік. Тауымыз қайтып, тоқтап қала жаздаған күндеріміз де бодды...

Бекберген бейшараның ерекше жұмысын айтпақшы болып келем-ау... Бекберген солармен салғыласуға жаралды. Байлар жұмысты астыртын бітірсе, Бекберген солардың соңына түсіп, үрліктарын ашып отырды. Көптің алдына салып, талқыға беріп отырды. Бекбергеннің бастауымен көп өзінің қаулысын шығарып, тиісті орындарына беріп отырды.

Төртіншідегі ыңыршағы айналған кедей біздің ауыл. Біздің ауылға өмірде шыр біткен емес. Кедейліктің кесірінен тамақ үшін тозып, осы ауылдың орнында жан қалмаған кездер де болды. Ауыл болсак, бас қоссак, өз керегіміз өзімізден табылса, осы кеңес тұсында болып отыр...

Сол кезде Жакен дейтін біреу ауылнай болды. Кедейдің баласы еді. Бірақ оңбаған шіркін, сайланып алған соң, көшілігі қисайып кетті. Кедей намысын аяққа басып, аталақ жолына тартты. Таңсық тұқымының тілегін үстем қылуға тырысатын болды. Үкімет жәрдемі болса, алдымен соларға беретінді шығарды. Елмен кеңесспей, өз бетімен

іс істеп кететін де болды... Сол кездегі жұмысының бірі мектеп еді. Үкімет төртінші ауылга бір мектеп берсе, Жакен ауылнай көттің қаулысын жиып қағаз түсіріп, мектепті Тұрсынның ауылына орнатыпты. Тұрсын дейтін Таңсықтың тұқымындағы бірінші бай. Был өзін кәмпескелеп, жер аударып жібердік. Сол Тұрсын мектепке ас үйін беріп, үйіне айлап ақы алатынды шығармасын ба?!

Мектептің ашылғанын біз бір-ақ білдік. Аң-таңбыз. «Үкімет кедейдікі. Мектеп те кедейдікі болу керек емес пе еді? Тұрсынның үйінен мектеп ашқаны несі? Кедей баласы оқымасын, көзі ашылмасын дегені ме?..» дейміз. Құр өзара құнқілдескеніміз болмаса, ашып еш нәрсе айта алған жоқпыз. Сабак басталайын деп жатыр дегенді есіткен соң, балаларымызды жетелеп алып барған болдық...

Тобақбыл дейтін бар. О да Таңсық тұқымы. Тобақбыл тоғыз жыл би болған. Соның Селім дейтін баласы болушы еді. Ишанның медресесінен оқып шыққан молда еді. Ауылында мешіт бар, сол мешітте «мешіт молдасы» болып та жүретін. Со л Селім жаңағы ашылған мектепке мұғалім болыпты!.. Балаларды алып барғанда, өзіміз шошып кеттік... «Мектеп дегені қате шығар, дін оқуын оқыттын орын болар» деп те дұдамалданық. Бірақ сұрай келе шын мектеп екенін білдік...

Сіз абайладыңыз ба, жаңа мектепке кіре бергенімізде бір кара домалак бала кездесті гой. Сол менің балам. Был он екіде. Мектепті биліктеріп отыр... Сол баламды Селім мұғалімге мен алып барған болатынмын. Ыбырай дейтіннің үйінде баламды жазғызбақшы болып, жетектеп мектепке алып бардым. Үй толған бала жерде тізерлеп отыр екен. Отрыстары бұрынғы молдаға жиналған балалар сияқты. Бұрынғы молданың алдын өзіміз де талай көрген адамбыз гой. Бұрынғыдан өзгешелігі болмаған соң, мектеп болғандығы қайсы деймін ішімнен.

— Сөлім шырағым, мына бір баламды әкеліп едім, — деп едім, менің кім екенімді танымайтын да шығар деймін, қабағын тұксите қарады. Терезенің алдындағы орындықта далаға қарап отыф екен.

— Орын жоқ, балалар толып қалды, енді бала алынбайды, — деді.

Мен шошып кеттім. Апалактап қалдым. Түсіне алмадым. Мектеп төртіншіге арнап ашылған. Төртіншінің бала-

сы түгел оқымағанмен, жақын ауылдардың балалары оку керек емес пе? Мұнда оқымаса, бұған кіре алмаса, қайда барып оқымақшы?..

— Шырағым, оның қалай, көрші ауылмыз, біздің балаларымыз оқымағанда, бұған кімнің баласы келіп оқымақшы, — деп бастай беріп едім:

— Отағасы, законынды қой, айтқанға түсін, — шырт кесті де тастады.

Өзім ызакор, ашуланшак адаммын. Ашуланғаным сондай, тұла бойым қалшылда, өзімді өзім үстай алмай қала жаздадым. Сәлімді бара жағадан алып, үйден сүйреп шығарып, төпегім де келді...

Баламды алып ауылға келсем, Бекберген марқұм келіп тұр екен. Жүгіріп соган бардым, Сәлімнің өшін содан алмаймын ба:

— Сәбет адамымын дейсің, Сәбеттің басында журмін дейсің, бітіргенің қайсы? Ең арғысы, мектеп те ашып бере алмайсың, — деп.

Бейшараның мінезінің жақсылығы-ай, кеңкілдең күле берді. Менің қарқынның басылған кезде, жайлап сезін айтты:

— Қали, — деді, — өзің де көріп жүрсің, біздің мекемелеріміз өлі күнге қолайсыз адамдардан арылмай жүр. Байды жақтаушылар, байдың тілегін орындаушылар мекеме адамдарының ішінде өлі де болса бар... Бірақ күн санап өсіп келеміз, оларды сырыйп, билікті қолға алып келеміз... — деді. — Сондай онбаған біреудің шылығымен болып отырған жұмыс қой, оқа жоқ, ертең елді жинатып, кеңесіп көрерміз, — деді.

Ертеңіне елді жинатты. Мектеп жайын кеңесті. Мектептің орынсыз жерде тұрғандығы, мұғалімінің қолайсыздығы айтылды. Біз кедей табы деп журміз-ау, кедейлердің кейде беталды лағып кететіні бар, сол жиылышта біздің төртіншінің кедейі беталды лакты.

— Мектептің тұрған жері дұрыс. Басқа жерден аша алмаймыз, мектепке беретін үйіміз жоқ, — деді.

Бекбергеннің мұлде күйіп кеткені ғой:

— Онбайсың, кедей, осыны сөз деп айтып тұрсындар ма? Бізді адам қылып жүрген бай ма екен? Байсыз біз еле ме екеміз?.. Сөз емес. Үй керек болса, өз үйімді тегін берем, өйда, қаулынды істе, көшір мектепті! — деді.

Мектеп көшпейтін болды. Балаларымыз кіре алмады. Бекберген тиісті орындарға жолығып, ізденіп журді. Не бітіргенін бізге айтқан емес... Бір күні жазғытұрға салым, Бекберген ауыл га келді де, бәрімізді жинап алды:

- Мектеп керек пе? — деді.
- Керек! — деп шу ете қалдық.
- Керек болса, — деді, — мектеп осы **ауылға** орнай-
тың бодды. Сәлімді мұғалімдікtenшығарттым. Мектеп сад-
дыру үшін үкімет ақша берді, — деді.

Ойпырым-ай, мұндай куанбаспзыз. **Айқай-үйқаймен** ауылды басымызға көтердік... Жұмысқа кірістік. Қазан басына ағаш тасыдық. Бір жыл дамыл **көрмей жүріп**, осы мектеп үйін қалқиттық. Сонда салынған мектеп еді-ау, — деп Қали сөзін **аяқтағандай** болып, кідіріп тоқтады.

— Несін айтасың, біздің басымызды құрап ел қылу туралы Бекберген бейшараның еңбегі елеусіз еді **ғой**, — деп екінші біреуі күрсінді.

— Біздің **жәшейке** сол мектеп салынатын жылы ашылды-ау...

— Иә, сол жылы ашылды... Мектеп ашылардан бір жеті бұрын **жәшейкенің** бірінші жиылдысы **болып**, Бекбергенді хатшы қыльш сайладап едік қой...

Мектеп жайы, артель-коллектив жайы, партия, кеңес, комсомол жұмысы бірінен соң бірі айтылып, еске салыныш жатыр. **Отырғандардың** көбі партия мүшесі. Өздерінше айтса, Бекбергеннің шәкірті! Бекберген өлген. Бекбергенге ескерткіш қылып, мектепті соның атына атапты.

Ауыл — жаңарған ауыл. Жаңа **өмірдің** табалдырығын аттаған ауыл. Мынау **отырған** қаудыр тон, сенсең тымақтар — жаңа ауылдың үйитқысы, жаңа **өмірдің** үстасы. Талай кедергіні, қын-қыстауды бастан өткізіп, енді **қүрделі** жұмысқа бетті шындалп **бұрып** отырғандар...

Апрель, 1929 жыл.

КӨКТЕРЕКТІҢ БАУЫРЫНДА

Аудан Жаппасбайдың ауылына орнады.

Ауданды Жаппасбай ауылына **көшіруі** туралы **мәселе** қаралғанда, аудандық пленум өкілдері екі жік болып таласады:

— Өлке бойында Жаппасбай ауылы атакты, даңқты ауыл; бір кезде аруагы жер жарып, аймағын бір шыбықпен айдаган ауыл. Ауданды оған көшірсек, ел көзінде қата үғыныс туады, Жаппасбай ауылын қадірлегендіктен көшіп барады деуден тайынбайды, — деп бірсыптырасы қарсы шығады. «Жоқ, бұл қата, Кеңес орны Жаппасбайдың ауылын қадірлемейтіндігін елдегі жас балаға шейін біледі. Баяғыда Жаппасбай атына аталған екен деп, ол ауылдан қашудың жөні жоқ, ауыл — бір жерде отырған жиын ауыл, оның үстіне, кенсеге лайықты үйлер де жеткілікті. Шынына қалғанда, «Жаппасбай ауылы» деген ат соңғы кезде жоғалуға да айналған, ол ауылды ел осы күні Көктерек деп атайды, — деп көпшілік жағы көшуді мақұл көрген.

Сонымен, Көктеректің бауырындағы қалың ауылға келіп аудан орнап та қалады.

Аудан көшіп келгенде, Көктерек ауылы да әңгімесіз болмайды, ауданның келуіне әркім өзінше қарады:

— Қайбір ырысқа келді дейсін: бір жағынан пәтері, бір жағынан қонағы, бір жағынан ылауы мазаны алар-ақ. Бұрынғыдай өз күнкілінді өзіңе беріп кою енді болмас, қит етсөң, аяғынан шалып қалар да тұрар, — деп байлар жағы уайым айтады.

— Алыс жерден қол жетпей, жігеріміз құм болып жүр еді. Ортамызға келгені мұндай онды болар ма? Енді есігінің алдын босатпай, керегімізді сұрай беруіміз керек, ділгерімізді ала беруіміз керек, — деп кедейлер жағы қуанысады.

Аудан орнайды. Кенсеге жарамды үйлердің бері де алынады. Көшесіз, тәртіпсіз салынған қазақ үйлерінің маңдайшасына бір-бір тактай кадалады: «Аудандық исполнком», «Аудандық сот», «Карыз серіктігі», «Кооператив», «Мектеп», «Құлыш»... Аудан орталығына тұс-тұсынан жұрт ағылады: біреулері арызбен келеді, біреулер астығын, малын әкеліп кооперативке сатып, базарын базарлайды. Көктеректің бауырында көп жылдардан бері мұлгіп, тұнерумен өмір сүрген жансыз ауыл бірден өзгеріп, қайнап сала береді: қыбырлаған адам, істеліп жатқан жұмыс, бас қосқан жиылыс, лек-лек болып тізіліп дабыл үрган окушы.

— Да, шіркін, міне өмір! — деп кедей-кепшік қаудыр тонды бір же л піп қояды.

Бірер ай өтер-өтпесте-ақ, Көктерек ауылының байлары да көндіге бастады. Бұрынғы көзқарастары біртіндеп

жойыла береді. Қайнаған өмір оларды да тартқан сияқтанады. Оның үстіне, аудан қызметкерлерінің бері шеткі ауылдікі, оларға үй керек, пәтер керек. Пәтер үй көбіне байлардан, әлді шаруалардан шығады: әрқайсысы-ак пәтерге адам жібергісі келеді.

Бірақ бұрынғы салдыр-салак қалып Кеңес қызметкерлерінің көбінен жойыла бастаған заман ғой. Олар пәтер мәселесіне де сақ қарайды. «Аудан қызметкерлерінің сорпаға шығарлары біздің үйге тұрмағанда, кімнің үйіне тұrap дейсін!» деп дәмеленгендердің бірсынырасының үйі бос қалады, жауапты қызметкерлер көбіне кедей-кешіктің үйін жөндептіп, соған орналасады. Көктерек ауылындағы таза тұратын үйдің бірі — Омардың үйі. Екі бөлмелі ағаш үйі бар. Ауылдың орта шенінде. Кеңсеге алынып отырған Жаппасбай үйімен көрші. Омар қартаң адам. Жаппасбайдың сарқытын ішкен үзенгі жолдасы. Дәuletі орталанған. Бір ұлы, бір қызы бар. Қызының аты Рақила. Жасы 18-де. Бозбала үйір. Ауданнан елге шыққан инструкторларының көбі бұрын келгіштеп, өткен-кеткенде қонбай кетпейтін. Омар ондайлардың бәрін ашық жүзben қарсы алып, ешбір қызғаныштық міnez көрсетпейді.

— Төуір адам екен... Баласы да сөйлеп тұрған ашық көрінеді, — деп қонған, түстенгендердің мактап кететіні де бар.

Аудан ауылына келіп орнап, қызметкерлер пәтерге орнал аса бастаған соң, Омар тандап біреуін үйіне кіргізбекші болады. Таңдай келе, салық бөлімін басқаратын Жақып дейтін жігітті табады. Жақып жас жігіт. Туысы кед ей. Партия мектебінен шығып, Кеңес қызметіне айналысқана бір-екі жыл ғана болған. Омармен таныстыры да бар. Ел аралап шыққанында Омардың үйіне бір қонып, содан былай қона-түстене жүретін болған.

— Коныстарың қайырлы болсын, шырағым, жақсы келдіңдер ғой, өзіміз мұлде мәз болып қалдық... Пәтерге түсемін деушілер де болып еді, сені келеді деп есіткен соң, өзім де, үйдің іші де басқа адамды түсіргіміз келмеді, — деп Омар Жақыпты қошеметпен қарсы алады. Жақыпты Омардың үйінде қонақтан жаман сыйлайды. Төрт қабат көрпені астынан үзбейді.

— Қарағым, қонағынды өзің күт. Әжеңнің қолы тимейді, мен көбіне тыста боламын, — деп Омар қызына қайта-қайта тапсырады.

Қызы Рақила өкесінің сөзін естісе, Жақыпқа құлімсіреп қарайды.

— Бөтен үй деп жатсынбаңыз, керегіңіз болса, айтып тұрыңыз, — дейді Рақила құлімсіреп.

Рақила қараса, Жақып құлағына шейін қызарып:

— Жатсынбаймын ғой... Әбден... Макұл, — деп ыржаландап жауап береді.

Күн өтеді, ай өтеді. Омардың үйіне Жақыш, Жақыпқа Омардың үйі үйреніседі. Бөтен үй деп бұрынғыдай қысылуды қояды. Рақиламен ойнап-құледі, әзілдеседі. Рақиленің өке-шешесі елең қылмайды, көрсө де көрмегенсіп, білсе де білмегенсіп жүре береді.

Аудан көшіп келіп орнаған кезде Жақып ауылды қыдыратын еді. Ауылдың жай-күйімен, кімнің қалай тұратындығымен танысып жүрді. Ауылда тап жігі бар, кедей мен бай болып өзінен өзі бөлініп тұрған сияқты.

— Қалай, бала, Омекен құлағынды бұрамай ма? — деп Қалабай құліп сұрайды.

Қалабай — Көктерек бауырындағы ауыл ішіндегі кедейдің белсендісі, Кеңес мұшесі. Тұрлі жұмыста, жиылыста байларға қарсы шығып, салғыласып жүрген жігіт.

— Осы жігіт үйіне тұрғалы «біздің» қатын шалқақтайтынды шығарыпты. Кеше кіші қыздың тойында асқақтап отырды: «Бай-бай деп төбемізді оятын болып едіндер, — дейді, байды да Құдай жаратқан көрінеді» дейді... сосын мен айттым: «Ене,— дедім, — өйтіп көрінбей-ак қойыңыз, — дедім, — байлығынды жасыра алмассыз» дедім...

Мұны айтатын Айша — Қалабайдың қатыны. Айтады да, көзінің қыығымен Жақыпқа қарайды. Қалабай мырс етіп құліп жібереді:

— Көрдің бе, қатындардың сөзі қалай?

Жақып бұрынғыдай кешкілік кітап оқуды, жұмыс істеуді сирете бастайды. Омар сөзшең адам, әңгімені баяғыдан бастап соғады, өткен күнді жыр қылады. Жақып оны ерінбей тыңдай береді.

Кейде Жақып шамға жақындей түсіп, қағазын актарса:

— Қарағым, Рақила, шамды жағып кой, — деп Омар қызына иек қағады. Өзі күпісін бүркеніп, қара көленкеге таман ығысып жантаяды.

Тігіп отырған ісін токтатып, Рақила шамды Жақыпқа жақыннатады.

— Рақмет! — деп Жақып күлімсіреп қызға басын иеді. Қыз да күлімсіреп шамға төне, Жақыпқа қарсы бір тізерлеп отырады.

- Мұныңыз не, өлең бе?
- Жоқ, журнал.
- Өлеңің жоқ екен оқитын.
- Өлеңге құмар болсаңыз, жазып берейін.
- Қашан?
- Қазір...

Жақып жазып берсе, Рақила алып ұніледі; хатты шала таниды **ғой**, ежелеп оқиды.

Рақила оқып шығады да, күлімсіреген күйі дәңгелек көзін **Жақыпқа** қадайды. Жақып езіліп, еріп, балқып кеткен сияқты болады.

- Ме, **тағы** жазыңыз!
- Қандайынан?
- Мейлін...

Тағы жазылады. **Тағы** оқиды, күліседі.

- Мә, **тағы** жазыңыз!..

Қара көлеңке жерде, жүктің алдыңғы жағында бұк түсіп бүйігіп Омар жатыр. Әйелі Айжан екінші бөлмеде. Ол «**қағынғырлап**» біреуге үрсады.

— Рақила! — деп дауыстап, окта-санда қызын шакырып қояды. Рақила шешесінің шақырғанын елең қылмайды, бір жапырақ қағазға бірсыптыра ұніліп отырып бұрынғыдан да бетер жымия түсіп:

- Мә, **тағы** жазыңыз! — дейді.

...Март ішінің өткір желі гуілін ұдетіп, ішін тартып-тартып **соғады**. Бүршақ па, борасын ба — терезеге тырстырыс тиеді. Тастан қараңғы үйде болар-болмас **бозарған** терезеге қарап Омар ойланады. Ойдың кезбейтін жері жоқ, өткен күнін бір сонар қылым қыдырып кетеді, одан қазіргі күніне оралады. Қазіргі күннен қазіргі түнге оралады. Ой түпкірінде бір нәрселер селт етіп кеткен сияқты болады. Бірақ елемеуге тырысады.

Ертеңіне шай ішіп отырып **Жақып** та, **Рақила** да Омарга үрланып іштерінен құліп отырған тәрізденеді. Омар оны сезбегенге салынады. **Шайын** үрттап отырып окта-санда «**астағыпрайдалда**» деп қояды. «**Астағыпрайдасы**» — Омардың үйреншікті сөзі: біреумен жай сөйлесіп отырғанда да, біреумен үрысса да, боктасса да, «**астағыпрайданы**» аузы-

нан тастамайды. Бұнысы, бір жағынан, аузы үйреніп кеткендіктен болса, екінші жағынан, сырттан қарауында «Омар кудайшыл» деген атты алайын дегендік. Шынында, Омарға «құдайшылдықтың» өзі керек емес, аты ғана керек. Өмірінде ораза ұстаған адам емес, салқам арбадай салдырлатып таң намазын оқитыны бар. Намазының артынан бата қылғанда, үйдегі адамдардың құлағына шалынын дегендей, даусын шығарыңқырап: «Бүкіл аруактарға тие берсін» деп қояды.

Үзік түймелі қара пальтосын иығына іліп, үқаланған кенеп партпелін қолтығына қысып, Жақып кеңесіне кетіп бара жатыр еді.

— Балам, тұра тұршы, — деп Омар шақырды.

Күпісін желең жамылып, шермиіп, ыңырана басып, Омар қораның күн жағына таман барып тұрды.

— Балам, саған айтайын дегенім мынау еді, — деп Омар күпісін иығына таман тартты, — мына көрші ауылдағы Көбекті білетін шығарсың. Аз ғана қара-құрасының барлығы болмаса, ата-бабасы бұрын кедей болған. «Көбектің өкесі Тұрсын өмірінде көбін малайлықпен өткізді» деп әкем марқұм айтып отырушы еді... Осы Көбекке мал біткенін ағайынының ішінде коре алмайтындар бар. Солар жарық алып Көбектің соңына түседі де жүреді. Рақымның баласы комсомол екен гой. Коммунист болғандар осы өздерің сияқты сыпайы неге болмайды екен? Көбі адырандалап, төбендей оя жаздайды. Тәрбиеден, шыққан жерінен де болатын шығар гой, Рақымнан не жөнді бала туын, баяғыда жиын-тойда, қу сүйекті қалтасына сальш жүріп, «кімге түссе, соған түссін» деп, топтың ортасына лақтыратын Рақым еді ғой... Ағайындары осы Рақымның баласын желіктіріп, Көбектің соңғына салатын көрінеді. Сол ауылда ана бір Бектемір дейтін тағы бір ку бар. Баяғыда біздің үйде малшы болып жүрді. Тілазар, алғанын актамайтын бір шіркін еді. Сол екеуі «Кебек малын жасырып отыр» деп арыз беріпті дейді. Аудан солардың арызына сүйеніп, Көбекті 28-ге іліктіретін болған ба, қалай?.. Ағайын арасында Көбекпен көңіліміз жақын болушы еді. Келіні түскенде, Рақилажанды шақырып алып, бір түкті кілем беріп еді... Кеше сол Кебек маган келді: «Аудан ауылында. Аудан қызметкерлерімен араласың бар. Салық жұмысын басқаратын бала өз үйінде жатыр. Сен осы жұмысымды ретте»

деді. Сосын мен айттым: «Қайдан білейін, салық жұмысын басқаратын баланың біздің үйде екені рас. Өз баламдай болып кетіп еді, айттып көрейін» дедім... Соны құлағыңа салайын деп едім, шырағым, — деп Омар сөзін бітірді.

Жақыпқа таныс әңгіме болып шықты. Көбекті Жақып біледі: өткен жылы жер бөлісімен шыққанда Көбектің үйіне қонғаны бар. Көбек тоқтысын сойып, қольш қусырыш, Жақып салт жүретін болған соң, күрен җорғасын ерітеп берген. Күрен җорғаны екі күндегі мініп журді. Бірақ жорғасын мінгені болмаса, Жақып, өз ойынша Көбекке болысып, кедейлердің үлесіне қылдай қиянат қылған жок. Әйткенмен, ерсі жұмыс естілмей жата ма, Жақыптың Көбекке қонақ болғаны, жер бөлісіне күрен җорғасын мінгені аудан құлағына шалынып, райком хатшысы оңаша алыш отырып, орнынан тұрғысыз қылып бір үрысқан. «Материалынды бақылау комиссиясына беремін» деп те қорқытқан. Содан былай Көбектің атын есітсе, Жақыптың жүрегі дір ете қалған сияқтанушы еді.

Омар тұтқылдан басты. Бұл оқиғаны Омар білмейді. Омардың ойы — Жақып арқылы жұмысты астыртын бітіру. Көбектің көзінде өзінің беделін өсіру. Жақып қайтеді? Қолымнан келмейді деп айта ала ма? Омардың өтінішін аяқ асты қылуға қолынан келе ме? Омар ренжісе, Ракила да ренжімей ме?..

Марттың күні сәулесін қыздыра құйып, өкпек жел үріп, қарды солқылдатып ерітіп жатыр. Албар іші, ойпаң жер іркілген су. Омар күн шуақта тұрып, ауылындағы дүкеннен жаңадан алыш киген жылтыр галошын суға малыш-малыш қояды. Сүйтеді де, Жақыптың бетіне құлімсіреп қарайды.

— Жарайды, ретіне қарай көрейін, — деді Жақып күрсініп.

— Сүйт, шырағым, — деп Омар құлімсіреп түсіп, үйіне жөнелді.

... Тұс әлетінде Омардың үйіне Мырзагұл келді. Мырзагұл көршілес елдікі: орташа дәулетті момын кісі.

— Тұнеукүні гана кересін жеп кетіп еді ғой... Сүйретіліп... — деп Айжан алдыңғы үйінде бүркырап жүр. Омардың шырайы ашық. Мырзагұлды құлімдеп қарсы алды.

Мал-жанын, шаруашылығын, ауыл көршісінің амандығын сұрап жалбандаپ, асты-үстіне түсіп жатыр.

— Айжан, бармысың? — деп алдыңғы үйіне қарап дауыстады, — етінді ондап ас!

— Жалғыз жая қалды. **Қылқылдайды** да отырады. Сол біткен соң жерсің, — деп Айжан ашумен пештің отын көсеп қалғанда, күлі бұрқырап төбеге шапшыды. Рақила суға баруга шықты. **Күйентесін** былғандатып, аяғын санап басып кетіп барады. Жар басында Айша кездесе кетті. Рақиланы көргеннен күлімсіреп, шелегін жерге қойып, тоқтады. **Рақилаға** үніле қарап, күледі:

— Ерке қыз, немене, қасқыр тартқаннан аманбысың? — деп еді, **Рақила ұнатпай**, теріс қарап жүріп кетті.

Суаттың күнбатыс **жағымен** екі жігіт кеңсеге қарап жөнеп барады еken. **Қолдарында** портфель. Киімдері сипайы. Біреуі Рақиланың тұсынан өте беріп:

— Амансыз ба, қарындаң? — деді.

Рақила күлімсірей түсіп:

— Шүкір, — деп ернін жыбыфлатты.

— Осы қызға мен қызығып жүрмін, — деді екі жігіттің біреуі Қасым.

— Қызға кім қызықпайды дейсің, — деп екіншісі немекүрайды қылыш жауап берді.

— **Жақыптың** жолы болып жүрген шығар деймін.

— Жақып босаң жігіт қой, оның қолынан келе қояр маекен?

— **Жақыптың** қолынан келмегенмен, мына қыз қаратып жатқызбас. Менің естуім солай.

— Онда **онбаған** адам десейші.

— Жоқ, меніңше, сол дұрыс: көнілің сүйеді еken, сүйген адамынмен жүр. Сүймейді еken, зорланба.

— Пәлсепене болайын, сеніңше, «жезөкшелердің» іci де дұрыс қой?

— Жоқ, «жезөкшелік» өзіне басқа. **«Жезөкше»** сүюді білмейді, оған ақша керек, ол хайуан сықылды.

— Күнде біреумен жүргені — ол хайуандық емес пе?

Күн сайын біреуді неғып сүйе береді? Бәріне бірдей жете берген не қылған жүрек?

— Жоқ, сен сую дегенге ескі көзқараспен қарайсың. Біреуді сүйеді екенсің, содан мәңгі айрылма дейсің, бұл дұрыс емес. Мәңгілік сую жоқ. Меніңше, тіпті «сую жоқ»,

көңілдің қалауы гана бар. Сүю деген әшейін рия, бірін бірі алдаушылық...

Екеуінің таласы аяқталмай, кеңсенің есігінен кіріп те кетті.

Рақилаға «қызыққан» жігіт аудан қызметкерінің бірі Қасым деген еді. Жас, бойдак, сал жігіт. Әйелге үйірлігі, көңілшектігі бар. Жібі тұзу әйелді көрсе, сонымен сөйлескенше құмартады. Осы мінезін айтып, кейде жолдастарына мактаншылық қылып та қояды. Аудан көшіп келгеннен бері Рақилаға көзі түсіп жүреді де, таныспақшы болады. Кеше записка жазып, исполкомның көшірінен беріп жіберсе, Рақила жауап қайырыпты. Қасым хатының ішінде «танысайық, жақындайық» деген сөздерді айтады. Рақила оған қайтарған жауабында: «Сізben жақындасуға қарсылығым жок» дейді. Қашан танысу керек? Қашан жақындасу керек? Бұл туралы өзір ашылған жок. Қасым кеше екінші рет хат жазып үлгіре алмады; «заседания» үзакқа созылды. Басым ауырды деп сылтаурыш, Қасым кетіп қалуға айналса да, партия комитетінің хатшысы аудан қызметкерлерінің кейбіреулерінің жұмысқа салқын қарайтындығын айтып кейіп отырган соң, содан қаймығып, шыға алмады. Бұгін кенсеге барысымен бірінші жұмысы Рақилаға хат жазу еді. Сол оймен келді де, хатшының төменгі жағындағы үстелге отыфа кетіп, қалам, қағазын дайындалап, енді кірісе бергенде, үстеліне келіп біреу төнді. Қағазының басына «Рақила» деген сөз жазылып та үлгіріп еді, көзі шалып қалмасын деп, қолымен көлеңкелей қойды.

— Отаясы, не керек?

— Төртінші ауылдікі едім. Бір жерде отырган жиырма шақты үйміз. Бәріміз де кедейміз. Біздің кедей екендігімізді, іспесектен қарасаңыздар, өздеріңіз білесіздер. Осы кенседе Байтас дейтін бар, со да біледі.

Каудыр тонды қара кісі Қасымның үстеліне төне түсіп, кедейлігіне куәні үсті-үстіне жалғай берді. Сөзін аяғына шейін тыңдауға Қасымның сабыры жететін болмады. Басталып қалған хат ойын бөліп, есі-дерті Рақилаға жазатын хаты больш, әлгі кісі сөзін қанша майдалап айтса да, Қасым оның сөзіне де түсінетін болмады.

— Отаясы, бұл ертегі айтатын жер емес, жұмысың болса, қысқа айт! — деп Қасым қабағын кіржитіп, шақ етті.

Сөйлеп тұрған шаруа мұдіріп тұрып қалды. Ауылы ауданнан а лыс, араға бір қонып келіп тұрған беті еді. Ауыл кедейлері болып өзара сөйлесіп, «артель» ашудың жөнін біліп кел деп ауданға жіберген көптің өкілі еді бұл.

— Шырағым, әлгі «кәләк...» дей ме, — деп шаруа апалақтап, сөзін бітіре алмай тоқтады.

— Кәлектер жұмысы менде емес, «Зәмәтделге» барыңыз.

— Оныңыз қайда?

— Осы үйден табылады...

Хатшы жігіт басын көтеріп, Қасымға тіксініп қарады. Жұмысын тастай берді де:

— Бері жүрініз, отағасы, — деп шаруаны екінші бөлмеге алып кетті.

Қайтып оралып орнына келіп:

— Қасым жодлас, мұның жарамайды. Келген шаруаны дұрыс қарсы алу керек, — деп хатшы күнкілдеді.

Қасым елеген жок, хатын жаза берді.

...Жақып салық бөлімінің қағазын ақтарып, Көбектің үстінен тұскен арызды тауып алды. Арызды қайта-қайта оқыды. Арыздың әрбір карпы, әрбір нұктесі бойын түршіктіргендей қорқынышты болып көрінген сияқтанады. Жақып оқып шығып, үстеліне сүйеніп, ауыр ойға шомды.

— Немене, Рақила ойыңа түсіп отыр ма? — деп біреу иығынан тартты.

Хатшы екен. Замандас қой, әзілдеп ойнай береді. Жақыптың алдында жатқан Көбектің үстінен тұскен арызды көзі шалып, хатшы жігіт Нұрпейіс тұра қалды:

— Э... Көбектің үстінен арыз тұскен бе? Мұны енді қайтесің, сотқа жөнелтесің бе? — деп Нұрпейіс қадала қалды.

— Сүйтерміз, — деп Жақып күнк етті.

Көбек мәселесі Рақилаға байланысты. Көбекті ойласа, Жақыптың ойына Рақила еріксіз түседі. Рақила жанына келіп тұрған сияқты болады; көзі күлімдеп, ыстық лебі бетіне тиіп тұрған сияқтанады. Рақила дегенде жүректің селт ететін бір жері бар: Жас бозбалалар Рақиланың атын атаса, Жақып оған сезіктене қарайды, ұнатпайды. Үйге біреу келсе, Рақиланың бетіне қараса, Рақиламен ойнап-

күлсө, Жақып жарылып кете жаздайды... Жақып бұл қалпын Рақилаға да сездіреді. Сездіргенде, Рақилаға өзі бастап айтпайды, Рақила бастап сұрайды...

— Мені қызғанасың ба? — дейді Рақила.

— Қызғанам. Саған біреу қараса, сен біреуге куле карасан;, ішім жаңып кеткендей болады...

Рақила біраз ұнде мей жатып:

— Мен де сүйем, мен де қызғанам! — дейді.

Жақыпты адам сүйгендей ме? Жақыпты адам қызғанғандай ма? Рақила сияқты қыз «сүйетін» болса, «қызғанатын» болса, онда Жақып «жаман» болмай шығады ғой. Осыны ойладап, Жақып кейде көтеріліп те қояды.

* * *

...Асын ішкен соң, Мырзағұл жүретін болды. Атын жегемін деп далаға шықты. Күпісін жамылып, Омар да ере шықты.

— Келген жұмысым тұнеугі еді, — деді Мырзағұл.

— Өзім де сезіп тұрмын.

— Экеліп едім, соны беріп қайтсам деймін.

— Ендеше, мына қораға кірейік.

Қара күңгірт қораның төр жағына барып, Мырзағұл жүресінен отырды. Əған қарсы Омар отырды. Жан қалтасынан ораулы орамалып шығарып, Мырзағұл червондарды санап жатыр:

— Біреу, екеу, үшеу... ақшаның табылуы қын екен, екі пар өгіз саттық, 4—5 жылқы саттық, налогі бір жағынан, аз ғана малдың қоры да азайып барады... мә, санап алыңыз, бес жұз сом шығар...

— Не айтқаның. Қайдан оңай болсын. Малы бар адамға алым-салықтың өзі де оңай соғып тұрған жоқ қой.

Ақшаны бүктеп Омар қалтаға тығып жатыр. Өзі күлім-күлім етеді.

— Енді уәде ғой?

— Уәде!

— Құдай қосса, құда болдық қой?

— Болғанда қандай, өзімнің де көңілге алым жүрген адамым едің. Құдай кездестіріп, бітуана болса деп арман қылушы едім, тілегім қабыл болды, Құдайға мың да бір шүкір! Заман болса жаман, сақтанбай болмайды. Сезіліп қалса, соты дайын. Менің тұнеугі: «Ең арғысы, қатын-

балаға да сездірмейік, алыс қылғанымызды екеуімізден басқа жан білмесін» дегенім сол еді гой. Сеті болар. Енді тым асықтырма. Жер аяғы босасын. Бірыңғайланып алған соң, милицияны қосып, баланды жібере қоярсың. Қане, енді, қолыңды өкелші, Құдай татулыққа жазсын!

Сиыр қораның түкпірінде, бұрқыраған көнің үстінде отырып екі құда қол алысты, алыс-беріс қылды. Екеуінің құдалығын жан адам сезген жок. Жалғыз-ақ күн шуактап күйсеп тұрган қызыл сиыр, көзінен сорасы ағып, сол тесіле қараумен болды.

...Мырзағұлды аттандырып, Омар үйіне кіргенде, Рақила ақ бәтес орамалдың шетін кестелеп отыр еді. Омар күлімсіреп, қызының жанына келіп отырды.

- **Бұ** не, қалқам?
- Кесте ғой, өке.
- Мыша біреуі жазу емес пе?

Жазу еді. «Қасым» деген сөзді Рақила кестемен жазып отыф еді. Қасыммен «танысатын», «жақындастын» болтан соң, соған арнап кестелеп отырған орамалы еді. Осындей орамалдың бірін **Жақыпқа** да беріп еді. **Бұл** Рақиланың екінші кестесі, «сүйгеніне» беретін екінші тұмары...

Сол күні түнде сол ауылдағы біреудің қырыққа келген әйелі үл тауып, шілдехана болды. Қыз-бозбала шілдеханага жиналды. Қасым да барды. Жақып та барды. Бірсыншыра бозбалалар қыздармен араласа отырды. Рақиланың бір жағында Қасым, бір жағында Жақып. Рақиланың Жақыппен жұмысы жок сияқты, Қасымга бұрылып кете береді. Қасыммен өзілге кірді:

- Бозбалалар неге өлең айтпайды?
- Қыздар ше?
- Бозбалалар тұрганда, қыз айта ма екен?
- Олай деменіз, оныңыз өйелді кеміткендік болады. Біз өйелді теңеу жағындаамыз. Әйелді үске шығару жағындаамыз...

Рақила сыңқ-сыңқ күледі. Қасымның құлағына сыйырлап:

- Әйелді үстіңізге қалай шығарасыз? — дейді...

Бастапқы кезде **Жақып** мұның бәрін әшейін-ойын шығар деп отырды. Сүйте келе, шыдамы кеміді. Рақилаға қарсы жүрегінде өкпе аралас ашу туды. Қасымды нақ сол минутте ит етінен жек көрді. Әйтсе де не болса да ішінде,

сыр білдіргісі келмеді. Рақилаға бұ да өзінше қыр **көрсет**-
пекші бол, он жағында отырған қара бұжыр **қызға** бұрыл-
ды. Бір-екі ауыз өзіл айтқан болды. Қыздың не айтқанын
үқпаса да, қошемет қылып күлген болды.

Үйдің ортасында қотандағы қойشا **үйлығып**, біріне бі-
рі сүйеніп жамбастап жатқан жігіттер. Пысынап, терлеп,
көбінің мазасы **кетулі-ақ**, бірақ сол **күйлері** өздеріне қызық
секілді.

— Ау, домбыра қайда? — деді біреуі басын **көтеріп**,
мандайдан шұбырган терін **сұртіп**.

— **Жүсіпке** домбыра **әкеліндер**, өлең айтсын. — **Жүсіп**
дейтін сопақ бет, мұртты сары жігіт **иығын** көтере **түсіп**,
караған домбыраны **қолға** алып, **құлағын** бұрай түседі.

— Да, пәлі, **соғып** жібер!

— Қандайынан айтайын?

— Қысса айт!

— «**Көрүғлұны**» айт!

— «**Қыз Жібекті**» айт!

— Уай, қыссаң құрысын, ертегіні **өзіміз** де білеміз, осы
кунгі **өлеңді** айт.

Жүсіп тамағын кенеп алып:

— Ендеше, Ілиястың **өлеңін айтайын**, — деді.

— **Оның кім, өй?**

— Ол — **Қазақстанның ақыны**.

Жүсіп термемен соқты:

«Майдан деген немене?
Майдан қанды, **қан** ағад.
Майдан қансыз, қан акпайд,
Қаранғы жұрт ағарад.

Майдан деген немене?
Майданда мал **шашылад**.
Майданда мал шашылмайд,
Қаранғы көз ашылад».

Жұрт бастапқы кезде ынтамен **тыңдаса** да, біраздан кейін
божырап, **біреулері** аузын кере құлаш ашып есінеп, екеу-
екеу **өзара** күңкіл **сөзге** кірді.

Әйелдер **жағынан** біреу:

— **Нагима** айтисамын деп отыр, — деп өз сөзін өзі ерсі
көргендей жырқылдап **күлді**.

— **Кіммен?**

А. Н. ТОҢГЫРДЫ, 17. 11. 1988

— Жұсіппен...

— Айда, Жұсіп, сен бұрын қамты, — деп маужырап отырған бозбалалар бастарын қөтерісп, Жұсіпті қысып барады. Жұсіп ыржаланғап куле берді.

Бозбалалардың ішінен бірер қызыу жолындағы жүртты баса-көктеп, Нагиманы қайрап Жұсіпке қарсы салуға кірісті, сүйткенше болмай, екі өйел қарама-қарсы отыра қалып, жаяулатып өлең бастады:

«Мінгенім көш алдына кербесті еді,
Шын сүйсе, қайнамы жақын келмес пе еді.
Көп айлар көрмегендे белгі қылып,
Қолынан орамалды бермес пе еді?»

— Уай, бәлекет, өлең дегенде бұған құн жоқ-ау, — деп бозбала жағы дүрлігіп, Нагиманы мақтаумен болып жатыр.

Жүрт ойыннан таң ата тарады. Терезе бозарып, үй іші ала көлеңке болған кезде Жақып пәтеріне келіп жатты. Бірақ көзі ілінбеді. Аунақшыды, дөнбекшіді. Ойы шұбалып біресе олай, біресе былай жүйткіді.

Кеңсеге кешігіп барды. Үстелінде жатқан қағаздарын ақтарыстырғанда, бірінші қолына түскен қағаз Көбектің үстінен түскен арыз болды. Арызды тағы оқыды, бірақ мазмұнына түсінген жоқ. Аузын күбірлетіп отырды да, қаламын алып, арыздың бұрышына «сотқа берілсін» деп кесе жазып қойды.

* * *

...Аудан атком президиумының заседаниясы болғалы жатыр. Тер ага Ырысбек — семіз, мыртық, бұқа көзденген сары жігіт. Мәжілісті ашып, құн тәртібіндегі мәселе-лерді жүрттың қарауына салып отырды.

— Маған сөз берші! — деді алпамсадай қара жігіт. Бұл аудандық партия комитетінің хаттысы Бөрібай еді. Тұсы батырак. Батырактан босанғанына 4—5-ақ жыл болтан. Содан бері сауатын ашып, Кеңес жұмысына араласып, ауылдық, болыстық мекемелерде жауапты қызметтерді атқарып жүретін.

— Мұның жөні былай, жолдастар, — деді Бөрібай, — егістің көлемін арттыру, шығымын өсіру біздегі ең күрделі жұмыс болу керек. Бұл жөнінде ел шаруасына араласып, білім жолын түсіндіретін жүйрік маман бізде жоқ. Мына біреуіміз

бар, 150 сом ақша алады, ақша алғаннан басқа осының бітірген жұмысын көрмей-ак барам. Қандай мамандығының барын да білмеймін. Оның үстіне, өзі бір ауыз қазақша білмейді. Қазақша білмейтін адамды, аты маман деп, ауданга жіберудің не жоні бар. Өкіріктің не ойладап жіберіп отырғанын кім білсін... бірақ маманымыз осылай екен деп қарап отыруға болмайды. Ауылдарға адам шығаруымыз керек. Адам шығарғанда, елге түсіндіріп айта алатындей адам болсын. Eric науқаны туралы, егінді қалай салу, қайткенде шығымды қылу туралы көзеттерде қақсан жатыр ғой. Ең болмаса сол көзетте жазылғандарды оқып болса да, елдің миңна құя білетін адам шығарылсын. Менің ұсынысым — осыған шығаратын адамды қарастырсақ деймін...

— Менің ұсынысым бар, — деп Қасым ұшып тұрып, танауы делдие қалыпты.

Мәжіліс ашылғаннан бері осы Қасым бір жапырақ қағазды алдына алып, Рақилаға өлең жазумен өуре болып отыр еді. Бөрібайдың бастапқы сөздерін тыңдамаса да, соңғы ұсынысы үнап кетті:

— Меніңше, бұл жұмыска Жакышты шығару керек! — деді.

Жақып жалт қарады. Бірдеме айтайын деп оқталып еді, аузына сөз түспеді. Ол екі арада мәжіліс дауысқа салып, Жақып белгіленді...

Егін туралы мақала басылған көзеттерді бокшасына салып, бокшаны қанжығасына байлап, Жақып аттанғалы жатқанда, Бөрібай кез болды.

— Жақып, сен балалықтан сау емессің. Бұлталактағанынды сезіп жүрмін. Ондай мінезді қой деп тұнеугұні бір айтып едім ғой, қақсата берме, түзел! Басқалардан гөрі сенің түзелгенің керек, сенің ысылғаның керек. Біреудің күлгір сөзіне, алдауына еріп, партия жолынан тайып жұмыс істесен, менен жақсылық күтпе. Осы есінде болсын! — деді сазарып.

Жақып үндемеді. Торы атқа мініп, бірер тебініп алып, ауылды оралып шығатын қара жолға түсіп, қабакқа қарай тырмыса жөнелді...

* * *

... Бұлт тұнеріп аспанға шықты. Же л үйытқып соқты. Күн күркіреп, найзағай жарқылдалап, жаз белгісін түгел елестетіп, бірінші жаңбыр себелеп жауа жөнедді.

Атын қамшылай түсіп, Сатының обасының үстін баса, Жақып келе жатыр. Кенседен шыққалы көп болды. Көп ауылдарды аралады. Жиылды, баяндама, үгіт, нұсқау бірсыптыра орындалғандай болды. Ендігі бет алысы өз ауылы. Алды აғар көл. Көл басында қалың ауыл — жапырайған жертөле, қоқырсыған көн.

— Салаумәлікүм, — деді Жақып.

Құржиган шал, желбейін жоғары көтере түсіп, қызарған көзін Жақыпқа қадай қойды:

— Қарағым, Жақыптың?

Бұл Жақыптың әкесі Ыбырай еді. Жақып атын байлау жатқанда, Ыбырай есігінің алдына барып:

— Кемпір! Бармысың?.. Балаң келді! — деді.

Бұкшендеп, қожыр бет қара кемпір шығқты, Жақыпты құшақтап, бетінен сүйді.

— Үят-ай, дардай жігітті бетінен сүйгені неси, — деп өзілдей құліп, жамаулы шапаны желмен жүлқыланып, жастау өйел де шығқты.

— Кой, кет өрі, онбаған күң... Шүйкебас алғанша, кадкам өзімдікі! — деп кемпір көзінен шыққан жасын күпісінің жеңімен сұртті.

Аласа, тар земенке. **Сығырайған** терезе. Ескі алаша. Құрым киіз төсегі бар. Есік жақ көң, шөп, салам, бұзау байлаған қазық, іліп қойған ер-тұрман. Төлдің қының іісі кіріп барғанда мұрынды жарады.

Үй іші жадырасып, куанысып, той түсіп алды. Жас өйел шелегін салдырлатып, күлді бүркыратып тамак істеуге кірісті. Қара кемпір айналып-толғанып, Жақыптың жанында бәйек болып жүрді. Ыбырай шал пешке арқасын сүйеп төсегінің үстінде отырып, Жақыпқа көзін қадай түсіп:

— Тоба, тоба... Бергеніңе шүкір! — деп қойды.

Бұл өмірдің таңы гой. **Бұдан арғы өмір** — қарғалған өмір. Осы үйдің ішіндегі: Ыбырай, қара кемпір, ана бетаузын жұн қаптаған еңгезердей қара жігіт — өткен өмірін малайлықпен шіріткен адамдар, **кемшілік**, жоқшылықтың не түрлі зардабын тартқан адамдар.

Ауыл адамдары **жиналды**. Аудан сөз болды. Ауданда істеліп жатқан жұмыстарды сұрасты.

— Біздің артелімізге биыл да тұқым берे ме екен? — деп тышқан көзденген қара жігіт сұрау берді.

— Артель демекші, мына «Бозтай артелі» карыз серігінен көп ақша алды деп есіттім, соның жоні қалай?

— Жақып-ау, өзіңнің ашқан артелің еді ғой, қазынадан жәрдем болса, көбірек бергізу жағын қамдасайшы...

— Бәсе, Ерман неғып соны айтпай отыр деп ем.

— **Жақыпқа** айтпағанда, кімге айтайын. Кедей елміз. Артель болгалы шырайымыз шығып келеді. Үкімет қаржысын дал ага жібергеніз жоқ, бізге берсе, **көзге көрінеді**: мектеп салдық, дүкен аштық, ячейка үйымдастырдық... Осыны басқа ауылдарың дұрыстап істей алыш отыр ма? — деп тышқан **көз** қара жігіт Ерман көтеріліп қойды.

Ерман кедейдің ішіндегі белсенді, өмірінің көбін малайлықпен өткізген. Жоқшылықтың не түрін басынан кешірген. Үй болып, ел катарына **қосылғаны** үш-төрт жылдың ішінде гана. Бұдан екі жыл бұрын, **Жақып** партия мектебінен **окып** ауылына келіп, артель ашу туралы **сөз қозғап** еді.

— Осыны үкімет айтыш отыр ма? — деді Ерман. — Үкімет айтса, біздің зиянымызға айтпайды. **Көрінген** байға қолжаулық болып, шылауында жүргенше, **өз алдымызға өмір құрайық**. Кел, бірігейік! — деп, Ерман өзі сияқты кедейлерді үйірілтіп алыш кетіп еді. Со л жерде артель **үйымдастырылып** еді. Артельдерінің атын «Жаңа күш» қойып еді. Артель **бастығы** болып осы Ерман сайланып еді. Ауданға барып тіркетіп, ақшалай, тұқымдай **көмек** те алыш еді. **Салған** егіндері бітік шығып, артель шаруасы **корлануға** айналып еді. Артель **мүшелерінің** саны бастапқы 20 үйден **есіп**, 50-ге жетіп еді. **Мүшелері** өскен сайын жұмыстарын кеңейте түседі: уақытша болса да **шымнан** мектеп үйін **салады**; аудандық кооператив дүкенімен жағаласып жүріп, Ерман «Жаңа күш» артелінің атына дүкенің бөлімшесін аштырады. Был осы **ауылға** бір науқанмен **Бөрібай** келіп, кедейлер артелінің жұмысына шын риза болып куанады. Ерманды үгіттеп, артель **жағынан** партия кандидаттарының тобын құрмақшы болады. **Көзіргі** ячейкесі сол. Ерман хатшы. **Мүшесі тоғыз**, бәрі батырақ, кедей...

— Біз **саған өкпеліміз!** — деді Ерман **Жақыпқа**. — **Көзсіз көбелектей** көрінгенге қолжаулық болып **отырған** ауыл едік. Басымыз қосылса, енді қосылып отыр. Бұдан бір-екі жыл бұрын осы **көлдің** басында үй саны **онға** толмайтын

еді. Көсіп үшін, тамақ үшін бәрі бытырап, көрінген байға қолжаулық болушы еді. Сен оқу га кіргенде, қуанып едім: кедей едік, кем атаның баласы едік. Тым болмаса, Жақып оқып шықса, ортамызға үйытқы болып, басшылық істер деп едім. Басшылығың болды, оны жасырмаймын, осы артельді сенің арқанда үйымдастырылған, сенің айтқаның себеп болды; бірақ содан қайтып бізге қол үшін бере білмедің. Біз не білеміз? Ең арғысы, артельдің уставын да дұрыс ұғынбаймыз. Артельдің істейтін жұмыстары тольш жатқан көрінеді, соның бірін де істей алмай отырмыз. Мен саған мынадай бір сыр айтпақшы едім: осында отырған-ның бері де айтқысы келіп **отырған шығар**, біздің дүкеніміздің пірканчигі **Жұніс** дейтін қасқырдың бөлті-рігі ғой. Экесі **Дәуіт** дәuletінің, беделінің арқасында елге не істемеп еді? **Дәуіттің** қамшысының дағы жүрттың көбінің арқасынан өлі күнге кетіп болмаған шығар. Осы **Дәуіттің** баласының біздің дүкенге пірканчик болып келуіне сен себеп болды деп есітем. **Дәуіттің** бір баласы Қасым ауданда жауапты қызметте отыр. Басқа кісі білмегенмен, Қасымның жайын сен **білесің**. Ондағы партия орнына, ондағы жолдастарыңа айтып түсіндіріп, Қасыгмады өлдекашан тайдырып жібермейсің бе? Жұністің былығын айтпақшы едім-ау... Был қыс дүкенге екі рет көп товар келді. Басқарманың жиылсыын істеп, мүшелерге **бөлдік**. Мүше басы 25 метрден **келді**. «**Бұлай бөлулерің** қата. **Мүшесінің** кебі кедей, 25 метр кездеме алатын оларда ақша болмайды» деп Жұніс қарсы түсе кетті. «Ақша табылмаса, несиеге товар беріп, басымды сотқа іліктіре алмаймын» деп пірканчигіміз қарысып отырып алды. Мен оған **көнбей**, тең қылып **бөлдірдім**. Ертеңіне жүрт күнкіл шығарып жүр: «**Дәуіт** келіп, матаны қотарып жатыр» деп. **Жүгіріп** барсам, **Дәуіт** күбідей болып дүкенде отыр. Кездеме алдында таудай болып үйіліп жатыр. Жұніс өлгі товарды шетінен өлшеп жыртып жатыр. Басқа жүрт маңына бара алмай, ығысып кейін түр. Мұның не десем, Жұніс танауын **көтеріп**: «**Кімде ақша болса, тауарды соған беремін!**» дейді. Күйіп кеттім, пөлкеден қарғып түсіп, кезді қолынан жұлып алдым. Екеуіміз шарт та шұрт **болдық** та қалдық. Ауданға бұл әңгіменің қалай құлпырып жеткенін өзің де білесің... Міне, осы **оқиғадан** бері **байлар** бізге қатерін тігіп отыр. **Не** түрлі пөленің бәрін бізге үйіп,

мүшелеріміздің ішіне іріткі салуға кірісп отыр. Кеше Жиенбай басқармаға арыз өкеліп берді: артельдан шығамын дейді. Неге шығатын себебін өзі айтпап еді, қатындар арқылы есіттім, бір өсек тарапты: «Артель мүшесінің бері еріксіз коммунистке жазылады, қыз-қатындар ортага түседі» депті. Жиенбай діншіл адам ғой, соған нанып кетіп отыр. Жиенбайға еріп Қожық, Сейіл де шығамыз деп отыр. Міне, біз осындай күйге ұшырап отырмыз. Өсек таратып отырған байлар. Біздің басымыз құрала бастаған соң, біздің жұрт бола бастағанымызды көрген соң, осының түбі жақсы болмас дегендей, олар енді жанталасуға кірісп отыр...

Ерман қыза келе бірсыппыра сырдың бетін ашты. Жақып өзінен өзі ойланып отырып, ұялайын деді. Ұялатын жөні бар. Жақып, шынында, «Жаңа күш» артелін есінен шығарып еді. Екі жылдың ішінде үйінің табалдырығын аттап отырғаны осы-ау. Түрлі жұмыстың, науқанның қызығына түсіп кетіп отырды. Мектепті бітіріп келген жылы, бастап жұмысқа кіріскең жылы беталысы жақсы еді, екі сөзінің бірі кедей туралы еді, кедей арасында істелген жұмысқа жан-тәнін салып кірісетін сияқты еді. «Жаңа күш» артелін бастап үйыстырғанда, Жақып көп сөйлеп еді, тындаған адам елжірегендей жалынды сөздер айттып еді. «Жаңа күш» артелінен Жақып ол уақытта көп нәрсе күтетін сияқты еді. Сол күткені болып па? Артель мүшелерінің санасы өсіпті. Ауыл өмірінде тап жігі айқындалып ашылыпты. Күні кешегі өз басының қамынан аса алмай жүрген Ерман бүгін көп жұмысын қолына ұстап, көптің тілегі үшін құресіп, әлеумет қызметкері бо дуга аяқ басыпты! Аз уақыттың ішінде нақ осындай бола қояр деп тап сол кезде Жақып сене қойған жоқ еді. Жақыптың ол кезде құр елес, қиял сияқты еді...

— Неге үндемейсің, Жақып? Әлде мен қатты айттым ба?.. Ұялып отырсың ба? Үндемегенің — айыбынды мойныңа алғаның. Женеше, мен саған бірдеме айтайын ба? — деп Ерман қара кемпірге қарап құлімдеді.

— Не айтпақшы едің? Әзіл сөзің болса, өзімізге айтсайшы, зәуімен бір келе қалғанда, қалқамның мазасын ала бергенің не? — деп қара кемпір баласына ара түсті.

— Эй, женеше-ай, білмейсің ғой, осындай оңашада, үйге келгенде қысып қоймасақ, кенседе мұнымен сөйле-

су қын. Бұл төрелікке салынып кетуден танбайды. Осының құлағын бұрап отыратын бір шүйкебас өперіп, сонсын ауылға ұстап отырсақ деймін, сосын бұл бізге келгіш болар еді. Келген сайн жұмысымызды істетіп алып, көтеріліп қалар едік...

Ерман ойынды-шынды араластырып отырып, Жақыпты сөзбен тоқпактап ұрып болды. Жақыптың кінәсін мәлдіретіп мойнына салды. Жақып міндептін жаңа ұғынғандай болды. Ел жұмысына бастап кіріскенде, осы міндептің бәрі ойында сайрап тұрған сияқты еді. Соны істеуге өзі сертпен кіріскен сияқты еді. Бірақ істей келе адасыпты, кері бұрылып кетуден де сау емес. Бір кезде кедей тілегін арман қылыш жұмысқа кіріссе, істей келе сол кедейін жоғалтып алыпты. Елдің бәрін бір сияқты көріп кетіпті. Жұмысты кедей үшін деп айырмай, «ел үшін» деп істейтін қалыпқа түсігті. Райком хатшысы Бөрібайдың байланыса беретін себебін Жақыш тап осы жерде шындалап ұғынғандай болды.

— Сөзің рас, Ерман, мен кінәні мойныма аламын! Жұмыс басты бодым. Қолым тимеді, мен сендерге бұрыла алмадым. Бұдан былай жұмыстарыңа көмектесуге, жиі келіп туруға уәде берем! — деп Жақып күрсінді.

— Е, бесе, осы сөзінді айтшы. Менің сенен тілегім осы. Біздің жұмысымызға шын араласатын болсан, артель басқармасының жиылдысын шақырып отыр едік, жүр, ішінде бол, — деп Ерман көтеріліп қалды.

— Байғұс-ай, саган не болды? Үйге келгені жаңа гой, — деп қара кемпір ара түсіп еді, Жақып пен Ерман оған караған жоқ, үйден шығып та кетті.

Ауылдың ересектері, өйелдері жиналыш мектеп үйінде толып отыр. Шымнан салған үлкен үй. Іші қара көленкелеу. Қатарлап тізілген парта, қара тақтай. Семізше келген, бітік көзді сары жігіт мектеп мұғалімі.

— Қане, Биганша, тақтаға шығып, «Сыр сау» деген сөзді жазшы, — дейді мұғалім.

Тапалтақ бойлы қара өйел орнынан ұшып тұрса да, өлденеден ұялып, тақтаға барап-бармасын білмей, екі оқтылау болып тұрды.

— Барсайшы, Биганша, жоқ жерде ұяла қалатын нең, — деп Үміт дейтін ноқталы бет өйел оған ұрсып таstadtы.

Биганша тақтаға барып, ак борды қолайсыздау ұстап, мұғалімнің айтқан сөзін баданадай қылыш жазды.

— Дұрыс жазылды ма?

— Жок, дұрыс емес, «сиырдың» орнына «сыр» деп жазды...

Жас өйелдер, жас жігітер жайшылықтағы өзіл-қалжынын былай қойып, бар ынтасын оқуға салып отыр. Екі көздері тақтада, мұғалім бір сөз айтса, соны дұрыс ұғып алуға ынтық болып отыр.

Артель басқармасының жиылдысы мектепте ашылды. Оқуға келген өйел-еркектердің көбі тарамастан отырды. Күн тәртібіндегі мәселе — егіс жоспарын өсіру туралы. Ерман күн тәртібін жарияладап болып:

— Мына **Жақып** осы артельді бастап үйстырыған азаматымыздың бірі еді. Бүгін мәжілісімізге кез келді. Қаралатын мәселе өте үлкен. **Сондықтан Жақып** баяндама істесе екен деймін, **бұған қалай қарайсындар, жолдастар**, — деді.

— **Мақұл!** — деп жұрт шу ете тұсті.

Жақып баяндама істеді. Отызға тарта адам, еркек-өйел аралас, үн **шығармай** тындалп отыр. Баяндама маңызы — жаңа өмірдің желісі. Тындаушылардың қалпында таңданғандық, **Жақыптың сөзін жатсышғандық жоқ**. **Жақып**-тан осы сөзді естуге құмартып отырған секілді.

Жақыптың ойы бір сүйкенттің ішінде **аласұрып**, өткенді бір шолып өтті: бұдан бес-алты жылдары **бұрын** бұл көлдің басында 8—9 үйден аспайтын үй болушы еді. Сол үйлердің адамдарының өзі бытыраңқы, нақ осы кездерде **жазғы** көсіпке қамданып, **көрінгенге** жалданып кететін. Жаз жұмыстан қолдары босап, бастары қосылса, бірер үйдің қасына жиналып, қайдағы жоқты сөз қылумен болатын, елдің өсегін теретін, әлдекімдерді сыртынан нәреттеп, штат дау-шардыш кенесімен күндері өтетін. Ол күні кеше болтан күй. **Көзір ше? Көзір одан өзгерген. Көзіргі** ауыл тілегі — ескі жыр емес, еңбек **жыры!**

Бірақ ауылдың бәрін осылай деп кесіп-пішу қын. Өзгермеген ауылдар да бар. Ескіліктен тістесіп айрылмай отырған ауылдар да бар.

Жақып баяндамасының аяғында:

— Көптен келген жоқ едім, күйлеріңің қандай екендігі маған қараңғы еді. Бүгін **көріп**, өз көзіме өзім сенбей отырмын: екі жылдың ішінде адам наңбастық болып өзгеріпсіндер! Мен алдында отырған осы көпті, бұрынғы ауылдың адамы деп **отырғам** жоқ, жаңа өмірдің іскері деп отырмын. **Жұмыстарынның іргесі** қаланыпты. **Қаланғанда**, мықты қаланып-

ты! Осы беттерінен танбай, жұмыстарыңды бұдан да өркендете түсуге жаңа жүртшылық тілекtes! — деді.

Тыңдаған жүрт жайрандасты. Біреулер алақан үрды. Ерман жымың-жымың күлді.

Жақып ауылында екі күн болды. Екі күннің ішінде бірсыныра жұмыстарымен танысты. Алдағы жұмыстарына жоспар құрып берді. Бұдан былай үзбей келіп тұратын болды.

...Жақып тағы ауданда. Омардың үйі аса құрметтемей, салқын ғана қарсы алды. Омар жайбаракат отыр. Егіске өзірлік жұмысы ойына кіріп те шығатын емес. Екі тілді соқасы қыс бойы албардың аузында салқамданып жатушы еді, елі сол күйінде, түзетілген жок.

— Да, балам, есен-сау келдің бе? — деп Омар күнк етті де қойды.

Рақила іс тігіп отыр. Көзінің астымен бір рет қарады да қойды. Жақып Рақилаға көзін қадай қарады. Бұрын тіке қарай алмайтын. Қарауға көзі үялатын. Бұл жол үялмады, қарады. Қарап еді, Рақила туралы жүргегіндегі сезім тарамданып сирей бастады: Жақып Рақиланы бұрын жүрттан асқан сұлу деп сенім келтіруші еді, бұл жолы Караганда олай болмай шықты. Рақилада ешбір артықшылық жок, жай ғана әйел — бой жеткен қыз: ажары қараторылау, танауы делдек, көзі өткірлеу, бар пішіні осы. Осыдан басқа дым жок. Бір кезде Жақыптың осыған құмартуы рас па? Рас. Көзір ше? Бұл жағы енді құмәнді, Жақып қанша қараса да, өзінде ешбір құмарлық бар деп ойламады.

... Жақып аудандық атқару комитетінің үйіне кіріп барғанда, атком бастығымен сөйлесіп отырған бір әйелге көзі түсті. Шырамытты ма, әлде көзі түсіп кетті ме, әйел де қарады.

— Е, Жақып, есен-сау келдің бе? — деп атком ағасы Ырысбек, әйелмен сөзін бөліп, Жақыпқа бұрылды.

— Таныс бол: 4-ауылдағы мектеп мұғалімі Рабиға Сетбай қызы, — деп Ырысбек Жақыпты әлгі әйелмен таныстыруды.

Рабиғаны Жақып сырттан білетін. Қалада оқып жүрген кезінде бірер ұшыратқаны бар еді. Ол кезде жұз токтатып танысқан жок, одан бері кездескен де жок еді.

— Жақып жолдас, сізге мен өкпелімін, биыл балаларды мектепке аларда, Ермағамбеттің баласын мен алмадым. Алмағанда, Ермағамбетпен ашу-араздығым болған емес. Мен бұл ауданға жаңа келіп отырмын ғой, ел кедейлерінің арызымен алмап едім. Ермағамбет ескі кезде бо лыс болған кісі дейді. Өзі қара тізімде, даусы **жойылған** көрінеді. Со л Ермағамбеттің баласын мектепке ал деп қалай записка жазып жүргеніңді біле амай-ақ барамын. Бір жолықсаныз, айтартмын деп жүр едім, — деп Рабиға салқын жүзбен **сөзін** бітірді.

Сөзінде, ажарында ешбір құбылу, жас жігіттердің алдында әйелдік белгісін керсету сияқты қалып атымен жоқ. Осы сөзді айтып отырған Рабиға қарап, жаңа құрылыш жұмысына белсеніп кіріскең ердің бірі деп ойлайсын да қоясын.

...Иә, Жақыптың записка жазуы рас. Жақып онда салық жұмысымен елге шығып еді. Салық жұмысымен шығып отырып Ермағамбеттің үйіне қонған, тоқтысын жеген. Ермағамбеттің кейбір сөздерін үйип тыңдаған да. Ермағамбет осы әйел — мұғалім туралы да осек **сөз** айтты. Жақып оның сөзіне нана қойған жоқ, нанбаса да, мұныңыз өсек деп Ермағамбеттің бетін қайыфа білмеді. Конакасынан жеп отырып, Ермағамбет сияқты ірі адаммен сөз таластыру, казақшылық көзімен Караганда, ерсі де ғой.

— Ол менің қатам, Рабиға жолдас, ол қатамды түгелінен мойныма аламын. Жолдастық ретімен қатамды ескерткеніңзге алғыс айтамын, — деп Жақып күрсінді.

«Осы мені кекетіп тұр ма» дегендей болып Рабиға Жақыптың бетіне қарады. Жақыпта кекету жоқ. Жақып айыбын мойнына шын алып тұр. Бұл — шын коммунистің істейтін ісі. Рабиға Жақыпқа шын риза болған адамның түсіне кірді.

— Жақып жолдас, сізге риза болдым. Қатені мойныға ала білу — коммунистік белгісі. Ермағамбеттің үйіне қонғаныңыз, Ермағамбеттің айтуымен маган записка жазғаныңыз сіздің ірі қатаңыз еді. Мен сізді мойнына алмас, қарысар деп жүруші едім. Осы күні өзінше аяқ астынан қисынын тауып жүргендер аз ба? Ондайдың көбі Ермағамбеттерге шын қамқор болып түрегеледі. Жаңылу деген болады. **Жаңылғанын** мойнына алмағаннан жаман не бар? Мен

сізге енді, өкпемді қояйын, қолыңызды әкеліңізші, татуласайық! — деп Рабиға күлімсіреп қолын созды.

Жақып колын беріп жатып арсаландаңап күлді.

Сол күні партия жиылсы болды. Құн тәртібіндегі мәселелер аяқталып келгенде, партияға кіремін деушілердің арызы қаралды. Арыз берушінің бірі Қасым Дәуітұлы болып шықты. Үя хатшысы Қасымның арызын оқып шығып, сөз төркіні алуға ыңғайланып бара жатқан секілді.

— Қасым туралы бюроның пікірі не? — деп Жақып сурауды тіке қойды.

— Эрине, орташадан қашпаймыз гой, бюро кандидатка алуға үйгарды, — деп хатшы күмілжіп барып жауап берді.

Қасымға сұрау түс-түсынан жауып жатыр. Сұрауды тікесінен беріп тақымдаң отырғанның бірі **Жакып**:

— Экең қай тапқа жатады деп білесің? Экең неше жыл
би болды? Жаңа құрылышқа икемделуің қалай? Ауылдағы
коллектив құрылсының өкенінің кедергілері болған жоқ па?

Осы сияқты сұрауларды **Жақып түйдек-түйдегімен** бүркүратты.

Қасым қанын ішіне тартып, сұрланып-ақ алды. Жақыптың сұрауына жауап берудің орнына, қарсы жала жабуға кірісті.

— Жақыптың бұл сұрауды не үшін беріп отырғанын мен білемін, басқа жолдастар да жақсы білсе керек. Сондықтан жауап бергім келмейді, — деді ол.

Рабиға сөз сұрап алыш, орнынан түрді:

— Жақып пен Қасымның арасында не бары бізге қаранды. Бізге көзір оның керегі де шамалы. Біз көзір Қасымдығана білеміз. Партияға алғалы отырған адамымыз — Қасым. Сондықтан Қасым туралы Жақыптың беріп отырған сұраулары, меніңше, нағыз орынды сұрау. Бұл сұраулардың жауабын есітпей, Қасымды партия қатарына алсак, біз мықты адасамыз. Қасым жолдас жаңағы сұрауларға жауап беріп өтсе екен деймін.

Аудандық халық тергеушісі Тәжен дейтін сөз адып, Касымды жактай сөйледі:

— Жолдастар, беталды солақайлықтың, орынсыз қызырудың жөні жок. Әр нәрсенің де реті бар. Жақыпты да білеміз. Жақып кедей баласы. Кедейлігін арқаға таңып, өзімнен басқа адам коммунистікке лайық емес деуі орынсыз.

— Қаталаспа, мен олай деп айтқан жоқпын, — деп Жақып оның сөзін бөлді.

— Неге айтпайын деп едің деп айтып отырсын. Айтуға ынғайланып отырсыщ.

Жақып орнынан ұшып тұрып, мәжілістің тәртібі туралы сөйледі:

— Мәселе Қасымды партияға алу туралы Қасымның арызы оқылды. Қасымға сұраулар берілді. Ол сұраудың біріне де жауап алынған жоқ. Жауап алынғаннан кейін айтыс сөз басталуы керек еді. Бірсыныра жолдастар майдандасуға белін буып келген екен, онысын айтыс сөзде айтсын, өзіріне Қасым сұрауға жауап берсін. Мәжіліс тәртібі осы. Осы тәртіпті басқарушылар бұзбай алып барса екен деймін, — деді Жақып.

Қасым шындалап қысылды. Жүрт өзара күнкілдесті. Жақыптың ұсынысы дауысқа салынып, қабылданды. Берілген сұрауларға Қасым ерін ұшынан гана жауап беріп құтылмақшы болып еді, Жақып одан жаман қазбалап, сұрауын өршіте түсті.

Айтыс сөзге бірінші болып Жақып шықты:

— Жолдастар, Қасым туралы менің сөйлегенімді шам көріп отырған адамдар да осында жоқ емес. Олар шам көреді екен деп мен білгенімді айтпай тұра алмаспын. Мен сөзімді партия жиылдысының алдында айтып отырмын... Қасыммен дүшпан екенімді мен еш уақытта жасырмаймын. Дүшпан болғанда, өз басымның пайдасын көздел дүшпан болып жүрген жоқпын (олай ойлаушылар мықты адасады), тап жолымен дүшпанмын. Қасым менің тап дүшпаным. Менің елім телеу атанады, осы елде кірме. Баяғыда Қасымның аталары құлданып әкеліпті деген өсек бар. Бұл өсек саябырласа, Кеңес үкіметі орнағаннан бері гана саябырлап отыр. Оның ар жағында бізді «құлдар» деп атайдын. Қырық үй телеу «құл атын» тағып, Қасымның әкесі Дәуіттің есігінде жүріп өмірін өткізген. Соңғы жылдары телеу есін жинады, ел болды, артель ашты, мектеп салды, кооператив ашты... Дәуіт неғып отыр? Дәуіт ауыл ішіне не түрлі өсек жүргізіп, артельді елге құбыжық қылыш көрсетіп, артель мүшелерінің ішіне іріткі сальшп отыр. Дәуіт осыны кімге сүйеніп істеп отыр? Қасымға сүйеніп істеп отыф. Дәуіт бұрын ел тізгінін өзі ұстап келсе, енді баласы арқылы ұстамақ болып отыр. Дәуіттің беделі бұрынғысы-

нан артпаса, кемімеген. Қит етсе, Дәуітке барып ақылда-
сып жүрген шаруа толып жатыр...

Жақып ұзак сөйлемді. Дәуіттің, Қасымның жаман жа-
ғын түгел ашып берді. «Қасымды партияға алу түгіл, Қа-
симға кепіл болған партия мүшелерін жауапқа тарту ке-
рек» дегенге шейін барды.

Жақыптан кейін Рабига сөйлемді. Одан кейін бір-екі
батырақ шығып сөйлемді. Ақырында, Қасым партияға жат
адам саналып, алынбайтын болды.

Тұнгі сағат 12-де жиылыс тарады. Жақып Рабиганы пә-
теріне шейін шығарып салатын болды. Қараңғы түнде екеуі
қолтықтасып келе жатты. Сөздері артель туралы, ауылда-
ғы жаңалық туралы, жаңалыққа кедергі болып отырған-
дар туралы.

Апрель ішінің тынық тұні мұлгіп, көңілді сергітіп,
өлденесі жүректі қытықтаған сияқтанады. Жақып та, Ра-
бига да сөйлесіп келе жатып ауыр күрсінді.

— Көзірігі кездегі жұмыс нағыз қызық жұмыс қой. Бірак
адам жалғыздықтан жалығады екен. Пікір алысып, күш
қосып отыратын жолдасыщ болса, қанша істесен де жа-
льгқлас едің-ау, — дейді Рабига.

— Дұрыс айтасың, — деп Жақып оны макұлдайды.

Ертенгі шайды ішіп отырып Омар Жақыптан сөз тарт-
пақшы больш, ячейка жиылысында қандай мәселе қарал-
ғанын сұрай бастады.

— Сіз партияда жоқсыз гой, сізге айтуға болмайды, —
деп Жақып оған қысқа гана жауап берді.

— Шырағым-ау, бәріміз қазақтың баласы емеспіз бе?
Сондағы сөйлескендерің осы қазақтың қамы шығарғой, —
деп Омар жымындағы.

— Жоқ, жалпы қазақтың қамы емес.

— Ал сонда кімдікі болды? — деп Омар бұжолы тіктене
қарай қалды.

— Біз қазакты жалпы алмаймыз, отағасы, қазақтың іші-
нен айырып шығаратынымыз бар: байларды, молдаларды,
ескі атқамінер-куларды бөліп шығарып тастанап, кедей мен
орташаны гана аламыз.

— Біз қайсысына қосыламыз? — деді Омар жымындаі
Күлген 60П., 2000 - 11 .

ЕЖЕТ / ҰЛДЫЗДЕ

— Сіз атқамінер табына қосыласыз, — деді Жақып сұрлана сөйлеп.

Омар сескененейін деді. Шын айта ма дегендей Жақыптың бетіне тікелеп қарады: шын айтып отырған адамның түрі, күлмейді.

Ракила да, Айжан да бірсыптыраға шейін аң-таң бол Жақыпқа қадалды.

— Осы, шырағым, сенен бір сұрайын деп жүргенім бар еді. Біздің ауылнайымыз желөкпелеу. Елмен ақылдастып іс істей білмейді өзі. Елге тізе корсету де ойында бар. Бұрынағы күн сол шіркін маган келіп: «Сен биыл он десте егін саласың» дейді. Былтыр тоғыз десте салып едім. Биыл салуға ретім келетін емес. Сол жайымды айтсам, тындайтын емес. Кеңсеге барып Қасымға жолығып едім. «Ауылнайдың онысы қате, зорлау жок» дегенді айтты. Сосын барып жүрегім орнына тұсті, — деп Омар ұзақ сонар сөзді айтып келе жатыр еді, Жақып оның сөзін бөлді:

— Қасымдікі қате. Былтыр тоғыз десте салған болсаныз, биыл он десте салуға тиіссіз. Салмаймын дегеніңіз дәлелсіз. Салмайтын себебінізде айтпай-ақ білеміз!

Жақыптың мына сөзі Омарға шоқпардан кейін тимеді. Ол кібіртіктеп, сөйлей алмай қалды. Жақыпқа алақ-жұлақ қарай берді.

Аудан тұрған ауылды жинап, артель ашу туралы үгіттемекші болып, Жақып Рабиғамен сөз байласып еді. Сол сөзін орындағы. Ауыл адамдарын түгел мектеп үйіне жинады. Жиылысты шақырып басқарып жүрген Қалабай. Жиылыска Омар да келді. Баяндағаны Жақып істеді. Қосымша баяндағаны Рабига сөйледі. Сұрау үсті-үстіне жауды. Бірсыптыралары шығып пікірін айтты. Ақырында, талқылай келе, аудан тұрған ауылда «Үлгі» атты артель ашуға қаулы жасады. 20-дан аса мүші сол жиылыстың өзінде жазылды. Омар кіремін деп еді, ол мүшелікке алынбады. Артель жұмысын басқарысып отыруды Жақып өз үстіне алды.

— Екеуіміздің пікіріміз де, ісіміз де үйлеседі екен, Рабига, қосылып іс істесек, қандай онды болар еді, ө? — деп Жақып күлді.

Рабига күлімсіреген күйі үндемеді.

— Қосыламыз десек, бізді қоспай жүрген кім бар? — деді Рабига бір кезде.

— Бесе, — деді Жақып жайрандал.

Содан былай Жақып пен Рабига тобын жазбай жүретін жолдас болды. Бірін бірі жоқтап іздейтін болды. Күндізтүні сөйлессе де, сөздері бітпейтін болды. Сөйлескен са-йын ынтығулары күшіне беретін сияқты болды.

— Ау, сендер осы неғып жүрсіндер? — деді Бөрібай бір күні Рабиға.

— Мұндай да сұрау болады екен, — деп Рабига құлді.

— Жоқ, шын сұраймын.

— Мен де шын айтып тұрмын.

— Ендеше, жұрт өсектеп те кетіпті.

— Өсектен қорқа алмадық, — деп Рабиға тағы құлді.

— Қолыңды әкел, құттықтаймын!

Жақып анадай жерде отырып арсаландап құлді.

Бөрібай аз-кем ойланып отырып, ағалық ретінде сөз айтты:

— Екеуің де коммунистің, біріңе бірің тенсің. Бірінді бірің ұнатқан екенсің, қосылышындар, ешкімнің де қарсылығы жоқ. Біздің тілегіміз — жігерлерінің бөрін іске салындар. Жастық құрып, желкілдеп жүретін заман емес. Істейтін жұмыстарымыздың мыңнан бірін әлі толық орындалап болғамыз жоқ. Осы естен шықпауы керек. Біріңе бірің жолдас болғанда, түпкі серт — осының жолына басты бәйгеге тігу болсын! — деді...

Жақып пен Рабиғаның қосылғанын өсекші әйелдер өздерінше құбылтты:

— Неке жоқ, той жоқ, бетім-ай, бұл не деген масқарашибалық! — деп бетін шымшылаған әйелдер болды.

— Коммунистің заңы солай гой, «моя твоя» деп жүргенін көрмейсің бе? — деп білгішсіп жөн айтқандар да болды.

Бұған жалғастыра ауыл өсекшілеріне ермек болған бір оқиға Омардың қызы Рақила болды. Мырзағұлдың баласы милицияга арыз айттып, қызды өкетпекші болса, Омардың қызы Рақила:

— Бұл менің өмірде көрмеген-білмеген жігітім, бұған тиемін деп еш жерде айтқан емеспін, — деп қарысып тұрып алады.

Мырзағұл сасып, Омар құдасына жолықса:

— Мен қайтейін, баланың еркі өзінде, — деп Омар жүре жауап береді.

Омар мен Мырзағұлдың арасындағы «құдалық» сауда жүртқа жасырын болғандықтан, жүрт Мырзағұлдың баласының мына жұмысын мықты бассыздыққа санайды, «заманның азғандығына» апарып тірейді.

— Мырзағұлдың баласы коммунист екен, сондықтан істеп жүрген жұмысы екен, — деушілер де **табылды**.

* * *

Рабига мен Жақып істейтін жұмыстарына бірден жоспар жасады. Жоспар бойынша, **Рабига Жақыптың** ауылана — «Жаңа күш» артелінің жұмысына басшылық істеуге жүріп кетті. Жақып «Үлгі» артелін қолға алды. «Үлгінің» жұмысын нағыз үлгілі жолға салуға кіресті: жұмыс көліктерін, машина, саймандарын түгел ортақтастыруды, адам күшін өр жұмысқа арнап бөлді. Егін салатындарды бірнеше бригадағып бөліп, өр бригадаға бастық сайлады. Артель басқармасының бастығына Қалабай сайланды.

Майдың 3-күні «Үлгі» артелінің мүшелері бес бригада болып бөлініп, соқаларын жегіп, қызыл туды желбіретіп, Көктеректің бауырына келіп түренін тіреді. Көктеректің бауырындағы құйқалы қара топырақ бірінші рет аударылып, қалың көденің тамыры бірінші рет бытырлап үзілді...

Жақып сол күні **Рабигаға** хат жазды. Хатының орта шенінде былай деді:

«...«Үлгі» бірінші жұмысын үлгілі түрде бастады. Көктеректің бауыры желбіреген ту, айналып жатқан соқа, қайнап жатқан еңбек. Еңбек болғанда, бытыранды берекесіз еңбек емес, бірігіп тұтаскан күшті еңбек! «Үлгі» жұмысы бірінші **адымында** ел нашарын өзіне тартып үлгірді. Аз уақытта қалың **көпшіліктің** осы жолға бас **қоятындығына** сенеміз!...».

Апрель – май, 1929 жыл.

ЖІГІТШІЛІК (Фельетон)

Елдегі ерсі мінездердің ерқайсысының өзінше тарихы бар ғой. Соның ішінде «жігітшіліктің» де тарихы бар, епті жігіт, салт жігіт, сұлу жігіт қызы бар үйге кез келіп қонса, қызға сөз салады. Қыз қарыспа болса, сұлу жігіт, **сал** жігітті

елемесе, ондайда жігіттің істеп кететін «жігітшілігі» болады: қызы бар үйдің бірдемесін алып кетеді. Я қызға өлең шығарып, ел көзінде масқара қылады.

Камбар дейтін ақын жігіт Байбосын дегеннің үйіне қонып отырып, қызға сөз айтуда жолдасын жіберсе, қыз Камбарды көзге ілмей, жүре жауап беріпті. Соңда Камбар ызаланып:

«Қызы едің Байбосынның атын Сақып,
Ынтықтым сөйлесуге келмей жатып.
Сыртқы елте кол артпаска серт қылыш па ең.
Жігіттен өз елінде дәмді ас татып», —

деп өлең шығарып кеткен екен.

Бұл елдің ескі кезіндегі мінезі. Соңғы кеде оны-мұны көріп, ел көзі ашылып келеді. Ел арасындағы ескі ұнамсыз мінездердің көбі түрмистан соққы көріп, өзінен өзі жоғалып барады. Соның бірі болып сал жігіттердің «жігітшілігі» де жоғалу керек еді. Жоғалған шығар деп те ойлаушы едік. Бірақ кейбір жерлерде елі де болса да калмай жүргендігі сезіледі.

Тама болысының болыстық кеңес бастығы Қанапия Таймасұлы, жанында салық комиссиясының адамы және болыстық милиция бар, ел аралап шығып, Сәрсенбек дегеннің үйіне қонады. Сәрсенбектің үлкен үйінде кемпірі мен қызы бар екен. Кемпір жақсылап қонақ асын беріп, жас жігіттерден сес ала ма, қалай, қызын Омар дегеннің үйіне жат деп жібереді.

Жүрт үйқыға кіріскенде, Қанапия қызды іздестіре бастайды. Қыз үйде жоқ. Енді қайда кетті?

Макаш деген милициясын жанына ертіп алғып, іздең жүріп, Омардың үйіне келіп, оттықты жағып жіберсе, Кенжеш қыз соңда жатыр. Әйелдің қорқақ келетіні бар гой, милицияны көріп ойбай салып, Омарға тығылады... Үй іші жаң-жұн.

Осы бұлікті бастауға сен себеп болдың дегендей Қанапия қызға ызғарды төгеді:

— Көргенсіз! Бізді адам жейді дедің бе? Үйіңе жатсан қайтетін еді? — деп сөгеді...

Ертеңіне Қанапия екі милицияны жұмсал, Омар мен қатынын «арастоват» қылады. Дәлелі: Омардың қатыны жас екен, жас қатын алғандығы үшін заң жүзінде айылғты! Қатынын әйелдер бөліміне апарып тапсырмакшы болады.

«Арестовайт» десе, жүрегі зырқ ете қалады ғой, ауыл болып жалынып, Омар мен катынын зорға босатып алды. Бұл 26-жылдың июнінде болып отырған «жігітшілік». Бұл жігітшіліктің бұрынғыдан өзгешелігі — қызға өлең шыгарудың орнына милиция жұмсағандық.

Жігітшілікті милиция арқылы орындаған болыстық кенес ағасы Қанапияны сот орындары ыңғайына алар ғой. Орынсыз жерге милиция жұмсағандығы үшін жауапқа тыртылуында сөз жоқ, оған біз де күмән қылмаймыз. Бірақ өзіріне біздің ынтығатынымыз — Қанапия сот алдында не деп жауап берер екен?

«Мен ақын емес, болыспын, өлең шығара ал маган соң қызды милициямен іздемей қайтейін» дер ме екен?!».

7/XII-26 ж.

КҮЛШАРА ЖЕҢГЕЙ

— Жол болсын, қайным! Ауылдан қашан шықтыңыздар? Жол үші қай жер? — деп бақалау келген қара катын Күлшара жеңгей сөйлеп өліп барады. Сөзшен адам екен, қайдағы-жайдағыны айтып, қаратып отырғызбады. Бірақ сыпайы адамның көзінше көп сөйлеп ысылмағанға шығар деймін, сөзі байланыссыздау шықты: біресе егін-шөпті өңгіме қылады; шаруашылықтың арасына өкеп, «Дарылдақ қараның» үйімен араздығын қыстырады. Әйтеуір, неге екені белгісіз, қонақ келгенде тымрайып отырып қалатын басқа әйелдер секілденбей, бізді риза қылып аттандырайын деген қалпы еріксіз сезіліп тұрады...

Жөнділеу келген сары бұжыр әйел біз барып түскеннен үйге кіріп-шығумен болды; біреке құлағынан сүйреп самаурынды алыш шығады; біреке етегіне салыш көмір тасиды. Жүріс-тұрысына, аяқ басысьша Караганда, Кулінара жеңгейге қызметімен жакқысы келген адам тәрізденіп тұр. Бірақ сынға іліккен адам она ма, сары бұжыр әйелдің кіріп-шыққанын, аяқ басысын, нәрсені көтергенін — бәрін де Күлшара жеңгей шаншу секілді көріп, сөз арасында ала көзімен қарап қойып отырды...

Бұл үй адам жалдайтын бай үй емес еді. Келіні шығар деуге Күлшара жеңгейдің байынан басқа бұл үйде еркек

кіндікті жоқ секілді еді. Сондыктан сары бұжыр әйелдің жайын сұрадым. Күлшара женгей күлді.

— Женгей ғой, — деді.

— Қайдағы женгей?

— Осы үйдегі ағаңның алған тоқалы...

Нанғым келмеді. Күлшара женгейдің байы осы ауылдағы момынның бірі. Жасы 40-тан асып кеткен. Күлшара женгей 30-ға келсе, жаңа келген. Мынау әйел 20-ға келген тәрізді. Аюдай ақырған Күлшараның үстіне қандай адам тоқал болмақшы?!..

Күлшара бейнелей сөйледі:

— Жақын келініміз еді. Байы өлген соң, аруақ аттап кетпеймін деп, менің байымды қалады. Байым алмаймын десе де, мен зорлап алдырдым... «Көсөу ұзын болса, қол күймейді» дегенді білмейсіз бе?! — деді.

— Екі қатын алған адамды жазаландыратын занды білмейсіздер ме? — деп едім, Күлшара женгей жымиды:

— Бақа қайным оның амалын үйретті ғой. Әуелгі қатынын айырган қылыш көрсетсе, тоқал алуға бола беретін көрінеді ғой. Қағаз жүзінде мына қалқам екеуіміздің еншіміз баска, — деп емшектегі баласын алдына алып, шопылдатып сүйді.

Көрер көзге үстіне тоқал алдырғанына, ана қатынның риза болып тигендігіне таң болдым.

Арадан он шақты күн өтпестен, басындағы жаулығы дал-дұл, көзінің алды көгеріп ісіп Күлшара женгейдің күндесі ауылнайдың үйіне кіріп келді.

— Е, не болды?

— Ойбай, қайным, адудын женген ұрып, өлесі қылды. Тұла бойым көкала торғайдай.

— Мұндай боларын баста білмеп пе едің?

— Аруақ аттап кетпе деп әрқайсылары айтқан соң, тие салып едім...

Сұрастыра келе анықталды, бәрін бұлдіріп жүрген сол ауылдағы Жексенбай деген қу екен. Тоқал алдып бергендердің үшін Күлшараның үйінен бір сиыр соғыпты. «Әкімдердің аузын алуға» деп 50 сом тағы алышты...

Таяқ жеген қатын ауылнайға «протокол» істеттіріп, сотқа арызын жолдады білем. Күлшара женгейдің көсөүінің ұзарған-ұзармағаны өзіріне белгісіз.

САЛҚАМБАЙ ТОБА ҚЫЛДЫ

Салқамбайдың бір жетіден бері басын қатырып жүрген жұмыс — Күләштің жайы. Күләш жалғыз қыз. Жасы биыл 14-тен 15-ке шығып барады... Жасы 40—50-ден асқан, китимы өлгөн сүр бойдактар, бәйбішесі үл таппаған соң, тоқал іздеген бай шалдардың Күләшқа көзі түсे бастады...

— Қызынды берсен қайтеді, бай орын гой, — деген құлаққағыстар да бар.

Бірақ бір шешілмеген жұмбак — қалың малды қайтпекші! Малдай алса, тұнеугі Ұбырайшылатып, милиция малын айдал кетіп, өзін тұрмеге жабады.

Тапты... Дәуітбай мен Садақбай екеуі екі елдің байы. Арасында мың сом қалың мал жүрді. Оны сезген жан жок. Ақшалай алса, не қылуышы еді?! Және соңғы өзірде, Салқамбай секілділердің қызының бәсі 500-ге жетіп жүрді. Бес жұз сом алар болса, алдымен бір ат алып мініп, қалғанын керегіне жұмсамай ма!..

Есіктен Рақым кіріп келіп:

— Салқамбай, бері келіп кетші, — деді.
— Салқамбайдың ойы шартарапқа кете бастады...
— Мәлікті білесің ғой. Өзі бай адам... перзент үшін бір әйел алмақшы екен... Бәйбішесі де момын адам. Тегінде, сенің қызыңа қол-ақ... 500 сомды бір қолдан санап беремін дейді... Бұған не дейсін?
— Болады!

Ендеши, тойынды істе...

* * *

Мандайында төбелі бар, терт аяғы да ала бір кер ат сатып алды.

Күданың үйіне барғанда жалба-жұлба болып отырмасын деп Ұмсындыққа ақ бөзден бір пар жаулық, бір көйлек алды. Өзінің киіп жүрген бешпентіне тыс алды. Қатынына қарап, мұртынан күліп:

— Кәдімгідей адам болып қалдық қой, — дейді Салқамбай...

Жүрт өсекші, съф шашпай тұра ма: «Салқамбай мың сом алыпты, жүйрік ала аяқ атқа мініпті...» деген сияқты өсектер ел арасына тарап жатты...

* * *

Ауылнай дікіндең жүр:

— Салқамбай қайда — «судебный следовательден» по-вестке бар, жауапқа шақырады...

— Ненің жауабы?!

— Барған соң білерсің... Қызынды неше сомға саттың?

— Ойбай, шырағым, баласын сатқан кімді көріп едің?

— Ала аяқ атты қайдан алдың?..

Салқамбай тұтығып, еш нәрсе айта алмай қалды...

— Жазықтысың, түрмеге жабыласың.

Салқамбай сұрланып кетті.

— Шырағым, жалғыз біздікін ғана көресің бе, әлде байларды да жауапқа тартасың ба? Мың, екі мың сомнан алған байлар өлі үйінде отыр ғой...

Сыртта тұрған, сыпайы киінген бір жігіт құлді:

— Эй, отағасы-ай, аңқау екенсіз ғой! Мың түгіл, он мың сом алса да, байларға білінуші ме еді... Олар сен құсап ала аяқ ат альп мінбейді ғой. Міне қалғанда да, олардың малы көп, қайдан алдың деп кім байласпақшы...

Салқамбай еліне қайтты. Жолда келе жатқанда астындағы ала аяқ ат өзіне өзірейіл секілді көрінеді, қатының без жаулығы, ала шыт қөйлек — бері де сотқа айтуға жүгіріп бара жатқан секілді, еркін билеген жалғыз-ақ ой: «Осы пәледен құтылар болсам, жалшылықпен өмірім өтсе де, байларға еріп баламды сатпас едім... сорлы басым, білмеген екем ғой, байлар сатса, арқа сүйейтіні болады екен, мен кімге сүйенбекшімін? Байға құда болу, байға қол арту менің не теңім еді?!..».

4/XI—26 ж.

*,

МАЗМУНЫ

Қазақ ауылының көркем шежіресі (Алғы сөз орнына).....5

Хикаят

Шұғаның белгісі.....7

Әңгімелер

Күлпаш.....	29
Айт күндері.....	36
Қырмызы.....	40
Талак.....	43
Құла ат.....	52
Көшпелі махаббат.....	56
Шарифат бүйрығы.....	58
Зейнештің серті.....	69
Кедей тендігі.....	78
Заман.....	82
Айранбай.....	84
Тұйебай.....	89
Жол кенесі.....	94
Саһарда.....	97
Әдет құшағында.....	99
Қайнаға өтірік айтады.....	130
Ел күйеуі.....	135
Күлтай болыс.....	140
Әбділдә төре.....	148
Таубай.....	153
Құрымбайдың жігітшілігі.....	160
Әже.....	169
Сексен сом.....	181
Құла жорға.....	185
Сарыала тон.....	190
Зекіржан молда.....	205
Қысқы ауылда.....	212
Бекберген мектебі.....	215
Көктеректің бауырында.....	221
Жігітшілік.....	249
Құлшара женгей.....	251
Салқамбай тоба қылды.....	253

Майлин Бейімбет

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ

Хикаят, әңгімелер

Редактор *E. Дүйсенбайұлы*

Суретші б. *Серікбай*

Компьютерде теріп, беттеген *Г. Есімбекова*

Корректор *C. Ыбраева*

Теруге 10.04.06 жіберілді. **Басуға** 25.05.06 қол **қойылды.**
Қалпы **84x108^{1/2}.** Кағазы **офсетті.** Қаріп түрі **«Таймс».**
Б. т. 16,0. **Таралымы** 2000 дана. Тапсырыс № 3196.

«Раритет» баспа **компаниясы**, 050022, Алматы қаласы, Масанчи көшесі,
оф. 14, тел.: 92-87-18, 60-67-08, тел./факс **92-88-36**

Тапсырысшының диапозитивінен
Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»
ЖПС-нің **Полиграфкомбинатында** басылған,
050002, Алматы қаласы, Мақатаев **көшесі**, 41

Казак прозасының **хас** шебері
Б. Майлин пің **шығармаларында**
XX ғасыр басындағы қазақ ауылы
өмірінің қадау-қадау **мәселелері**
реалистікпен әдемі бейнеленген.
Нағыз қыр қазағының мінез-құлқы,
болмыс-бітімі, кешегі салты **мен**
Қазан төңкерісі әкелген **жанға** заман
өзгерістері, **бәрі-бәрі** шынайы
суреттелген.



ISBN 9965-770-14-X
7 89965 770142